

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО ЖЕНСКОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

**BULLETIN OF THE KAZAKH STATE WOMEN'S
TEACHER TRAINING UNIVERSITY**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ВЕСТНИК

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY
BULLETIN
SCIENTIFIC JOURNAL

№1 (43)

2006 жылдан бастап шығады, шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) Ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №13965-Ж куәлігі бойынша тіркелген

Бас редактор

Нөкетаева Д.Ж. - п.ғ.к.

Бас редактордың орынбасары

Алиев Б.Ә. – ф.-м.ғ.д., профессор

Редакциялық алқа

Бакибаев А. - х.ғ.д., профессор (Ресей)

Абилев С. К. - б.ғ.д., профессор (Ресей)

Щепеткин И.А. - б.ғ.к., профессор (АҚШ Монтана университеті)

Бутин Б.М. - х.ғ.д., профессор

Сәтімбеков Р.С. - профессор

Құрманбаева М.С. - б.ғ.д., профессор м.а.

Дейв Чан – PhD Geotechnical Engineering, профессор (Канада, Альберта университеті).

Лазерев В.А. – п.ғ.д., профессор (Ресей, Центр современного образования и НМС по математике МО и Н РФ).

Обозов А.Дж. – техн.ғ.д., профессор (Қырғызстан, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті).

Жамалов А. – техн.ғ.д., профессор

Құлбек М.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).

Баймахан Р.Б. – техн.ғ.д., профессор

Есқалиев М.Е.– техн.ғ.д., профессор

Роже Бастриос – PhD., профессор, гуманитарлық ғылымдар докторы (Франция)

Фарух Чолах – PhD., профессор (Түркия)

Семенов П.А. – ф.ғ.д. (Ресей)

Сүлейменова Ж.Н.– п.ғ.д., профессор

Қансейітова Ұ.Р. – п.ғ.к.

Әбді Уақап Қара – профессор, PhD (Түркия)

Ахмет Ташағыл – профессор, PhD (Түркия)

Махмудов Б. Л. – PhD (Абай атындағы ҚазҰПУ)

Сүлейменова Ж.Д. – PhD (Астана қаласы)

Смағұлова С.Ә. – т.ғ.д., профессор (Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты)

Гогоберидзе А.Г. – п.ғ.д., профессор (Ресей)

Джуринский А.Н. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Артамонова Е.И. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Аймағамбетова Қ.А.–п.ғ.д., профессор
Бапаева М.К. – п.ғ.к., доцент
Сұлтанова Р. – Азиаттық музыка орталығының директоры (Кембридж университеті)
Бағдат Естемесұлы – музыка институтының профессоры (Қытай Халық Республикасы Шыңжаң педагогикалық университеті)
Құлманова Ш.Б. – п.ғ.д., профессор
Халитова И.Р. – п.ғ.д., (Абай атындағы ҚазҰПУ).

Редакциялық кеңес

Кішібаев Қ.О. - х.ғ.к.
Мырзахметова Н.О. - х.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
Мамырова К. Н. - п.ғ.к., доцент
Мухамединова Н. А. - п.ғ.к., доцент
Жексембиев Р.Қ. - б.ғ.к., доцент
Мырзалиев Ж. – ф.-м.ғ.д., профессор
Тұңғатарова Ә.Б.– ф.-м.ғ.д., профессор (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ).
Исаев С.Ә. – ф. - м.ғ.к., профессор
Мұқашов Қ.М. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).
Заурбеков Н.С. – техн.ғ.д., профессор (Алматы технологиялық Университеті).
Файзуллаев А.А. – п .ғ.д, қауым.профессор
Ершина А.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор
Салғараева Г.И. – техн.ғ.к., профессор Сатбекова А.А. – п.ғ.д., профессор Ержанова С.Б. – ф.ғ.д., профессор м.а. Ермекова Т.Н. – ф.ғ.д., доцент Базылова Б.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Рысбаева Г.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Нұрланбекова Е.Қ. – п.ғ.к.
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент
Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор
Иманбекова Б.И. – саяси ғ.д., доцент
Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент
Баданов А.И. – э.ғ.к., доцент
Қайпбаева А.Т. – т.ғ.к.
Жиенбаева С.Н.–п.ғ.д., профессор
Шаталина В.В.-п.ғ.к., доктор PhD, (Ресей)
Шерьязданова Х.Т. – п.ғ.д., профессор
Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент
Абаева Г.А. – п.ғ.к., доцент
Бейсенова Ж.Ж.– п.ғ.к., аға оқытушы
Өмірбаева Г.Ш. – п.ғ.к., доцент
Қоңыратбай Т.Ә. – ф.ғ.д., профессор
Бисембаева Б.Ә. – п.ғ.к., доцент (Астана қаласы)
Какимова Л.Ш. – п.ғ.к., доцент
Жауапты редактор-Сәндібаева Н.Ә. - п.ғ.к.
Редакторлар Ж.Қ. Қуанышева, С.Авдарсолқызы, Қ.Ж.Тұрсынбаева, Р.Т.Айтбаева, А.Текесбаева, М.А.Оразалиева.
Корректор Маханбетова С.Е.

© Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
050000, Алматы қ., Әйтеке би көшесі, 99. Тел. 279-30-10, факс 233-18-35.

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-TABLE OF CONTENTS**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES**

<i>Майгельдиева С.К., Матаев М.М.</i> РОЛЬ ПРЕДМЕТА КРИСТАЛЛОХИМИИ В ПОДГОТОВКЕ ХИМИКОВ	5
<i>Мамирова К.Н., Қуандықова Ұ.Т., Сейдақова Н.А.</i> ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДИНАМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ	9
<i>Надыров Ш.М., Ахбаева Д.Ж.</i> АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫНДАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ АГЛОМЕРАЦИЯНЫҢ РӨЛІ	13
<i>Асқарбаева Қ.А., Сейдахметова З.Ж.</i> ЖҮКТІ ӘЙЕЛ АҒЗАСЫНДАҒЫ ЭРИТРОЦИТ МЕМБРАНАСЫНА ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ	18

ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА –**PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE**

<i>Айдарбекова А., Сәндібаева Н.</i> ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ ӘДІСТЕМЕСІ	22
<i>Ершина А., Шақарбекқызы А., Байқадамова Л.</i> ЖЕЛ ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ЕЛІМІЗДЕ ӨНДІРІЛЕТІН ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНА ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ	25
<i>Келгенбайқызы Н., Зейдін Қ.</i> ОҚУШЫЛАРДЫ ФИЗИКА ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУҒА ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫ ШЫҒАРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ	29
<i>Қасқатаева Б.Р., Авдарсолқызы С.</i> МАТНСАД ПРОГРАММАЛАУ ОРТАСЫНДА КОМПЛЕКС АЙНЫМАЛЫ ФУНКЦИЯНЫҢ ШЕГЕРМЕСІН АНЫҚТАУҒА ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ	33
<i>Бостанов Б.Ф., Адеев М.</i> ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МАЗМҰНЫ	37
<i>Салғараева М.И., Қатаев Н.С.</i> МҰҒАЛІМНІҢ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ	41

ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

<i>Ашимова Н.С.</i> ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІК АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ	45
<i>Нұртаева А.Б.</i> КОММУНИКАЦИЯ ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫ	47
<i>Хикмет Қораш</i> ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ ОРТАҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	53
<i>Мырзабаева А.Ж.</i> ТЕХНОЛОГИИ САМООБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ФОРМИРОВАНИИ ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ ТЕХНИЧЕСКИХ ВУЗОВ	58

ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, КҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО**HISTORY, ECONOMY AND LAW**

<i>Аширбекова Ж.Б.</i> «ҚАЗАҚ» АТАУЫН ҚАЙТАРУДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАРЫ	61
<i>Жұбанышов Б.Т.</i> ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДЫ ЖАУЛАУЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚ	64
<i>Мухамедиева Ж.Қ.</i> ҚЫПШАҚ ТАЙПАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІ	69
<i>Жақсыбекова Д.К.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ	73
<i>Урисбаев Е.Е.</i> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ	77

ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY – PSYCHOLOGY

<i>Агранович Е.Н.</i> ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ ДЕТЕЙ В УСЛОВИЯХ ПОЛИКУЛЬТУРНОСТИ КАЗАХСТАНА	81
<i>Абеуова И.А.</i> ӨЗІНДІК САНА ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒА	84
<i>Алибаева Р.Н., Жаканова Т.А.</i> ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ТРАЙБАЛИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ	87
<i>Бапаева С.Т.</i> ПЕРФЕКЦИОНИЗМ ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ САПАЛАРЫНЫҢ ДАМУ ШАРТЫ РЕТІНДЕ	93
<i>Қарсыбаева Р.К.</i> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	98
<i>Майгаранова Ш.</i> «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	101

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА-ART AND CULTURE

<i>Назарова А.</i> МЕДИА ТІЛІНІҢ РӨЛІ	105
<i>Сабдалиева Р.Б.</i> ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДАҒЫ «СҰЛУЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МӘНІ	110

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

УДК 548.312: 378.03

РОЛЬ ПРЕДМЕТА КРИСТАЛЛОХИМИИ В ПОДГОТОВКЕ ХИМИКОВ

С.К.Майгельдиева, магистрант,
М.М.Матаев, д.х.н., профессор
(г.Алматы. Казахский государственный женский педагогический университет)

Аннотация: В данной статье предусмотрены этапы развития и основные вопросы кристаллохимии. А так же систематизация структурного материала, выявление и интерпретация закономерностей, присущих строению кристаллических веществ, установление зависимости физических и химических свойств от структуры, основные задачи кристаллохимии. Современная кристаллохимия исходит из представления, что ионы и атомы имеют сферическую форму, а пространственная кристаллическая решетка формируется по принципу плотнейшей шаровой упаковки, в которой ионы стремятся принять наиболее устойчивую конфигурацию, соответствующую минимуму потенциальной энергии. Этому отвечает состояние наибольшего сближения разноименных ионов и наибольшего удаления одноименных ионов.

Ключевые слова: кристалл, кристаллическая решетка, кристаллография, рентгеноструктурный анализ, нейтронография, электронография.

Кристаллохимия – важнейший раздел химии, наука о кристаллических структурах, базирующаяся главным образом на данных рентгеноструктурного анализа, а также нейтронографии и электронографии [1].

Достижения современной кристаллохимии позволяют найти связи между химическим составом, строением и физическими свойствами минералов. Так как минералы не являются только определенными химическими соединениями, но в первую очередь природными объектами, имеющими определенные физические свойства, часто играющими ведущую роль при их диагнозе, необходимо классификацию минералов строить не только на химических, подчас неправильно трактуемых свойствах [2].

Развитие современной кристаллохимии приводит к все большему использованию структурных данных в общей химии. Кристаллохимия, устанавливая взаимное влияние химически однородных атомов при образовании химической связи в кристаллических соединениях, объясняет тем самым зависимость физико-химических свойств от структуры и связывает структуру с основным химическим свойством-реакционной способностью. Поэтому использование закономерностей кристаллохимии открывает эффективные пути синтеза химических соединений с любыми наперед заданными свойствами. В отличие от других физических методов исследования строения вещества, применение рентгенографического метода исследования атомной структуры кристаллов позволяет определять строение сложных соединений, создаваемых синтетической химией.

Методы современной кристаллохимии послужили также основой для особого направления в теоретической химии, которое было развито в течение последних десятилетий проф. Юрием Владимировичем Ходаковым, доказавшим, что для предсказания возможных химических соединений и некоторых их свойств можно руководствоваться принципами, в которых идея о формообразующей роли антуража согласована с учетом влияния химической среды.

Современный рентгеноструктурный анализ и другие дифракционные методы – основной источник достоверной количественной информации о строении химических веществ (от простейших структур металлов и ионных бинарных соединений до сложных

структур биополимеров и комплексов с полидентатными лигандами). Обработка этой информации, систематизация структурного материала, выявление и интерпретация закономерностей, присущих строению кристаллических веществ, установление зависимости физических и химических свойств от структуры – таковы основные задачи кристаллохимии [2].

Кристаллохимия самым тесным образом связана с кристаллографией, изучающей, в основном, внешнюю форму кристалла; физикой твердого тела; геологией; минералогией; материаловедением. Подчеркнем, что при получении и исследовании новых материалов кристаллохимические знания и представления выходят на передний план.

Важно иметь в виду, что успешное овладение кристаллохимическими знаниями требует наглядного представления, визуализации структур с помощью шарико-проволочных моделей, а также подвижных изображений на мониторе компьютера.

Совершенные формы природных кристаллов всегда пробуждали в людях как мистическое восхищение, так и желание разгадать скрытую в них тайну. В средневековых трактатах по минералогии и алхимии кристаллические вещества назывались порождением высших сфер: Солнца, Луны, звезд и планет, а также многочисленных богов всех времен и народов. Красотой кристаллов не только любовались: их физические свойства использовали уже в каменных орудиях, а в историческом времени кристаллические минералы стали сырьем для выплавки металлов, получения красок и лекарств, изготовления керамики, стекла, строительных материалов и других продуктов зарождающейся промышленности. Можно с уверенностью сказать, что в истории человечества кристаллы всегда были тесно связаны с химией – столь же таинственной древней областью знания о превращениях субстанций [3].

Кристаллохимия, то есть «описание кристаллов», зародилась как научная дисциплина в XVII веке. В развитии естествознания она сыграла огромную роль: именно здесь возникли представления об атомах и молекулах как мельчайших «кирпичиках» структуры вещества, которые затем перешли в физику и химию. Первый количественный закон химии – закон кратных отношений количества элементов в соединениях – был предложен в 1803 году англичанином Джоном Дальтоном. Но французский основоположник атомистической кристаллографии Рене Гаюи к тому времени уже сформулирован другой количественный закон о веществе, в чем-то похожий на закон Дальтона: взаимному расположению граней кристалла соответствуют различные тройки целых чисел. Лишь через два века выросшая из кристаллографии математическая теория групп показала глубинное родство законов Гаюи и Дальтона: правильные геометрические формы кристаллов следуют из симметрии кристаллической решетки, а целочисленные валентности элементов – из сферической симметрии атома [4].

Три столетия подряд кристаллография находилась далеко впереди всех прочих областей естествознания. Свой закон целочисленных отношений Гаюи вывел на основе первого каталога кристаллов, составленного другим французским исследователем Роме де Лилем. В 1783 г. этот каталог содержал описания 500 кристаллических веществ. Но еще в начале XVII века Кеплер, а позднее Ньютон, Гюйгенс и Ломоносов независимо друг от друга объясняли форму и оптические свойства кристаллов упорядоченным расположением составляющих частиц, для которых тогда не было даже общепринятого термина. Кристаллограф XIX века в своей работе использовал неевклидову геометрию (тригонометрию на сфере), знал и нередко развивал математическую теорию симметрии, неорганическую химию, минералогию, лишь возникавшую тогда кристаллофизику и многие другие дисциплины. А еще он умел измерять точную форму кристалла, регистрируя в темноте слабые отражения пламени свечи от граней образца, поворачиваемого в оптическом гониометре («угломере») – современники сравнивали эти навыки с искусством фехтовальщика. По первому закону кристаллографии, независимо установленному многими великими естествоиспытателями (среди них был Ломоносов) и

окончательно сформулированному Роме де Лилем, каждое вещество имеет свой индивидуальный набор углов между гранями кристалла – «паспорт» химического соединения, выдерживаемый с точностью до сотых долей градуса [4].

Всю первую половину XX века кристаллография, минералогия и неорганическая химия развивались параллельно, заимствуя и используя новые результаты из смежных областей. К середине века возникла *кристаллохимия*: наука об атомном строении кристаллов и о связи этого строения с физическими и химическими свойствами кристаллических веществ. Создатели новой дисциплины – Виктор Мориц Гольдшмидт в Германии и Лайнус Полинг в США – на основании небольшого числа экспериментально установленных структур вывели простые универсальные принципы, которые до сих пор позволяют описать строение почти всех известных кристаллических соединений. Кристаллохимия «по Полингу» стала фундаментом всей теоретической и структурной химии XX века. Развитие теории дифракции и вычислительной техники превратило рентгеновскую кристаллографию в прикладную область исследования, где объективно устанавливали («расшифровывали») все более сложные кристаллические структуры. В 1950-х г.г. советский физик Китайгородский основал органическую кристаллохимию, распространив принцип плотной упаковки с атомов на сложные органические молекулы, и разработал метод атом-атомных потенциалов, который позволил рассчитывать структуры молекулярных кристаллов на появившихся к тому времени компьютерах. А Полинг и другие авторы в это же время применили методы кристаллохимии к анализу строения белковых молекул, заложив основы структурной биологии. К началу 1960-х г.г. кристаллохимия как наука сложилась в том виде, в котором существует и развивается до сих пор. На сегодня в компьютерных банках данных содержится более 600 тысяч различных кристаллических структур и столько же порошковых дифрактограмм, снятых с поликристаллических образцов различных соединений. В химии и минералогии банки порошковых дифрактограмм успешно заменили атласы с геометрическими формами кристаллов, которые сто лет назад были главным инструментом идентификации известных кристаллических веществ. Современные приборы и программы позволяют за 1–2 часа определить качественный, а нередко и количественный состав сложной смеси кристаллических компонентов по 20–30 мг ее порошкового образца (в синхротронных центрах – по нескольким миллиграммам смеси). Этим методом также исследуют превращения реагентов в химии твердого тела. «Быстрая» рентгеновская дифрактометрия уже конкурирует с классическими методами спектроскопии, проникая в новые области медицинской и комбинаторной химии. Объем дифракционных данных о строении новых веществ постоянно растет и, по-видимому, удвоится в ближайшее десятилетие [5].

Самым мощным физическим методом в химии является рентгеноструктурный анализ (РСА), который дает полную информацию о расположении атомов в кристалле. В теоретических исследованиях строения кристаллов широко применяется компьютерное моделирование кристаллических структур. Но наибольшую ценность для химика представляют качественные закономерности, позволяющие предсказать состав и свойства продуктов реакции без проведения расчета. Многие такие закономерности, вошедшие в ряд химических дисциплин, имеют кристаллохимическую основу.

Знание основ кристаллохимии позволяет химику-синтетику ориентироваться в нестандартных ситуациях, объяснять и даже предсказывать явления, которые иначе пришлось бы просто заучивать как упрямые, но непонятные эмпирические факты.

Польза кристаллографии для химика не ограничивается только влиянием кристаллической структуры на свойства и реакционную способность отдельных классов соединений. Знание основ кристаллохимии оптимизирует и ускоряет весь процесс исследования веществ и материалов. С этим теоретическим багажом химик по дифрактограмме оценит размеры наночастиц в исследуемом образце, рассчитает плотность и предскажет механические свойства нового соединения по его

кристаллической структуре, определит степени окисления атомов по геометрии их ближнего окружения, правильно предложит реагент для внедрения в каналы выбранной цеолитной матрицы. Поиск новых веществ с заданными свойствами современный исследователь начнет с просмотра банка структурных данных – как правило, это позволяет составить длинный список уже известных соединений с нужным свойством для их дальнейшей модификации. Образованный химик-синтетик сможет отличить корректные данные РСА от ошибочных и не попадет в ловушку при анализе разупорядоченных структур, твердых растворов и других методических осложнениях. Огромный объем структурных данных в современной химии и ее геометрический язык сделали кристаллохимию необходимой частью физико-химического знания [6].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Чупрунов Е.В., Хохлов А.В., Фадеев М.А. Основы кристаллографии. – М.: Физматлит. – 2004. – 500 с.
2. Егоров -Тисменко Ю.К. Кристаллография и кристаллохимия. – М.: КДУ. – 2005. – 592 с.
3. Розин К.М. Практическая кристаллография. – М.: МИСиС. – 2005 . – 486 с.
4. Задачи по кристаллографии. Под ред. Е.В.Чупрунова, А.Ф.Хохлова. – М., Физматлит. – 2003. – 208 с.
5. Кристаллография. Лабораторный практикум. Под.ред. Е.В.Чупрунова. – М.: Физматлит. – 2005. – 412 с.
6. Матаев М.М., Алдабергенов М.К. Кристаллохимия негіздері. – КарМУ. – 2002. – 90 с.

Түйіндеме

С.К.Майгельдиева, магистрант, **М.М.Матаев**, х.ғ.д., профессор
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Химиктерді даярлаудағы кристаллохимия пәнінің рөлі

Мақалада кристаллохимияның даму кезеңдері және негізгі сұрақтары қаралған. Физикалық және химиялық қасиеттердің құрылысқа тәуелділігі, кристалдық заттардың құрылымына тән заңдылықтарды анықтау және заңдылықтарды шешу, құрылымдық материалдың жүйеленуі қарастырылған. Заманауи кристаллохимия пәнінің ион және атомның сфералық пішіні бойынша қарастырылады.

Түйін сөздер: кристалды, кристалдық тор, кристаллография, рентгеносруктурны талдау, нейтронды дифракциялық, электрондардың дифракциясы.

Summary

S.K.Maygeldieva, undergraduate, **M.M.Mataev**, Doctor of Chemistry, Professor
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Role of the subject in the preparation of crystal chemists

This article provides the stages of development and the major issues of crystal chemistry. As well as the systematization of the structural material, the identification and interpretation of the laws inherent in the structure of crystalline substances, depending on the establishment of the physical and chemical properties of the structure, the main problem of crystal chemistry. Modern crystal chemistry is based on the idea that the ions and atoms have a spherical shape, and spatial lattice is formed on the principle of the densest spherical packing, in which the ions tend to take the most stable configuration, corresponding to the minimum potential energy. This corresponds to the state of closest approach of opposite ions and the removal of most of similar ions.

Keywords: crystal, crystal lattice, crystallography, rentgenosrukturny analysis, neutron diffraction, electron diffraction.

ӘОЖ 373.1.02:372.891

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДИНАМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

К.Н.Мамирова, *п.ғ.к., доцент,*

У.Т. Қуандықова, *2 курс магистранты*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Н.А.Сейдақова, *оқытушы*


(Алматы қ., Алматы индустриалды колледжі)

Аңдатпа: мақалада Оңтүстік Қазақстан облысы халық санының қазіргі демографиялық жағдайының динамикалық көрсеткіштері қарастырылған. Оңтүстік Қазақстан облысының алып жатқан көлемі 117,3 мың км² немесе республика аумағының 4,3%-ын құрайды. Солтүстігі мен оңтүстігінің арасындағы тікелей телімдердің қашықтығы 600 километрді құрайды. Оңтүстік Қазақстан облысы республиканың ең ірі аймақтарының бірі болып есептеледі және шығысында Жамбыл облысымен, солтүстігінде Қарағанды облысымен, батысында Қызылорда облысымен және оңтүстігінде Өзбекстанмен шекараласады.

Түйін сөздер: демография, динамикалық көрсеткіштер, халық, ұлт.


Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілік - аймақтық құрылымына төрт қала: Шымкент, Кентау, Түркістан, Арыс және 11 ауылдық аудандар кіреді [1]. Қазақстан халқының демографиялық дамуында Оңтүстік Қазақстан облысының өзіндік ерекшелігі бар. Біріншіден, бұл аймақта халқының құрамында тұрғылықты ұлт өкілдерінің үлесі жоғары және демографиялық ахуалында түркі-мұсылман халықтарының өсіп-өнуі шешуші рөл атқаратын, республикадағы ең өсімтал аймақ болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан облысының халық саны 2672,5 мың адам немесе республиканың барлық халқының 16%. Қазақстанның халық ең тығыз орналасқан аймақтарының бірі. Халқының тығыздығы жағынан алғанда, 1 шаршы шақырымға 22,8 адамнан келеді. Қала халқының салыстырмалы саны - 40%. Облыс халқының басым бөлігін қазақтар (69%) құрайды, одан басқа өзбек (17,1%), орыс (7,2%), татар (1,2%), әзербайжан, тәжік, түрік, т.б. ұлт өкілдері тұрады. Мақтаарал, Шардара, Сайрам, Сарыағаш ауданында тұрғындар жиі қоныстанған. Оңтүстік Қазақстан облысының соңғы үш жылғы (2009, 2010, 2011жж.) халық санының көрсеткіші (1-диаграммада) берілген [2].




1-диаграмма. Оңтүстік Қазақстан облысы халық санының көрсеткіші

Жоғарыда көрсетілгендей Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Шымкент қаласында, Мақтаарал ауданында, Сарыағаш және Сайрам аудандарында халық көп қоныстанған. Сонымен қатар, облыста соңғы екі жылда (2010, 2011жж.) халықтың туу және өлім көрсеткіштері төмендегі 2- диаграммада берілген.



2-диаграмма. Оңтүстік Қазақстан облысы халықтың туу және өлім көрсеткіші

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша халықтың туу мен өлім көрсеткіші облыс бойынша туу көрсеткіші 2011 жылы өлімге қарағанда басым. Сонымен қатар ауылдық жерлер бойынша туу көрсеткіші өлім көрсеткішінен басым болып тұр. Екі жылдық көрсеткішті талдай келе, облыста туу көрсеткіші жоғары. Оңтүстік Қазақстан облысының халқының орналасуына келетін болсақ, облыс халқы көбінесе ауылды жерлерде қоныстанған (3 –диаграммада көрсетілген).



3-диаграмма. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша халықтың орналасу көрсеткіші

Облыс бойынша халықтың орналасуының 47%-ы қалада, 53%-ы ауылды жерлерде тұрады [3].

Сондай-ақ осы өңірдің халқының саны туралы нақты статистикалық мәліметтердің негізінде динамикалық көрсеткіштер[4] төмендегі кестеде берілген 1-кестеде халық санының өзгеруі көрсетілген.

1-кесте Халық санының көрсеткіштері

	Халық саны		Жалпы өсімі/кемуі мың адам
	2012	2011	
1 қаңтарына	2 621,5	2 567,7	53,8
1 ақпанына	2 628,9	2 574,4	54,5
1 ақпанға	2 633,5	2 578,3	55,2
1 сәуіріне	2 637,0	2 580,3	56,7

1 мамырға	2 642,7	2 585,8	56,9
1 маусымға	2 647,4	2 591,0	56,4
1 шілдеге	2 651,8	2 594,5	57,3
1 тамызға	2 657,9	2 601,2	56,7
1 қыркүйекке	2 663,3	2 605,7	57,6
1 қазанға	2 667,0	2 609,8	57,2

Х Ж

2-кесте 2011-2012 жылдардың қаңтардағы туылғандар, өлгендер саны адам

	2012			2011		
	туылғандар саны	өлгендер саны		туылғандар саны	өлгендер саны	
		барлығы	оның ішінде I жасқа дейінгі балалар		барлығы	оның ішінде I жасқа дейінгі балалар
Облыс бойынша	8 941	1 892	151	9 409	2 118	177
1	2	3	4	5	6	7
оның ішінде:						
қалалық жер	3 493	844	79	3 730	967	79
ауылдық жер	5 448	1 048	72	5 679	1 151	98
Шымкент қ.	2 039	517	40	2 182	595	33
Арыс қ.ә.	293	77	6	169	49	3
Кентау қ.ә.	289	84	3	284	82	7
Түркістан қ.ә.	838	122	19	921	157	18
Бәйдібек ауданы	122	30	3	151	37	1
Қазығұрт	225	62	7	261	38	9
Мақтаарал	952	191	20	1 090	212	21
Ордабасы	480	85	6	450	106	10
Отырар	176	33	2	227	54	4
Сайрам	1 164	212	16	1 132	225	13
Сарыағаш	1 269	193	15	1 353	239	24
Созақ	154	24	1	133	29	5
Төлеби	404	132	9	434	132	8
Түлкібас	296	74	3	298	91	12
Шардара	240	56	1	324	72	9

3-кесте 2011-2012 жылдардың қаңтардағы туу және өлімнің жалпы коэффициенттері

	1000 адамға шаққанда			
	туылғандардың саны		өлгендердің саны	
	2012	2011	2012	2011
Облыс бойынша	40,87	43,91	8,65	9,89
оның ішінде:				
қалалық жер	40,80	44,36	9,86	11,50
ауылдық жер	40,91	43,63	7,87	8,84
Шымкент қ.	38,00	41,57	9,63	11,34
Арыс қ.ә.	53,10	31,30	13,96	9,08
Кентау қ.ә.	39,71	40,03	11,54	11,56
Түркістан қ.ә.	41,91	46,90	6,10	7,99
Бәйдібек ауданы	27,10	33,78	6,66	8,28
Қазығұрт	25,59	30,17	7,05	4,39
Мақтаарал	38,77	44,81	7,78	8,71
Ордабасы	51,86	49,97	9,18	11,77
Отырар	37,96	49,89	7,12	11,87
Сайрам	46,07	45,85	8,39	9,11
Сарыағаш	51,37	56,41	7,81	9,96
Созақ	33,26	29,39	5,18	6,41
Төлеби	37,20	40,83	12,15	12,42

Түлкібас	34,12	35,49	8,53	10,84
Шардара	37,10	50,62	8,66	11,25

4-кесте 2012 жылдың қаңтардағы халық көші-қоны Республикадан кеткендердің қозғалыс есебінсіз адам

	Барлығы келгендер	оның ішінде келгендері				барлығы кеткендер	оның ішінде кеткендері	
		облыс ішінде	облыстан тыс	ТМД елдері	ТМД –дан тыс		ТМД елдері	ТМД –дан тыс
Облыс бойынша	3 267	2 102	746	393	26	31	31	-
1	2	3	4	5	6	7	8	9
оның ішінде:								
қалалық жер	1 828	1 231	401	170	26	27	27	-
ауылдық жер	1 439	871	345	223	-	4	4	-
Шымкент қ.	1 380	970	242	142	26	17	17	-
Арыс қ.ә.	112	80	31	1	-	-	-	-
Кентау қ.ә.	184	95	86	3	-	-	-	-
Түркістан қ.ә.	86	58	28	-	-	8	8	-
Бәйдібек ауданы	40	29	11	-	-	-	-	-
Қазығұрт	47	33	13	1	-	-	-	-
Мақтаарал	91	49	41	1	-	-	-	-
Ордабасы	143	84	6	53	-	-	-	-
Отырар	72	52	20	-	-	-	-	-
Сайрам	208	148	26	34	-	1	1	-
Сарыағаш	276	142	81	53	-	-	-	-
Созак	108	77	31	-	-	-	-	-
Төлеби	124	81	20	23	-	2	2	-
Түлкібас	343	192	102	49	-	3	3	-
Шардара	53	12	8	33	-	-	-	-

5-кесте 2011 ж. статистикалық мәліметтер бойынша туылғаннан күтілетін өмір ұзақтығы

Облыс	Барлық халық	Әйелдер	Ерлер
Оңтүстік Қазақстан облысы	69,86	73,95	65,84

Егеменді ел болып, іргемізді бүтіндеп отырған кезде ұзақ жылдар бойы отаршылдық тұзағына түскен ұлттық санамыз қайта жанданып, даму үстінде болды. Соның бір жарқын көрінісі жоғарыда көрсетілген динамикалық көрсеткіштердің өзгерістерінен айқын байқалады. Президент Н.Назарбаевтың жоспары бойынша 2015 жылы халық саны 20 млн. болуы қажет. Сондықтан халықтың санының азайып кетпей, одан әрі көбеюі мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бейсенова Ғ. Оңтүстік Қазақстан облысы. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. 7 том «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы. – Алматы. – 2005.
2. Қазақстанның әйелдері мен ерлері /Статистикалық жинақ (қазақ тілінде) 128 бет.
3. Қазақстанның демографиялық жылнамалығы /Статистикалық жинақ (қазақ және орыс тілдерінде). – 608 б.
4. www.ontustik.kz.

Резюме

К.Н.Мамирова, к.п.н., доцент, У.Т. Куандықова, 2 магистрант курса

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Н.А.Сейдакова, преподаватель

(г. Алматы, Алматинский индустриальный колледж)

Состояние динамических показателей населения Южно-Казахстанской области

В статье рассматривается современное состояние динамических показателей населения Южно-Казахстанской области. Южно-Казахстанская область расположена на юге Казахстана, в пределах восточной части Туранской низменности и западных отрогов Тянь-Шаня. Большая часть территории равнинная, с бугристо-грядовыми песками Кызылкум, степью Шардара и Мойынкум. Площадь Южно-Казахстанской области занимает 117,3 тысячи км² или 4,3% от территории республики. Участки от севера к югу расположены в 600 километров. Южно-Казахстанской области самый крупный регион в стране. На восточной части расположен Жамбулская область, на севере Карагандинская область, на западе Кызылординская область, а на юге Республика Узбекистан.

Ключевые слова: демография, динамические характеристики.

Summary

K.N.Mamirova, Candidate of Pedagogical sciences., Associate Professor, U.T. Kuandykova, 2
undergraduate course

(с. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

N.A.Seydakova, teacher

(с. Almaty, Almaty Industrial College)

Status of dynamic indicators of the population of South Kazakhstan region

The article discusses the current state of the dynamic parameters of the population of South Kazakhstan region. South Kazakhstan region is located in the south of Kazakhstan, in the eastern part of Turan lowland and the western spurs of the Tian Shan. Most of the territory is flat, with the hilly-ridge sands Kyzylkum, Shardara steppe and Moyynkum. The area of the South Kazakhstan region occupies 117.3 thousand square kilometers, or 4.3% of the territory of the republic. Land from north to south is 600 kilometers. South Kazakhstan region is the largest region in the country. In the eastern part is Zhambulskaya area in the north of Karaganda region, in the west of Kyzylorda region and in the south of Uzbekistan.

Keywords: demography, dynamic performance, South Kazakhstan, population.

ӘОЖ.332.33:6360.83.314(574)

**АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК
ДАМУЫНДАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ АГЛОМЕРАЦИЯНЫҢ РӨЛІ**

Ш.М.Надыров, г.г.д., профессор,

Д.Ж.Ахбаева, магистрант

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада еліміздегі экономикалық маңыздылығы жоғары аудан болып саналатын Алматы облысының экономикалық-әлеуметтік жағдайы сондай-ақ, оның дамуындағы қалалық агломерацияның рөлі және Алматы агломерациясының маңыздылығы қарастырылған. Кез келген мемлекеттің даму барысында шешуші рөлді қалалар атқарады. Әсіресе, ірі қалалар. Қалаларда адамдар көп шоғырланып, өте мықты экономикалық және интеллектуалды әлеуетті қалыптастырады. Бұл процесс қалалардың

өсуіне және ауыл шаруашылығының дамуына себебін тигізеді. Өнеркәсіп, ғылым, білімнің өркендеуі ірі қалалардың экономикалық өсуінің діңгегіне айналды.

Түйін сөздер: агломерация, урбанизация, мегаполис, жолдар, қала.

Қалалар және оларды қосатын жолдар аумақтың сүйенетін қаңқасы тәрізді. Ірі қалалар - адамның шығармашылық әлуетін дамытуға мүмкіншілік береді. Қалалықтар қызмет түрінің көптеген түрлерін пайдаланып, жайлы қоныстанған және мәдениеттілігі жоғары болып келеді. Сондықтан болар, дүние жүзінің барлық елдеріне тән үрдіс - адамдардың қалаға жылжуы. Қалалардың қалыптасуын және дамуын *урбандалу* деп атаймыз (лат. *urbanus* - қалалық).

- 1) қаланың және халқының өсуі;
- 2) қалалық тіршіліктің өркендеуі;
- 3) орналасудың жаңа түрінің пайда болуы.

Қалалық орналасудың тарихи қалыптасқан 3 формасы бар. Қала, қалалық агломерация және мегаполис.

Жалпы алғанда, әр түрлі тарихи кезеңдерде әлем елдерінің тарихынан айқын көрінетіндей ірі қалалардың маңында ірі агломерациялар құрылып отырған. Сондай-ақ астаналар және басқа да ірі қалалар өздеріне шағын қалалық елді мекендерді тартып, олардың шеңбері уақыт өткен сайын ұлғая түскен. Агломерация (лат. *Agglomeratio* – «қосылу» деген сөзінен шыққан) – қалалық орналасудың екінші формасы, яғни, бір қаланың ірілену нәтижесінде өзінің бұрынғы шекарасынан шығып, айналасындағы елді мекендерді соның ішінде ауылдар мен шағын қалаларды жұтып қоюы немесе тең дәрежедегі екі үлкен қаланың араларында бос жер қалмауына байланысты бір біріне қосылып кетуі осы құбылыстың әсері. Агломерация негізгі қаладан (ядро) және серіктес қаладан (өндірістік, көліктік, сауда, туристік) тұрады.

Қалалық агломерациялардың құрылуы жаһандық урбандалудың қазіргі заманға сай аса сипатты белгілерінің бірі болып табылады. Агломерацияның қалыптасуына алып келетін тарихи шарттарға қала маңын және оған жақын орналасқан елді мекендер, нақтырақ айтсақ, қала аумағының, олардың өзара тұрақты өндірістік басқару, еңбек, мәдени-тұрмыстық және рекреациялық байланыстарының орналасуы жатады.

Агломерация өндірістік қатынастардың дамуына тиімді жағдайлар жасайды. Ол біріншіден, кәсіпорындарды ірілендіру және экологиялық урбандалу барысында орталық ядро болып табылатын қаладан зиянды өндіріс орындарын қала маңына шығару. Өндірістің урбандалу барысындағы өзіндік ерекшелігі әркелкі көлемде өндіріс орындарын қалыптастыра отырып біріктіру, яғни, олардың бірыңғай күрделі өндіріс үрдісімен өзара тығыз байланысы болуы тиіс. Сондықтан урбандалу кезіндегі ірілендіруі өндіріс құрылымының күрделенуімен ғана шектелмейді, ол шектелген агломерация шеңберінде жаңа өндіріс орындарының қалыптасуын қажет етеді. Қала агломерацияның шынайы үлгісі – ол орталық қала аумағындағы тұрғын ауылдар өзінің жоғары дамыған инфрақұрылымымен, әркелкі бағыттағы өндіріс орындарымен, еңбек ресурстарымен, жер және басқа да табиғи қорларын ұтымды пайдалануымен, тиімді экономикалық-географиялық орны арқылы ірі қаланы үздіксіз толықтырып отыратын жоғары дамыған орта. Болашақта бұл орта ірі қалаға өзінің «қысымын» бәсеңдетуі қажет, яғни, ол ортаның тұрғылықты халқы қалаға қоныс аударуға ұмтылмай, керісінше өзінің тұрғылықты жеріндегі тұрмысын қанағат еткені дұрыс. Қала агломерациялар келешекте ірі қалалардың орнын басып алуы мүмкін. Сондықтанда, ірі қаланың даму үрдістері, олардың басты функционалдық құрылымының айырмашылықтары, сол құрылымдағы өзгерістер мен әлеуметтік-экономикалық құбылыстар арнайы зерттеулерді керек ететіні анық. Зерттеушілер П.И.Дубровин, Г.М.Лаппо пікірлері бойынша жоғары урбандалған арнайы ортаның пайда болуы және дамуы – нақты урбандалу үрдісінің мағынасын ашады [2].

Кристаллдердің теориясы негізінде қалалардың қатаң иерархиялық жүйесінің нұсқасы төменгі деңгейде әр элемент одан жоғары деңгейдің орталықтарына (Әлеуметтік-

экономикалық ықпал немесе әкімшіліктік басқару) бағынатынын шамалайды, олар өз кезегінде келесі деңгейдің орталықтарына бағынады және т.с.с., яғни, жүйенің ең жоғары деңгейіне дейін (мыс: елдің басты қаласына) барады.

Жоғары урбандалған ортада ғана адамның еңбекке, тұрмысына, демалуына қойылатын негізгі талаптарының орындалу мүмкіндіктері шексіз. Бірақ, ірі қаладағы кемшіліктің бірі – ол қала халқына табиғат аясында демалу мүмкіндігін қамтамасыз ете алмауында. Сондықтан ірі қала маңында агломерациялардың қалыптасуы заңды құбылыс. Қалалық агломерациялар тек ірі қаланың мүмкіндігін кеңінен пайдаланып ғана қоймай, олар оның инфрақұрылымының дамуына маңызды ықпал ететіні сөзсіз, олардың қаладан гөрі, белсенділігі басым өзгеріске жылдамдығы өз ортасымен ғана шектелмейді, жанындағы аймақтың бәріне өз әсерін тигізеді. Қала агломерациясының ішкі өзара байланыстарын бірнеше талаптарға бөлуге болады, атап айтсақ, оларға: өндірістік, коммуналды-шаруашылық, еңбек және мәдени-тұрмыстық қатынастар жатады.

Агломерациялық үрдістің негізіне орталық қала мен қала маңы елді мекендерінің өзара байланыстары жатады. Дүние жүзіндегі ірі қалалар секілді Алматы қаласы мен оның маңындағы ауылды елді мекендер жүйесі Алматы агломерациясын құрайды. Қазақстанда қазір қалалық агломерацияның дамуы ең алдымен Алматы қаласының бет бейнесінен байқалады. Бұл қала өзіне Талғар, Николаев, Қалқаман секілді бірнеше елді мекендерді қосып алу арқылы барған сайын қанатын кең жайып келеді. Енді бір адым аттаса Қаскелеңге жетпек. Қапшағай қаласы да қол созым жерде тұр. Мамандардың айтысына қарағанда, Алматы төңірегіндегі бір ядролы қалалық агломерация ретінде қалыптасып келеді.

Осы тұрғыдан алғанда Алматы қаласын халықтың арнайы өмір сүруіне лайықты, жоғары урбандалған орта деп атауға болады. Себебі, Алматы қазіргі кезеңдегі ғылыми-техникалық үдерістің дамуы және халықтың тұрғын орындарына қойылатын талаптарына сай келеді. Алматы агломерациясы республикамыздағы ірі агломерацияларының біріне жатады. Ол Алматы қаласы мен оның маңындағы елді мекендердің топтасқан жиынтығы. Бұл агломерацияның орталығы – 1247896 адамы бар Алматы қаласы.

Алматы агломерациясының орталық ядросы – Алматы қаласы және сыртқы зоналары – қала маңы аймағынан тысқары орналасқан серік қалалар мен елді мекендер тобынан тұрады. Алматы агломерациясының таулы оңтүстік маңы демалыс зонасы, ал батысы мен шығысындағы тау бөктері өндірістік зона болып есептеледі. Ірі қаланың аймағында: Қапшағай, Қаскелең, Талғар, Есік қалалары және 4 қала типтес – Боралдай, Өтеген батыр, Покровка, Первомайский және т.б. елді мекендер бар. Агломерацияның транспорттық құрылымы дамыған теміржол, автокөлік жүйесімен шектеліп қана қоймай, Алматы қаласындағы және Боралдай аэропорты мен Қапшағайдағы су жолдары арқылы сипатталады.

Ірі агломерация мен Алматы облысының бірыңғай Алматы аймағы ретінде даму мүмкіндіктері мол. Ол қала мен облыстың негізгі ұтымды ерекшеліктерін тиімді пайдаланып, халықаралық дәрежеде өзін тек қаржылық, инвестициялық, инновациялық бағытта ғана емес, оған қоса енді көліктік-логистикалық және туристік орталық болу мүмкіндігі айқындалған. Алматы қаласы Алматы облысының ауылшаруашылық мүмкіндіктерін есепке ала отырып келешекте ауылшаруашылық өнімдерін қайта қуатты орталықтарының бірі болып қалуы мүмкін және ол өнімдерді өндіру, сату тек осы аймақтың маңында ғана емес, сонымен қатар Сібір мен Ресейге шығару мүмкіндіктерін кең пайдалануға болады.

Облыс экономикасының дамуына Алматы қаласы айтарлықтай қомақты үлес қосуда. Алматыда тіркеуден өткен 80188 кәсіпорын жұмыс істейді. Осы заңды ұйымдардың ішінде шағын кәсіпорындар саны – 78104, орта – 1637 және 447 ірі өндіріс орындары бар. Соның ішінде меншік нысаны мен түріне қарай олар мемлекет меншігінде 1366, жеке меншік түрінде 69832-сі тіркелген. Қаладағы ірі кәсіпорындардың бірі – ол металл, мұнай өндеуші, өндіріске құрал-жабдықтар шығаратын Алматы ауыр машина жасау зауыты –

бұл машина жасау өнеркәсібінің аса ірі кәсіпорындарының біріне жатады. Зауыт стандарты мен машиналардың 30-ға тарта түрін, сымдардың барлық түрлерін, созуға арналған сан алуан қосалқы жабдықтарды жасап шығарады, «Белкамит» АҚ мұнай-газ, металл және химиялық өнеркәсіптеріне құралдар шығаратын кәсіпорны т.с.с. Жеңіл өнеркәсіп орындарынан жұмыс істейтін мата, киім шығаратын кәсіпорын Алматы матамақта комбинаты. Тамақ өнеркәсібінің ішкі салалық құрылымы біржолата қалыптасты. Оларда мал шаруашылығы шикізатын (ет, май, сүт) өңдейтін кәсіпорындар жақсы дамыған. Өсімдік шикізаттарын өңдеумен айналысатын – ұн, қант, жарма, жеміс-жидек, темекі, шай кәсіпорындары жұмыс істейді. Сондай-ақ Алматы қаласына жақын орналасқан аудандардағы (Іле, Қарасай, Талғар т.б.) өнеркәсіптің, әсіресе шағын кәсіпкерліктің дамуы облыс экономикасына маңызды ықпалын тигізуде [3].




Диаграмма 1. Алматы облысы бойынша ЖӨӨ жалпы жан басына млн.тг.

Диаграммада облысқа Жалпы өңірлік өнімнің (ЖӨӨ) жан басына шаққандағы көрсеткіштері көрсетілген (2012 жылғы қаңтар-маусым е.б.). Бұл көрсеткіштер жақсы нәтижелердің көрінісі.

Алматы агломерациясының өзге аймақтардан гөрі бәсекелестік ұтымдылығы оның ұтымды географиялық орналасуы, яғни ол Азия мен Еуропа транспорттық байланыс жолдарының түйіскен жерінде орналасқандығында. Оның транспорттық-логистикалық инфрақұрылымын жетілдіріп, транзиттік мүмкіндіктерін тиімді пайдалану. Болашақта мұнда ірі транспорттық-логистикалық орталыққа айналуы, сондай-ақ Қытай мен Ресей және ТМД елдерінің өзгеде мемлекеттерімен тікелей сауда орталығы болуы мүмкін. Яғни бұл айтып отырғандарымыз негізінен президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан–2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыттары» атты жолдауында инфрақұрылымды дамытуға деген қағидатты түрде жаңа көзқарасымыз болуға тиіс, - дей отыра, инфрақұрылым экономикалық өсімнің мүмкіндіктерін кеңейтуге тиіс.

Инфрақұрылымды екі бағытта дамыту: ұлттық экономиканы жаһандық ортаға кіріктіру, сонымен қатар, ел ішінде өңірлерге қарай қадам жасау қажет – делінген. Соған сәйкес қазіргі таңда агломерациялық транспорттық байланыс жолдары жөндеуден өткізіліп, жаңадан жол бағыттары да салынууда. Алматы – Қапшағай бағытындағы алты жолдық автотрасса, екі аэропорт, теміржол вокзалдары – біреуі Хоргос та болса, екіншісі жаңа Іле тұрағында салыну қолға алынған. Ал, Алматы агломерациясы үшін үлкен автокөлікті шеңберлі жолдың Қарасай, Іле, Талғар аудандарын кесіп өтуі маңызды болып табылады. Алматы агломерациясы келешекте аймақтағы ірі және халықаралық сауда мен транспорттық-логистикалық қызмет көрсету орталықтарының бірі болып қалу ықтималдылығы жоғары. Алматы агломерациясы шамамен 20,34 мың шаршы шақырым аумақты қамтиды, ал халқы 2 миллионнан асады. Осы тұрғыдан алғанда Алматы агломерациясының келешегі зор әрі айқын. Сонымен қатар қала қаржы орталығы ретінде танылып, онда жұмыс істейтін банктер шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін несие бөлуге мүмкіндіктер көбейген сайын агломерациялық аумақтың әлеуметтік-экономикалық

жағдайы да жақсара түсуде. Кәсіпорындар дамып, жаңалары қатарға қосылған кезде оның тұрғындары жұмыспен қамтылып отыруда. Агломерацияны болашақта жандандырып, жетілдірудің мынадай факторларын атауға болады:

- облыс көлеміндегі Алматы қаласы мен маңының бай табиғи ресурстары;
- адами ресурстар, яғни тиімді демографиялық жағдайы;
- байланыс жүйелері, көлік жолдарының жетілдірілуі;
- өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының экономикалық жағынан тұрақты дамуы;
- республикадағы саяси тұрақтылық.

Қорыта келгенде, Алматы агломерациясы қалыптасуы ұзақ уақыттарға созылған географиялық аймақтың бірі. Республикадағы урбандалу үрдісіне байланысты агломерация пайда болып, дамып келеді. Оның қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени жағдайы жалпы агломерацияның талаптарына сәйкес. Сондықтан да Алматы облысының экономикалық-әлеуметтік дамуында оның айтарлықтай маңызы зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алматы облысының статистика департаменті. 2012.
2. Бранч М. Проектирование городской среды. – М:Стройиздат, 1989. – 243с.
3. Интернет: www.google.kz
4. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыттары» атты жолдауы.

Резюме

Ш.М.Надыров, д.г.н., профессор, Д.Ж.Ахбаева, магистрант

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Роль городской агломерации в развитии Алматинской области

В этой статье предусмотрены вопросы важности городской агломерации и роль агломерации г.Алматы в социально-экономической развитии Алматинской области. Развитие Алматинской области – это не только комплексное освоение территорий, но и формирование центров геополитического влияния. Успешное развитие возможна только при объединении усилий градостроителей, научного сообщества и органов власти всех уровней.

Ключевые слова: агломерация, урбанизация мегаполиса, город, дороги

Summary

Sh.M.Nadyrov, Candidate of Geographical sciences, Professor, D.Zh.Ahbaeva, undergraduate

(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

The role of urban agglomeration development in Almaty region

This article provides questions the importance of the role of urban agglomeration and sintering of Almaty in the socio-economic development of Almaty region. Development of Almaty region - is not only integrated development, but also the formation of centers of geopolitical influence. The successful development is possible only by combining the efforts of city planners, academia and all levels of government.

Keywords: agglomeration, urbanization of the metropolis, socio-economic development.

ӘОЖ 618.664+612.118.221.3

ЖҮКТІ ӘЙЕЛ АҒЗАСЫНДАҒЫ ЭРИТРОЦИТ МЕМБРАНАСЫНА ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Қ.А.Асқарбаева, оқытушы,
З.Ж.Сейдахметова, б.ғ.д.,
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Аз салмақты жүкті әйелдердің эритроцит мембранасының асқын тотығу резистенттілігінің төмендеуі, мембраналарының өткізгіштігі және сахароэменгиперосмостық қысым кезіндегі эритроцит гемолизінің жоғарылауы анықталды. Эритроцит мембраналарының құрылымдық-функционалдық қасиетінің өзгеруінен мембрана төзімділігінің жоғарылауын тудырып ұрықтың дамуы мен өсуіне әсер етуі көрсетілген. Сыртқы ортаның зиянды факторлары ана организміне жанама түрде әсер еткенде, дамып келе жатқан ұрықта күрделі өзгерістер байқалып, оның дамуына тигізген қолайсыз әсерден организмде тікелей өзгерістер болуы мүмкін. Зиянды әсерге ұрық анағұрлым сезімтал келуін критикалық кезең деп атайды.

Түйін сөздер: Эритроцит мембранасы, тотығу резистенттілігі, ұрық, организм, биологиялық мембрана.

Құрсақ ішіндегі аз салмақтылықтың пайда болу себептері әр түрлі, әсіресе ана организмнің жүктілік болмай тұрып және жүктілік кезіндегі сырқаттары және жүктіліктің асқинуы үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар ананың шылым шегуі, алкоголь және өндіріс зияндылығы әсер етеді. Кортикостероидтер және цитостатикалық заттардың әсері дамып келе жатқан ұрықта айқын тежелу байқалғаны анықталды [1]. Құрсақ ішіндегі нәрестенің дамуының тежелуі ана организмнің патологиясына, плацентаның жеткіліксіздігіне және ұрықтың дамуына да байланысты екені белгілі. Қазіргі көзқарас бойынша плацентарлық жеткіліксіздік түсінігіне плацентаның қоректік, транспорттық, эндокриндік және зат алмасу қызметтерінің кешендік бұзылыстарын жатқызамыз [2].


Соңғы жылдары ана-ұрық жүйенің патологиясындағы биологиялық мембрана рөліне көп көңіл бөлуде. Мембранаға қызығушылық олардың организмнің ткандық және органдық функционалдық қызметінен туындайды. Мембраналық жүйенің қатысусыз жүретін іш жүзінде биохимиялық реакциялар жоқ [3]. Организм жүйелері мен органдардың, ұлпалардың және клеткалардың негізінде физиологиялық, биохимиялық процестер жатыр. Сондықтан да мембраналық жүйенің қатысуынсыз жүретін іш жүзінде биохимиялық реакциялар жоқ.

Қазіргі таңда биологиялық мембрананы патология және физиологияда негізгі базистік фактор ретінде қарастырып отыр. Емдеу саласымен және физиологиялық зерттеулердегі биомембрананы қарастыруға арналған негізгі модель қан клеткалары, оның ішінде эритроциттер болып табылады. Көптеген зертеулерге қарамастан құрсақтағы нәрестенің дамуындағы әртүрлі аспектілерінің көп жағы әлі толық зерттелмеген. Сондықтан жұмысымыздың негізгі мақсаты қалыпты және аз салмақты жүкті әйелдердің эритроцит мембранасының төзімділігін зерттеу болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Материал ҚР ДМ Акушер, гинекология және перинатология ғылыми орталығында жиналды. Зерттеуге қатысқан жүкті әйелдер 2 топқа бөлінді: 1-топ (бақылау)- 36-37 апталық жүктілік ағымы қалыпты әйелдер; 2-топ (негізгі)- 36-37 апталық құрсақ ішілік нәрестесінің дамуы кідірген жүкті әйелдер. Эритроциттерді бөліп алу үшін қанды 10 минут 1000 g айналымда центрифугаладық. Плазма мен лейкоциттерді бөліп, ал эритроциттерді құрамы 150 mM NaCl, 5 mM Na₂HPO₄ (pH – 7, 4) инкубация ортасымен екі рет шайдық. Эритроциттердің мембрана өткізгіштігін

В.Колмаковтың, т.б. әдісімен анықтадық [4]. Эритроциттерді сахарозалық қысымға сахарозаның әртүрлі концентрациялы ерітінділеріндегі гемолиз деңгейіне негізделген әдіспен ұшыраттық [5]. Эритроциттердің асқын тотықтық гемолизін Мырзахметова, Мирошина және т.б. әдісімен [6] анықтадық. Алынған нәтижелер «Microsoft Excel» бағдарламасы мен Стьюденттің критеріі қолданыла отырып өңделді, тіркелген көрсеткіштердің сенімділігі $p \leq 0,05$.


Зерттеу нәтижелері мен талқылау. 1-суретте бақылау және аз салмақты жүкті әйелдердің эритроциттерін сахарозаның 0,2-0,5 М ерітінділерінде гиперосмотық қысымға ұшырату кезіндегі гемолизді анықтау тәжірибе көрсетілген.



1-сурет. Сахарозамен гиперосмотық қысым кезіндегі аз салмақты жүкті әйелдердің бақылау және тәжірибе топтарының эритроцит гемолизі. Ордината осі: гемолиз деңгейі, %; абсцисса осі: сахароза концентрациясы, М. 1 – бақылау тобы, 2 – аз салмақты жүкті әйелдер тобы.

Бақылау топтағы жүкті әйелдердің эритроциттерін құрамында сахарозаның 0,3 М ерітіндісі бар ортада инкубациялаған кезде мембрананың гемолиттік төзімділігі аса төмендемейді (8,6% гемолизі), ал аз салмақты жүкті әйелдердің эритроциттерін құрамында 0,2 М сахароза бар ортада инкубациялаған кезде-ақ гемоглобиндердің шығуы 12,1% байқалады. Сахарозаның концентрациясы 0,5 М жоғарылағанда бақылау тобында - 11,8%, ал жүкті әйелдердің тобында - 43,5% эритроцит гемолиздің жоғарылағаны байқалды.


Келесі тәжірибеде эритроцит мембранасының өткізгіштігі анықталды (2 сурет). Аз салмақты жүкті әйелдердің эритроциттерінің мочевина/NaCl қатынасы 45/55 ерітінділерінің инкубацияланған кезде гемолиз деңгейінің концентрацияға тәуелді 2,9%-ға біршама жоғарылауына әкеледі. Мочевина/NaCl қатынасы 50/50 дейін өскенде, мембрана өткізгіштігінің 9,8% төмендегені байқалады және мембрана төзімділігі жоғарылайды. Мочевина/NaCl 60/40 қатынасында максималды мәнісі белгіленеді, бақылау тобындағы эритроцит гемолизі 70,0%, ал жүкті әйелдер тобы 77,8%. Эритроцит гемолизі 7,8% жоғарылықты көрсетті.



2-сурет. Бақылау және аз салмақты жүкті әйелдердің эритроцит мембраналарының өткізгіштігі. Ординат осі: гемолиз деңгейі, %; абсцисса осі: мочевина/NaCl концентрациясы. 1 – бақылау, 2 – аз салмақты жүкті әйелдер.

Бастапқыда көрсетілгендей, 0,4 сахароза ертіндісінде гемоглобин ортаға шыққанда эритроциттер созылғыш қасиетін жоғалтады және құрылымдық өзгеруіне ұшырайды /5/. Сахарозаның концентрациясы жоғарылағанда, аз салмақты жүкті әйелдердің бүтін мембрана эритроциттерінің бұзылу себебі, эритроцит гемолизі тек клетканың сахарозалық қысым әсерінен ғана емес, сонымен бірге қызметінің бұзылуы нәтижесінде.

Келесі тәжірибеде жүкті әйелдердің эритроцит мембранасының асқын тотықтық гемолизін анықтадық (3 сурет). Бақылау топтағы жүкті әйелдермен салыстырғанда (34,4%), аз салмақты жүкті әйелдердің эритроцит гемолиз деңгейі 58,4% көрсетті, сонда 24% жоғары.



3-сурет. Жүкті әйелдердің бақылау және тәжірибе топтарының эритроцит мембранасының асқын тотығу резистенттілігі. Ордината осі: гемолиз деңгейі, %; абсцисса осі: 1 – бақылау, 2 – аз салмақты жүкті әйелдер.

Жүргізілген зерттеудің нәтижесіне келсек аз салмақты жүкті әйелдердің эритроциттерінің асқын тотықтығы біршама жоғарылағанын көрсетеді. Осылайша, зерттеудің нәтижесі аз салмақты жүкті әйелдердің эритроцит мембраналарының құрылымдық-функционалдық қасиетінің өзгеруінің және төзімділігінің төмендегенін көрсетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ющенко А.П. Влияние вредных факторов на плод. – М. – 1978. – 123 с.
2. Джаксылыкова К.К. Современные представления о внутриутробной гипотрофии у новорожденных //Педиатрия и детская хирургия Казахстана. – 2000. – №3. – С. 59-6.
3. Рапьян В.В., Авакян З.А., Мартиросян С.О. Состояние эритроцитарных мембран при внутриутробной гипоксии плода //Акушерство и гинекология. – 1993. – №3. – С.17-19.
4. Колмаков В.Н., Радченко В.Г. Значение определения проницаемости эритроцитарных мембран (ПЭМ) в диагностике хронических заболеваний печени //Терапевтический архив. – 1982. – Т. 54, № 2. – С. 59-62.
5. Абдрасилов Б.С. Молекулярные механизмы действия тритерпеновых гликозидов даммаранового ряда на структурно-функциональное состояние мембран и клеток: автореф. докт. биол. наук: – М., 1997. – 44 с.
6. Мирошина Т.Н., Мурзахметова М.К., Утегалиева Р.С. и др. Корректирующее влияние индоламинов на состояние мембран эритроцитов при действии ионов кадмия //Вестник КазНУ. Серия биологическая. – 2002. – № 3. – С.80-86.

Резюме

К.А.Аскарбаева, преподаватель, З.Ж.Сейдахметова, д.б.н.,
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Влияние факторов на мембрану эритроцитов беременных женщин

Данная статья рассматривает влияние факторов на мембрану эритроцитов беременных женщин. У беременных женщин с малым весом плода было выявлено снижение перекисной резистентности мембран эритроцитов, повышение гемолиза

мембран при сахарозном сжати, повышение проницаемости мембран. Выявленные изменения структурно-функциональных свойств эритроцитов вызывают понижение резистентности мембран и могут повлиять на рост и развитие плода.

Ключевые слова: клеточная мембрана красная кровь, стойкость к окислению, росток биологической мембраны организма.

Summary

K.A.Askarbaeva, *teacher*, **Z.Zh.Seydahmetova**, *Doctor of Biological sciences.*,
(*c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University*)

Influence factors on the membrane of red blood cells of pregnant women

This article are risen influence of factors on the membrane of red blood cells of pregnant women. Pregnant women with low weight of the fetus was found a decrease peroxide resistance of erythrocytes membranes, increased hemolysis membranes at the compression sucrose, increasing membrane permeability. The changes revealed structural and functional properties of the erythrocyte membrane cause a reduction in resistance and can affect fetal growth and development.

Keywords: cell membrane, red blood, resistance to oxidation, germ of the biological membrane of an organism.

**ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА –
PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE**

ӘОЖ 53.049.1

**ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ
ӘДІСТЕМЕСІ**

А.А.Айдарбекова, магистр, аға оқытушы,
Н.А.Сәндібаева, п.ғ.к., доцент м.а.,
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Физика сабақтарында оқушылардың эксперименттік жұмыс дағдысын, шығармашылық қабілетін дамыту тұлғасын арттыруға болады. Бұл орайда эксперименттік тапсырмаларды үйге берудің маңызы ерекше. Үй тапсырмасына эксперименттік тапсырмалар беру оқушының біршама қабілеттерін және шеберліктерін дамытады және осы пәнге ерекше қызығушылықты тудырады. Физика есептерін шығару оқушылардың оқу материалдарын саналы түрде терең игеруіне қолайлы жағдай туғызады, олардың алған білімдерін пайдалана білу қабілетін қалыптастырады және бекітеді. Сонымен қатар, есептерді шығару оқушылардың өздігінен ойлануын, қиыншылықтарды жеңуге деген жігерін және табандылығын арттыру құралдарының бірі болып есептелініп, оқу процесін жақсартта түседі.

Түйін сөздер: эксперименттік тапсырма, шығармашылық қызмет, есептің шарты, шарттарды анализдеу, өлшеулер жүргізу, есептеулер, тәжірибеден тексеру.

Есеп шығару – оқу үрдісінің бөліп алуға болмайтын бір бөлігі болып табылады. Себебі, ол физикалық ұйымдарды қалыптастыруға оқушылардың физикалық құбылыстарды ойлау қабілетін дамытуға, оны практикада қолданып білуге үйретеді [1]. Білімді игерудің нәтижелілігі таным үдерісіне адамның әртүрлі сезім мүшелерінің іске қосылуы және нақты заттар мен құбылыстарға бетпе-бет келгенде оны сезіну, көре білу және қабылдау арқылы артады. Бұл жағдайда физикалық эксперименттің маңызы зор. Қабілеттілік дегеніміз дамудың нәтижесі болғандықтан, оның туа бітуі мүмкін емес. Оқушы қабілеті дегеніміз, оның педагогикалық ықпал аясындағы білім алу әрекеті. Жеке тұлғаны дамыту, оқыту оның шығармашылық қабілетінің дамуына әсер етеді. Әрбір оқушы оқу материалын шығармашылық деңгейде игере алады, яғни шығармашылық қабілетін дамытады. Бұл үшін оның шығармашылық ойын дамыту негізінде оқуға, яғни өздігінен білім алуға үйрету қажет. Сондықтан, ең алдымен оқушы даяр білімді мұғалімнің түсіндіруімен алатын дәстүрлі оқыту практикасынан бас тарту керек. Бізде әлі күнге мектепте сабақтағы белсенді бірде-бір тұлға – оқу материалын түсіндіруші мұғалім, ал оқушының рөлі тыңдаумен, оқумен және оны білімді тексеру кезінде қайта айтып берумен шектеледі. Шығармашылықты арттырудағы басты мәселе – есептің шартынан оның шешіміне барар жолдағы логикалық алшақтықты түйсік арқылы жеңу. Толғандыратын мәселе (есеп, зертханалық жұмыс, эксперименттік тапсырма, т.б.) оны толық билеп, күші мен назары соған ауады. Адам басқа жұмыстармен шұғылданса да, оның сана түкпірінде осы мәселенің шешімі қарастырылып жатады. Оның ұзақтығы шығармашылық қызметтің тәжірибесіне байланысты. Бастапқыда оқушы есепті бір апта немесе одан да көп уақытта шығаруы мүмкін. Ол оның сана түкпірінде жүреді. Ол есепті міндетті түрде шығарады, тек ешкімнен көмек сұрамауы маңызды. Шығармашылық қызметтен тәжірибе жинақталған сайын есеп бұрынғыдан да тез шығарылатын болады. Шығармашылық қабілеттерін арттыруда эксперименттік тапсырмаларды үйге берудің маңызы ерекше. Экспериментті жүргізудің дидактикалық құрылымы төмендегідей болуы

мүмкін: демонстрациялық тәжірибелер, фронтальды зертханалық жұмыстар, физикалық практикум, үй жағдайындағы тәжірибелер [2,3].

Мұғалімнің үйге эксперименттік тапсырмалар беруі сирек кездеседі. Дегенмен, оқу процесінде дәл осы тәсілді қолданудың ерекше маңыздылығы, біріншіден, үй жұмысының формасын түрлендіреді (кітапты оқыту, есеп шығару), екіншіден оқушының алдына тек қана өздігінен эксперименттік тәжірибе жасау арқылы ғана шешілетін мәселені қояды.

Үй тапсырмасына эксперименттік тапсырмалар беру оқушының мынадай қабілеттерін және шеберліктерін дамытады:

- Интеллектуалдық (салыстыру қабілеті, негізгіні ажырата білу, зерттеу, эксперимент нәтижелерін жазу және қорытындылау).

- Пәндік (теорияны практикамен ұштастыру шеберлігі, физикалық білімдерін құбылыстарға анализ жасауға қолдану, көптеген үй аспаптары мен құралдарының жұмыс істеу принципін түсіндіру).

- Ұйымдастыру-танымдық (құрал-жабдықтардың функционалдық міндеттерін анықтай білу, техникалық құрылғылармен жұмыс істегенде техника қауіпсіздігі мен пайдалану ережелерін сақтау).

Еңбек ету (қол құралдарымен жұмыс істеуді үйрену дағдысы, ұсталық, т.б.).

Физикалық эксперименттік тапсырмаларды үйге беру осы пәнге ерекше қызығушылықты тудырады. Өйткені мұнда жергілікті табиғи және тұрмыстық (техникалық) жағдайлар ескеріледі. Үйге берілетін эксперименттік тапсырмалар жүйесі құрылған. Бұл жүйе төмендегідей бірқатар мәселелерді шешуге бағытталған:

- тәжірибелерді физикалық тұрғыдан қарастыру;

- физикалық шамаларды өлшеу арқылы физикалық заңдар мен заңдылықтардағы функционалдық тәуелділікті анықтау;

- физикалық процестерді тұрмыстық техника көмегімен басқару мүмкіндігін түсіндіру (тігін машинасындағы реостаттың және потенциометр – дыбыс реттегіштің телевизордағы, магнитофондағы, радиоқабылдағыштағы міндетін анықтау);

- тұрмысқа қажетті техникалық құрылғылардың параметрлерін өлшеу және есептеулер жүргізу (электр құрылғыларының – үтіктің, электр плитасының қуатын электр энергиясын есептегіш пен секундтық тілі бар сағат арқылы анықтау және оны осы құралдың құжаттық көрсеткіштерімен салыстыру; егер олар сәйкес келмесе себептерін түсіндіру);

- техникалық білімдерін күнделікті еңбек тәжірибесінде қолдану (май қабатымен жабылған суда картоп тезірек піседі. Мұны тәжірибе тексеріп, құбылысты түсіндіру керек).

Физикалық құбылыстардың негізін ұғыну, түсініктерді, теорияны игеру процесі әр оқушыда бірдей жүрмейді. Оқыған материалды біреулер тез игереді, енді біреулеріне ой қорытуына және есіне сақтауына көп уақыт қажет. Үйде оқушылар әрқайсысы өз қарқынымен жұмыс істейді. Үй тапсырмасы дұрыс ұйымдастырылса сабақ кезіндегі алған білімдерін бекітуге және тереңдетуге көмектеседі.

Үйге берілген бақылаулар мен тәжірибелердің қорытындылары, есептердің шешімі, шығармашылық тапсырмалардың орындалуы оқушылардың үй жұмыстарына арналған дәптерлеріне жазылады. Үй жұмысының қорытындылары туралы мәліметтер жазу оқушылардың өз ойын сауатты және қысқаша жеткізуге үйретеді. Сонымен қатар жазу мәдениеті, яғни белгілі жүйе, нақтылық пен реттілік қалыптасады. Үйдегі тәжірибелерді және бақылауларды баяндау оқушыға көргенін терең ойлауға, негізгіні ажырата білуге үйретеді.

Эксперименттік есептерді шешу тәсілдері оларды шешудегі эксперименттік жұмыстың қойылуына тәуелді. Мысалы, есепті шешу үшін барлық тексеру қажет болса, онда есептің шешуін нұсқауларға сәйкес жазады.

Эксперименттік есептердің басқа түрлерінде есепті шешу мен баяндау қажет болады. Егер есепті шешу үшін қажетті шамалар тәжірибе нәтижесінде алынса, онда экспериментті қою және өлшеулер жүргізу маңызды [4,5]. Есеп түріндегі эксперименттік тапсырмаларды шешу мен жазу келесі элементтерден тұрады: есептің қойылуы, шарттарды анализдеу, өлшеулер жүргізу, есептеулер, тәжірибеден тексеру.

Мысалы: есептің қойылуы. Керекті құрал-жабдықтар: тік бұрышты қанылтыр банка, таразы, масштабты сызғыш, суы бар ыдыс, құм. Банканың вертикаль қалыпта суда жүзуі үшін ішіне құм салады. Банканың суға батқандағы тереңдігін анықтау керек. Берілген есептің шартын сурет салып, астына сұрағын қою арқылы жазса да болады. Содан кейін анализ жасайды, есепті шешу үшін қандай өлшеулер жүргізу керектігін анықтайды.

Талдау. Банкаға әсер ететін ауырлық күші және астынан әсер ететін кері итеруші күш теңескенше банка суға бата береді. Бұл жағдайда $F_a = P$. Бірақ Архимед күші денемен итерілген сұйықтың салмағына тең болғандықтан, $F_a = g * \rho * V$, мұндағы V - банканың батқан бөлігінің көлемі, ρ – судың тығыздығы. Батқан бөлігінің көлемі табан ауданы мен бату тереңдігінің көбейтіндісіне тең.

$$F_a = g * \rho * h * S$$

Осыдан

$$h = F_a / g * \rho * S$$

(1)

(1) формуладағы құмы бар банканың салмағын білу керек. Судың тығыздығы мен банканың табанының ауданын білу керек.

Өлшеулер. Динамометрмен салмағын, ұзындығы мен енін сызғышпен өлшейміз. Ауданын анықтаймыз. $S = l * a$. $\rho_{cy} = 1 \text{ г/см}^3$.

Есептеулер. Тығыздықтың, салмақтың және ауданның мәндерін (1) формулаға қойып, бату тереңдігін (h) анықтайды.

Тәжірибелік тексеру. Банканың вертикаль қабырғасына түсті сызықпен бату тереңдігін белгілейді. Тәжірибе көрсеткендей, табылған мәнімен есептелген биіктіктің мәні сәйкес келеді. Эксперименттік есептерде тәжірибені қажет болғанда ғана қояды, кейбір есептерде фронтальды тәжірибе қойылуы мүмкін. *Мысалы:* сызғыштың көмегімен судың стакан түбіне түсіретін қысымын өлшеу. Электр шамының тұтынған тогының қуатын анықтау. Физика сабақтарында эксперименттік есептер шығару оқушылармен жұмыс жасау барысында әрбір мұғалімнің негізгі әдістемесінің құраушысына айналуы керек. Себебі, қазіргі заман талабына сай, оқушыларды техникалық бағыттағы пәндерге атап айтқанда физика саласына бағыттау ең басты қажеттілік болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ысқақов Б.М., Ағылұқов А.А., Шамбулов Н.Б. Физикадан есеп шығару мысалдары. – Алматы. – Мектеп. – 1987.
2. Фирганг Е.В.. Руководство к решению задач по курсу общей физики. – М.: Высшая школа. – 1998.
3. Көшеров Ә. Физика пәнінен есептер түрлері. – Шымкент. – 1998.
4. Анарбаева А.Т. Физика есептерін шығару тәсілдері. – Алматы. – Мектеп. – 1987.
5. Тарасенко Е. Ю. Роль экспериментальных задач в повышении качества знаний по физике // Педагогическое мастерство: материалы II Междунар. науч. конф. (г. Москва, декабрь 2012 г.). – М.: Буки-Веди, 2012. – С. 144-146.

Резюме

А.А.Айдарбекова, магистр, старший преподаватель, **Н.А.Сандибаева**, к.п.н., и.о. доцента,

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Методика решения экспериментальных задач на уроках физики

В данной статье рассматривается важность экспериментальных задач на уроках физики и примеры решения задач. В статье также рассмотрены методика и основные элементы преподавания для формирования творчества учащихся по физике. Экспериментальные задачи дают возможность учащемуся проявить творческую самостоятельность, и приучают его при решении конкретных вопросов исходить из неразрывной связи теории с опытом. Вследствие этой связи весь ход решения задачи и его физический смысл приобретают особую ясность для обучающихся.

Ключевые слова: экспериментальные задачи, творческие услуги, договора о счете, термины и условия проведения анализа, измерения, расчеты, испытания на практике.

Summary

A.A.Aydarbekova, master, Senior Lecturer, **N.A.Sandibaeva**, Candidate of Pedagogical sciences, Associate Professor., Acting Associate Professor,
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Methods of solving experimental problems in the physics lessons

This article discusses the importance of experimental problems in physics lessons and examples of problem solving. The article also discussed the methodology and teaching of basic elements for the formation of students' creativity in physics. Experimental tasks enable the student to be creative independence, and taught him when addressing specific issues come from the inextricable link between theory and experiment. Because of this connection, the entire course of solving the problem and its physical meaning are of particular clarity for students

Keywords: experimental task, creative services, account agreement, the terms and conditions of the analysis, measurements, calculations, practice test.

ӘОЖ 621.11.24.

ЖЕЛ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ – ЕЛІМІЗДЕГІ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫНЫҢ БІРІ

А.Қ.Ершина, ф.-м.ғ.д., профессор,

А.Шақарбекқызы, магистр,

Л.С.Байқадамова, магистр

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада әлемнің назарын аударған табиғи қорлардың шектеулі уақытта таусылуына байланысты мәселе қарастырылып, таусылмайтын энергия көздерінің бірі болып табылатын жел энергиясын өндіру елімізге тән табиғи құндылықтары көрсетіліп, электр энергиясының тапшылығының алдын алу жолдарының бірі екендігін дәлелденген. Сондай-ақ Елімізде өтетін ЭКСПО-2017 көрмесінің «Болашақ энергия» атты тақырыбына сай елеулі үлес қосатын жұмыс екендігінің айғағы.

Түйін сөздер: желкенді, пропеллерлі, қанатшалы, тропоскина, Жоңғар қақпасы, меншікті жел жылдамдығы, Осиповтың тәжірибелері.

Қазақстанда белгілі бір жер бетіндегі температураның айырымдары туғызатын жеткілікті күшті желмен сипатталатын бірқатар аудандар бар. Бұлар негізінен орташа биіктікті тау жүйелерінің биіктеу бөліктері. Келтірілген осындай аймақтардың сипаттамалары төмендегідей:

Шу-Іле таулары: Іле Алатауының Тянь-Шань солтүстік батыс бөлігі. Биіктік белгілері 1300 м-ге дейін. Ұзындығы 200 км және ені 25-50 км таулы, төбелі үстірт.


Мұғалжар таулары: Оралдың оңтүстік шеті. Биіктігі 650м-ге дейін ұзындығы 120км, ені 10 км-ге дейін төбелі тізбектер.

Қаратау жотасы: Тянь-Шанның солтүстік батыс жағында орналасқан. Биіктігі 2000м-ге дейін. Төбелері шектелген. Ұзындығы 280 км, ені 20-50км. Ұлытау таулары Қазақстанның ұсақ шоқысының батыс жағында орналасқан. Желді пайдалану үшін биіктігі 500-600м болатын солтүстік аймақтары қолайлы.

Маңғыстау таулары: Маңғышлақ аралында орналасқан. Биіктігі 500м-ге дейін. Ұзындығы 200км және ені 50км.

Ереймен таулары: Қазақстанның ұсақ шоқысының солтүстігінде орналасқан. Биіктігі 900м. Ұзындығы 100км және ені 10-25км.

Бұл аудандардан басқа Батыс Қазақстандағы Үстірт қыратын және Каспий бриздерін атауға болады. Әсіресе Жоңғар қақпаларын ерекше айтқан жөн. Бұл салыстырмалы кішігірім ұзындығы 80км және ені 20-дан 10 км-ге дейінгі үстірт, 500м биіктікте орналасқан және екі ойпатты Қазақстан жағынан Алакөл, Қытай жағынан Эбинурды қосады. Бұл тау аралық жазықтық екі жағынан биіктігі 3000м болатын тау жүйесімен көмкерілген. Жоңғар қақпаларында 200км/сағ. астам жылдамдықты желдер белгіленген. Желдің мұндай күшінде 1 сағатта 1 шаршы метрден (1 м^2) жел электр құрылғысының (ЖЭК) пайдалы әсер коэффициенті (ПӘК) – 0,4 болғанда сағатына 200 МВт энергия өндіруге болады. 100 км/сағ жылдамдықты боранда ұзақ соғатын желдер (100 сағат) күзден көктемге дейін созылады. Жазғы уақытта ұзақ мерзімді тыныштық орнайды [2,3].



1-сурет. Энергияны өндірудің меншікті жел жылдамдығына тәуелділігі. I-Мұғалжар таулары; II-Қаратау жотасы; III-Ерейментау; IV-Шу-Іле таулары; V-Ұлытау; VI-Маңғыстау; VII-Жоңғар қақпалары.

Қазақстанның жел энергетикалық ресурстары 1980 жылы жуықтап алғанда жылына 32,2 триллион кВт сағ-қа бағаланады. Өзімізге осы жел ресурстарының масштабтарын елестету үшін 1-кестеде электр энергиясы туралы мәліметтер келтірілген .

1-кесте 1980 жылы өндірілген электр энергиясы (жылына млрд кВт сағ)


Қазақстан	КСРО	Жер шары
83	1400	12040

Бұдан, Қазақстанның әлемдегі барлық елдерді қоса алғандағы өндірілген энергиядан 3 есе асып түсетін жел энергиясына ие екендігі көрінеді. Әйткенмен Қазақстанның

практикалық шектелмеген жел энергиясының ресурстарына ие бола отырып оларды қазір қолданбауда. Бұл бәрінен бұрын жел энергетикалық құрылғыларды жасайтын сәйкес өнеркәсіп орындарының болмауына байланысты. Барлығы экономикалық қиыншылықтарды алға тартады, бірақ шетелден дайын агрегаттарды сатып алу 2-3 есе қымбат (жеткізу, монтаждау, жөндеу жұмыстарын жасау үшін периодты түрде көмек алу). Мұнымен қоса Қазақстан технологиялық жағынан тәуелділікте болады, қосымша жұмыс орындары болмайды [6].

Біздің республикамызға территориясы күшті ерекшеленетін климаттық жағдай тән. Жұмсақ климатты елдің оңтүстік аудандарында, Каспий маңында жел энергетикалық қондырғыларын (ЖЭҚ) қолайсыз метеофакторлардан қорғамай-ақ пайдалануға болады. Климаты шұғыл континентальді және қысы қатаң солтүстік, оңтүстік, батыс аймақтары айрықша жел электр қондырғысын (ЖЭҚ) қажет етеді. Мұнда көп күндік қарлы борандар және мұз қатып қалу құбылыстары жиі және жылуға жел электр қондырғысының (ЖЭҚ) электр энергиясына зәру кезде олар істен шығып қалады. Қондырғыға жабысқан ылғалды қардың температурасы төмендеп және оларда ауыр мұзды жамылғының түзілуі есебінен бүлінеді. Сондықтан жаңа перспективті ЖЭҚ-ын жасау үшін, сонымен қатар ол күрделі метео жағдайларда жұмыс істеуге қабілетті болу үшін өзіміздің тәжірибеміз, өндірісіміз, технологиямыз болуы қажет [1].

Жел турбиналары. Жел турбиналарының конструкциясы әрқилы, бірақ оларды жұмыс істеу принципіне байланысты негізгі үш типке – *желкенді, пропеллерлі және қанатшалы* деп бөлуге болады.



а)




ә)

2-сурет.

2(а)-сурет. Желкенді жел қабылдағыш құрылғылардың сызбанұсқасы

2-ә)-сурет. Эксперименттік жел қондырғысы (Англия)




а) Үш қалақшалы жел турбинасы ә) Тік қалақшалы Дарье жел турбинасы.

3(а)-сурет. Үш қалақшалы тропоскина тәрізді Дарье жел турбинасы. Қуаты 30 кВт.

3(ә)-сурет. Үш тік қалақшалы Дарье жел турбинасы. Қуаты 20 кВт.

Жел қуатының мол қоры мен мүмкіндігі бар Қазақстанда жел электр қондырғыларын жасап, оны пайдаланудың келешегі зор. Бұл ең алдымен экологиялық жағынан таза, онша көп қаржы кетпейді, жұмсалған шығын тез өтеледі және басты артықшылығы қиян түпкірдегі ауылдарға, халқы аз елді мекендерге апарып қолдануға болады. Шағын және орта деңгейді шаруашылықтар үшін де қолайлы. Жел энергиясын пайдаланудың қай жағынан алып қараса да пайдасы зор. Себебі, көптеген шаруашылықтар электр энергиясымен қамтамасыз етілмеген жерлерде орналасқан, кейбір тұтынушылардың жұмысы (геологтар, археологтар, альпинисттер экспедициялық түрде болып келеді және республикамызда электр энергиясының тапшылығына байланысты жекеменшік жел энергиясына қызығушылық электр энергиясының бағасының үнемі өсуінен болып отыр [4].

4-суретте американдық ғалымдардың тәжірибелерінің нәтижелері келтірілген. Суреттен көрініп тұрғандай желкенді жел турбинасының жел энергиясын пайдалану коэффициентінің (кси) максимал мәні 0,15. Сонымен қатар, қалақшаның сызықтық жылдамдығы мен жел жылдамдығы теңескенде жел энергиясын пайдалану коэффициенті нольге тең болады.



4-сурет. Жел энергиясын пайдалану коэффициенті ξ мен жүрдектігі χ арасындағы тәуелділік

Қазақстанда жел электр станциясының жұмыс істеуіне қолайлы жағдайлар бар. Еліміздегі жел энергиясының қоры дүние жүзінде өндірілетін электр энергиядан 2,5 есе артық. Мектептер, ауруханалар т.б. өндірістерде де электр энергиясының тапшылығы сезілуде [5]. Қазақстанның шұғыл континентальді климаты көптеген региондарда жыл бойы жел энергиясын пайдалануға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысындағы «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдану туралы» заң жобасы бойынша Энергетика және минералдық ресурстар министрі Сауат Мыңбаевтың баяндамасы. – М. – 1988. – С. 63-70.
2. Чжен П. Отрывные течения. – М.: Мир. – 1972. – Т. 1. – 299 с.
3. Лойцянский Л.Г. Механика жидкости и газа. – Наука. – 1987. – 904 с.
4. Ершина А.К., Ершин Ш.А., Жапбасбаев У.К. Основы теории ветротурбины Дарье. – Алматы: КазгосИНТИ. – 2001. – 104 с.
5. Ершина А.К., Ершин Ч.Ш. «Ветрогенератор Бидарье» (конструктивное исполнение и принцип работы), дата подачи патента: 15.02.2006. – 73 с.
6. Ершина А.К., Ершин Ч.Ш. «Вертикально-осевые составные ветротурбины карусельного типа», дата подачи патента: 15.02.2006. – 40 с.

Резюме

А.К.Ершина, д.ф.-м.н., профессор, А.Шакарбекқызы, магистр, Л.С.Байкадамова, магистр

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Актуальность ветроэнергетики в Республике Казахстан

В данной статье сказано, что ископаемые природные ресурсы изо дня в день истощаются. С точки зрения экономики и экологии наиболее целесообразным является использование ВИЭ. А именно, для Республики Казахстан наиболее актуальным является освоение энергии ветра, т.к. обширные пространства нашей страны богаты данным видом сырья.

Ключевые слова: парусные, гребные винты, Галочка, Тропоскіно, Джунгарские ворота, на самом деле, скорость и направление ветра, Осипова опыт.

Summary

A.K.Ershina, Doctor of physical and mathematical sciences, Professor,

A.Shakarbekkyzy, Master, L.S.Baykadamova, Master

(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

The urgency of wind power in the Republic of Kazakhstan

In this article it is shown that natural fuel is getting less day by day. From ecological and economical opinion it is better to use sustainable resources. In Republic of Kazakhstan it is profitable to use wind energy according to vast territories of our country. The wind energy potential of Kazakhstan is much higher than any other sustainable resources.

Keywords: sailing, propellers, check mark, troposkına, Jungar Gates, in fact, wind speed and direction, Osipov experience.

ӘОЖ 378.016.02(539.19+536)(574)

ОҚУШЫЛАРДЫ ФИЗИКА ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУҒА ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫ ШЫҒАРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Н.Келгенбайқызы, магистр, оқытушы

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Қ.Зейдін, оқытушы

(Алматы қ., Алматы индустриалды колледжі)

Аңдатпа: мақалада физикалық есептерді шығаруға үйретудің маңызы мен әдіс тәсілдері көрсетілген. Физика сабағында оқушылардың оқу біліктілігімен қатар ойлауы, іс-әрекеті, өзара қарым-қатынасы және өзінің сана-сезімі дамып, қарапайым ойлау операциялары (талдау, салыстыру, сұрыптау) және шығармашылық іс-әрекеті қалыптасады. Физика пәнін оқытуда физикалық есептерді шығару – оқу үрдісінен бөліп алуға болмайтын бір бөлігі болып табылады, себебі ол физикалық ұғымдарды қалыптастыруға, оқушылардың физикалық құбылыстарды оқып үйренуіне, ойлау қабілетін дамытуға, білімдерін нақтылауға, оны практикада қолдана білуге үйретуде маңызы зор.

Түйін сөздер: талдау, салыстыру, сұрыптау, болжау, логикалық ойлау.

Бүгінгі таңда республикадағы және аймақтағы экономикалық нарықтық қатынастардың қалыптасу жағдайында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы қоғам

өмірінің барлық саласында, оның ішінде мектепте оқыту мазмұны мен оқытудың қазіргі технологияларын жетілдіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Жалпы білім беретін мектептердің алдында тұрған мәселе оқушыларды дамыта оқыту, яғни, оқушыны оқу әрекетіне қалыптастыру, олардың оқуға ынтасын ояту, қызығушылығын арттыру. Сондықтан, мұғалімнің алға қойған маңызды міндетінің бірі – талабы таудай жеке тұлғаны іздеп табу, оны өсіру. Әр оқушының қабілетін танып біліп, дамыған жеке тұлға дәрежесіне жеткізу.

Қазіргі кезде оқушының сөйлеу, талдау, салыстыру, логикалық ойлауын көтеру, шығармашылық қабілетін дамыту, алған білімін практикада қолдана білуге баулу, әртүрлі ғылыми әдебиеттерді пайдаланып, өзінің білімін тереңдетуге үйрету мәселелеріне айрықша мән берілуде. Себебі мемлекеттік стандартта орта білім беретін мектептерде әрбір шәкіртті жеке тұлға деп санап, оларды өз жас ерекшеліктеріне, мүдделеріне сай оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін қолдану керектігі көзделген. Бұл жағдайда жаңа оқыту технологиясын енгізуді, оқушыларды өз бетінше білім алуға, өзін-өзі дамытуға, өз ойын толық айтуға, ұйымдастыруға үйрету мәселелеріне көп көңіл бөлуді талап етеді.

Осыған орай оқу-тәрбие үрдісін жетілдірудің қазіргі технологияларын жетілдіріп, мектепте сабақ беруде қолдану арқылы білім сапасын жақсартуға болатындығына басым бағыт берілуде.

Осы міндеттерді атқару жолында басқа пәндермен қатар физика пәнінің атқаратын ролі де зор. Себебі физика жаратылыстану ғылымдарының тірегі, ал оның зерттеу әдістері қазіргі заманғы ғылыми танымның тұғыры. Дегенмен, қазіргі уақытта орта мектептегі оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығын және оны оқыту сапасын қалай арттыруға болады деген сұрақ туады.

Біздің ойлауымызша, бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы физиканың оқыту әдістемесінің ең тиімді, ұтымды тәсілдерін таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда оқушының әрекеті технологияны қабылдауы, ынтасы, құштарлығына көңіл бөлінуі тиіс.

Физика сабағында оқушылардың оқу біліктілігімен қатар ойлауы, іс-әрекеті, өзара қарым-қатынасы және өзінің сана-сезімі дамып, қарапайым ойлау операциялары (талдау, салыстыру, сұрыптау) және шығармашылық іс-әрекеті қалыптасады. Физика пәнін оқытуда Физика пәнінен есеп шығару – оқу үрдісінен бөліп алуға болмайтын бір бөлігі болып табылады, себебі ол физикалық ұғымдарды қалыптастыруға, оқушылардың физикалық құбылыстарды оқып үйренуіне, ойлау қабілетін дамытуға, білімдерін нақтылауға, оны практикада қолдана білуге үйретуде маңызы зор.

Есептер шығару физикалық заңдарды оқып үйренуде, тереңірек және нақты білім алуға, алған білімдерін берік меңгеруге, логикалық ойлау қабілетінің дамуына, белсенді болуына, физика пәніне деген қызығушылығын арттыруға, алға қойған мақсатқа жетуде табандылыққа, өзіндік жұмыс істеу, өз бетімен білім алу дағдысына ие болуға көмектеседі. Есеп шығарудың тәсілін таңдау арқылы ғана, есептің жауабын алу мүмкін емес. Ол үшін таңдап алынған тәсілді жүзеге асыру керек, яғни есептің шартындағы нысандарға және оның сипаттамаларына қажет болатын логикалық, математикалық немесе тәжірибелік амалдарды қолдану керек. Есеп шығарудың таңдап алынған тәсілі белгілі бір әдістердің жиынтығы арқылы жүзеге асады. Физикалық есептерді шығару амалдары сан алуан, оларды қолдана біліп, оқушылардың есеп шығару алу қабілетін анықтайды [1].

Кей жағдайларда жаңа есеппен бұрын шығарылған есепті салыстыра мыналарды байқаймыз: олардың тек нысандары немесе сипаттамаларының сандық мәндері өзгеше, немесе шамалар басқа бірліктер жүйесінде беріледі. Кейбір есептердің талабы, бұрын шығарылған есеп шартындай және керісінше болады. Есеп шығару үрдісін бірдей деп қарастыруға болады. Есеп шарты мен талабының түрлі болуына қарамастан, оқушылар олардың ортақ құрылысын, ұқсас есептерді шығарудың ортақ әдісі мен тәсілдерін байқай

білу керек. Бұлар қарапайым ұқсас есептер, олар белгілі бір есептің жекеше түрлері болып табылады. Есеп шығару үрдісі күрделі, оны мынадай кезеңдерге бөлуге болады:

1. Есептің берілгенін оқып, жаңа терминдердің, қиын ұғымдардың мағынасын түсіндіру.

2. Есептің шартын қысқаша жазу, суреті болса салу.

3. Есепті талдау, физикалық мәнін, берілген есептерде қарастырылатын физикалық үрдістер мен заңдарды түсіну, физикалық шамалардың арасындағы тәуелділікке көңіл аударылады.

4. Шығарудың жоспарын құру, тәжірибе жасау, есепке керекті тұрақтылар мен кестелердің мәндерін жазу, графиктер мен суреттерге талдау жасау.

5. Физикалық шамаларды ХБЖ жүйесінде жазу.

6. Изделініп отырған физикалық шамамен берілген шамалардың арасындағы заңдылықты тауып, оны жазу.

7. Теңдеулерді құру және оларды шешу (қондырғыны жинау және оны жасау).

8. Изделініп отырған шаманы есептеу, тәжірибе нәтижесіне талдау жасау.

9. Алынған жауапты талдау, шығарудағы ықшамдауларды қарастыру.

10. Есептің басқаша шешу жолдарын қарастыру және олардың ішінен тиімдісін алу [2-3].

Мысалы: Серіппеге массасы 2кг жүк ілгенде ол 4см-ге ұзарады. Серіппені 2см-ден 12 см-ге созу үшін атқарылатын жұмысты табыңыздар ($g=10\text{м/с}^2$)?

Орта мектепте осындай есептерде оқушылар не істерін білмей, атқарылатын жұмыс

$$A = F * l = mgl = 2\text{кг} * 10\text{м/с}^2 * 4 * 10^{-2}\text{м} = 0,8\text{Дж}$$

болады деп механикадағы атқарылған жұмыспен алмастырып алады да неге артық шамалар беріліп тұр деп бастары қатады.

Шешуі: мұндай серіппеде атқарылған жұмыс $A = \frac{kx_2^2}{2} - \frac{kx_1^2}{2}$ анықталады. Ал серіппенің қатаңдығын Гук заңы бойынша анықтап алуға болады:

$$F = k\Delta x .$$

Мұндағы k - серіппенің қатаңдығы, Δx - серіппенің созылу ұзындығы. F -ауырлық күші.

Есепті шығарудан бұрын барлық берілгендерді ХБЖ-ға келтіріп аламыз.

Берілгені:

ХБЖ:

Шешуі:

$m=2\text{ кг}$		
$\Delta x = 4\text{ см}$	$4 \cdot 10^{-2}\text{ м}$	$k = \frac{F}{\Delta x} = \frac{mg}{\Delta x}$
$x_1 = 2\text{ см}$	$2 \cdot 10^{-2}\text{ м}$	
$x_2 = 12\text{ см}$	$12 \cdot 10^{-2}\text{ м}$	$k = \frac{2\text{ кг} \cdot 10\text{ м/с}^2}{4 \cdot 10^{-2}\text{ м}} = 500\text{ Н/м}$
$g=10\text{ м/с}^2$		
т/к	А-?	$A = \frac{kx_2^2}{2} - \frac{kx_1^2}{2}$
$A = \frac{500\text{ Н/м} \cdot (12 \cdot 10^{-2}\text{ м})^2}{2} - \frac{500\text{ Н/м} \cdot (2 \cdot 10^{-2}\text{ м})^2}{2} = 3,5\text{ Дж}$		

[Н·м]=Дж.

Жауабы: $A=3,5\text{ Дж}$.

Оқушы есеп шығару жоспарын жүзеге асырып, есеп талабын қанағаттандырған соң (сұраққа толық жауап берген соң), қорытынды бақылау және талдаумен есеп шығарудың ортақ әдістері, тәсілдері және амалдарымен байланысты болатын есеп шығарудың жаңа кезеңін түсінеді. Есеп шығару үрдісінің әрбір кезеңдерінде оқушының ой әрекетінің түрлі ерекшеліктері көрініс береді. Есепті талдау және оны шығару жолы туралы болжам жасау кезеңінде ойлаудың бақылаушылық, жасампаздық, белсенділік және даралық қасиеттері көрініс табады. Есепті шығару жолдарының тізбегіне жіктеу кезеңінде ойлаудың қисындылық, сатылық (сабақтастық) және жүйелік қасиеттері маңызды болады.

Нақты айтқанда есеп шығару үрдісінің белгілі бір мақсатқа бағытталуы және есептің қандай мақсатпен шығарылатынын және оны шығару нәтижесінде қандай жетістікке жететінін білу керек. Тек осы жағдайда ғана, оқушылар физикалық есептерді саналы түрде, оның мақсатын толық түсініп шығарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ерғалиева Г.М., Жұмаділлаев Қ.Н. Физика есептерін шығару әдістемесі. Алматы. – 2007.
2. Ақитай Б.Е. Физиканы оқыту теориясы және әдістемелік негіздері. – Алматы. – 2006.
3. Құдайқұлов М., Жаңабергенов Қ. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан. – 1998.

Резюме

Н.Келгенбайқызы, магистр, преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

К.Зейдин, преподаватель

(г. Алматы, Алматинский индустриальный колледж)

Обучение учащихся решению физических задач

В статье рассматриваются некоторые способы решения физических задач по разделу «Механика» в средней школе. В процессе решения задач формируются трудолюбие, любознательность ума, самостоятельность в суждениях, воспитывается интерес к учебе, закаляется воля и характер, развивается умение анализировать явления, обобщать сведения о них и тому подобное. Большая роль задач в осуществлении политехнического принципа обучения. Решение задач является способом проверки и систематизации знаний.

Ключевые слова: анализ, сравнение, классификация, прогнозирование, логическое мышление.

Summary

N.Kelgenbaykyzy, master, lecturer

(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

K.Zeydin, teacher

(c. Almaty, Almaty Industrial College)

Education of students solving physical problems

The publishing a looking of the important the mechanics of physics supplementary and with the school. In the process of solving the problems generated diligence, curiosity, intelligence, independence of judgment, raised interest in learning, tempered the will and character, develop the ability to analyze the phenomenon, compile information on them, and the like. A major role in the implementation of the tasks of the principle of polytechnic education. Problem solving is a way to check and systematization of knowledge.

Keywords: analysis, comparison, classification, prediction, logical thinking.

ӘОЖ 378.016.02:004:517.53/.55(574)

MATHCAD ПРОГРАММАЛАУ ОРТАСЫНДА КОМПЛЕКС АЙНЫМАЛЫ ФУНКЦИЯНЫҢ ШЕГЕРМЕСІН АНЫҚТАУҒА ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ

Б.Р.Қасқатаева, *п.ғ.д., профессор м.а.*,
(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

С.Авдарсолқызы, *магистр, аға оқытушы*
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада комплексті айнымалы функциялар теориясын оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану барысында программаларды қолдана отырып математикалық есептеулерді шешу әдісі қарастырылған. Жалпы білім беретін мектептерде комплекс айнымалы функциялар теориясының элементтерін оқытуда компьютерлік математикалық жүйелерді қолдану оқушының білім жаңарту, өзін-өзі аңғару, ізденіс, ақпаратты сын көзбен талдау, аналитикалық ойлау, болжау, жобалау және өзіндік ойлай білу секілді теориялық іскерліктері, оқу материалын терең меңгеруге септігін тигізді.

Түйін сөздер: комплекс айнымалы функциялар, функцияның шегермесін анықтау, Mathcad.

Қазіргі кезде еліміздің білім беру саласының алдына қойып отырған негізгі міндеттері ұлттың бәсекелестікке қабілетін арттыру, әлемдік білім кеңістігіне толығымен ену, білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруде білім беру үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін енгізу, компьютерлік математикалық жүйелерді тиімді және кеңінен қолдану, елдегі ақпараттық инфрақұрылымды әлемдік білім берумен ықпалдастыру, білім беру ұйымдарының байланыстарын нығайту болып табылады [1,2].


Компьютерлік бағдарламалар көмегімен оқу процесін ұйымдастыруды жаңа тұрғыдан қарастыру жағдайында жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың дайындық сапасын арттырудың педагогикалық шарттары комплекс айнымалы функциялар теориясының элементтерін оқытуда компьютерлік математикалық жүйелерді таңдап алу, оқу мотивациясын, танымдық белсенділік пен шығармашылық ынтаны арттыру есебінен мектеп оқушыларының белсенді өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру. Сонымен қатар Mathcad программалау ортасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып комплекс айнымалы функцияларына бірнеше есептер шығарылуын қарастырамыз [4,5].

Мысал 1. $f(z) = \frac{z}{(z-1)(z-3)}$ функциясының шегерінділерін анықтаңыз.

Шешуі: Функцияның қарапайым полюстері $z = 1$ және $z = 3$ нүктелері болады:

$$\begin{aligned} \operatorname{res}_1 f(z) &= \lim_{z \rightarrow 1} (z-1) \cdot \frac{z}{(z-1)(z-3)} = \lim_{z \rightarrow 1} \frac{z}{z-3} = -\frac{1}{2}, \\ \operatorname{res}_3 f(z) &= \lim_{z \rightarrow 3} (z-3) \cdot \frac{z}{(z-1)(z-3)} = \lim_{z \rightarrow 3} \frac{z}{z-1} = \frac{3}{2}. \end{aligned}$$

Mathcad программасында есептің шешілуі (1-сурет) көрсетілген.



1-сурет. Mathcad программасында 1-мысалдың шешу терезесі


Мысал 2. $f(z) = \frac{1}{z^2 + 4}$ функциясының шегерінділерін анықтаңыз.

Шешуі: $f(z) = \frac{1}{(z - 2i)(z + 2i)}$ екендігін аламыз. Функцияның қарапайым полюстері $z = 2i$ және $z = -2i$ нүктелері болады:

$$\operatorname{res}_{2i} f(z) = \lim_{z \rightarrow 2i} (z - 2i) \cdot \frac{1}{(z - 2i)(z + 2i)} = \lim_{z \rightarrow 2i} \frac{1}{z + 2i} = \frac{1}{4i} = -\frac{i}{4},$$

$$\operatorname{res}_{-2i} f(z) = \lim_{z \rightarrow -2i} (z + 2i) \cdot \frac{1}{(z - 2i)(z + 2i)} = \lim_{z \rightarrow -2i} \frac{1}{z - 2i} = -\frac{1}{4i} = \frac{i}{4}.$$

Mathcad программасында есептің шешілуі (2-сурет) көрсетілген.



2-сурет. Mathcad программасында 2-мысалдың шешу терезесі

Мысал 3. $f(z) = \frac{1}{z^2 - 2z + 5}$ функциясының шегерінділерін анықтаңыз.

Шешуі: Комплекс айнымалы функцияның қарапайым полюстері бөлім түбірлері: $z = 1 \pm 2i$ болады. Одан шығатыны,


$$f(z) = \frac{1}{(z - 1 - 2i)(z - 1 + 2i)}.$$

Мынаны табамыз:

$$\operatorname{res}_{1+2i} f(z) = \lim_{z \rightarrow 1+2i} \frac{z - 1 - 2i}{(z - 1 - 2i)(z - 1 + 2i)} = \lim_{z \rightarrow 1+2i} \frac{1}{z - 1 + 2i} = -\frac{i}{4},$$

$$\operatorname{res}_{1-2i} f(z) = \lim_{z \rightarrow 1-2i} \frac{z - 1 + 2i}{(z - 1 - 2i)(z - 1 + 2i)} = \lim_{z \rightarrow 1-2i} \frac{1}{z - 1 - 2i} = \frac{i}{4}$$

Mathcad программасында есептің шешілуі (3-сурет) көрсетілген.



3-сурет. Mathcad программасында 3-мысалдың шешу терезесі

Мысал 4. $z = 2$ нүктесіне қатысты $f(z) = \frac{z^2}{z-2}$ функциясының шегеріндісін


анықтаңыз.

Шешуі: $z = 2$ нүктесі $f(z) = \frac{z^2}{z-2}$ функциясының қарапайым полюсы.

онда,

$$\operatorname{res}_2 f(z) = \lim_{z \rightarrow 2} \left[(z-2) \cdot \frac{z^2}{z-2} \right] = 4$$

Mathcad программасында есептің шешілуі (4-сурет) көрсетілген.



4-сурет. Mathcad программасында 4-мысалдың шешу терезесі

Мысал 5. $z = 0$ нүктесіне қатысты $f(z) = \frac{1}{\sin z}$ функциясының шегеріндісін

анықтаңыз.


Шешуі: $z = 0$ нүктесі $f(z) = \frac{1}{\sin z}$ функциясының қарапайым полюсы, өйткені $\sin z$ функциясы үшін бұл нүкте қарапайым ноль болады. Онда,

$$\operatorname{res}_0 f(z) = \lim_{z \rightarrow 0} \left[z \frac{1}{\sin z} \right] = 1$$

Кейде қарапайым полюске қатысты шегеріндіні есептеу кезінде басқаша формула өте ыңғайлы болады[5,6.]. Бұл формула:

$$\operatorname{Res}[f(z); a] = \frac{f_1(a)}{f_2(a)}$$

Mathcad программасында есептің шешілуі (5-сурет) көрсетілген.



5-сурет. Mathcad программасында 5-мысалдың шешуі терезесі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. – Ақорда. – 2010.
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. «Егемен Қазақстан» 2011 жылғы 29 қазандағы № 520-522 (26914); «Казахстанская правда» от 29 октября 2011 года № 346-347 (26737-26738).
3. Херхагер М., Партолл Х. MathCad 2000:/Пер.с нем.под ред.К.Ю.Королькова Полное руководство. – Киев:«Ирина». – 2000. – с.416
4. Дьяконов В.П., Абраменкова И.В. MathCAD 7.0 в математике, физике и Internet. – Издательство «Нолидж». 1999.
5. Қасқатаева Б.Р. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. I - бөлім. Оқу құралы. Қазмемқызпи. – Алматы. – 2007. – 145 б.
6. Қасқатаева Б.Р. Математикалық моделдеу туралы. Мақала. Ұлт тағылымы. 5 б.

Резюме

Б.Р.Қасқатаева, д.п.н., и.о. профессора,

(г.Алматы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая)

С.Авдарсолкызы, магистр, старший преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Решение задач используя программу Mathcad

Рассматривается возможность решение задач используя программу Mathcad в изучении теории элементов функции комплексных переменных. Эта программа Mathcad очень эффективен в решении задач по теории элементов функции комплексных

переменных. Можно совершить различные операции по теории элементов. Результаты работы можно будет сразу увидеть, что позволяет оценить полученное решение, понять существо задачи.

Ключевые слова: функции комплексных переменных для определения функции Mathcad.

Summary

B.R.Kaskataeva, *Doctor of Pedagogical sciences, Acting professor*
(Almaty, Kazakh National Pedagogical University named after Abay)

S.Avdarsolkyzy, *master, senior teacher*
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Problem solving using Mathcad program

The possibility of solving problems using Mathcad program in the study of the theory of functions of complex variable elements. This program Mathcad is very effective in solving problems in the theory of functions of complex variable elements. You can perform various operations on the theory of elements. The results can be seen immediately, that allows us to estimate the resulting solution, to understand the essence of the problem.

Keywords: the functions of complex variables to determine the function *şegermesin* Mathcad.

ӘОЖ 378.016.02:004.9(574)

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Б.Ғ.Бостанов, *п.ғ.к.*,
М.Адеев, *магистрант*
(Алматы қ., ҚазҰПУ)

Аңдатпа: Мақалада болашақ информатика мұғалімдеріне электрондық оқыту құралдарын жасау технологиялары мен оларды пайдалануды оқытудың қажеттілі анықталынып, оқытудың мақсаттары мен мазмұнын анықтауда ескерілетін мәселелер туралы айтылған. Көп жағдайда оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, құралдарын, мазмұнын таңдау - мақсаттарды таңдауға тәуелді болады. Өкінішке орай шынайы педагогикалық тәжірибеде мақсаттар ашып көрсетілмейді, көрсетілсе де толығымен емес. В.П.Беспалько кез келген оқулықта оқыту мақсатын ашып көрсету, соған сәйкес белгіленген мақсаттарға қол жеткізе алатындай дайындық болуы керектігін айтады. Сондай-ақ сол мақсаттарға қол жеткізуді бағалау әдістері де көрсетілуі керек.

Түйін сөз: электрондық оқыту құралдары (ЭОҚ), иерархия, метасипаттау, метаақпарат, визуалды дизайн, инновация.

Оқыту жүйесінің элементтері: мақсаттар, мазмұны, әдістер, оқытудың құралдары мен ұйымдастырушылық формалары, сондай-ақ мұғалімнің қызметі мен студенттердің қызметі өзара бір-бірімен тығыз байланысты екендігі мәлім [1]. Сондықтан да информатикадан ЭОҚ түріндегі оқытудың жаңа құралдарын пайдалану жоғарыда айтылған элементтерге, соның ішінде оқытудың мақсаттары мен мазмұнына да тікелей әсер ететіні сөзсіз. Дидактикада оқытудың мазмұны мен мақсаттары басты мәселелердің бірі болып табылады. Білім берудің мақсаттары педагогикалық қызметте жүйе құраушы қызмет атқарады [2].

Болашақ информатика мұғалімін ЭОҚ жасауды үйретудің келесідей мақсаттарын анықтайық: алгоритмдік және эвристикалық танымдық қызметті жүзеге асыруға, қажетті

өзара логикалық түрде байланысқан пәндердің ғылыми түсініктер иерархиялық жүйесін студенттердің игеруін қамтамасыз ету үшін, информатика пәнінің мұғаліміне ЭОҚ дайындауды және өздерінің кәсіптік қызметінде пайдалауды үйрету.

Арнайы курсты оқып үйренудің нәтижесінде студенттер мынаны *білуі* керек: қазіргі заманғы ЭОҚ жасаудың технологиялары мен пайдалануын; ЭОҚ жобалау мәселелері бойынша есепті қоя білуді және *шешуді*; ЭОҚ сапасын анықтайтын алғашқы сынақтарды жүргізуді; ЭОҚ жасаудың қазіргі заманғы технологиялары дамуының тенденциялары жөнінде мағлұматтарының *болуы*. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін оқу материалы мазмұнының дидактикалық және әдістемелік өңделуі қажет. В.П.Беспалько пікірінше, оқулық монографиялық емес, дидактикалық болу керек [3].

Оқулықта материалдарды беру, көлемі, құрылымы мәселесі оқыту теориясымен сәйкес анықталуы керек. И.Я.Лернер оқыту мазмұнының төрт элементін бөліп көрсетеді: білім, қызметті жүзеге асыру тәжірибесі, студенттердің шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, шындыққа эмоционалдық қарым-қатынасы [4]. Бұл жұмыста дәстүрлі оқулықтардағы оқыту мазмұнының элементтерін беріп көрсетудің келесі әдістері көрсетілген: білімдер негізінен мәтіндер түрінде; қызмет әдістері типтік - тапсырмалар түрінде; шығармашылық қызметті дамыту – шығармашылық тапсырмалар түрінде беріліп отырады; студенттердің қажетті эмоционалдық қарым-қатынасы оқулықтарда эмоцияға толы, оқырманның сезіміне әсер ететін мәтіндер есебінен қалыптасады.

Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану негізінде оқыту мазмұнының элементтерін бөліп көрсетуді Т.Сергеева дамытқан болатын. Бұл үлгіде оқытудың мақсаты студентті жеке тұлға ретінде дамыту болып табылады. Білім мұнда мақсат ретінде емес, керісінше студенттердің жеке тұлға ретінде дамуының құралы ретінде қарастырылады. Т.Сергеева оқыту мазмұнының төрт элементін жүзеге асырудың ерекшеліктерін атап көрсетеді. *Бірінші элемент* – білімдер жүйесі, мұнда студентке бір емес, бірнеше мысалы: физика, математика, биология, химия, т.б. пәндер әлеміне еруге көмектесетін интегралдық сипаттағы компьютерлік программаларды жасау ұсынылады. Модельдеудің үлкен мүмкіндіктері көрсетілген *екінші элемент* – студент меңгеруі тиіс репродуктивтік білімдер. Компьютер репродуктивтік білімдерді қалыптастырудың күшті құралы екендігі сөзсіз *үшінші элемент* – шығармашылық білімдер. «Жаңалықтарды ашу арқылы оқыту» идеясын дәріптейтін, сондай-ақ қиын жағдайларды модельдеу жолымен оқытатын арнайы микроорталарды қолдану арқылы дамытылуы мүмкін *төртінші элемент* – оқыту мазмұны студентті жеке тұлға ретінде дамытуда маңызы бар педагогикалық мәселе және ол жаңа ақпараттық технологиялар аясында оқытудың тұлғаға бейімделген үлгісін пайдалану арқылы тиімді шешілуі мүмкін. Алайда, ЭОҚ нақты бір құралын пайдалану арқылы кез келген пәнді оқытуда алдыңғы орынға білімдерді қалыптастыру мәселесі шығады. Сол себептен біздің жағдайда «оқыту мазмұны, кәсіптік білімдер мен алғашқы кәсіптік тәрбиені қалыптастырып, студенттерге ұсынылатын тапсырмалар, жаттығулар кешені, оқулық ақпаратының мазмұны, құрылымы, құрамы» дейтін көзқарасты ұстанғанымыз жөн.

Оқу материалының мазмұны ғылымның қазіргі күйіне сәйкес, сондай-ақ, онда ғылыми дәлелденген, бұрын қалыптасқан мәліметтердің болуы және оқу материалының мазмұны пәнаралық байланыстарды ескере отырып, қандай да бір ғылымның жүйесі мен логикасына сай құрылуы керек [5].

Оқыту мазмұнына қатысты мынадай кемшіліктерді атап көрсеткен жөн: пәнаралық байланыстың жоқтығын, түрлі пәндерде материалдың жөнсіз қайталануы, оқулықтарда негізгі мен қосымша материалдардың дұрыс бөлінбеуі, сұрақтар мен тапсырмалар көлемінің аздығы. Оқулықтың әрбір авторы мазмұнның ғылыми деңгейін арттыру үшін түрлі мәселелерді енгізуге тырысады. Оқулықтың әрбір бөлігі, әрбір мәлімет өте маңызды, әрі қажетті болып келеді. Нәтижесінде тым қиындатылған, жеке маманға қажетті, бірақ жалпы білім мақсаттарына міндетті емес артық материалдардан тұратын курстар пайда

болады. «Оқулықтың тым қиындатылуы, жөні жоқ мәліметтермен толықтырылуы жалпы білімге үлкен зиян келтіреді».

Сонымен қатар, білім мазмұнының толқын іспеттес ұлғаюына байланысты әр оқулықта сол пәннің жеке құбылыстарын құрайтын құрылымдық элементтерін бөліп көрсету қажеттілігін айтуға болады. Ендігі жерде сол саланың барлық жеке құбылыстарын оқып-үйренудің қажеті жоқ. Мұндай белгілі білімді бөліп көрсету материалды игерудің қажетті көлемін қысқартуға мүмкіндік береді.

ЭОҚ жасауды үйренудің өзіне тән ерекшеліктері бар. Мұнда міндетті түрде оқу материалының жүйелілігі мен құрылымдық-функционалдық байланысы қамтамасыз етілуі керек. Оқу курсының, егер оқу материалы жүйесіз және құрылымсыз болса, бағдарламалық жүзеге асырылуы қиындайды.

Білімнің әр саласында, әр ғылыми пәнде оқу материалының жеке компоненттерінің құрылымдық байланысын анықтаудың арнайы әдістері жасап шығарылуы мүмкін. Мысалы, жаратылыстану пәндері оқулықтарының оқу материалының құрылымын графтар теориясы негізінде анықтау ұсынылады.

Оқу мазмұнын таңдаған кезде оқыту мақсаттарына сай болуымен қатар, оқытудың дидактикалық принциптерін ескерген жөн.

Ғылыми принцип оқыту мазмұнында бұрын қалыптасқан, дәлелденген білімдермен қатар тиісінше сол білім саласының жаңалықтарының болуын да талап етеді. Ғылыми принципті ескеру педагогикалық үрдісте информатикадан ЭОҚ-тың дидактикалық мүмкіндіктерін зерттеп білуге көмектеседі. Информатика пәні бойынша арнайы курстың оқыту мазмұнын таңдау үшін ЭОҚ жасау технологияларының кейбір жақтарын, сондай-ақ ЭОҚ жасаудағы студенттердің қызметтерін де қарастырған жөн. Информатика пәні бойынша ЭОҚ үшін оқу материалын таңдаудан бұрын студентке оқу тапсырмаларының сипаттамаларын орындау керек, оқу мақсаттарын анықтап оларды операцияландыру керек (яғни оқуды жақсы бітірген әркім орындай алтын операциялар арқылы берілуі).

Ол үшін оқыту мақсаттарының иерархиясын дайындауды жүргізу керек. Оқыту мақсаттарының иерархиясын дайындау – оқыту мазмұнын сараптаудың алдында жүргізілетін жұмыстың негізгі бөлігі. Ол мыналарды қамтиды:

- сабақтың мақсаттарын анықтау;
- қалыптастырылатын білімді көрсететін іс-әрекеттерді анықтау;
- сол іс-әрекеттерді орнындауға мүмкіндік беретін білімдерді анықтау;
- сол білімдерді болашақ оқушыға мәлім немесе беймәлім деп бөлу.

Кейбір білім мен дағды түрлі тапсырмаларды шешу үшін қажет болуы мүмкін. Мұндай білім мен дағдының материалдар мазмұнын анықтаудағы бөлу және пайдалану кезіндегі мәні ерекше. Оқу материалдарының түрлі бөлімдерінде меңгерілетін әрекеттер жиынтығын орналастыру, оқыту кезінде қайталаулар санын азайтуға мүмкіндік береді.

Студенттердің әрбір әрекеті нәтижелі орындауы үшін қажетті жоғарыда айтылған білім мен дағдыны, бұл оларға бұрыннан белгілі және мынаны оларға оқыту керек деп екіге бөлеміз.

Ол үшін білім мен дағдыны шамамен былайша бөліп көрсету керек болып табылады:

- барлық студенттер үшін жаңа;
- барлық студенттерге бұрыннан мәлім;
- көптеген студенттерге мәлім;
- тек кейбіреулеріне ғана мәлім білімдер.

Барлық студенттерге мәлім білімдер мен дағдыларды әдетте жасалатын тізімге қоспайды. Дегенмен, білім мен дағды тізімін жасау сатысында онда күдік туғызатын жағдайлар туралы ескеруді және мұқият қарастырғанан кейін ғана барып ақтық шешім қабылдауды ұсынады. Көптеген студенттерге не тек кейбіреулеріне ғана мәлім білімдерді жасалатын материалға қосу керек. Электрондық оқыту құралдарының психологиялық-педагогикалық стратегиясының қалыптасуына қарай оларда студенттердің

өз еркімен оқытылуын қарастыруға болады.

Оқыту мақсаттарының иерархиясын дайындау - информатикадан жасалатын электрондық оқыту құралдарының жеке бөлімдерінің мақсаттары мен мазмұнын анықтау процедурасы. Алайда, мұнда кейбір қиыншылықтар туындауы мүмкін, оның себебі иерархияны дайындауда әр оқытушы әртүрлі нәтижелер алуы мүмкін. Бұны осы нәтижелерді тексеру мен салыстыру үшін пайдалануға болады. Егер мамандардың арасында бұл мәселеге қатысты даулар туындаса, онда бұл дауды педагогикалық тәжірибе шеше алады. Жоғарыда айтылған оқыту мақсаттары иерархиясының құрамы жайлы материал жасалатын арнайы курстың оқыту мазмұнында көрініс табуы керек. Информатикадан білім ресурстарына, оның сапасына, ақпараттық архитектурасы мен қоса оның бірізділігіне де талаптар қойылады.

Информатикадан электрондық оқыту құралдарын оларды жасаушылармен қабылданған келісімдер негізінде жасау қажет:

- ақпараттарды құрылымдау критерийлері мен терминологиясының бірлігі;
- визуалды дизайнның жалпы элементтері;
- біркелкі қызмет көрсетулерді жинақтау міндеттілігі;
- ресурсаралық ақпарат алмасу принциптері мен форматы жайлы;
- жалпы ақпараттық ресурстарды қолдану принциптері мен форматы жайлы;
- ақпаратқа қатысты навигация жүйесінің бір нұсқалылығы;
- ішкі ақпарат көздерін қолдану принциптері;
- іздеу жүйелері жұмыстарының тиімділігі үшін ақпаратты беру әдістері;
- метаақпараттардың айрықша экспорты және импортын жүргізу тәртібі.

Метасипаттау түрінде рәсімделетін ақпараттық білім басылымы немесе ресурс жайлы біріздендірілген мәліметтер жүйесінде құрамында төмендегідей критерийлері бар бөлімдер бекітілуі мүмкін:

- ЭОҚ атауы;
- ЭОҚ түрі;
- білім деңгейі;
- оқу үдерісінің түрлері мен формалары;
- оқытылатын аудиторияның ерекшелігі;
- пәндік және білім салалары;
- ЭОҚ авторларының аты жөндері;
- ЭОҚ жасау мен соңғы жаңарту уақыты.

Сонымен анықталған мақсаттарға сәйкес электрондық оқыту құралдарын жасау мен пайдалануды оқыту арнайы курс түрінде немесе факультативтік курс түрінде міндетті түрде оқытылуы керек. Курсты оқыту нұсқасын таңдау ЖОО-да оқу үдерісін өткізуге байланысты (ЭОҚ жасау технологиясын оқытуға бөлінетін уақыт, бағдарламалық және ақпараттық қамтамасыз етілуі, мұғалімдердің дайындығы т.б.). Оқытудың кез келген әдістемелік жүйесі: мақсаттардан, әдістерден, оқыту құралдары мен формаларынан, сондай-ақ, оқыту мазмұнынан тұрады. ЭОҚ жасауды информатика мұғалімдеріне үйретудің әдістемелік жүйесін жаңғыртуды жүзеге асыру үшін оқытудың әдістерін, формаларын және оқытудың тиісті құралдарын инновациялық тұрғыдан таңдау қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарова Т.С., Е.С.Полат Средства обучения: технология создания и использования. - М.: Изд-во УРАО. - 1998. - 204 с.
2. Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования. - М.: Аспект-Пресс. - 1995. - 271 с.
3. Беспалько В.П. Теория учебника. Дидактический аспект. - М.: Педагогика. -1988.- С. 27.

4. Теоретические основы содержания общего среднего образования / Под ред. В.В. Краевского, И.Я. Лернера. - М.: Педагогика. - 1983. - С. 311.

5..Харламов И.Ф. Педагогика. - 3-е изд. - М.: Юристъ. - 1997. - С. 127-128.

Резюме

Б.Г.Бостанов, к.п.н., М.Адеев, магистрант

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Технологии разработки электронного обучения

В данной статье определено необходимость обучения будущих учителей информатики к технологии разработке и использование образовательных средств обучения, а так же рассмотрены проблемы при определении целей и содержания обучения.

Ключевое слово: инструментов электронного обучения (EOS) иерархия, metasipattaw, metaaqparat, визуальный дизайн, инновации.

Summary

B.G.Bostanov, Candidate of Pedagogical sciences, M.Adeev, undergraduate

(Almaty, Kazakh National Pedagogical University named after Abay)

Technology development of e-learning

The article deals with the necessity of training future teachers of computer technology to the development and use of educational resources, and the problems in determining the objectives and content of education.

Keyword: e-learning tools (EOS) hierarchy, metasipattaw, metaaqparat, visual design, innovation.

ӘОЖ 378.02:37.031.4

МҰҒАЛІМНІҢ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

М.И.Салғараева, 2-курс магистранты,

Н.С.Қатаев, п.ғ.к., аға оқытушы

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Бұл жұмыста мектеп мұғалімдерінің өз қызметінде ақпараттық және коммуникациялық технологияны тиімді пайдалануы мен оларды қолдану деңгейлері жайлы мәселелер қарастырылған. Мұғалім дайындығының негізгі базасы ақпараттық және коммуникациялық технология (АКТ) көмегімен өз қызметін тиімді ұйымдастыру және оның ішкі тәртібінің игерілуін жоғары деңгейде қамтамасыз ету болып табылады. Мұғалімнің кәсіби қызметіндегі АКТ құралдарының тәжірибе жүзінде қолданылуы дайындық нәтижесін бағалауды және оның көмегімен ақпараттық қызметтің ұйымдастырылу тәсілін игеру деңгейімен бөліп көрсетеміз.

Түйін сөздер: ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ), ақпарат, мұғалім, амал, құрал.

Тандалған деңгейдің алғашқы шарты ретінде АКТ құралдарының көмегімен ақпарат қызметінің жүзеге асуы кезінде әрекеттің және дербестіктің жүйелерін тандаймыз. Осыған байланысты В.П.Беспалько ұсынған әрекет деңгейі жүйесінің бейімделуін ақпарат

қызметінің төрт деңгейіне бөлеміз, яғни, олар репродуктивті, бейімділік, эвристикалық, шығармашылық [1].

АКТ қолдану аймағындағы репродуктивті деңгейінде мұғалім ақпараттық білімнің бір бөлігін ғана игереді, яғни АКТ құралдарын өз қызметінде толық пайдаланылмайды. Ол берілген алгоритм немесе басқа да амалдардың тек әрекеттерін ғана көшіреді. Сонымен қатар оқу үдерісінде АКТ құралдары мен амалдарын қолдануы төмен немесе қолданбайды. Мұғалім бейімделген деңгейге жету кезінде алған білімін қолдануға саналы түрде дайын болады, алынған жаңа ақпарат қызметінің тәсілін өз деңгейінде қолдана біледі. Бірақ осыған ұқсас жағдайлар болуы да мүмкін: талдау мен өзін-өзі бақылауды жүзеге асыра білуі; қойылған талаптардың шешу барысында, оларға жекешілік көрсете білуі; кәсіби қызметінде АКТ қолдануға бағыт-бағдар бере білуі.

Эвристикалық деңгей мұғалімнің терең және берік білімді игергендігін көрсетеді; ол қойылған талаптарды шешу барысында АКТ құралдары мен амалдарын дара қолдануы мүмкін; онда нақты талаптарға бейімделу мен қолданылуының қабылданған әдістерін дұрыс пайдаланады; АКТ аймағында өз білімі мен біліктілігін көтере отырып, кәсіби қызметтегі АКТ қолданудағы нақты бағыты байқалады. Бұдан байқайтынымыз, мұғалім АКТ жаңа амалдарын өз бетінше үйренуге икемді болуы керек.

Шығармашылық деңгей белсенді шығармашылықтың жоғарғы деңгейінің жетістіктік көрсеткіші болып табылады. Мұғалім АКТ амалдарының ақпараттық қызметтерін кең кешенді түрде қолдануға дайын және өз алдына жеке талап қоя алады, әдістерді таңдап және олардың шешімі үшін амалдар таңдайды, таңдалған әдістерді қолданудың нәтижесін бағалайды, бағытталған шығармашылық қызметте мұғалім жаңа ақпараттар ала алады, АКТ амалдарын қолдану жүйесін өзі өңдеуге мүмкіндігі болады [2].

АКТ құралдары мен амалдарын қолдануда мұғалімнің қызметі екі деңгейде жүзеге асуы мүмкін: эмпирикалық және саналық. АКТ амалдарының көмегімен ақпараттық қызметінің эмпирикалық деңгейі сыртқы пәндік қызметті игеруді ұйғарады, сонымен бірге тәжірибелік логикалық әрекетке әдістемеленгенде оқу-тәрбиелік үрдіс компоненттері мен жаңа ақпараттанған, коммуникацияланған технология арасындағы заңды байланысты түсіндірмейді. Осындай деңгейді меңгерген студент сол немесе өзге ақпараттанған білімді мақсатты қолдануын негізсіз деп шешеді. Сонымен қатар ол, неге сол әрекет тәсілі таңдалғаны және өзге әрекеттерді көшіруді де негізсіз етеді.

Эмпирикалық қызметте ұстазды дайындау репродуктивті және кәсіби деңгейіне сәйкес келеді. Саналы әрекет бағдарлаушы нәтижеге алып келетін, саналы мақсатқа бағынышты үрдіс. Оқу тәрбиелік үрдістегі АКТ қолдану бойынша әрекетін қабылдаудың саналы деңгейі сыртқы пәндік әрекеттің теориялыққа ауысатын білім мақсатындағы қолданылуды ұсынады. Сондықтан осы әрекет барысында туындаған мақсат пен АКТ амалдарындағы сол немесе өзге қолданылған бағдарланушы нәтижелері жүзеге асып, қолданудың шарты бағаланады. Саналы әрекет ұстазды дайындайтын эвристикалық және шығармашылық деңгейіне сәйкес келеді. Деңгейлердің аралық шекарасын жеткілікті шартын белгілейміз, ал білім, ниет, икем кешендері білімнің ақпараттануының дәрежесіне қарай өзгеріп отырады.

Мұғалім қызметіндегі АКТ қолдану мүмкіндіктерін талдау деңгейдің бейнеленуіне сәйкес білімді ақпараттандырудың жаңа кезеңіндегі АКТ амалдарының көмегімен ақпарат әрекеттерінің әртүрлерінің жүзеге асуының нақты тәсілін анықтайды (Кесте-1). 1-кестеде ұсынылған эвристикалық деңгейге сәйкес ақпараттық қызметтің ұйымдастыруы төмендегі икем, ниет кешендеріне әкеледі.

Педагог келесідей ниет, икемдерге ие болуы керек:

Ақпаратты жинау, іздеу шараларын қолдануы бойынша:

-Ақпаратты енгізу шарттарын қолдану – сканер, санды сурет, бейнекамера, MIDI-құрылғы, микрофон және т.б., олар мәтінді, дыбысты, графикті, видео ақпараттарды енгізу;

-Ақпаратты іздеу жүйесін және ақпарат іздеу үшін интернеттің іздеу ресурстарын қолдану.

Кесте-1. АКТ көмегімен ақпараттық қызметті ұйымдастыру тәсілдерін қабылдау деңгейі

<i>Ақпаратты жинау (іздеу)</i>	<i>Ақпаратты жинау (іздеу)</i>	<i>Ақпаратты жинау (іздеу)</i>	<i>Ақпаратты жинау (іздеу)</i>
Стандартты қайнар көздерден өңделген дайын ақпаратты қолдану	Стандартты қайнар көздерден өңделген дайын ақпаратты қолдану	Стандартты қайнар көздерден өңделген дайын ақпаратты қолдану	Стандартты қайнар көздерден өңделген дайын ақпаратты қолдану
Ақпаратты енгізу құрылғысын қолдану, интернеттен қарапайым іздеу	Ақпаратты енгізу құрылғысын қолдану, интернеттен қарапайым іздеу	Ақпаратты енгізу құрылғысын қолдану, интернеттен қарапайым іздеу	Ақпаратты енгізу құрылғысын қолдану, интернеттен қарапайым іздеу
Интернеттен ақпараттарды теру және енгізу құрылғысының көмегімен қол жетпейтін ақпараттарды цифрлау	Интернеттен ақпараттарды теру және енгізу құрылғысының көмегімен қол жетпейтін ақпараттарды цифрлау	Интернеттен ақпараттарды теру және енгізу құрылғысының көмегімен қол жетпейтін ақпараттарды цифрлау	Интернеттен ақпараттарды теру және енгізу құрылғысының көмегімен қол жетпейтін ақпараттарды цифрлау
Ақпаратты енгізудің өзіндік құрылғысын қолдану, белгілері бойынша интернеттен ақпаратты күрделі іздеу	Ақпаратты енгізудің өзіндік құрылғысын қолдану, белгілері бойынша интернеттен ақпаратты күрделі іздеу	Ақпаратты енгізудің өзіндік құрылғысын қолдану, белгілері бойынша интернеттен ақпаратты күрделі іздеу	Ақпаратты енгізудің өзіндік құрылғысын қолдану, белгілері бойынша интернеттен ақпаратты күрделі іздеу

Ақпаратты сақтау шараларын қолдану бойынша:

-Қарапайым құрылымды мәліметтерді сақтауды ұйымдастыру үшін мәліметтер базасының басқару жүйесін қолдану;

-Электронды құжаттарды, мәтінді, дыбысты графикалық және видеоақпараттарды құру үшін қажет шараларды қолдану;

-Электронды құжаттардың иерархиясын (шежіресін) құру үшін гипербайланысты қолдану;

- Оқу белгіленуінің ақпараттарын жинау үшін интернеттің ақпараттық ресурстарын қолдану;

Ақпаратты өңдеу шараларын қолдану бойынша:

- Оқу мекемелерін басқаруды автоматтандыру үшін АКТ шараларының дайын бағдарламаларын қолдану;

- Сабақта оқу белгіленуінің мультимедиалық бағдарламалық шараларын қолдану, олардың сапасына тәжірибелік бағаны жүзеге асыру;

- Оқу белгісінің бағдарламалық шараларына қойылған талаптарды сақтай отырып, бағдарламалық шараларының мультимедиалық фрагментінің қойылымын өңдеу;

- Өңдеудің көрінетін шарасының көмегімен бағдарламалық шараның мультимедиалық фрагментін жүзеге асыру, жасау;

- Сабақта интернеттегі ақпараттың өңделген ресурстарын қолдану;

Ақпаратты беру шараларын қолдану бойынша:

- Сабақта және жеке қызметте компьютерлік желінің базалық шараларын қолдану;

- Компьютерлік сыныптарды сабақ өткізу үшін «Виртуалды сынып» түріндегі жүйені қолдану;

- Интернеттің коммутативті ресурстарын қолдану: электронды пошта жүйесі, оқуды жетілдіру мақсаты үшін ақпараттандырылған өзара әрекет үшін чаттарды қолдану.

Сонымен, АКТ шараларының көмегімен ақпарат қызметін ұйымдастыру тәсілін қабылдаудың төрт деңгейі бар. Репродуктивті деңгейде мұғалім тек ақпараттық қызметтің тәсілінің елесі болады, ол бейімделу деңгейге жеткенге дейін жаңа жағдай тәсілін

қолдануы мүмкін. Эвристикалық деңгейде ұстаз алдына қойылған тапсырманың шешімін табу үшін, олардың тәсілі мен қолданылуын ескере отырып, АКТ шараларын жеке өзі қолдана алады. Шығармашылық деңгей АКТ шараларын қолданатын ақпараттық қызметтегі ұстаздың кең кешенді қолданысына ие, ол өзі жеке дара тапсырма қойып, оны шешу үшін әдістер мен шараларды таңдай алады [3]. АКТ-ны қолдану мүмкіндіктерін талдау нәтижесінде мұғалімнің қызметі жалпыға бірдей ақпараттық қызметтің әр деңгейіне қарай анықталады, онда дайындық курсының базалық нұсқа ішілік мазмұнының негізгі бөлігі болып икем мен ниет кешендері анықталады.

Таңдалған деңгей негізінде АКТ-ны қолдану бойынша студенттің дағдысы мен шеберлігінің кешені өңделген, ол кәсіби қызметтегі ақпаратты жинау, іздеу, сақтау, өңдеу, беру шараларын қолдану бойынша дағды мен шеберлік, икемінен тұрады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Александров Г.Н. Компьютер в структуре педагогической деятельности // Вопросы психологии. – 1986. №5. – С. 75-79.
2. Буняев М. Подготовка учителя – решение проблемы информатизации // Информатика и образование. – 1991. №4. – С.93-95.
3. Кеңесбаев С.М. Студенттерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға жүйелі деңгейде дайындау. – Алматы. – Хабаршы. Абай атындағы ҚазҰПУ. №3. – 2004.

Резюме

М.И.Салгараева, магистрант 2-курса, **Н.С.Катаев**, к.п.н., старший преподаватель
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Использования информационных и коммуникационных технологии в деятельности учителя

В этой статье рассмотрены проблемы эффективного применения и уровни использования информационных и коммуникационных технологии в работе учителя школы. А так же обоснована необходимость использования информационно-коммуникационных технологий в учебном процессе учителями для обеспечения высокого уровня преподавания и повышения познавательной деятельности учащихся. Одним из приоритетных направлений процесса информатизации современного общества является информатизация образования, представляющая собой систему методов, процессов и программно-технических средств.

Ключевые слова: информационные, коммуникационные технологии, в деятельности учителя.

Summary

M.I. Salgaraeva, undergraduate 2-course, **N.S. Kataev**, senior lecturer
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Use of information and communication technologies in the activity of the teacher

This article discusses the problem of effective use and levels of use of information and communication technology in the work of the school teacher. As well as the necessity of the use of information and communication technologies in the educational process by teachers to ensure a high level of teaching and improve students' cognitive activity. One of the priorities of the process of informatization of modern society is the informatization of education, which is a system of methods, processes, and software and hardware.

Keywords: information technology, communications technology in teacher's activity

ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

УДК 4И (АҒЫЛ) 07
А97

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІК АҚПАРАТТЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

*Н.С.Ашимова, магистр, оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Шетел тілін оқытудағы негізгі мақсат – тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Тілді еркін меңгеру үшін білім алушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастыратын жағдай туғызу керек. Бұл өзекті мәселе - білім беру саласындағы инновациялық үрдістердің күрделілігі мен қайшылықтары әрі жаңа құбылыстармен әрекеттесуі. Мақалада шетел тілін оқытуда интерактивтік ақпараттық технологиялық құралдың қолданылуы қарастырылған. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан, ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр» деген болатын.

Түйін сөздер: интерактивтік ақпараттық технология, information technology, коммуникативті, бейнефильм, электрондық почта, мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер.

Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білім жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады [1].

Шетел тілін оқытудағы негізгі мақсат – тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Тілді еркін меңгеру үшін білім алушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастыратын жағдай туғызу керек. Бұл өзекті мәселе - білім беру саласындағы инновациялық үрдістердің күрделілігі мен қайшылықтары әрі жаңа құбылыстармен әрекеттесуі болып табылады. Соңғы жылдары оқу-тәрбие үрдісіндегі жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқытуға үлкен мән берудің өзі еліміздегі өзгерістердің маңыздылығын көрсетеді. Қазіргі таңда жаңа әлеуметтік жағынан қорғанған адам- ол технология ауысуына және нарық талабына сай терең білімді, жан-жақты адам. Сондықтан, білім алушы теориялық біліммен қатар практикалық білімнің алғы шарттарын меңгеруі тиіс. Бұл мақсат ақпараттық технологияны пайдалануда жүзеге асады. Ақпараттық технологияның негізгі мақсаты – білім алушы қазіргі қоғам сұранысына сай өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютер құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дара тұлға тәрбиелеу [2].

Ақпараттық технология (information technology) –

1) объектінің, үрдістің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинақтау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын үрдіс.

2) ақпаратты өңдеу үшін пайдаланатын технологияның, элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы.

Ақпаратты жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып, жинақты құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым. Сонымен, ақпараттық технология ұғымы–өңделген, жинақталған ақпаратты пайдаланушыға жинақталған түрде жеткізу

әдістері, құрылғыларын, элементтерін қамтитын жиынтық. Яғни, ақпаратты бізге жинақты түрде жеткізу технологиясы болып табылады [3].

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының білім туралы тұжырымдамасы ойлы, өнерлі, білімді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған және қазіргі білім жүйесі оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын оқытудың дәстүрлі емес, белсенді түрін және әдістерін оқу үрдісіне енгізу бағытында құрылуы тиіс. Білімді дамыту үшін білім берудің үйреншікті әдісінен оқыту үрдісінде білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыратын білім берудің жаңа белсенді әдісіне көшу керек. Бұл тапсырманы оқыту үрдісінде тек жаңа технологияларды қолдану арқылы жүзеге асыруға болады. Барлық экономикалық дамыған елдерде білім беру жүйесі толық ақпараттандырылған.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп жаңа типті оқыту, әр білім алушының қабілетін жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдай туғызу, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Қазіргі кезде жаңа білім жүйесі интернеттің пайда болуының арқасында дамығанын барлығы мойындайды.

Бастысы, шетел тілін меңгеруде ақпараттық технологиялардың алатын орны зор. Интернет арқылы білім алушы грамматикалық, лексикалық, фонетикалық жаттығулар, оқуға және грамматикаға арналған тесттермен жұмыс істеу мүмкіндігін туғызып, шетел тілін үйренушіге аутентті мәтіндерді қолдану, үйреніп отырған тіл азаматын тыңдау, олармен қарым – қатынас жасау табиғи тілдік ортаны қалыптастырып қана қоймай, өзі оқып отырған тіл елінің тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрлері, экономикалық даму ерекшеліктерін қамтитын танымдық білімдерін кеңейтеді.

Көптеген әдіскерлер видеофильм, электрондық почта, мультимедиалық презентация, анимациялық суреттер және т.б. көмегімен шетел тілінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды құрастырумен айналысып жатыр. Ал шетелде болмай-ақ, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес. Сондықтан, оқытушылардың маңызды тапсырмасының бірі шетел тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеушінің шын жағдаяттарын құру болып табылады. Шетел тілін үйрету үрдісінде компьютер технологияларын қолдану сабақты қызықты жолмен өткізуге көмектеседі. Мысалы, анимациялық суреттер, видео-көріністер, әр түрлі дыбыстық презентациялар, бейне-конференция, анықтама каталогтары, жүйеде сөйлесу білім алушылардың бар ойын өзіне бағыттайды, сонымен қатар, оқу үрдісінде білім алушының белсенділігі оянады. Нәтижесінде, білім алушы ақпаратты жеңіл әрі тез қабылдайды және білім алушының ынтасы мен қызығушылығы жоғарылайды. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Қорыта айтсақ дарынды, білімді жастар ғана егеменді еліміздің ертеңін баянды етіп, қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуына үлес қоса алады. Сондықтан, студенттер оқытушы берген білімді, іс-әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оны әрі қарай өзінің нысаналы, белсенді зерделі танымдық іс-әрекетімен сабақтастыруы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұртаева Э.Е. Болашақ мұғалімдерді электронды оқулықпен жұмыс істеуге даярлау. – Алматы. – 2007. – 15 б.
2. Көпжасарова Ү.И. Далабаева А.С.Көптілді білім беру саласында ақпараттық технологиялардың рөлі. ҚарМУ хабаршысы педагогика сериясы. – 2010.–№1. – 81-85 б.
3. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. Пособие для студ.высш.учеб, заведений. – М.:Академия. – 2003.

Резюме

Н.С. Ашимова, *магистр, преподаватель*

(г. Алматы, *Казакский государственный женский педагогический университет*)

Использование интерактивных информационных технологий в обучении иностранному языку

В данной статье рассматривается цель обучения иностранному языку. Также значение использования средств интерактивных информационных технологий в обучении иностранному языку.

Ключевые слова: интерактив, информационная технология, коммуникативность, видеофильм, электронная почта, презентация

Summary

N.S. Ashimova, *master, teacher*

(*c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University*)

The use of interactive information technologies in foreign language teaching. This article deals with the aim of teaching foreign languages. Also the importance of meaning and using interactive informational technologies in teaching foreign languages is discussed.

Keywords: interactive, information technology, communication, video, email, presentation

УДК 372.65

Н 86

КОММУНИКАЦИЯ ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫ

А.Б.Нұртаева, *магистр, аға оқытушы*

(*Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*

қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Елімізде болып жатқан саяси, қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік салалардағы ғаламдық өзгерістер Қазақстанның білім беру саласына да зор әсерін тигізіп, түрлі өзгерістер енгізіп, жаңа ғасыр тұлғасының моделін қалыптастырудың қажеттілігін айқындалуда. Жаңа ғасырдың азаматы жан-жақты білімді, дүние жүзінің мәдени жетістіктерімен білімдерін игерген, бірнеше тілдерде еркін сөйлей алатын болуы керектігін, халықаралық қатынастардың кеңеюінің нәтижесінде және халықаралық байланыстың даму жағдайында әртүрлі тілде ақпарат алмасу кеңінен жолға қойылып отырғандығы мәдениаралық қарым-қатынастың Қазақстан сияқты дамушы елдегі маңыздылығын көрсетеді. Қазіргі кезде шетел тілін үйрену қарым-қатынас құралы ретінде сол тілде сөйлейтін халық мәдениетін үйренумен бірге жүру қажеттілігі анықталады.

Түйін сөздер: тәрбиелік компонент, мәдениет, дүнетаным, психология, коммуникация, құзырлылық, антропология.

Қазіргі замандағы қоғамның талабына сай шет тілдерін оқып үйрену – адам білімінің тек ағартушы – тәрбиелік компоненті ретінде ғана қарастырылып қоймай, адамның кәсіби және тұлғалық тұрғыдан қоғамда лайықты орын алуға ұмтылысын да қарастырады. Халықаралық қатынастардың кеңейуінің нәтижесінде және халықаралық байланыстың даму жағдайында әртүрлі тілде ақпарат алмасу кеңінен жолға қойылып отырғандығы мәдениетаралық коммуникацияның Қазақстан сияқты дамушы елдегі маңыздылығын көрсетеді. Коммуникация адамдардың өзара түсінісуі, бір-біріне әсер етуі, ақпарат алмасу кезінде негізгі қызмет атқарады. Коммуникация қатынас жасау, ой-пікір алмасу деген мағынада қолданылып жүр [1].

Коммуникация немесе қатынас жасау дегеніміз қоғамдық субъектілердің (жеке адамдардың, қоғамдық топтар мен таптардың т.б.) өзара байланысу және қатынасу процесі; түрліше іс-әрекеттер, хабарлар мен тәжірибе, қабілеттілік пен дағды-шеберлік және сондай – ақ өндіріс нәтижелерін алмасу; қоғам мен жеке адамның қалыптасуының және дамуының қажетті де ең жалпы шарттарының бірі. Тіл мәдениетпен бір бүтін тұтастық құрып, ажырамас бірлікте өмір сүреді: ол мәдениеттің өн бойында қалыптасып, оның дамуындағы алғышарттардың міндетті түрдегі басқышы қызметін атқарады, олайша қайсыбір уақытта қандай да бір жерде өмір сүретін халық мәдениетінің маңызды бөлігін құрайды. Мәдениет жеке этносқа тән белгілі табиғи әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасқан құбылыс екенін айта келе, академик Ә.Т. Қайдар өмір – тіршілік салты ортақ, ортақ дүнетаным, ортақ психология сияқты, этносқа тән белгілердің бәрі сол этнос мәдениет ниетінен көрініс табатынын, ал соның бәрін танып-білу құралы тіл екенін мәдениеттану ғалымдарының тегіс мойындайтынына тағы бір оралады, өйткені «мәдениет» – жеке адамның басына тән қасиеттерден басталып, бүкіл ұлттық тілді, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани – материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым [1].

Мәдениет сөзі түрік тілінен «medeniyet» деген сөзден алынған болуы керек адамның қолымен және ақыл ойымен жасалған дүниені білдіретін сөз. Ал орыс тіліндегі «культура» сөзінің төркініне келсек, ол сөз орыс тілінде XIX ғасырдың орта шенінде пайда болыпты. Батыс Еуропалық авторлардың еңбектеріне қарағанда «культура» сөзі XVIII ғасырдың екінші жартысында Германияда қолданыла бастапты, ал мәліметтерге қарағанда ертедегі Рим философы – Цицерон (біздің эрамызға дейінгі 1 ғасырда) культура души сөз тіркесін қолданыпты. Демек культура сөзі ертедегі латын тілінен «culture» (өңдеу, тәрбиелеу деген мағына береді) сөзінен шыққан. Содан бері ол сөз лексикалық жағынан түрліше өзгерістерге ұшырап, қазіргі заманғы мағынасына жетіпті [2].

Сонымен мәдениет дегеніміз қоғамдық дамудың нәтижесі, қоғам өмірінің аса маңызды бөлігі. Міне осыдан келіп туындайтын мәдениаралық коммуникация қағидаларына сәйкес шет тілін оқып – үйрену оқушыны сабақ барысында ұшырасатын жат әлемді жақсырақ түсінуге, сол жат әлеммен ұшырасу нәтижесінде өз әлемін айқынырақ, дәлірек түсініп, анығырақ білуге төселдіруі тиіс.

Адамның мәдениетаралық қарым-қатынасы төмендегідей үш жолмен іске асады: 1) әрбір адам өзі туып өскен тарихи дәуірдің мәдениетін игеру арқылы адам болады; 2) мәдени ортада мәдени байлықтардың бір иесі ретінде әрекет етеді; 3) белгілі бір дәрежеде мәдениетті жасаушы. Күнделікті өмірде «мәдениет» ұғымы үш мағынада қолданылады. Біріншіден, мәдениет – дегеніміз қоғам өмірінің белгілі бір саласы, олар мекемелер мен ұйымдар түрінде өмір сүреді де, рухани байлықтарды өндірумен және таратумен айналысады. (қоғамдар, клубтар, театрлар, мұражайлар т.б.) Екіншіден мәдениет дегеніміз үлкен әлеуметтік топтарға, қауымдарға, халық пен ұлттарға тән (элитарлы мәдениет, орыс мәдениеті, жастар мәдениеті т.б.) құндылықтар мен нормалардың жиынтығы. Үшіншіден мәдениет дегеніміз адамның қандай да бір әрекетіндегі тұрмыс мәдениеті, «тәрбиелі және білімді мәніндегі мәдениетті адам т.б.) жетістіктердің жоғары дәрежедегі көрінісі [2].

Мәдениет туралы қарапайым түсініктер оны көркем мәдениетке немесе адамдардың білімділігі мен тәрбиелілігіне ұқсатады. Алайда «мәдениет» ұғымының аса кең тараған мәні оны тарих дамуы барысында адам жасаған бейнелердің, нысандардың материалдық заттардың жиынтығы ретінде түсіну. Осы түсіндіруде мәдениет дегеніміз адамзаттың барлық жетістіктерінің қорытындысы сияқты, адам жасаған «екінші табиғат» сияқты немесе жабайы табиғаттан ерекше нағыз адами әлемі. Кез келген мәдениеттің ядросы дәстүрлердің көмегімен тарайтын идеялар мен ерекше құндылықтар. Осылайша, адам мәдениетін әртүрлі жергілікті мәдениет құрайды, оларды таратушы халықтар. Әр халық өз алдына этникалық қауымдастықтың формасында көрінеді немесе басқаша айтқанда этнология, жеке этнос деп аталады. Кез келген мәдениеттің өзгешелігі оның әлемнің

мәдени көрінісінде аяқталуы, ал бірте-бірте сол мәдениеттің пайда болуы мен өмір сүруінде қалыптасады. Мәдени қарым-қатынастың ең жоғары күрделі құралы тіл болып табылады. Мәдениетсіз тіл өмір сүре алмайды. Тіл – адамзат өмір көріністері топтасқан сиқырлы айна. Тіл – мәдениет қазынасы. Тіл – мәдениет қаруы. Тіл өмір сүріп отырған кезде сол елдің мәдениеті де өмір сүре береді [3].

Басқа ұлт өкілдерін және олардың мәдениетін түсінуге ұмтылыс, мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтау адамзаттық мәдени және этикалық әртүрлілігі барлық уақытта өмір сүріп келген. Оның синонимдері мәдени түйісу, этникоаралық коммуникация және де мәдениетаралық интеракцияны түсіндіру. Мамандардың басым көпшілігі мәдениетаралық коммуникация жайлы егер адамдар әртүрлі мәдениеттің өкілдері болса және өз мәдениетіне жатпайтынның барлығын жат/бөтен деп қабылдаған жағдайда ғана мәдениетаралық коммуникация жайлы айтуға болады деп санайды. Қарым-қатынас жасаушылар өз салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына, өздерін ұстай білу тәртібіне жүгіну орнына бөтен/жат ел ережелері мен күнделікті мінез-құлық тәртібімен танысқан жағдайда қарым-қатынас мәдениетаралық болып табылады.

Мәдениетаралық коммуникация ұғымы бірінші рет Г.Трейгер және Э.Холлдың жұмыстарында 1954 жылы тұжырымдалды. Бұл жұмыста мәдениетаралық коммуникация адам өз қалауынша қоршаған ортаға мүмкіндігінше жақсы нәтижелі қалыптасу жайлы тамаша мақсатқа негізделген. Содан бері зерттеушілер бұл феноменді теоретикалық зерттеулерінде жеткілікті алға жылжытты. Шындығында егер түрлі мәдениет өкілдері қарым-қатынас қандай да бір қиындыққа кездесе мәдени ерекшеліктерінің салдарынан бұл күмәнсіз мәдениетаралық коммуникация болды. Бұл қиындықтар әртүрлі мәдениетте ойдан шығу, иландыру, нандыру әрбір адамға тән табиғи ерекшеліктермен байланысты. Мәдениетаралық коммуникация мәдени ерекшеліктерді айыра білу, жеке тұлғалар және топтық өзара қатынас жасауға негізделген. Мәдениетаралық коммуникация термині коммуникативті біліктіліктің әртүрлі жағдайында коммуникативті оқиғаның соңында бейнелеуін білдіретін жағдайға жатады. Барлық деңгейдегі және мәдениетаралық коммуникацияның жалпы сипаты, белгілері оның қатысушыларының мәдени айырмашылығын сезінбеуі болып табылады. Қазіргі таңда мәдениетаралық коммуникация саласындағы ғылыми зерттеулер осы айырмашылықтардың салдарынан зардап шеккен және тілдік қызметтің айырмашылығына ұшыраған адам мінезін зерттеуде.

–Этникааралық коммуникация – бұл әртүрлі халықтың өкілдерін көз алдына келтіру мақсатында қатынас. Өздерінің мәдени мұрасын этникалық топтар атадан балаға жеткізеді соның арқасында үстемдік еткен мәдени ортада өз ерекшеліктерін сақтайды.

–Коммуникация әлеуметтік топтар мен кластар арасында, әлеуметтік топтар мен кластардың әртүрлілігіне негізделген. Әлемде бірде-бір біркелкі әлеуметтік қоғам жоқ. Адамдар арасындағы ерекшелік, айырмашылық олардың шығу тегіне, біліміне, мамандығына, әлеуметтік жағдайына және т.б. байланысты.

–Қалалық және ауыл тұрғындарының арасындағы қарым-қатынас ауыл мен қала өмірінің стил өзгешелігіне, жалпы білім деңгейіне, әртүрлі өмірлік философияға осы топ өкілдерінің қатынас жағдайына қиындықтарға ұшырауына негізделген.

–Іскерлік мәдени коммуникация әрбір мекеме арнайы салт-дәстүр және ережелерге ие, әртүрлі басқа жеке кәсіпорын өкілдерімен байланыс жасағанда корпоративті мәдениетке байланысты түсініспеушіліктер туындауы ықтимал [2].

Мәдениетаралық коммуникация термині әдебиетте ХХ ғасырдың 70-ші жылдарында пайда болды. Л. Самовар және Р. Портердің кітабында мәдениетаралық коммуникацияға анықтама берілген. Осы уақытта мәдениетаралық коммуникациялық қарым-қатынас кезінде келең алған жайсыздық, түсініспеушілік негізі болған коммуникацияны зерттеу мақсатында мәдениетаралық коммуникацияның ғылыми бағыттары қалыптаса бастады. Соның салдарынан мәдениетаралық коммуникация аударма теориясы, шетел тілін оқыту,

салыстырмалы мәдениеттану, салыстырмалы прагматика т.б. салаларда кең тарала бастады [3]. Мәдениетаралық коммуникация соғыстан кейінгі әлемнің практикалық сұраныстарынан пайда болды. Практикалық сұраныс көптеген елдер мен аймақтардың экономикалық дамуына экономикалық қызметтің осы жаһандануына байланысты, технологиядағы революциялық өзгерістер салдарынан шықты. Соның нәтижесінде қоғамдық салада өзгерістер қолдау тапты. Бірінші кезекте гуманитарлық және қоғамдық ғылымдарды орталық еуропалық тәсілдерден постмодернистік бас тарту [3]. Әлемдік мәдениеттің әртүрлілігін тану, оның өмір сүруінің әлсіздігін сезіну, дәстүрлі мәдениеттің жойылу қаупі бәрі сәйкес пәндердің күрт дамуына алып келді, олар адамзат тарихындағы жаңа феномен – жер халықтарының бір-біріне қызығушылығы. Коммуникация қарым-қатынас құзырлығының қандай типі конвенционалды түрде коммуникативті жағдайға әсер ететініне қарай сипатталады, осыдан мәдениетаралық коммуникацияның түрлі функционалды аясы туралы айтуға болады: жекетұлғааралық, әлеуметтік, көпшілік, топаралық, кәсіби, бұқаралық қарым-қатынас және шағын топшілік қарым-қатынас (коммуникация). Мәдениетаралық коммуникацияны зерттеу төмендегідей құбылыстармен ұғымдармен танысуға жағдай жасайды. Қатысым коммуникация принциптері, мәдениеттің негізгі қызметі, қабылдау мен коммуникацияға мәдениеттің әсері, адам әрекетіне мәдениет әсерін сипаттау көрсеткіштері [2]. Коммуникация теориясы мамандары қатынас кезінде 90% ақпарат тілдік емес құрамдар көмегімен беріледі деп санайды. Өзін-өзі ұстау әдеп, ым, дене қозғалысы. Мәдениетаралық құзырлықтың дамуы қазіргі жағдайда аса өзекті болып тұр. Шетел тілдерін үйрену кезінде не айтқанын дұрыс түсіну ғана емес, сондай-ақ сол тілде сөйлеушінің әдеттегі тілдік тәсілдерін игеру де өте маңызды. Мәдениетаралық құзырлықтың ұғымын түсінуге тырысу міндетті түрде сауатты қарым-қатынастың дағдыларын үйренуге вербалды деңгейде жағдай жасайды.

Кез келген мәдениеттің өзгешелігі оның әлемнің мәдени көрінісінде аяқталуы, ол бірте-бірте сол мәдениеттің пайда болуы мен өмір сүруінде қалыптасады. Әлемнің мәдени көрінісі әртүрлі мәдениеттегі адамдардың өмірді өзінше қабылдауы, сезуі және сол туралы қобалжу нәтижесі, осыған байланысты олар әлем туралы өз түсінігін, әлемнің қайталанбас бейнесін жасайды. Әлемнің мәдени көрінісі дегеніміз өз мәдениетімен басқа халықтар мәдениетінің құндылығы, нормалары, салт-дәстүрлері мен менталитеті туралы тиімді білім мен түсінік. Бірде бір мәдениет өздігінен өмір сүрмейді. Өз өмірін сүру барысында ол үнемі өзінің өткеліне, немесе басқа мәдениет тәжірбиесіне қайта оралып отырады. Басқа мәдениетке оралу «мәдениеттің өзара әсері» деп аталады. Осы өзара әсерде анық дерек әртүрлі тілдердегі мәдениеттің қатынасы болып табылады. Әр мәдениеті өз дамуында оның тасушы өзгеше белгілер жүйесін құрайды. Белгілерді жасау адамға тән ерекшелік. Жануарларда бар белгілер мен сигналдар сол тілдің өмір ерекшелігі мен мінез-құлқына байланысты. Бұл белгілерді жануарлар арнайы жасаған жоқ, олар даму барысында пайда болды және генетикалық беріледі «тек адам» ғана өз белгілерін саналы түрде жасайды, олар туғаннан пайда болған жоқ, өйткені адам мәдениетінің өмір сүру формасы болып табылады. Алайда адамның осы қабілеті басқа мәдениетті түсіну және қабылдау мәселесін жасайды. Өз тарихында адамзат мінез-құлқтың орасан зор белгілерін жасаған, онсыз оның бірде-бір әрекеті жүзеге аспайды. Адам үшін осы белгілерді игеру оның басқа адамдармен, және басқа мәдениеттермен қатынасқа енуін білдіреді. Мысалы, амандасудың белгілі жүйесі бар: әртүрлі иілу, қол қысу, иығынан қағу т.б. [2].

Мәдени антропологияда әртүрлі мәдениеттің өзара қатысы «мәдениетаралық құзырлық» деген атқа ие болды, ол әртүрлі формада жүзеге асатын, екі немесе одан да көп мәдениеттердің және оның өкілдерінің арасындағы ауысуы болып табылады. Бұл ауысу саясатта да, сондай-ақ тұрмыста, отбасында, формальды емес байланыстар да өтуі мүмкін. Байланыстар мен қатынастар мәдениет арасында әртүрлі себептер нәтижесінде пайда болды, оларды санамалау өте ұзақ болуы мүмкін. Қазіргі жағдайда мәдениетаралық

қатынастардың тез дамуы адам өмірінің әртүрлі аясында өтіп жатыр: туризмде, спортта, әскери ынтымақтастықта, жеке байланыстарда т.б. соңғы жылдары өтіп жатқан әлемдік масштабтағы әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістер адам естіп көмеген халықтардың миграциясына, олардың қоныс аударуына, араласуына және соқтығысуына алып келді. Осы процестер нәтижесінде көптеген адамдар бұрын оларды ажыратып келген мәдени кедергілерді аттап өтуде. Мәдениеттердің жаңа құбылыстары қалыптасып жатыр. Өзінікі мен өзгенікі арасындағы шекара жойылуда [2]. Мәдениеттер аралығында едәуір айырмашылықтар бар, қалай және қандай қатысымдық құрамдар басқа мәдениет өкілдері (қатысымында) қарым-қатынас жасағанда пайдаланылады. Мысалы, Батыстың жеке мәдениет өкілдері хабардың көбінесе мазмұнына немесе айтылғанына көңіл аударады, алайда қалай айтылғанына қарамайды. Сондықтан олардың коммуникация жасауы әлсіз дәрежеде контекске байланысты. Мұндай мәдениетке ақпарат алысудың когнитивті стилі тән, ондайда сөйлеу жылдамдығына, айтылымдардың логикасы мен ұғымдарды пайдаланудың дәлдігіне едәуір талаптар қойылады. Коммуникацияның осындай түрі америка мәдениетіне тән. Көптеген американдықтар күнделікті өмірде қысқа әңгімелесуді пайдаланады: олар бір-біріне сұрақ қояды, оларға жауап күтеді. (Қал қалай? Тамаша күн, солай ма? т.б.) [4].

Америка мәдениетінің индивидуализмі оларды анық әрі нұсқа сөйлеуге, өз дәлелдерін келтіру арқылы жауап реакция шақыру т.б. Керісінше, ұжымдық шығыс түрінде ақпарат берген кезде адамдар көпшілік дәрежеде хабардың контексіне назар аударады, мысалы, қатынас кіммен және қандай жағдайда өтеді соған қарайды. Бұл ерекшелік қатынастың формасына аса көп көңіл бөлуден шығады, не айтылғаны емес, қалай айтылғанына мән беріледі. Коммуникацияның осы негізінде шығыс мәдениеті жағдайында сөйлеудің жұмсақтығы және нақты еместігімен сипатталады, жақындатылған формалардың көптігімен ерекшеленеді (мысалы: шығар, мүмкін т.с.с.) Сондықтан да жапондықтар іскерлік қатынастарда әдетте әңгімені «бір тақырыптың айналасында» жүргізеді де, барлығы туралы ұзақ талқылайды, тек негізгі зат туралы емес. Бұл стратегия оларға әріптестері туралы көбірек білуге көмектеседі, негізгі тақырыпқа көшу үшін немесе қарсы тұру үшін өз әріптесінің беделін түсіріп алмау керек. Мәдениетаралық коммуникация саласындағы бақылаулар мен зерттеулердің үлкен саны мынадай тұжырымға әкеледі, оның мазмұны мен формасы көпшілік жағдайда сол мәдениеттегі басым құндылықтарға, мінез, құлық, белгілеріне тәуелді болады. Мәдениет пен қатысым байланысы кезінде бір-біріне де өзара әсер етеді [3]. Мысалы, әр мәдениетте сыпайылық туралы өзіне тән түсінік болады. Көптеген араб елдерінде іскер әріптестер арадағы жұмыс туралы сұрау егер сіз оның дәл жауап беретініне сенімсіз болсаңыз сұрау өте әдепсіздік деп саналады. Американдық мәдениетаралық коммуникация маманы Э.Холл «мәдениет – қарым-қатынас, ал қарым-қатынас мәдениет деп дәлелдейді.» Осы дәлелден кейін көптеген батыс ғалымдары мәдениетті негізінде адамзаттың мәдени құндылығы мен мөлшері жатқан айсберг кейпінде бейнелейді, ал адамның бір-бірімен қарым-қатынас кезеңіндегі мінезі оның шыңы болып табылады. Әрбір адам қарым-қатынас жасай отырып мәдениетаралық коммуникацияға бейімделеді және өз халқы мен мәдениетінің өкілі болып қалыптасады. Сонымен мәдениетаралық коммуникация негізінде шетел тілін оқыту кезеңінде мынадай қағидаларды ескерген жөн:

–Оқушылардың тілін оқып жүрген елдегі өз құрбыларының өмір тәжірибесімен танысуға мүмкіндік беретін тақырыптарды іріктеп оқыту.

–Шетел тілін оқыту арқылы өз мәдениетінің ерекшеліктерін, өзгешеліктерін, тіл структурасын салыстыру тәсілін қолдана оқыту.

Мәдениетаралық коммуникация барысында мәдениетаралық қабілеттілік өте маңызды. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайындаудың көптеген факторлары бар. Мысалы: мәдениетаралық тоғысу тренингтарын ұйымдастыру үлкен рөл атқарады. Бастапқы сатыда қатысушылар шындығында мәдениеттер арасындағы ерекшеліктердің

бар екенін сезіну қажет. Келесі сатыда қатысушылар осы мәдениетаралық өзгешеліктерді түсіну мақсатында ақпараттармен қамтамасыз етіледі. Осы сияқты тренингтер мәдениетаралық келіспеушіліктерді жою дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Адамдар қарым-қатынас кезінде мінез-құлқы қоршаған ортаға байланысты. Мысалы: қарым-қатынас жасай отырып адам басқа ел өкілінің мәдениетінен хабардар болу жағдайында сол елге ойша саяхат жасайды. Ол барлық шектеулерден шығып кете алады, себебі жат ел жайлы бар жаңалық адамның өмірге деген көзқарасы мен өмірлік тәжірибесін кеңейте түседі. Белгілі бір ортада, яғни аудиторияда, ресторан және офистерде адам өзін сол ортаға сай ұстай білгені жөн. адамның мінезінің түрлері әр мәдени ортада әрқалай. Мысалы: Мексикада әйелдер мен ерлер шіркеуге бірге барып, сыйыну кезінде үнсіз қатар тұрады. Ал Иранда керісінше әйелдер мен ерлер мешітке бірге бармайды. Атап өтілгендей әр ел мәдениетінің құндылығы сол ел мәдениетінің дәл қазіргі кездегі даму барысынан көрінеді. Көз қимылы адамның көңіл күйі мен сезім байлығын көрсете алады. Мысалы: белгілі бір көз қимылы әңгіменің басталуын байқатады. Әңгіме кезінде ол ілтипаттың белгісін әңгімені жалғастыруда немесе жалпы әңгімені доғаруды білдіреді. Ұзақ көз тоқтату алаңдаушылық, қорқыныш және жайсыздық тудырады. Осыған қарамастан батыс мәдениетінде тік қарау қарым-қатынаста өте маңызды болып саналады. Егер адам өзі әңгімелесіп отырған адамға қарамаған жағдайда, айналадағылар оған сенімсіздікпен қарайды. Американдықтар қарым-қатынас кезінде өзіне тік қарамаған адамға сенбейді. Америка әйелдері әңгімелесу, пікірлес, келісімшарт жасау кезінде тік қарау сенімділік пен іскерлік белгісі деп таниды. Ал Азияда керісінше әйелдер пікір алмасу кезінде басқа адамның көзіне әсіресе, таныс емес ер адамға тік қарауына рұқсат етілмейді. Азия мәдениетінде адамға тік және ұзақ қарамау – адамды сыйлау белгісі [3].

Сонымен, шет тілін оқып үйрену нәтижесінде мәдениеттерді салыстыру, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтау қажет. Тіл, ойлау және мәдениеттің тығыз байланыстылығы сондай, шетелге жиі іс-сапармен шығатын туристер, ғалымдар және бизнесмендер шетел мәдени ерекшеліктеріне қалыптасу қажеттігін байқайды. Егер американдықтар нені ойлағанын тікелей айтса, ол жапондықтар мен арабтар үшін олардың әріптестері әлде қайда бір сұраққа жауап таба алмай қызарақтауы кешірілмейтін күнә. Сондықтанда Жапонияда, сондай-ақ барлық араб елдерінде біреуге «жоқ» деп жауап беру өте әдепсіздікке жатады. Егер адам шақыруды қабылдағысы келсе, ол өзінің жұмысы көптігінен баратынын немесе бармайтынын білмейтінін айтады. Батыс та да осындай әдіс арқылы нақты жауап беруден қашады, дегенмен онда нақты жауаптар күтіледі және беріледі. Азия мәдениетінде сондай тікелей мінез-құлық қалыптастырудың үзілуіне әкеп соғады. Бірақ тікелей Америка мәдениетінде басқа адамның физикалық кеңістігін айтуға тыйым салынған. Мәдениет аралық коммуникация көбіне бұл инкультурация барысында жүзеге асады, ол бойынша адам қатысымдық белгінің бір формасында мәдениеттің нормалары мен құндылықтарын меңгереді. Біз өз мәдениетімізді әртүрлі тәсілдермен зерттейміз, ол үшін әртүрлі көзқарастарды пайдаланамыз. Мысалы, американдық балаға атасы егер біреумен танысқан жағдайға оның қолын қысу керек деп түсіндіреді. Үнді баласы да әйелдері күйеулерінен соң тамақ ішетін үйде тәрбиеленіп өз мәдениетін жасайды. Ерте кезден бастап әр бала өз ана тілін игереді және өз мәдениетін меңгереді. Бұл үй ішінде коммуникацияның вербалды немесе вербалды емес тәсілдері арқылы, жақын және таныс емес адамдармен қатынасу кезінде өтеді. Күнделікті өмір практикасында адам өсу үшін өзін қоршаған әртүрлі заттар мен құбылыстардың пайдасы мен зиянын, жақсылық пен жамандық, шындық пен адасу, әділдік пен әділетсіздік тұрғысынан өзі анықтайды [4].

Түсінбестік жағдайдан шығып, мәдениетаралық байланыста жетістікке қол жеткізу үшін әріптестің құндылық бағдар ерекшелігін білу керек. Осы білім оның мінез-құлқын, мақсатын, ұмтылысын, тілегін алдын-ала білуге көмектеседі, ол тіпті таныс емес адамдармен қатынаста табыс әкеледі. Қоғамдағы адам өмірі үнемі белгілі бір ержелерге

байланысты және оның өмір сүруінің едәуір бөлігін құрайды. Осы ережелерге сәйкес, кез келген мәдениеттің «жақсы» және «жаман» мінез-құлық туралы өз түсінігі бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. – Алматы. – 2007.
2. Hymes D. Models of Interaction of Languages and Social life. 2004
3. Верещагин Е.М. Лингвострановедение и принципы коммуникативности. –М. – 1983.
4. «Нәтижеге бағытталған білім беруде жеке тұлға қалыптастырудағы мұғалім ролі» тақырыбындағы педагогикалық оқу материалдары. – Өскемен. – 2006.

Резюме

А.Б.Нуртаева, магистр, старший преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Основные принципы теории коммуникации

В статье рассматриваются теории коммуникации и межкультурной коммуникативной компетенции. А также обучение английскому языку используя элементы культуры и разнообразные способы сравнения языковых структур.

Ключевые слова: воспитательный компонент, культура, психология, коммуникация, антропология.

Summary

A.N. Nurtayeva, master, senior lecturer

(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Basic principles of communication theory

This article deals with the theory of communication and intercultural communicative competence. Also teaching English using elements of culture and different methods of comparing language structure.

Keywords: educational component, culture, psychology, communication, anthropology.

УДК4И (Түркия) 07

Е66

ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ ОРТАҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хикмет Кораш, доцент, филология докторы (Түркия Республикасы, Нишеде университеті)

Аннотация: Бұл мақалада тамырлас, тілі бір, ортақ тарихқа ие түркі әлемінің ортақ мәселелері, географиялық бөлінулері, кедергілері туралы және оны шешу жолдары түрлі мысалдар арқылы көрсетілген. Түркі әлемі – тамырлас, тілі бір, ортақ тарихқа ие, бірдей құндылықтармен өмір сүретін, Азияның жартысын, Еуропаның ең аз дегенде төрттен бір бөлігін алып жатқан және сол бөлігінде өмір сүретін түркі тілдес халықтар.

Түйін сөздер: кедергі, реформация, буржуаз, этникалық ұлтшылдық, этнос, идея, автономия, тәуелсіздік.

Түркі әлемінің мәселелері сол кең географияны қолға алған тәуелсіз, жартылай тәуелсіз және әлі де құлдық өмір кешкендердің жалғыз болып ештеңе істей алмайтындығы және бөлек те ештеңе жасай алмайтындығын түсініп, бірігу, құшақ ашу, бірін-бірі тану және бәрінен ең маңыздысы ортақ болашақ құру идеясының алдындағы кедергілер болып саналады. Бұл кедергілер – саяси түрде тәуелсіздік алған және мемлекет құрған қоғам

үшін басты мәселе. Географиялық бөлінулер және байланыс кедергілері – табиғат байлықтарын өңдеу, саудалау және көмек көрсету кедергісі, келісім және ортақ бір тілде сөйлеу кедергілері, тарихын және бірін-бірі танымау, аумақ және тар шеңберлі этникалық ұлтшылдық, болашақта өмір сүру ойларында ортақ пікір немесе тыныштықтың болмауы. Оларға әлі де болса тәуелсіздігін ала алмаған, автономиялық жағдайда немесе тәуелсіздікте күн кешкендерді қосуға болады.

Бүгінде Ресей мемлекеті – досымыз, көршіміз, одақтасымыз. Бұл достыққа бүгінгі таңда мұқтажбыз. Бірақ, ертең не боларын ешкім де кесіп айта алмайды. Дәл Осман империясы сияқты ол да ыдырауы мүмкін. Бүгін уысына қысып ұстап отырған халықтар уысынан шығып кетуі мүмкін. Әлем сонда бір тепе-теңдікке жетеді. Міне, сол кезде Түркия не істейтінін білуге тиіс. Осы «досымыздың» билігінде біздің тілі бір, наным-сенімі бір туыс бауырларымыз бар. Соларға қол ұшын беруге дайын болуымыз қажет. Дайын болу деген сөз сол күнді күтіп отыру деген сөз емес, дайындалуымыз керек. Халықтар бұған қалай дайындалады. Рухани көпірлерін күшейте отырып дайындалады. Тіл – бір көпір, тарих – бір көпір, наным-сенім (дін) – бір көпір. Тамырымыздан түсіп және түрлі жағдайлар арқылы бөлінген тарихымыздың ішінде бүтін болуымыз қажет. Олардың бізге жақындасуын күте алмаймыз. Біздің оларға жақындасуымыз қажет (29 қазан 1933, Мұстафа Кемал Ататүрік). 1918 жылы құрылған Әзірбайжан Республикасы орыстар мен армяндықтар тарапынан жойылу қаупі туғанда, жасалған әскери келісім бойынша Османлы Мемлекеті әскер жіберді және Бакудегі көтеріліс тоқтатылды және одан да көп шараларға кедергі келтірді, бәрінен маңыздысы, Баку зиянкестерден тазартылды.

Сол кезде Османлы шекарасының сыртында қалған және азаттық үшін күрескен бүкіл түркі халықтары Анадолы түріктерінен көмек талап етеді. Мемлекет бұл көмекті бере алмаса да зиялылар және халық бұл талапты қысым ретінде қабылдады. Сол кезде ашылған реформациялық мектептерге оқытушы жіберу, Стамбулда шығарылған газет және журналдардың талап етілген жерлерге жеткізілуі, талап еткендердің Стамбулдың университеттерінде оқытылуы және қажеттіліктердің өтелуі – бұлардың кейбіреулері ғана. Дегенмен, осыншалықты жәрдем сол кезеңде бір жарқырауға себеп болды, Анадолының сырт жағындағы түркі әлемі Анадолы түріктерін тани бастайды. Осыдан кейін Кеңестер Одағы шекара ішінде қалған түркі халықтарымен Анадолы түріктерінің физикалық байланысын үзу үшін, алдымен, бүгінгі Армения географиясын, кейін Ахысканы (Грузия) түріктерден тазартып, Түркия түріктерімен Азербайжан түріктерінің арасында бір аудан құрады және физикалық байланысты қиратады. Екінші жағынан Әзірбайжанның оңтүстігіндегі Иран назарға алынса, Түркия түріктерінің шығысындағы түркі әлемімен байланысы физикалық тұрғыдан түбегейлі жойылады. Сауда, көмек көрсету, еселеген және ие болған байлықтарды бөлісе алмау және саудалай алмау сияқты жұмыстар Қарабақта болған жағдай сияқты ұқсас көтеріліс жағдайында еш мүмкіндіксіз халге жетті.

Табиғи байлықтарды өңдеу, саудалау және бұл ойларды қолдаудың кедергілері. Азаттық алған Түркі халықтарының жабық аудан болуы – мұнай, табиғи газ, көмір сияқты энергия көздерінің иесі болған Түркі халықтарының осы табиғи байлықтарды саудалай алмауы мағынасына да келеді. Жаңа Түрік Республикаларының Түркиямен физикалық байланыста бола алмауы бұл құндылықтардың екінші бір ортамен саудалануы дегенге саяды. Әзірбайжан, Түрікменстан, Қазақстан және Өзбекстан осындай себептермен ие болған байлықтардың бағасын белгілеу және мақсатсыз сату мүмкіндігінен мақұм қалады. Бұл жағдай сол өлкелердің әлем саясатында сөзге ие болуына да кедергі жасайды. Сонымен қатар сол байлықтардың иесі Түріктер болған кезде сол құндылықтардың арқасында әлем саясатына әсер еткен және сол байлықтарды олардан алып саудалаған да Ресей болатын.

Түркиямен Түркі әлемі арасындағы байланыстың болмауы және осы өлкелердің ашық теңіздерге қарай ашыла алмауы орыстарды және Ресейді сол өлкелердің қорғалуы жағдайына келтіреді. Жаңадан құрылған Түрік мемлекеттері саяси тұрғыдан тәуелді екеніне қарамастан сол себептер арқылы Ресейге тәуелді болып қалуын сезіндірді.

Бұл жағдай олардың Түркиямен байланыс құруларына да кедергі келтірді. Еш нәрсеге қарамастан жасалған келісімдер жалпы қағаз түрінде қалды және түрлі байланыстар қалаған дәрежеде көтерілді. Соңғы жылдарда Түркияның артқан экспорты ішінде Түркі халықтарының сыбағасы әлі де белгілі бір шекара аумағында сақталған. Бұған ұқсас жағдай қоғамдық және мәдени байланыстар үшін де маңызды. Келісім және ортақ тілде сөйлеу тақырыбындағы кедергілер. Бір түптен шыққан және өткен ғасырдың басында бірін-бірі өте жақсы түсіне алатын Чарлық орыстары большевик революциясынан соң Кеңестер Одағының орнықтырған катал саясатының кесірінен бірін-бірі түсінбейтін жағдайға жетті. Бүгінгі таңда орыстардың және оларды аңдыған батыстың көзінше тәуелсіздік алған және алмаған бүкіл түркі халықтарының қолданған диалектикасы бірер тіл болып саналады. Орыстардың орнықтырған бүкіл саясатына ережесіз қарсы шыққан Батыс әлемі сөз тақырыбы Түрік диалектісі және түріктердің келісімі бойынша жылдам диалектіні өзгертіп және орыстардың метазорды қабылдауына жағдай жасап, саяси қарарлармен өзгертілуі Түрік диалектикасын басқа тіл қабылдауына мәжбүрлейді. Бұл тек бір жағдай ретінде қалған жоқ, Кеңестер Одағының құрылуынан бері орыстардың және бүгінгі таңда Түркиямен Түрік әлемі арасындағы ең үлкен кедергілердің бірі – тар мағыналы этникалық ұлтшылдық ұмтылыс жасағанда орыстар және Батыс әлемі осы тақырып бойынша түркі халықтарының артын бағып, оларға ұмтылыс жасағанда және бір-біріне қарсы қойғанда рухтандырады.

Оливер Ройдың, әсіресе, бұл тақырыпты қолға алған кітапқа «Жаңа Орта Азия немесе ұлттардың қиналуы» атының берілуі жағдайдың нығаюы жағынан өте маңызды. Кеңестер Одағы кезеңінде режимнің бұйрығымен жүріп, шынайы атын ұмытқан түркі халықтары түркі тілдес халықтар болуына қарамастан, өздерін қазақ, қырғыз, өзбек, әзірбайжан, түрікмен ретінде таниды және шынайы тарихи атынан бас тартады. Кеңестік Одақ бір жағынан түркі халықтар арасында бүкіл Кеңес халықтары үшін ортақ білім тілін қабылдайды және оны жасаған кезде де адамдардың бірін-бірі түсінуі өзгеше болады.

Өткен ғасырдың басында бүкіл әлем Анадолы түріктерін Османлы ретінде, шығыста қалған бұқараны түрік ретінде танитын еді. Республиканың құрылуынан соң Түркияда түрік белгілерінің алдыға шығуы және қызықтырылуы Ресеймен бірге бүкіл Батыстың назарын аудартады және түрік халықтарының төменгі белгілері жоғары белгілері ретінде қабылданады және қабылдандырылады.

Әлі де алдымызда ашылмаған бір кедергі ретінде көрінген осы белгілер мәселесі нағыз жасанды мәселе болып табылады. Бұл жағдайдың жоғалуы ортақ және ұқсас алфавит қолдану, оқушы, ұстаз, мұғалім көмекшілерінің алмасуы, жарияланған ортақ өнер шығармалары және ғылыми жұмыстар арқылы мүмкін бола алады. Бірақ бұл жерде тілдің қолданылуы немесе қате қолданылуынан бастау алған және болашақта жоғалмайтын кейбір жеке жағдайларға да байланысу орнында болады.

Түркиямен физикалық байланыстың үзілгені үшін, Түркияның басқа да түркі халықтарын түсінбеуі немесе түсіне алмауы - табиғи нәрсе. Бірақ Кеңестер Одағының ыдырауымен байланысты тәуелсіздігін алған Түркі халықтарында ол күн құжатсыз өту мүмкін болса да, Қазақ Қырғыз, Өзбек Қазағы, яғни бір Түркі халықтарының құндылығын түсіне алмайтындай жағдай емес еді. Бұл да қайтадан Кеңестің тапқан саясатының қорытындысы еді. Кішкене айырмашылықтармен бір-бірінен айрылған, миды шатастырған алфавиттер және ортақ жазу және оқу тілінің орысша болуы түрік адамдарын бір-бірінен айырды, тек айрылып қана қоймай, бір-біріне дұшпан қылды.

Түріктердің аумаққа келген уақытынан бері Түркістан болып аталған Түрік жұрты қайтадан Кеңестің шығарған саяси қарарлармен «Орта Азия» болып өзгертілді және Батыс

тарапынан да қабылданды. Бірақ сол сөздің Түркия түріктері, жоғары зиялылар және сол тақырыптарға байланысты еңбектенген ғалымдар тарапынан түсіндірілетін жағдай емес еді. Режимнің сүйенген негізінен бастап Кеңестер Одағы құрылмындағы бүкіл ұлттардың тарихын елемеді және жаңа ұрпақтарға үйретілуіне тыйым салады. Түрік тарихы бір жаққа, жуық арада мүмкін болатын бірлікке белгі қабылданатын тарихи терминдер және есімдерге де тыйым салынған еді. СССР Османлы алаңының сыртындағы бүкіл түріктердің ортақ жазба тілінің аты болған және бірігуге жағдай жасағаны үшін «Шағатай» сөзіне тыйым салынады, оның орнына Ескі Өзбектер, Ескі Өзбекше, Тарихи Өзбекше, Тарихтағы Өзбектер сияқты терминдер қолданылады.

Түркістанды басып алған большевиктер тарапынан Фытрат басшылығында 1917 жылы құрылған және дамуының көбісін тіл және емле мәселелеріне бөлген «Шағатай Гүрүнгі» әдебиет ұжымы ыдыратылады, оның орнына «Өзбек ғылым тағдыры» құрылады. Фытрат құрған ұжымның атын Шағатай деп атайтын кезде, оның біріктіруші сөз екендігін байқап, Түркістандағы бүкіл түркі халықтардың осы сөздің айналасында бірігуін қалайды және таризи миссиясынан бастап осы сөздің бірігуге жағдай жасайтынын түсінген еді.

Түрік тарихының қаһармандарын буржуаз және фашист деп жариялаған Кеңес Одағы жылдар бойы тұлғаларды корғады және беделін түсірді. Кеңестер бүкіл әлемнің көз алдындағы көтерілістерді тоқтату үшін тауға шығып Энвер Пашамен тәуелсіз соғысқан батырларға бұзақы мағынасына келетін «басқыншы», ол соғысқа «басқыншылық» атын береді. Бүкіл Түркістанда жарқырау әрекетінің ортақ аты болған «революция» сөзінің қолданылуына тыйым салынды, бұл сөздің орнына Әзірбайжанда, Өзбекстанда «ұсталық» сияқты әр түрлі есімдер қойып біріктіруші және ортақ не нәрсе болса, жоқ қылуға тырысады. Тарих, бір тарихты ортақ қолданған адамдар үшін бір ортақтық болып табылады, яғни біріктіруші элемент. Дегенмен, Кеңестер одағы ішінен кейбір тарих бөліктерін таңдап адамдарды бір-бірімен жанжалдастыру үшін қолданады.

Аумақтық немесе тар шеңберлі этникалық ұлтшылдық. Қай жерде болмасын тарихты үйренуге тыйым салынған және түріктер үшін тарихты 1917ж. Большевик революциясымен бастайтын Кеңестер одағы әкімшілігі, этникалы және аудандық ұлтшылдықты қолдағанында бұл ережені шайнайды. Бүкіл тарихи тұлғаларды фашист және буржуаз деп айыптаған әкімшілік саяси қарарлар арқылы бөлген географияда. Өзбектерді Әлішер Науаи, түрікмендерді Махдумқұлы, Абай Құнанбаев сияқты алға тартқан тарихи тұлғалардың айналасында сөз біріктіріп, сол түркі халықтарын бір-бірінен үзуге және бір-бірімен жауластыруға тырысады.

Әлішер Науаи да, Махдумқұлы да, Абай Құнанбаев та, Физули де және есімдерін жеке-жеке санай алмаған көптеген тұлғаларда бүкіл түрік әлемі үшін ортақ биік тұлғалар еді. Бұл жерден мынаны оңай түсіне аламыз. Кеңестік әкімшілік жасанды негізде бөлген географиядағы сызбаларды тұрақты қылу үшін барлығын жасады және оны да сәтті орындайды. Келешекте өмір сүру тақырыбында ортақ пікір немесе кедергілердің болмауы туралы. Жоғарыда айтылған Ататүріктің біздерге қалдырған өсиеті, өлімінен бұрын назарын аударған, әлі де сақталған. Түркия Кеңестер одағының таратылуына дайындықсыз бас салды. Осындай жағдайда не жасау керектігін танытатын жоспарымыз жоқ болатын 70 жыл бойы Кеңес әділетсіздігін кері тастап саяси тәуелсіздікпен бірге романтикалық сезімдермен бізге құшақ ашқан адамдардың күтулері бекер болды. Тараған сөзде бірлік бар, шындығында Ресей императорлығы өзінен ыдыраған түркі халықтарының ие болған табиғи байлықтарын саудалау жолына жиналды. Жаңадан экономикалық күш жағдайына келді.

Біріккен Ұлттар және бүкіл Батыс, ыдыраған ұлттардың мирасқоры ретінде орыстарды қабылдады. Ескі Кеңес одағының ие болған ұлттаралық айырмашылықтары орыстарға жіберілді. Саяси түрде тәуелсіздігін алған мемлекеттердің ішінде түрік еместері батыс жаққа кетті және Еуропа олардың ықпалын күшейтті. Кейбіреулері НАТО-ға, енді біреулері Еуропа Одағына мүше болды. Қалғандары, яғни түркі тілдес халықтар жалғыз

қалды. Түркия тәуелсіздігін алған сол өлкелерге ортақ келешек құру үшін жеткілікті дәрежеде көмек көрсете алмады. Саяси түрде тәуелсіздік алған салыстырмалы түрде сәтті болған түркі халықтарымен қатар тәуелсіздігін ала алмаған, жартылай тәуелді, жартылай тәуелсіз түркі халықтары да бар. Якут, Чуваш, Тува, Карашай-Малкар, Татар, Башқұрт автономиялық республикаларымен азаттық ала алмаған Шығыс Түркістан немесе Шыңжаң автономиясындағы ұйғыр түріктері, Қырым-Татар түріктері, Оңтүстік Әзірбайжан түріктері, Ирак әзірбайжан түріктері, Ауғанстан өзбектері Сирия түрікмендері, Балқан түріктерінің (Батыс Тракия, Болгария, Македония, Косово, Хорватия т.б.) жағдайы өте аянышты.

Мемлекет құру, тәжірибелі болу және оның алға жылжу – үлкен мемлекет құру, ең аз дегенде 100 жылдан артық өмір сүру, және бүгінді емес болашақты ойлап әрекет ету деген сөз. Бір мемлекет қалай 100 жылдан артық өмір сүре алады және саясатын қалай дамытады? Бұл сұрақтың жауабын тапқан тек қана мемлекетті басқаратындар емес. Алдымен зиялылар. Танпынардың мына сөзі бұл жағдайды ашатын ең әдемі сөз. «Күмәнсіз өмір – бәріміз, дегенмен жауапкершілік зиялылардың мойнында». Күні бүгінге дейін нұсқауды батысқа беріп, батыстану тек тығырықтан шығарар жол ретінде ұғып және батыстанудың не екенін де түсінбеген және түсіндіре де алмаған зиялыларымыз аталмыш жағдайдың жалғыз жауаптысы болып табылады. Бір тараптан 60 жыл бұрын Кеңес Одағының ыдырайтынын және оған дайын болуымызды үгіттеген Ататүрік болса, бір жағынан оны бүгінгі күнге жеткізгендерді кінәлап, айыптағанда зиялы қауым өкілдері еді. Алдымен, зиялы деген адамдар зиялы атына және жауапкершілігінен лайықты болуы қажет.

Біз Танпынардың «Ағаш тамырынан ұзақта өспейді» деген сөзін еш түсінбеген екенбіз. Түрік зиялысы Түркияда өсіп-өнеді. Міне, Америка, Германия, Франция, Англия сияқты өлкелерде өсіп-өнген немесе өсіп-өндірген зиялыларға айтылатын сөз осы болатын. Зиялы адам – өзінің өсіп-өнген ұлттың бүкіл құндылықтарымен қаруланған, олармен өмір сүрген және жалғыз мақсаты сол құндылықтарды жоғалтпай, бойында сақтаған адамдар. Біздің күні бүгінге дейін менсінбеушілігіміз бұл нүктенің түбіне жетіп, бұл кемшілігімізді түзетуіміз қажет. Бұл кемшілікті түзеткен соң, келешекпен байланысты жоспар жасай аламыз. Бұл жағдай бізді үмітсіздікке апармауы керек. Себебі ұлт тағдырында 50-100 жылдың ешқандай маңызы жоқ, қатенің жөнделгені жетерлік және іспен дәлелдеу қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ahmet Bican Ercilasun, Türk Dünyası Üzerine İncelemeler, Akçağ Yayınevi Ankara. 1998.
2. Ahmet Buran, Kurşunlanan Türkoloji, Manas Yayıncılık, Elazığ. 2007.
3. Begali Kasimov, Milliy Uyganış, Taşkent Ma'neviyet, Taşkent. 2002.
4. Fatma Açıık, Özbek Edebiyatı, Alp yayınevi, Ankara. 2007.
5. Fuat UÇAR, Geçmiş, Günümüz ve Geleceğin Türk Dünyası, IQ Kültür Sanat Yayıncılık, İstanbul. 2009.
6. Muhammed Salih, Türkistan Şuuru, Ötüken Neşriyat, İstanbul. 1997.
7. Muhammed Salih, Yolname Özgürlük Mücadelesi, Ötüken neşriyat İstanbul. 2002.
8. Nadir Devlet, Çağdaş Türk Dünyası, Marmara Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi Yayınları, İstanbul. 1989.
9. Olivier Roy, Yeni Orta Asya ya da Ulusların İmal Edilişi, Metis Yayınları, İstanbul. 2005.
10. Zeki Velidi Togan, Bugünkü Türk İli Türkistan ve Yakın Tarihi, Enderun Kitabevi, İstanbul. 1981.

Резюме

Хикмет Кораш, доцент, доктор филологии
(университет Нииде, Турция)

Общие проблемы тюркоязычных народов

В статье рассматриваются общие проблемы родственных тюркоязычных народов с общей историей. Рассматриваются также географическое деление, различные препятствия и пути их решения через различные примеры.

Ключевые слова: реформация, буржуаз, этника, этнос, идея, автономия

Summary

Hikmet Korash, Associate Professor, Doctor of Philology
(University of Niide, Turkey)

Common problems of Turkic peoples

This article deals with the brief history of Turkish language people, their common problems and ways of solving them. It also consider geographical divisions, borders and ways of solving problems through different examples.

Keywords: reformation, the bourgeoisie, ethnic, ethnic group, the idea of autonomy

УДК 42-07

378.96

ТЕХНОЛОГИИ САМООБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ФОРМИРОВАНИИ ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ ТЕХНИЧЕСКИХ ВУЗОВ

А. Ж.Мырзабаева, магистрант 2 курса
(г. Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)

Аннотация: Каждая историческая эпоха вырабатывает свою собственную модель образования. Изменения, происходящие в современном обществе, привели к изменению парадигмы образования, требующей его модернизации, разработки новой модели высшей школы, подготовки государственных образовательных стандартов третьего поколения. В связи с этим создается современная модель выпускника вуза, содержащая принципиально новые требования к будущему специалисту и отвечающая потребностям современного постиндустриального общества.

Ключевые слова: знания, умения, навыки, креативная подготовленность, метод, средство, технология, компетентностный подход.

Основная цель профессионального образования, заключается в подготовке высококвалифицированных компетентных специалистов, способных к профессиональному росту и профессиональной мобильности в условиях информатизации общества и развития новых наукоемких технологий. Модель выпускника технического вуза складывается из инженерной профессиональной компетентности и уровня развития личности. К слагающим профессиональной компетентности будущего специалиста относят: актуальную квалификацию (знания, умения, навыки из профессиональной области); когнитивную готовность (умение на деятельностном уровне осваивать новые знания, технологии, умение учиться и учить других); коммуникативную подготовленность (владение родным и иностранными языками, умение управлять коллективом, вести дискуссию, мотивировать и защищать свои решения); креативную подготовленность

(способность к поиску принципиально новых подходов к решению известных задач или постановку и решение принципиально новых задач, как в профессиональной среде, так и в смежных областях); понимание тенденций и основных направлений развития профессиональной области и техносферы в целом; устойчивые и развивающиеся профессионально значимые личностные качества. В связи с изменяющейся парадигмой образования и усилением акцента самообразовательной деятельности, неотъемлемой составляющей профессиональной и языковой компетентности специалиста становится самообразовательная компетентность. Формирование самообразовательной компетентности – задача, сохраняющая свою актуальность, несмотря на то, что самой проблеме самообразования во все времена уделялось достаточное внимание. Ситуация, сложившаяся в настоящее время на рынке труда, свидетельствует о том, что только инициативные и самостоятельные специалисты, способные постоянно совершенствоваться как профессионально, так и в личностном плане, являются конкурентоспособными и наиболее востребованными специалистами, что делает задачу формирования готовности к самообразованию актуальной для казахстанской высшей школы.

В настоящее время вузами активно разрабатывается методическое обеспечение реализации государственных образовательных стандартов высшего профессионального образования. В компетентностно-ориентированных основных образовательных программах направлений подготовки специалистов особое место отводится организации самостоятельной работы, позволяющей студенту приобрести опыт самостоятельной и ответственной деятельности, развить его гносеологический, аксиологический и творческий потенциал.

В связи с этим появились вопросы, требующие неотложного решения, такие как уточнение содержательных аспектов самостоятельной работы студентов в условиях уровневой системы высшего профессионального образования (бакалавриат, магистратура, подготовка специалиста); выявление эффективных форм, методов, средств и технологий самостоятельной работы студентов в аспекте развития общекультурных компетенций и как фактора формирования языковых и профессиональных компетенций.

Самостоятельная работа должна быть ориентирована на студента. В этой связи следует заметить, что разноуровневая подготовка студентов, а также индивидуальный стиль учебной деятельности каждого из них не позволяют всем им одновременно выйти на тот или иной уровень развития компетентности (иноязычной, информационной, математической, и т.д.). Это требует асинхронной организации самостоятельной работы, а, следовательно, появляется проблема разработки ее методического обеспечения в условиях уровневой системы высшего профессионального образования.

Учитывая кредитно-модульную организацию учебного процесса, самостоятельная работа студента не должна быть жестко привязана к конкретной дисциплине, а должна проектироваться преподавателями по интегрированному образовательному модулю в целом на основе межпредметных связей и связей с будущей профессиональной сферой обучаемых. Следует учесть, что технологии ее проектирования и реализации в зависимости от типа развиваемых (формируемых) компетенций (общекультурных или профессиональных) будут, очевидно, различными. Отдельной проблемой стоит разработка диагностических средств оценки результативности компетентностно-ориентированной самостоятельной работы студентов. Процесс самообразования значительно углубляется и обретает новые черты в рамках концепций информационного общества и компетентностного подхода в образовании. Поскольку основным видом деятельности большей части общества является работа с информацией, самообразование в нем обретает статус ведущего вида деятельности. Процесс самообразовательной деятельности является одним из основных шести принципов Болонской декларации, сформулированных для формирования европейской системы высшего образования.

Особую значимость самообразовательная деятельность приобретает в контексте непрерывного образования – «образования через всю жизнь» (LLL – Long Life Learning).

Личностно-ориентированная технология профессионального образования ориентирована в нашем исследовании на выполнение третьего условия педагогического обеспечения формирования языковой компетентности студентов – проведение психолого-педагогического тренинга с целью развития аксиологической компетенция студентов.

Для решения данных задач мы используем психолого-педагогический тренинг как форму организации внеаудиторной деятельности студентов, состоящий из двух этапов «Тренинг общения» и «Тренинг креативности». В ходе тренинговых занятий студенты познакомятся с техниками общения, первого контакта, ориентации в ситуациях общения, аргументации, вербализации, невербальными формами общения. Студентам будут предложены разного рода головоломки, логические задачи, для решения которых необходимо будет представить как можно больше разнообразных и оригинальных вариантов на разных языках. Основные методические техники, используемые в тренингах – имитационные – ролевые и деловые игры, психогимнастические упражнения, групповые дискуссии. В процессе различных имитационных техник и упражнений тренируются качества, появляются возможности для самовыражения и общения на иностранном языке.

В целом вышеизложенное доказывает эффективность использования выявленных, современных образовательных технологий формирования языковой компетентности студентов в образовательном процессе вуза, что обеспечивает современное качество образования на основе сохранения его фундаментальности.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Беляева А. Управление самостоятельной работой студентов// Высшее образование в России. – 2010.
2. Беляева В.А., Олейник Э.Е. Личностно ориентированные технологии обучения студентов английскому языку (неязыковые специальности): Учебное пособие – Рязань: РГПУ. – 2008.
3. Болотов В.А., Сериков В.В. Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе. Педагогика. – 2006.
4. Международный журнал «Дистанционное образование». 1998.

Түйіндеме

А. Ж. Мырзабаева, 2 курс магистранты

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Тілдік құзыреттілікті қалыптастырудағы өзіндік білім алу

Кәсіптік білім беру негізгі мақсаты қоғамның ақпараттандыру мен жаңа ғылыми технологиялар дамуының жолдарында кәсібиін өсіруге және кәсіби жинақылыққа деген алғыр құзырлы жоғары кәсіптелінген мамандарды дайындау. Мақала зерттеулерінің негізінде ЖОО бітіруші түлегінің моделі жасалады.

Кілт сөздер: білім, білік, дағды, шығармашылық, технология, әдіс, құрал

Summary

A.Zh.Myrzabaeva, Master of 2 course

(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Technologies self-educational activity in the Formation of linguistic competence

Each historical epoch produces its own model of education. The changes taking place in modern society, have changed the paradigm of education, requiring modernization, the development of a new model of high school, training of state educational standards of the third generation. The main purpose of professional education, consists of preparation highly qualified competent specialists capable to professional growth and professional mobility in conditions of informatization of society and development of new high technologies.

Keywords: knowledge, skills, creative fitness, technique, tool

ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО
HISTORY, ECONOMY AND LAW

ӘОЖ9(с)55 А92

«ҚАЗАҚ» АТАУЫН ҚАЙТАРУДАҒЫ
ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Ж.Б.Аширбекова, т.ғ.к., доцент
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық
университеті)

Аңдатпа: Мақалада ХХ ғасырдың бірінші ширегінде қазақ зиялыларының халқымызға өз атауын қайтаруда атқарған жұмыстары баяндалған. М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев, М.Тынышбаев және т.б, ұлтымыздың біртуар қайраткерлерінің баспасөз беттерінде және жеке еңбектерінде халқымызға «қазақ» атауын қайтару туралы көтерген мәселесінің нәтижесінде еліміздің «Қырғыз» Республикасының «Қазақ» деп аталуы 1925 жылы 15-19 сәуірде Ақмешітте болған Кеңестердің V съезінде көтеріліп жүзеге асырылды.

Түйін сөздер: қазақ, «қазақ» газеті, «қайсақ», «қырғыз», халық, қайтару, республика, зиялылар, ұлт.

Патша үкіметінің боданында болып, ұзақ уақыт «қырғыздар» атанып келген халқымыздың «қазақ» деген шын атауы 1925 жылы 15-19 сәуірде болған Қазақстан Кеңестерінің V съезінде қалпына келтірілді. «Қырғыз» атанып келген халқымыздың өз тарихи атауына қайтып оралуына ұлт зиялыларының тигізген үлесі зор. Олар бұл мәселені шешуді ХХ ғасырдың басында қолға алған болатын. Еліміздің бірден-бір алғашқы басылымы болған «Қазақ» газетінде бұл мәселені бірнеше рет көтеріп, өз ойларын айқын түрде айтып, осы мәселе төңірегінде пікір де ұйымдастырған еді. 1913 жылы шыққан «Қазақ» газетінің бірнеше санында М.Дулатовтың «Түрік баласы» деген бүркеншік атпен жариялаған «Қазақтың тарихы» деп аталған мақаласында осы қазақ пен қырғыз атауының арасындағы айырмашылықтардың барлығы, орыс үкіметінің қазақты қырғыз атауының себебін «казактардан» айыру мақсатында деп көрсеткен болатын. Тарих ғылымында қаншама тарихи кітаптар жазылғанымен де «қазақ» сөзінің қайдан шыққанын анықтап бергендері болмағандығын, арабша, түрікше, орысша шыққан кітаптарда «қазақ» сөзінің ақиқатқа қайшы жазылуын сынға алған. «Орыстардың әсіресе үкіметтің, қазақты казак демей, қырғыз деп жүргені рас, бірақ олар өздерінің атты «казачи» әскерінен айыру үшін, жаңылыс болсадағы қазақты қырғыз атап жүр. Өзіміздің түрік қауымдарының, әсіресе басшыларының, қазақ пен қырғызды айырмағаны қате, кешпестік айып», - дей келе, казак атауын қайтару қажеттігін көтерген. «Қияметке шейін казак – казак болып жасамақ. Осы ғасырдағы ғылым жарығындағы казак көзін ашып, бетін түзесе өзінің казакшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарық әдетіне ыңғайлы қылып «казак мәдениеті» (казакская культура) құрып, бір жағынан казак әдебиеті (казахская литература) тұрғызып, казакшылығын сақтамақшы», - деп, казак халқы орыстар көрсетіп жүрген қырғыз нәсілінен еместігін, казак халқының руларының ішіндегі қыпшақ, арғын, керейт, найман, қоңырат қырғыздармен қатар жүріп, қатар тұрған елдер екендігін, қырғызбен қатар жүрген найманды қалай бұрынғы қырғыздың нәсілінен деуге болатындығын дәлелдей келе, ол барлық мекемелерде «қырғыз» деген атаудың орнына «казак» деп жазуды ұсынған.

М.Дулатов «казак» атауын қайтаруда орысша оқыған казак жастары жұмыла іске кіріссе, өздері істейтін мекемелерде «қырғыз» емес, «казак» деп атауды қолдану

қажеттігін көтерді. «Қырғыз» бен «қазақ» екі ел екендігін, әр ел өз атымен аталу керектігін үндеді

[1, 22-23, 32-33 бб.].

Газеттің келесі санында ол «қазақ» сөзінің түп-төркіні қайдан шыққандығын талдап берді. «Қазаққа» қатысты кейбір тарихи деректерде жаңылыс айтылған бес қателікті мысалдармен айқындады. Мәселен, орыстың тарихында «қазақ» деген сөзді жазбай, «киргиз» деген бір жаңылыс сөзге малданып, соныменен бүкіл тарихын былықтырып отырғандығын, арабша және түріктің тарихи кітаптарында да «қазақ» сөзінің түп-төркіні туралы нақты айтылмай, әртүрлі ұйғарылып жүргендігін, мәселен, кейбіреуі «қазақ» «қашақ» деген сөзден өзгертілген деген тұжырым жасауын, «Мустафад алахбар» кітабында «қазақ» атауы ноғайлармен арадағы келіспеушіліктерден жаңылыс жазылуын келтірген.

Ол қазақ сөзі «хайсақ» - «қайсақ» сөзінен өзгертіліпті дегенге де қарсы шықты. «Халисақ» сөзі қалмақша да граница күзетшісі (награнич. стражъ) мағынасында-мыс, орыс тарихының кейбіреуі қазақ сөзі осы хайсақ дегеннен алынған деп өтірікті жазады. Осындай өтірікті малданып, орыс жазушыларының көбі қазақты (киргиз-қайсақ) деп жазып жүр. Мұның өтірік екендігі сөз ретінде кейін айтылар. Осы күнде қалмақ-қытай қазақты қайсақ – хасақ деп сөйлейді екен – онысы тілі келмегеннен. Оныменен қазақ сөзі хайсақтан өзгертілгендігі білінбейді. Осы күнде мишер халқы арабтан алынған «салам» сөзін «сейлам» деп сөйлейтіні бар. Сол секілді, қалмақта қазақ сөзін «хайсақ» деп бұзып айтады деуге болады», - дей отырып, халықты шатастыратын кейбір аңыз, шежірелерге де сақтықпен қарауды талап еткен. Осындай қисынсыз шикі сөздерден ада болып, нағыз тарихи дәлдікпен сөйлеу қажеттігін көтереді [1, 55-56 бб.].

Көп жағдайда қазақтың қайдан шыққандығы туралы сөз болғанда жалпы жұрт арасында түрлі аңыздардың айтылатындығын, ал қазақтың түркі халықтарынан айырылып, «қазақ» деген атауға нақты қашан ие болғандығы жөнінде мәліметтің жоқтығынан көмескі болып тұрғандығын мойындай отырып, нақты дәлелдерге сүйенбей, ақылға сыймайтын кейбір аңыз-оқиғаларды дерек ретінде қолданудың қисынсыз екендігін келтірді [1, 77-б.].

М.Дулатов «қазақ» мәселесі туралы тұжырымын «Қызыл Қазақстан» журналына басылған келесі «Қазақ-қырғыздың аты, тегі туралы» деген мақаласында да талдай көрсетті. Ол «қырғыз» атауы мен қазақ халқының шығу тегіне тоқтала отырып, қазақтардың ұзақ уақыт бойы «қырғыз», ал нақты қырғыздар «қара қырғыз» немесе «тағы қырғыз» атанып, қытайлар оларды «юрвут» деп жүргендігін, қазақтың өзін қырғыз емес, бұрыннан қазақ санап, қырғыз өзін қырғыз деп келгендігін, қазақ пен қырғыздың арғы тегі бір болғанымен, екі атаның баласы, біріне-бірі туыс, жақын түркінің екі руы екендігін растайды [2, 95 б.].

Қайраткер қазақтың қырғыз атануының себебін ол орыс қазағы мен қазақты шатастыра бергеннен кейін, қазақты қырғыз деп атауды жөн көруінен деп тұжырымдап, осы уақытқа дейін қазақтың тарихи атауы бұрмаланып «қырғыз» болды деп тұжырымдаған. Қырғыз бен қазақтың тілдік, тұрмыстық жағынан өзге түркі руларына қарағанда жақындығы, сондықтан екі елді өзге ұлт өкілдері шатастырып алып жататындығын мысал ретінде айта келе, ол «қазақ» атауы халқымызға қайтарылу қажеттігін үндейді [3, 88-89 бб.].

XX ғасыр басында қазақ шежіресіне қатысты бірнеше тарихи еңбектер жарық көрді. Оның бірі Шәкәрім Құдайбердиевтің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» деп аталатын тарихи еңбегі. Шәкәрім қазақ шежіресіне тереңнен бойлай келе, түркі халықтарының шежіресін қамтуға тырысқан. Адам Атадан бастап, пайғамдардың балаларынан таралғандардың барлығына жеке-жеке тоқталып, түркілердің шығу тарихын анықтайды. Бұл кітап жарық көрісімен «Қазақ» газетіне Ә.Бөкейханның осы кітапқа қатысты пікірі жарияланып, Шәкәрімнің қазақтың түп шығу шежіресін талдауға алды. Ол

Шәкәрімнің «Алаш» сөзінің қайдан шыққандығын талдаған тұжырымына да келіспейді [1, 124-126 бб.].

«Қазақ» сөзінің төркініндегі айтыстар 20-жылдары тағы да көтерілді. Бұл сөзінің төркінін М.Тынышбаев «Қырғыз-қазақ халқының тарихына материалдар» деген кітабында көтеріп, түрлі деректерді келтіре отырып, оның түп негізін ашуға тырысты. Ол да қазақтың шығу тегіне келгенде аңызға сүйенді. Еңбектің «Қырғыз-қазақтардың шығу тегі және Қазақ хандығының құрылу тарихы» деп аталған қосымшасында «қазақ-қырғыз» атауына өзіндік тұжырым жасаған. Ол араб, орыс және тағы басқа зерттеушілердің жазғандарын саралай отырып, «қазақ» сөзінің ежелден бері қолданылып келе жатқандығын айқындай көрсетеді. Мәселен, Н.М.Карамзиннің орыс жылнамасында «қазақ» сөзінің ұшырасатындығын, сондай-ақ осындай мәліметтер араб жазушылары Ибн Әл-Варди мен Масудидің еңбектерінде де аталатындығын нақты түрде дәлелдеп берді [4, 32-33 бб.].

Сөйтіп, ол жалпы «қазақ» ежелден келе жатқан атау екендігін, патша үкіметінің отарлық саясаты тұсындағы «қырғыз» болып кемсітіліп, «қазақ» атауын жоққа шығармақ болғандардың әрекеттеріне осылайша дәйекті түрде соққы беруге тырысты.

«Қазақ» атауын қайтару жолында ұлт зиялылары арасында 20 жылдары қазақ мерзімді баспасөзі беттерінде ұлт зиялыларының қазақ пен қырғыз арасындағы айырмашылықтар туралы пікірлері жарияланды. Қазақ атауын қайтару мәселесі қызу талқыға алынған. Еліміздің «Қырғыз» Республикасынан «Қазақ» деп аталуы 1925 жылы 15-19 сәуірде Ақмешітте болған Кеңестердің V съезінде көтеріліп, онда: «Қырғыз халқының тарихи дұрыс атын қалпына келтіру үшін Советтердің Бүкілқазақстандық V съезі: бұдан былайғы жерде қырғыз деген атау қазақ деп аталсын», - деп қаулы етті. Мұнымен бірге съезд Қырғыз Республикасын Қазақ Республикасы деп атауға, ал оның астанасы Ақмешітті Қызылорда деп атау жөнінде шешім қабылдады [5, 286 б.].

ҚАКСР Орталық Атқару Комитеті президиумының 1936 жылғы 9 ақпандағы қаулысы бойынша қазақтар, Қазақстан деген неғұрлым дәл атау қабылданды. Сөйтіп ширек ғасыр бойы «қырғыз» атанып келген халқымыз ұлт зиялыларының, қазақ оқығандарының, қайраткерлерінің өткір талаптарының нәтижесінде тарихи атауымызды қайтарып алды. Ғасырлар бойы орыс бодандығында болып «қырғыз» деп кемсітіліп келген қазақ халқы, егеменді болған 20 жылдың ішінде дүниежүзіне саяси, экономикалық және әлеуметтік жағынан толықтай танылып, Қазақстанның көк байрағын желбіретіп келеді. Тәуелсіздік идеясы мен мұратын егемендік, дербестік, азаттық аясында көтеріп, мемлекетіміздің жарқын болашағы жолына ұстануда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақ» газеті. 1913 жыл. /Құраст.: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А.Замзаева.– Алматы, 2009.
2. Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.). – Алматы, 2011.
3. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы, 2003.
4. Тынышпаев М. Материалы к истории Киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925.
5. Қазақ ССР тарихы. Социализм дәуірі. – Алматы, 1964.

Резюме

Ж.Б.Аширбекова, к.и.н., доцент

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Концепции казахской интеллигенции в возврате звании нации

В статье рассматривается деятельность казахской интеллигенции в первой половине XX в. Проблема взаимоотношений казахской интеллигенции и власти в период становления советской государственности и формирования тоталитарного режима в

СССР. В советской исторической науке рассматриваются политическая деятельность алашской интеллигенции в контексте национально-освободительного движения в дооктябрьский период, роль казахской интеллигенции в так называемой «культурной революции».

Ключевые слова: казах, газета «казах», «кайсак», «кыргыз», народ, республика

Summary

Zh.B.Ashirbekova, *Candidate of History, Associate Professor*
(*c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University*)

Concept of the Kazakh intellectuals to return the title of the nation

The article discusses the activities of the Kazakh intellectuals in the first half of the twentieth century. The problem of the relationship of the Kazakh intellectuals and power in the period of the Soviet state and the formation of the totalitarian regime in the USSR. In Soviet historiography considered political activity Alash intellectuals in the context of the national liberation movement in the pre-October period, the role of the Kazakh intelligentsia in the so-called «cultural revolution».

Keywords: Kazakh, «Kazakh» newspaper, «kaysakov», «Kyrgyz», the people, the republic

ӘОЖ 9(с)55 Ж45

ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДЫ ЖАУЛАП АЛУЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРСЫЛЫҒЫ

Б.Т.Жұбанышов, *т.ғ.к.*

(*Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық
университеті*)

Аңдатпа: Бұл мақалада Черняев пен Веревкин бастаған орыс әскерлерінің Оңтүстік Қазақстанды жаулау үшін жасаған басқыншылық жорықтары рет-ретімен көрсетіледі. Әулиеата, Түркістан, Шымкент сияқты қалаларды аяусыз талқандаған орыс әскерлерінің мейірімсіз, әрі жүгенсіз іс-әрекеттері баяндалған бұл мақалада автор оларға қарсы Сыздық төре сияқты қазақтың біртуар батырларының ерліктерін жан-жақты паш етеді.

Түйін сөздер: Оңтүстік Қазақстан, Черняев, Веревкин, жаулау, патша әскері, қазақтар, шайқас, Шымкент.

Черняев бастаған орыс әскерлері Әулиеатаға қарай жорыққа шыққанда Сырдария шебінен шыққан Веревкин Оңтүстік Қазақстанның «есігі» болып табылатын Түркістанға бағыт алып, 1864 жылы 24 мамырда оған шабуыл жасайды. Бірақ Түркістан қазақтары қолына қару алып орыстарға қарсы жаппай көтеріліп, «ғазауатқа» соғысына шығып, туған жерді қорғауға аттанады. Қаланы қорғаушыларға Кенесарының ұлы Сыздық сұлтан Созак пен Шолаққорған қорғанының қазақтарынан құралған 120 адаммен көмекке келсе, Қарабура шатқалы жақтан Сарымсақ манаптың белсенді ұйымдастыруымен 400-ден аса адам жетсе, Түркістанның бегі Мырзадәулет те қажырлылық танытып, мұсылман жұртын қаланы қорғауға жұмылдырады [1, 202 б.]. Бұхар әмірі де барлық мұсылмандардың қасиетті қаласы Түркістанды қорғандар деп үндеу таратады [2, 202 б.].

Түркістан түбіне жеткен Веревкин қаланың шығыс жақтағы дуалдарының астын кеулеп қазып, жарылғыш оқ-дәрі толтырып, қопаруға бұйрық береді. Алайда Сыздық бастаған қорғанушылардың түнде тұтқиылдан жасаған шабуылы Веревкиннің бұл жоспарын асырмай тастайды. Сыздық бастаған қазақтардың осы ерлігіне қарамастан күші

мықты Веревкиннің әскері бекіністі бірнеше кескілескен шайқастардан кейін ғана 2 маусымда басып алады [2, 169-173 пп]. Сыздық төре бастаған қазақтар болса Түркістан қаласының орыс әскерлеріне төтеп бере алмасын білгендіктен, Ташкент қаласын қорғанысқа дайындау мақсатында бекіністен шығып үлгіреді. Сыздықтың соңынан қуған Савин бастаған орыс әскерлері тосқауылға ұшырап, кейін қайтып кетеді [3, 35 б.].

Осы шайқастардағы жеңіс орыс генералдарының басын айналдырып, оларды Шымкент қаласына жылдам шабуыл жасауға итермелейді. Қаланы қорғауда Сұлтансейіт хан мен молда Әлімқұл ерекше жігерлік көрсетіп, барлық уәлаяттарға бұйрық жіберіп, ислам туы астында күш біріктіруді талап етіп, қазақ пен қырғыз билеушілеріне үндеулер таратады. Хан бұйрығын естіген өңірдегі қазақтар мен қырғыздардан тұратын қарулы әскерлер мен батырлар қалаға топтасып келе бастады [4, 120 б.].

Әулиеата жақтан орыс әскерлерін бастап шыққан Черняев Арыс бойындағы Жақсысу деген жерге келіп тоқтаған соң, төңіректегі халықтың қоқандықтар жағына шығып, өздеріне қарсы тұрғанын байқап, полковник Веревкиннен қосымша әскер жіберуді сұрайды. Веревкин көмекке капитан Мейер бастаған 400 адамдық 3 зеңбірегі, 2 ракеталық станогы бар әскерді Черняевқа аттандырады [4, 122 б.]. Мейер бастаған әскердің көмекке келе жатқанын естіген Әлімқұл оның Черняевпен қосылуына жол бермеуге шешім қабылдап, Мейердің әскерін Шымкентке жақын Ақбұлақ деген мекенде 13 шілде күні күтіп алады. Ақбұлақ түбіндегі шайқас 14 шілде күні таңда басталып екі күнге созылады. Ақбұлақ шайқасында қоқандықтармен бірге қазақ пен қырғыздарда қатысып, қазақтарға Мыңбай, өзбектерге Мырзахмет басқарса, ал бүкіл қоқан әскеріне Әлімқұл қолбасшылық жасаған [5, 30 п.]. Шайқасқа шыққан қоқандықтардың алғашқы шабуылын Мыңбайдың қарамағындағы әскерлер бастап, кейін оған Мырзадәулеттің ташкенттіктері, соңынан Мырзахмет күшбегінің қолы қосылған. Оларды Марғилан, Қоқан, Әндіжан, Наманган нөкерлері қолдаған [6, 132 б.].

Ақбұлақ шайқасына қатысқан Сыздықтың көзсіз ерлігін А.Кенесарин былайша суреттеп жазды: «Ту ұстаған Сыздық сұлтан жігіттерін өзі бастап жүз қадам жерге келгенде орыстар үш жүз мылтықтан оқ жаудырды. Біріне бірі тығылып келе жатқан жігіттердің алдыңғылары жаппай құлады, кейінгілері үрейлері ұшып, жерге жата қалды. Он мың адамның біреуі басын көтеруге жарамады. Тек Сыздық сұлтан ту ұстаған күйі, солдаттардан жүз қадам жерде, бір сағаттай тік тұрды. Солдаттар оны өршелене атқанда тудың шүберегі шұрқ-шұрқ тесіліп, сау жері қалмаған еді. Бірақ Сыздықты құдай сақтады. Бір сағаттан кейін Әлімқұл молда адам жіберіп, оны кейін шақырып алды. Сыздық кейін қайтқанда, жер бауырлап жатқан жігіттердің бәрі бастарын көтеріп, онымен бірге қайтты. Осы ұрыста мың адам қаза тапты, олардың өліктері кешке дейін жинап алынды [7, 25 б.].

Шайқастың басында Әлімқұл жауға қарсы жаяу әскерін жібереді. Алайда орыстар олардың шабуылын тойтарғаннан кейін Әлімқұл зеңбіректерден оқ атуға бұйырады [8, 345 б.]. Сол кезде орыстар зеңбірек оқтарынан қорғану үшін оқ тиіп өлген түйелер мен аттардың, тіпті өлген жауынгерлерінің өліктерін үйіп қойып бас сауғалайды [9, 62-63 бб.]. Мейердің өзі мойындағанындай, «Сырдария шебінің орыс әскерлері мұндай қуатты қарсыласты әлі кездестірмеген еді» [9, 63 б.]. Талқандалу алдында тұрғанын түсінген Мейер 15 шілде күні Черняевтан көмекке әскер сұрап үлгіреді. Мейердің қиын жағдайда қалғанын естіген Черняев жәрдемге старшина Катанаев бастаған 2 зеңбірегі бар 125 әскерді аттандырады. Көмекке ұмтылған Катанаевтың әскері де Бөріжар өзенінің бойында қоршауда қалады. Дегенмен, Черняев Катанаевтың әскерін зеңбіректердің күшімен құтқарады. Ал, Мейер бастаған әскердің қалдығын подполковник Лерхенің әскері аман алып қалады [10, 17 б.].

Бұл сәтсіздіктер Черняевқа уақыт ұту үшін қоқандықтармен уақытша бітімге келуге мәжбүрлеп, «Әлімқұлға бүкіл Түркістан уәлаятын түгел қайтарып беруге уәде етіп, өз қосындарына қайтып кетеді» [4, 122 б.]. Орыс әскерлері Шымкенттің түбінен қайтқан соң, Сұлтансейіт хан мен Әлімқұл бастаған қоқандықтар мен қазақтар және өздерінің жеңісін

аспанға зеңбіректен оқ атып, сырнайлатып атап өткеннен кейін Әлімқұл 2 мың әскерді Ташкент пен Шымкенттің қорғанысын қайта қалпына келтіруге қалдырады да, өзі Қоқанға қайтады [2, 183-189 pp.].

Осылайша Шымкентті қорғауға қатысқан жергілікті қазақтар қоқандық қазақ қыпшақтарымен қоян-қолтық бірлесе отырып, әскери күш қуаты жағынан жоғары тұрған жау әскерімен шайқасқа түсіп, өз қаласын сақтап қалады. Қаланы қорғаушы қазақтардың ішінен сіргелі рулық бірлестігі мен құрама құрамындағы қазақтар ерекше көзге түскен [11, 378 б.]. Сонымен қатар қазақтардың келесі бір қарсылық түрі орыстарға және олардың аттарына азық-түлік пен жем-шөп бермеу мақсатында ұрыс қимылдары болып жатқан жерден алысқа көшіп кетті. Яғни, Жөлек пен Қаратау жотасынан кеткен рулардың көп болғаны соншалықты «Түркістанның төңірегі мүлдем қаңырап бос қалды» [11, 378 б.].

Шымкент түбінде жеңіске жеткен Қоқан ханы Сұлтансейіт шайқаста ерекше белсенділігімен көзге түскен әскербасылардың лауазымдарын көтереді. Мәселен, Мырзахметке паруанашы лауазымын берсе, ал Сыздық Кенесарыұлын пансаттықтан көтеріп, шайқас кезінде қаза тапқан Мыңбай датқаның орнына мыңбасы етіп тағайындайды. Сонымен қатар Шымкентті қорғауда Сыздық төремен қатарласып ержүректілік танытқан Жалайыр Бекбау датқа, Арыстанбек төре Күшікұлы және тағы басқа да қазақтарға мол сыйлықтар таратады (Махаеваға сілтеме).

Шымкенттен Әулиеатаға қайтқан Черняев қоқандықтарға жәрдем беріп, орыс пошталарын талқандаумен айналысқан Ұлы жүздің руларын «тәртіпке» салу және өзіне қажетті мәлімет жинау мақсатында Арыстың оң жағалауын бойлай жоғары қарай жүреді [12, 159 б.]. Әулиеатаға жеткен кезде Черняевқа Қоқан хандығында өзара тайталастар қайтадан басталғанын және Қоқан хандығының белгілі бір бөлігіне дәмәткен Бұқар хандығы Ресей империясынан келіп тұрған қауіпке қарамастан Ферғана аңғарына басып кіргенін естіген Әлімқұл бұхаралықтардың шабуылын тойтаруды ойлап, Шымкентті қорғауды Ташкенттің беклербегі Мырзахмет пен парванашы Нұрмұхамедке тапсырып, өзі қыпшақтарды алып, Ташкентке қарай бағыт алғаны туралы мәлімет жетеді. Сол кезде ол Әлімқұлдың жоқтығын пайдаланып, қоқандықтармен жасалған келісімді опасыздықпен бұзады және өз қимылдарын Петербургпен, тіпті Омбы немесе Орынбор әкімшілігінің келісімін алмастан подполковник Лерхеге төрт рота жаяу әскер, казактардың жүздігімен Шымкентке аттануға бұйрық береді де, өзі 12 қыркүйекте Түркістаннан алты жарым рота жаяу әскер мен жүз елу казакты алып шұғыл түрде сол бағытқа қарай жолға шығады да, 19 қыркүйекте екі бағыттан келген орыстың әскерлері Шымкентке жақын жерде кездеседі. Шешуші шайқасқа шықпас бұрын ол Шымкенттің қарсы алдындағы Тассай деген шағын бекіністі басып алады да оған батареяларды орнатады да, 20 қыркүйекте таң ата Шымкентті зеңбірекпен атқылауға көшеді. Орыстардың атқылауына қарсы қорғанушылар зеңбіректің оғымен жауап береді. Кезінде Шымкентті қорғауға белсене қатысқан қазақ Қалибай Мәмбетовтің еске алуына қарағанда орыс әскерлерінің дайындық шараларына Шымкент сарбаздары «әскери айқаймен зеңбіректен, қару-жарақтан атқылай бастады, бірақ бәрін шаң көміп кетті. Дінсіздер оларға жауап ретінде қаланы мортирден атқылауды бастады» [2, 27 п.].

22 қыркүйекте Черняев әскерін үш канаттан шабуылға шығарады да, Шымкентке басып кіреді. Шымкентті қорғау кезінде қоқандықтар жағынан 3170-тен аса адам қазаға ұшырайды [13, 82 б.]. Алдыңғы шайқаста шымкенттіктерден естен кетпес соққы алған орыс әскерлері қала халқына қатыгез зорлық-зомбылық көрсетіп, аяусыз тонады, әсіресе, әйелдер мен балаларды қырып жойды, оларға оқты шығындамас үшін тұншықтырып, я болмаса бауыздап өлтірді [9, 82 б.]. Орыс әскерлерінің жыртқыш айуанға айналғанын полковник Лерхе мен басқа да соғысқа қатысқан орыс офицерлерінің естеліктері растап, онда шабуылдан кейінгі қаланың жағдайы қорқынышты күйде суреттеледі: «Бекініс қақпасының биіктігінің жартысы жараланғандармен толған. Осы түні артиллериялық атқылаудың нәтижесінде көрші арыққа қан жылға болып құйылады, қоқандықтар

басқалар білмес үшін өздерінің қызыл киімдерін тастап, қаладан қашты. Өршеленген орыс солдаттары бүкіл қаланы найзамен аралап шықты» [14, 255 б.].

Шымкентті ойрандаған Черняев әскері шайқас кезінде орыс әскерлеріне жем-шөп пен түйе беруден бас тартқаны үшін Сайрам қаласындағы қазақтар да қырғынға ұшырату үшін оған бас салады. Орыс әскерлерінің шығынын азайтуды ойлаған Черняев шабуыл кезінде аманат ретінде жорыққа алынған Сұраншы батыр, Сарыбай би, Жайнақ би секілді қазақтар мен қырғыздарды алдыңғы қатарға жібереді. Шабуылға шыққан қазақтардың көпшілігі оққа ұшады немесе ауыр жараланады. Қаза тапқан қазақтардың ішінде Сұраншы батыр болса, Сарыбай би сияқты көптеген қазақтар ауыр жараланады [15, 4 п.].

Екі сағаттық артиллериялық атқылаудан кейін басып алынған қала талқандалып, тұрғындардың 50-і қаза болып, үшеуі жарақаттанған [16, 291 б.]. Осылайша, Шымкентке көмек бермек болған Сайрам қазақтары да жазаланды. Черняевтің Шымкентті алуы патша үкіметінде Орталық Азияға қатысты әскери және саяси шаралар бойынша қарама-қайшылықты күшейтеді. Халықаралық жағдайдың шиелінісуін ескерген А.М.Горчаков 1864 жылы қарашада Сыртқы істер министрлігімен бірігіп патшаға Орталық Азиядағы қимылдардың нақты бағдарламасын көрсеткен арнайы баяндаманы дайындап, онда патша үкіметінің экспансиялық саясатын Ресейге бағынышты территориядағы көшпенділердің шапқыншылықтарынан елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған «қорғаныс» бағытында көрсетіліп, басып алынған аймақта Ресей позициясын күшейту қажеттілігі, алдағы шапқыншылықтардан бас тарту, Орталық Азия билеушілермен адал қатынасты сақтауға және оларға орыстар жағынан «ықпалдастықты» күшейту бағыттары айқындалады. 1864 жылғы 21 қарашада Орта Азиялық мәселе бойынша үкіметтік бағдарламаны патша бекітеді. Алайда Орынбор мен Омбыдағы патша әкімшіліктеріндегі әскери топтар Петербург кабинетінің үнсіз келісуімен бірнеше рет бұл бағдарламаны бұзып отырады [17, 45 п.].

Яғни, Қоқандықтарды қулықпен алдап-соғып өз мақсатына жеткен Черняев Бұхар мен Қоқан арасындағы қайшылықтардың шиеленісуін пайдалана отырып, 1864 жылы 1 қазанда Ташкентке шабуыл жасайды да, ауыр шығынға ұшырап Шымкентке қайтады [18, 145 б.]. Черняевтың Ташкентті ала алмай Шымкентке кеткенін пайдаланған Әлімқұл әскерін бастап орыс әскері аз Түркістанға жол тартып, 1864 жылы 4-6 желтоқсанда Иқан түбінде шайқасқа кіреді.

Иқан түбіндегі шайқастың қалай болғанын А.Кенесарин былай деп баяндайды: «Әлімқұл молда ... Ташкенде біраз күн болғаннан кейін әскер басыларын жинап, қазіргі жағдай жайында мәслихат құрғанда олардың бәрі де қыста ештеңе істеуге болмайды, қазір Қоқанға қайтып, жаз шыққан соң ғана аттану керек дегенді айтты. Тек Сыздық сұлтан ғана: «осыншама шығындалып, дайындалып мынадай көп әскерді алып келгеннен кейін орыстармен ұрыспай жатып, шегінуіміздің ешбір лайығы жоқ. Шымкентке беттемесек те Түркістанға барайық, естуімізге қарағанда, онда әскер аз көрінеді. Түркістанды алсақ алдық, алмаған күнде абыройсыз болмаймыз» деді. Оның осы ақылы Әлімқұлға да ұнады» [7, 26-27 бб.].

Иқан түбіндегі шайқаста Әлімқұлдың әскері есаул Серов бастаған 200 орыс әскерін қоршауға алады. «Иқан шайқасында орыстардың шығыны өте көп болды. Ауыр жарақат алғандар мен өлгендер жолда қалды. Отрядтың көзінше қоқандықтар олардың басын қылышпен шауып тастап жатты және қарулары мен оқтарын алды» – деп есіне алады есаул Серов [9, 83 б.]. Бірақ қоршауда қалған Серов әскеріне 6 желтоқсан күні Түркістаннан көмекке 300 адамдық әскері жолға шығады. Сол кезде орыстарға қосымша көмек жетсе жағдайдың мүшкілге айналады деп дағдарып тұрған Әлімқұлды көрген Сыздық сұлтан «Сіз осы әскеріңізбен мына орыстармен соғыса беріңіз, мен өз жігіттеріммен келе жатқан жаудың алдынан шығып, оларды бері жібермей, бөгейін» дейді [7, 27-28 бб.].

2 зеңбірек 220 адамы бар подпоручик Сукорко мен Степанов бастаған әскерді Сыздық сұлтан Түркістан жолындағы Сасықбұлақ деген жерде қарсы алып, орыс әскерімен жазық алаңда соғысу мүмкін еместігін біліп, атыса жүріп, Иқан жолымен шегінеді. Орыс әскерлерін адастырып, із жасырып үлгерген Сыздық сұлтан қайта Әлімқұлға жәрдем беруге келеді де, оған бекініп алған орыс әскерлеріне әкесі Кенесары сияқты қамыс пен жусаннан оқ өтпейтіндей қалың етіп буып, бау жасауды және сол бауды қалқа қылып, домалатып арқылы жақындауды ұсынады. Сыздықтың айласын жүзеге асырған Әлімқұл орыстарды ұрыс алаңын тастап, өлгендер мен жаралыларына қарамай, қашып шығуға мәжбүр етеді. Бұл шайқастан Серов 30 шақты ғана адамын аман алып шығады.

«Орыстар көп өлді, мұсылмандар да көп шейіт болды. Ақыры бауды домалатып жүгірді, – деп әңгімелейді Иқан шайқасы жөнінде Мирзоолим Мушриф, – Орыстың зеңбірегі мен мылтығының оғы баудан өтпеді. Жақын барып, «Аллаху акбар» деп орға кіріп, қоян-қолтық араласып, ұрыс салды. Қырғыздар қатты айқасты. Ұрыс кезінде байқатпай, бірнеше орыс қашып шығып кетті. Олардың соңдарына түскен батырлар қуалап, Түркістанға дейін барды [19, 71 б.]. Осылайша, Әлімқұл молда мен Сыздық сұлтан бастаған қоқан әскерлері Иқан шайқасында ерліктің тамаша үлгісін көрсетіп, басқыншыларына қарсы жан аямай күресті.

Черняевтың Ташкентке жасаған екінші жорығы 1865 жылы көктемде басталады. Әлімқұл молда қаланы қорғау кезінде ауыр жараланып, қаза табады да, қаланы қорғаудың басшылығын Сыздық сұлтан алады. Дегенмен қала қорғаушыларының жаңқиярлық ерлігіне қарамастан, үш күндік шайқастан кейін орыстар 1865 жылдың мамырында Ташкент қаласын алып, оны Ресей империясына қосады [20, 195 б.]. Сол жылы жасалған бейбіт келісімге сәйкес Қоқан ханы өз иелігінің біраз бөлігін соның ішінде Оңтүстік Қазақстанды Ресей империясының иелігіне береді. Генерал Черняев пен полковник Веревкиннің сәті түскен әскери жорықтары қазақ даласын Ресейге қосып алуды аяқтап, Орынбор мен Сырдария шептері қосылды. Шымкент пен Ташкенттің алынуы Қазақстан мен Орталық Азиядағы саяси жағдайды түп тамырымен өзгертіп, Ресей империясының пайдасына шешеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Махаева А.Ш. Қазақ - қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғ. екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі): тарих ғыл. докт. диссер. – Алматы, 2009. – 310 б.
2. ӨРОММ. 715-қ., 1-т., 28-іс.
3. Черняев М.А. Султаны Кенесары и Сыздық // Русский Вестник. – №8. – 1889. – С. 15-45.
4. Аваз Мухаммад Аттор Хуқандий. Тарихи Жахоннамои // Шарқ юлдузи. – 1991. – № 8. – 119-141 б.
5. РФМӘӨМ, 118-қ., 1-т., 33-іс. – 155 п.
6. Дәдебаев Ж. Жауғаш батыр // Алматы ақшамы. – 2000. – 19, 26 сәуір.
7. Кенесарыұлы А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – Алматы: Жалын, 1992. – 48б.
8. Бартольд В.В. Туземец о русском завоевании // Собр. соч.: в 9 т. – М.: Наука, 1964. – Т.2. – Ч. 2. – С. 324-358.
9. Перечень событий на Сыр-Дарьинской линии, со времени ее учреждения по 1860 г. // Русский Туркестан / под ред. В.Н. Троцкого. – СПб.: Тип. товарищества «Общественная польза», 1872. – Вып.3. – 246 с.
10. Илхамов З.А. Аликули Амирлашкар и его место в политической истории Кокандского ханства: автореф. ... канд. истор. наук. – Ташкент, 2004. – 23 с.
11. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін).- Алматы: Атамұра, Т.3. 2002. – 768 б.

12. Тилеукулов С., Утепбергенова У. К истории присоединения Чимкента к России // Ученые записки госпединститута им. Низами. – Ташкент, 1960. – Вып. 23. – Ч. 3. – С. 159-170.
13. Наливкин В. Краткая история Кокандского ханства. – Казань: Тип. императорского университета, 1886. – 216 с.
14. Киняпин А.С., Блиев М.М., Дегаев В.В. Кавказ и Средняя Азия во внешней политике России. – Москва: МГУ, 1984. – 328 с.
15. РФОММ. 366-қ., 1-т., 268-іс.
16. Шахматов В.Ф. Освободительное восстание казахов против Кокандского феодального гнета // Вестник АН Каз.ССР. – №10. – 1949. – С. 215-225.
17. ҚРОММ, 39-қор, 1-тізбе, 12-іс
18. Зиёев Х. Туркистонда Россия тажовузи ва хукмронлигига қарши қураш (XVIII – XX аср бошлари). – Тошкент: Шарқ, 1998. – 478 б.
19. Мирзоолим Мушриф. Ансоби ус-салотин ва таворих ул-хавоқин (Қуқон хонлиги тарихи). – Тошкент: Гафур Гулом номидаги Адабиёт ва санъат нашриёти. – 1995. – 128 б.
20. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. /Сборник документов и материалов. (Сост. Ф.Н.Киреев, В.Я.Басин, Т.Ж.Шоинбаев, К.Ж.Жунисбаев, В.С.Мусаева). – Алматы: Наука, 1964. – 575 с.

Резюме

Б.Т.Жұбанышов, к.и.н.,

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Царизм в Южном Казахстане

Статья посвящена вопросу завоевания царизмом Южного Казахстана и его роли в жизни местного населения. Роль Черныяева и Веревкина в завоевании Южного Казахстана. Черныяев двинулся на Чимкент. Наступление велось с двух сторон: из Туркестана под командованием самого Черныяева и из Аулие-Аты под командованием подполковника Лерхе. 22 сентября 1864 г. Чимкент был захвачен.

Ключевые слова: Южный Казахстан, Черныяев, Веревкин, завоевание, царизм, Шымкент

Summary

B.T. Zhubanyshov, Candidate of Historical Sciences,

(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Imperial in South Kazakhstan

The article is devoted to tsarist conquest of South Kazakhstan and its role in the life of the local population. Role Chernyaeva Verevkin and in the conquest of southern Kazakhstan. Chernyaev moved to Shymkent. The attack was carried out from two sides: from Turkestan under the command of Chernyaeva and of Aulie-Ata under the command of Lieutenant Colonel Lerche. September 22, 1864 Shymkent was captured.

Keywords: South Kazakhstan, Chernyaev, Verevkin conquest, the tsarist government, Shymkent

ӘОЖ 9(С)55 Қ 44

ҚЫПШАҚ ТАЙПАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІ

Ж.Қ.Мухамедиева, мұғалім
Қазақстан, Алматы облысы,

*Талғар ауданы, Белбұлақ ауылы,
№10 мектеп*

Аңдатпа: Мақалада қыпшақ тайпасының мәдениеті мен өнері қарастырылған. Қыпшақтардың негізгі кәсібі, көші-қоны, бет-бейнесі, мекендеген аймағы, жалпы өркениетке қосқан үлесі мәселелері қарастырылған. Қазіргі кезде тарихшы-ғалымдардың алдында тереңдей зерттеуді қажет ететін күрделі де қызғылықты мәселелердің ішіндегі ең маңыздысы – бір кезде жер бетінен «жойылып кеткен» халықтар тарихы. Олардың тұрмыс тіршілігі, көші-қоны, бет-бейнесі, бүкіл тарихы әлі күнге дейін зерделі түрде зерттелінбей келеді.

Түйін сөздер: қыпшақтар, көшпенді, тас мүсін, әшекей бұйымдар, Тәңір, Ұмай ана.

Қазіргі кезде тарихшы-ғалымдардың алдында тереңдей зерттеуді қажет ететін күрделі де қызғылықты мәселелердің ішіндегі ең маңыздысы – бір кезде жер бетінен «жойылып кеткен» халықтар тарихы. Олардың тұрмыс тіршілігі, көші-қоны, бет-бейнесі, бүкіл тарихы әлі күнге дейін зерделі түрде зерттелінбей келеді. Әлбетте, жер қойнауына жете үңіле білетін археология мамандары өздері қазба жұмыстарын жүргізген ескілікті елді мекендердің қоныстарынан, оба-қорғандар мен кесенелерден табылған көптеген «ұсақ-түйек» жебе, сауыт, қалқандар т.б. заттардың мол қоры арқылы олардың өмір тарихын қайтадан қалпына келтіруге тырысады. Алайда, өздерінің құдіретті күшімен тіпті, европалық мемлекеттердің зәре құтын алған «көшпенділер империясы» атанған көптеген ұлыстардың одақтары тарихи шежірелер мен географиялық жазбаларда болмаса артына қанды жорық іздерінен басқа ешқандай археологиялық белгілер қалдырмаған.

Сондықтан да археологтар бұл халықтар жайында сақталған әрбір ұсақ-түйек мәліметтерді көркем ойдан шығарылған аңыз-әңгімелермен салыстыра отырып, шындық елегінен өткізеді. Осындай халықтардың бірі – қыпшақтар. Қыпшақтардың материалдық мәдениетіне тоқталатын болсақ, қыпшақтардың кәсіптік өндірісі негізінен мал өнімдерін өңдеу мен шаруашылықта тұрмыстық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған болатын. Мәселен, арбаны жасау үшін белгілі бір өндірістік өнім қажет етілді. Ал бұл қыпшақтарда кәсіпшіліктің, атап айтқанда, ағаш өңдеу кәсібінің дамығандығын көрсетеді. Халық ағаш арбаның бөлшектерін жасаудан басқа, киіз үйдің ағаш бөлшектерін (кереге, уық, есіктер) дайындаумен, ер тоқымдардың ағаш бөлшектерін, ыдыстардың бір сыпыра бөлігін, қымыз құюға арналған ожау, ет тағамдарына арналған ыдыстар мен ағаш кеселерді жасаумен айналысқан.

Негізгі кәсіптік, өндіріс мал шаруашылығы өнімдерінен жасалған бұйымдарды өндіру және өңдеумен байланысты болды. Бұл арқандар, қайыс бұйымдар, жүннен жасалған бұйымдар, маталар. Тері мен жүннен киімдер (тондар, баскиім, малақай), аяқ киім, түрлі ыдыстар жасалынатын. Оңтүстік қазақтардың отырықшы-егіншілік оазистері халықтарына жақын орналасқан қыпшақтарға керамикалық ыдыс жасау өндірісінің техникасы мәлім болуы мүмкін. Қазба жұмыстары нәтижесінде табылған бай ат жасақтары мен қарулары (үзеңгі, ауыздық т.б.), сонымен қатар тұрмыстық сипаттағы металл бұйымдары қыпшақтарда металл өңдеу және темір рудасын өндіру дәстүрінің болғандығы дау туғызбайды.

А.Х.Марғұлан осыған байланысты былай жазған: Орталық Қазақстанда сол кездегі бірнеше ежелгі кен орындары сақталған. Оларға Шығыс-Қарқаралы ауданының өңдеу орындары, атап айтқанда Кентөбе, Кенқазған, Қарашошақ, Қарасы, Жалпақ, Қарашұңқыр жатады. Дешті Қыпшақтың осы және басқа жерлерінде тау ісіне маманданған қыпшақ тайпаларының өкілдері темір рудасын өндіруі әбден мүмкін. Шығыс-Қарқаралы ауданында темір өндіру бойынша аймақтардың бірі Темірші таулары болды. Темір ұсталары барлығын ағаш өңдейтін және басқа арнайы құралдардан бастап ат жасақтарының, қарулардың ұсақ заттарына дейін өндірді. Мәселен, IX ғасырда автор әл-Джахиз былай айтқан: «Олар қару, садақтар, ер-тоқымдар, найзалар өндіреді».

Қыпшақтардың арасында арнайы қару – жарак ұсталарының болуы туралы Дешті Қыпшақ тұрғындары мен қолданылатын, ерте ғасырлардағы араб-қыпшақ сөздіктерінде сақталған терминдер дәлел болады: йачи-садақшы, окчы-оқ дайындайтын ұста, сунучи-найза дайындайтын адам. Кәсіпшіліктің кейбір түрлері мұрагерлік жолымен беріліп отырды. Белгілі уақыт аралығында, моңғол шапқыншылығына дейін қыпшақтар мекендеген далаларда тас жасау ұсталары жұмыс істеуі мүмкін.

Қазылған қабірлерден алынған археологиялық олжалар қыпшақ тайпалары материалдық мәдениетінің кейбір ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді. Қабірлердегі құрал – саймандар қару, ат әбзелдері, тұрмыстық мақсаттағы заттар болып табылады. Сонымен қатар қабірлердегі қару-жарак заттары ішінде бәрінен де жебелердің ұштары жиі кездеседі. Аттың ер-тұрман әбзелдерінен темір ауыздықтар, үзеңгілер, әшекейленген жүгендер кездеседі. Қыпшақтарда кілем жасау кәсібі жақсы дамыған. Қыпшақтар түрлі тоқыма және жүннен дайындалған кілемдер жасаған. Оларды дайындау техникасына, бояу таңдау түріне бірнеше топқа бөлуге болады. Олар жүннен текемет, сырмақ, түскііз тәрізді кілемдер жасаған. Текемет жасау үшін жартылай дайын ақ жүнге ылғал боялған жүннен оюлар салынады. Содан кейін жүнді орап, оны алдымен білекпен илейді және де ұзарту, булау процесі жүреді. Қыпшақтардың кілем жасау мәдениеті тек қазақтарда ғана емес, сонымен қатар, ноғай, черкес, кумык сияқты Солтүстік Кавказ халықтарында сақталып қалған. Қыпшақтардың тас қашау өнерінің өкілдері бұл тұста шеберліктің шыңына шықты. Олар алып ескерткіштер жасай алды, адамдардың бет-бейнесін өте дәл кескіндей білді. Қыпшақ ескерткіштерінің осы дәстүрлі көрінісін саяхатшы-монах Вильгельм Рубрук: «Кумандар қайтыс болған адамдардың қабіріне құмнан төбешік жасайды, жүзі шығысқа қаратылған, кіндік тұсына қос қолымен әрең ұстап тұрған құлыптас орнатады» деп суреттеген еді. Шеберханалар, сірә, ашық аспан астында, ескерткіш-құлыптас жасауға қажетті нәрселерді алуға ыңғайлы жерлерге жақын орналастырылған. Осы жерлерден құмтастар, қызыл гранит, қатпар тастар қиылып алынып, ескерткіштер жасалынған. Қыпшақтардың тілі мен жазу өнерінде қыпшақ бірлестігі дәуірінде қыпшақ хандары Ертіс өзенінен Дон өзеніне дейінгі, Орал тауынан Қара теңізіне дейінгі кең өңірде жасаған түркі тілдес тайпалардың басын біріктірді. Қыпшақ тайпалары Европаға, Кіші Азияға, тіпті Египетке дейін жайылды. Көп өңірлерде қыпшақтар әскери-әкімшілік билікті қолына алып, үстемдік жүргізді. Осы жағдайға байланысты, жоғарыда айтылған өңірлерде қыпшақ әдеби тілі қалыптасты және дамыды.

Зерттеуші Машковтың айтуына қарағанда, бұл дәуірде қыпшақ тілі батыс Европа жиһанкездері мен шығыста зерттеушілер үшін халықаралық тіл болып есептелді. Европалықтар, арабтар, парсылар, т.б. халықтар қыпшақ тілін үйренуге, зерттеуге атсалысты. Қыпшақтар арасынан тіл ғалымдары шықты, қыпшақ тілі ғылымы, әсіресе, сөздік ғылымы қарыштап дамыды. Қыпшақ тілінің грамматикасы, қыпшақ тілін үйретудің жан-жақты тіл құралдары, қыпшақ тілімен басқа тілдерді салыстырған қыруар сөздіктер жасалды. Олардың бірсыпырасы талай ғасырды басынан кешіре отырып, «балдан қалған сарқыттай» біздің заманымызға жетті. Олардың бастылары: «Мұқадима тұл әдәп» (Әдебиетке кіріспе), авторы Әл-Замақшари, XII ғасырда жазылған арабша-парсыша, түрікше-моңғолша сөздік; «Таржуман түркі уа араби» (Түрікше-арапша аударма сөздік), 1245 жылы жазып аяқтаған, авторы белгісіз, «Китабул – идрак лилиса-нұл-артак» (Түркі тілінің түсіндірме сөздігі), авторы Жамалидин Мұхаммед Абдулла ат түркі. Бұл сөздіктердегі «Түркі тілі», «Түрікше» деген сөздер қыпшақ тілі деген сөздің баламасы еді.

Жоғарыдағы көне мәдениет куәліктері қыпшақтардың тіл-әдебиеті мен өз заманындағы өркендеу деңгейінен дерек береді. Алтын орда дәуірінде қыпшақ тілі Алтын орданың әдеби тілі болды. Алтын орда хандырының жарлықтары және көптеген әдеби шығармалар осы қыпшақ әдеби тілінде жазылды. Қыпшақ әдеби тілі қазіргі қазақ тілінің түп-төркіні, яғни, көне қазақ тілі болып табылады. Осы заманғы қазақ тілі көне қыпшақ тілінің дамуы негізінде қалыптасты.

Қыпшақ хандығының рухани мәдениетіне діні, салт-дәстүрі жатады. Қыпшақтардың көшпелі қоғамының экономикалық және саяси құрылымының спецификасы рухани мәдениетке, дүниетанымына және идеологиясына әсер етті. Дешті Қыпшақта, оның шығыс бөлігінде де, батыс бөлігінде де діннің ең көп тарағаны «шаманизм» діні болып табылды. Бұл діннің элементтері тас мүсіндерге табынуда, табиғат күштеріне, аспан (тәңір), күн, отқа табынуда құдай деп есептелінді. Қыпшақтардың көшіп-қонып жүрген далалы жерлердің барлығында адамдарды бейнелейтіні - тас мүсіндер. Көптеген пікірталастардан кейін, Н.И.Веселовскийдің пікірінше мүсіндердің үлкен бөлігі қыпшақтардікі деген пікір айтқан. Сонымен қатар, қыпшақтарда әйел құдайы – Ұмай ана болды. Ұмай ананы от басын сақтайтын, ұрпақ сақтаушы деп таныды. Ұмай анадан басқа қыпшақтар жұлдыздарға табынып, аспан әсеріне сенген. Ибн ал-Асирдің дәлелдеуінше, қыпшақтар шығыста күнге табынады. Басқа да түркі тілдес халықтары сияқты қыпшақтар да жоғары құдай деп Тәңірді таныды. Тас мүсіндерге табыну, аспанды (тәңірді) құрметтеу, сонымен қатар басқа да табиғат құбылыстарына (тау, өзен, көл, орман) табыну осының бәрі қыпшақ тайпаларының дінінің негізгі формасы ретінде пұтқа табынушылық болғанын көрсетеді. Осылайша, қыпшақтардың діни нанымдары шаманизм негізінде болған. Ал тотемистік нанымдарға келетін болсақ, қыпшақтарда басты тотем көк бөрі болып табылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гумилев.Л. Көне түріктер. – Алматы, 1994 .
2. Кляшторный.С.Г., Султанов.Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алматы, 1992.
3. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и-Рашиди. – Алматы, 1999.
4. Мусин.Ч. Қазақстан тарихы. – Алматы, 2005.
5. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы, 1994.

Резюме

Ж.К.Мухамедиева, преподаватель

(Алматы обл, Талгарский район, село Белбулак, школа №10)

Культура и искусство племен кипчаков

В статье рассматриваются культура и искусство племен кипчаков. Кипчаки обладали мощными по тем временам военными силами. Их основу составляла мобильная легкая и тяжелая конница, вооруженная луками, саблями, копьями, шлемами и легкими доспехами. Половецкие отряды активно использовали тактику засад, стремительных и внезапных конных набегов, глубокого вторжения в тыл противника с целью его окружения. Находясь в обороне, окружали свои стоянки повозками.

Ключевые слова: кипчаки, кочевые, камень, памятник, Тенгри, Умай ана

Summary

Zh.K.Mukhamedieva, teacher

(Almaty region, Talgar district, Belbulak village, school №10)

Culture and art Kipchak tribes

The article deals with culture and art of Kipchak tribes. The Kipchaks had powerful at that time the military forces. They are based on the mobile light and heavy cavalry, armed with bows, swords, lances, helmets and light armor. Polovtsian troops actively used the tactics of ambush, rapid and sudden cavalry raids, incursions deep behind enemy lines with a view to its environment. Being on the defensive, surrounded by parking their carts.

Keywords: Kipchaks, nomadic, stone, monument, Tengri Umai ana

ӘӨК 796.50

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

*Д.К.Жақсыбекова, аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ
мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада Қазақстанда туризмнің даму жолдары қарастырылған. Туризмнің дамуы көлік, сауда, коммуналдық және тұрмыстық қызмет, мәдениет, денсаулық, ақпарат салаларымен тығыз байланысты. Туризм географиясы ғылым ретінде экономикалық және әлеуметтік географияның бір саласы болып есептеледі. Зерттеу объектісі-рекреациялық-туристік жүйелер, ал зерттеу тақырыбы-туризмнің территориялық ұйымдастырылуын, яғни туризмнің территориялық жүйелерінің дамуы мен орналасуын зерттейді. Туризм географиясын кешенді зерттеулеріне табиғаттық, экономикалық-әлеуметтік және техникалық ұйымдастыру мен басқару кіреді.

Түйін сөздер: туризм, бизнес-тур, қорық, ескерткіштер.

Осыған байланысты туризм үш емдеу (санаториялық-курорттық), денсаулықты түзеу және спорттық пен танымдық бағыттарда дамиды. Туризм географиясы - белгілі бір территорияның туризмге қолайлылығы, сол территорияның шаруашылық кешені құрылымына туризмнің ықпалы, туризмнің дамуы және орналасуына байланысты территориялық өзгерістерді зерттейді. Туризмнің дамуы көлік, сауда, коммуналдық және тұрмыстық қызмет, мәдениет, денсаулық, ақпарат салаларымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының «Туризм туралы» Заңына сәйкес (тамыз, 2001 жыл) туризмдік қызмет атқаруға туристік сапарлар мен саяхаттар ұйымдастыру, әр түрлі туристік қызмет атқару, туристік тауарлар шығару және өткізу жатады. Осыған байланысты ұлттық туризмді мемлекеттік басқаруда мынадай мақсаттар қойылған:

- туризмді дамытуда бірыңғай саясатты іске асыру;
- туризмнің материалдық және ғылыми-техникалық базасын құру;
- сыртқы экономикалық және коммерциялық байланыстарды жүзеге асыру;
- туризмнің мемлекеттік немесе жеке меншіктік түріне қарамай, барлық туристік ұйымдардың жұмыстарын қолдап, ретке келтіру;
- туризм саласына мамандар дайындау, мамандардың біліктілігін арттыру;

1993 жылы Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік туристік ұйымның мүшесі болды, 1993 жылы ҚР туризмін дамытудың ұлттық бағдарламасы қабылданып, мұнда 12 басымдық туристік аймақтардың даму жоспары жасалынды. Бұл тұрғыдан Қазақстанда туризмді экономиканың дамыған саласына айналдыруға барлық мүмкіндіктер бар.

Туризм – экономиканың басым салаларының бірі. Туризмнен түсетін табыс мұнайдың кірісінен кейінгі екінші орында. Туризм – демалысты, бос уақытты өткізу, спорт, мәдени-танымдылық және табиғат пен қатынасты сипаттайтын осы заманғы экономика инфрақұрылымы салаларының бірі. Келу және шығу туризмінің дамуы туристік қызмет саласындағы ең маңызды мәселе болып табылады. Бүгінгі таңда, келу туризмін ынталандыру мақсатында туристік қызметті экспорттаумен айналысатын фирмалар мен ұйымдар ҚҚС-ты төлеуден босатылған, сондай-ақ арнайы экономикасы тұрақты мемлекеттердің туристеріне визалық рәсімдерді жеңілдету бойынша жұмыс жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы №231 Жарлығымен Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Аталған Бағдарламаның негізгі мақсаты-сырттан келушілер туризмі және ішкі туризм көлемін арттыру есебінен мемлекет пен халық кірісінің тұрақты өсуін, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру болып табылады. Дүние жүзі экономикасында

туризм басты ролдің бірін атқарады. Бүкіл әлемдік туристік ұйымның көрсеткіші бойынша туризм дүние жүзі ұттық жалпы өнімнің оннан бір бөлігін, 11 пайыздан астам халықаралық инвестицияны құрайды, әлемдік өндірістегі әрбір 9-шы жұмыс орны туризм саласына тиесілі. Қазіргі таңда Қазақстанда әр түрлі меншіктегі 713 фирмалар мен агенттіктердің саны жылдан жылға өсіп келе жатыр. Туристік фирмалар мен агенттіктердің құрылу және орналасуы демалыс пен туризмнің алғышарттары: табиғат жағдайы, рекреациялық ресурстар, әлеуметтік-экономикалық, тарихи-этнографиялық, тарихи-мәдени, т.б. факторларға байланысты. Сондай-ақ туризмді дамытудың индикаторлары: қонақ үйлер мен мейрамханалар, денсаулық сақтау саласындағы қызмет, демалыс пен ойын-сауықты, мәдениет пен спортты ұйымдастыру жөніндегі қызмет, турист саласындағы білімді мамандар, туристік тасымалдау көліктері, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, туризм саласын дамытуға бөлінген қаржыларға, индикаторлардың даму деңгейіне, орналасуы мен территориялық ұйымдастыруына байланысты болып келеді.

Қазақстанда туризмді дамытуда төмендегі негізгі басымдық бағыттарда жұмыстар жүргізілуде: мінәжәт ету туризмі, экологиялық туризмі, сауықтыру туризмі, балық-аң аулау туризмі, тарихи туризмі. Туризм тікелей және жанамалы түрде экономиканың

32 саласы мен елдің инфрақұрылымының дамуына тигізетін әсері мол сала. Қазақстан Жер аумағы кең, табиғаты сұлу, тарихи-мәдени ескерткіштерге бай ел. Орман-тоғай, тау-тасы, өзен-көлі мол қазақ жерінде туризмнің барлық түрін ұйымдастыруға болады. Туризмнің қай түрін болса да емдеу-сауықтыру туризмі, теңіз туризмі, альпинистік туризм, аңшылық, оның ішінде ұлттық (бүркіт, қаршыға, тазы), таулық туризм, балық аулау, су жолдары және ат көлігі арқылы туристік маршруттар, тікұшақ арқылы экскурсиялар, этникалық және археологиялық-тарихи туризм, ғылыми, діни, кәсіпкерлік, мәдени-этнографиялық, коммерциялық, жанұялық туризм, танымдық спорттық және бизнес-тур сияқты салаларын дамытуға барлық мүмкіндіктер бар. Сонымен бірге Қазақстанда экологиялық туризмді дамытудың мәні зор. Мысалы, түрлі ойын-сауық орталықтар, сауықтыру-шипажайын ашып, аңшылық, экологиялық, орнитологиялық туризмді жетілдіруге әбден болады. Бұған қоса, еліміздегі қорық аймақтары жанынан саябақ салып, мәдени-тарихи ескерткіштер орналасқан жерлер мен көне қалалар орнында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, «аспан асты мұражайларын» ашуға да болады. Өйткені, қазба байлығына бай, табиғаты көркем Қазақстан осы күні шетелдік туристерді қызықтырып отыр. Тарихи-этнографиялық туризмді дамытуға да үлкен мүмкіншілік бар. Елімізде 27 мыңнан астам тарихи-этнографиялық объектілер бар, оның ішінде Қарахан, Айша-биді, Бабаджа-Хатун (Тараз қаласы маңайы), Жошы-хан, Алаша-хан (Орталық Қазақстан), Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан-бап (Түркістан қаласы) кесенелерін, ежелгі қалалар орны Отырар, Баласағұн, Сайрам, т.б. Соңғы жылдары Қазақстанның табиғаты көркем аймақтарында туристік базалар, барлық облыс орталықтарында комфортабельді туристік кешендер ашылды. Шетелдік және отандық туристерді мынадай маршруттар қызықтыра алады: Ұлы Жібек жолы, Қазақстан Орта Азия, Космотур (Байқоңыр), Семей полигоны, Арал теңізі, қорықтар мен қорықшалар (экологиялық туризм), таулық туризм (Тянь-Шань, Алтай таулары), Жетісу шеңбері (Алматы облысы), Алматы қаласы маңайы, аң және балық аулау маршруттары (сайғақ, қабан, қасқыр, түлкі, арқар, т.б.), діни маршруттар (Түркістан), сонымен бірге салалық арнайы маршруттар (аграрлық, өнеркәсіптік, саудалық, ғылыми, мәдени, т.б.). Қазақстанды халықаралық деңгейдегі туризмнің орталығына айналдыруымыз керек. Табиғаты тамылжып, таулары аспанмен астасып жатқан, көлемі жағынан әлемдегі алғашқы ондыққа кіретін сулы да нулы Қазақстан жері - туризмді дамытуға таптырмас мекен. Тек көзін таба білсек болғаны, бұған дейін мұнайлы мекен танылып келген еліміз желіп жүрген саяхатшыларды магниттей тартатын туристік аймақ болып шыға келетіні айдан анық. Қазақстандық туристер көбінесе Қытай, БАӘ, Корея Республикасы, Ресей, Германия, Түркия елдеріне туристік сапар шеккен. Ал басқа елден

келуші туристер үлесінде Ресей, Қытай, Германия, Корея Республикасы, Пәкістан, Польша, Түркия басым. Бұл мемлекеттердің үлесінің жоғары болу себебі – туристік жолдамалар мен ұшақ билеттерінің бағасының арзандауы әрі онда туристердің саудасаттық жасауына қолайлы. Қазақстанда туризм индустриясының нашар ұйымдастырылуы - ішкі туризмнің нашар дамуымен байланысты. Көптеген отандастарымыз елдің басқа өңірлеріне тек жұмыс бабымен немесе туыстарын көріп қайту үшін ғана барады. Ал демалу аймағын таңдау кезінде мүмкіндігінше елден тысқары жерге шығуды жоспарлайды. Себебі, халықтың көпшілігі Қазақстанның қай жерінде толыққанды демалатын орындар барын білмейді, қызмет көрсету саласының мүлдем төмендігінен солай жасайды және демалыс бағасының шетелдегідей қымбатқа түсетінін білетіндер одан да сол теңіз жағалауы бар елдерге қыдырғанды дұрыс санайды. Қазақстан халықаралық туризмді ірі туристік нысандарды салу арқылы дамытуды көздеп отыр. Отандық туризмді дамыту жұмысы екі негізгі бағдарлама бойынша жүргізілуде. Біріншісі Қысқы Азия ойындары өтетін 2011 жылға дейін есептелсе, екінші бағдарлама елімізде ірі туристік орталықтардың құрылысын көздейтін 2030 жылға дейін қарастырылған. Еліміздің туристік саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасына сәйкес республикада Бұрабай туристік орталығын, Ақтау сити, Каспий бойындағы қалашықтар және Қапшағай қаласындағы болашақ қаласын салу жоспарланған. Отандық туризм саласын дамытудың тағы бір оңтайлы жолы – «Ұлы Жібек жолы» халықаралық туристік жобасына қатысу. Бүгінде елімізде 876 туристік компания тіркеліп, әлемнің 90 елімен байланысын орнатқан. Осылардың тек 25 пайыздайы ғана елге тікелей туристер тартумен айналысады.

Туризмнің дамуы бірінші кезекте саяхаттауға ыңғайлы жерлердің пайда болуына қатысты. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның мол мүмкіндігі бар деп есептеледі және әлемдік туризм нарығының биігіне көтерілуі мүмкін. Туризмнің дамуы Қазақстан экономикасына үш түрлі бағытта көрсетіледі:

1. Шетелден тікелей қаржы құйылады.
2. Экономикадағы төлем балансы мен экспорттық саудаға жағымды әсер етеді.
3. Халықтың жұмыспен қамтылуына септігі тиеді.

Қазақстан туризмінің дамуы оның туристік-рекреациялық потенциалына әлі де сәйкес келмей отыр. Оның басты себептері:

- Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы;
- туристік базалардың инфрақұрылымының (сервистік тұрғыдан) әлемдік стандартқа сай келмеуі;
- халық шаруашылығы саласы ретінде үкімет тарапынан қолдау таппауы, қаржыландыру мәселесі;
- туризм туралы ғылыми жұмыстармен айналысатын ғылыми мектептердің жоқтығы;
- туризм саласында мамандар мен кадрлар дайындау жүйесінің өз деңгейінде дамымауы;

Туризмнің дамуын тежейтін жайдың бірі-туристі тартатындай инфрақұрылымның жоқтығы. Бүгінде туристік нысандарға апаратын жергілікті маңызы бар жолдар біраз жөндеуден өтіп жатыр. Алайда, еліміздегі қайсыбір туристік нысандарға және ландшафттарға апаратын автокөлік жолдарының әлі де сын көтермейтіні жасырын емес. Қазақстанға келген турист кез келген уақытта кез келген транспорт түрімен еліне аттана алмайды. Таңдауы шектеулі. Кез келген саяхатшының ұлан-ғайыр жеріміздің о шеті мен бұ шетін түгелімен аралап шығуға мүмкіндігі бола бермейді. Уақытының көбін жол үстінде өткізіп алады. Осыған орай, бүгінгі таңда, елімізде транспорттық қызмет түрлерін дамыту қолға алынып жатыр. Туризм жарнама арқылы өркендейтін бизнес. Сала мамандарының мәліметі бойынша біздің елді сыртқа насихаттайтын ақпараттық-жарнама қажет.

Бүгінде көптеген адамдардың күнделікті тұрмысынан орын алған, «XXI ғасырдың көрінісі» атанып оырған туристік сервис индустриясы өзінің мемлекеттік қазынаға қосқан экономикалық салымы бойынша химиялық өнеркәсіптен алға озып, автокөлік салаларымен теңесті. Ол әлемдік жалпылама өнімнен 10 пайыз үлесін алады, жұмыскерлердің алып армиясы мен ірі қаржыларды жұмылдыруда. Еліміздің туристік-рекреационды потенциалына негізделген шаруашылық, өндірістік және әлеуметтік қызметтердің сан-қырлы, күрделі жүйесін білдіретін туристік қызмет индустриясы, адамдардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға және қоғамның демалу мен көңіл күйін көтеруге деген сұранымын жан-жақты қанағаттандырып, еңбек ресурстарын жұмылдыру қабілеттілігімен халықтың тұрмыс деңгейін көтереді. Туристік қызмет индустрия кәсіпорындарының шаруашылық қызметтеріндегі оңды өзгерістерге қарамастан, сырттан кіру туризмінің күрт төмендеуі, шетелдіктерді қызықтыра алатындай табиғаты мен тарихи-мәдени орталықтарына бай Қазақстанда заманға сай туристік қызмет инфрақұрылымын құру және істі жоғары дәрежеде ұйымдастыруды қолға алу қажеттілігін көрсетеді. Қазақстанның табиғи-рекреационды потенциалына өзінің аумағы, түрлілігі және қайталанбастығы бойынша теңесетін ел әлемде табылмас десек қателеспейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИТТЕР

1. Балабанов И.Т., Балабанов А.И. Экономика туризма: Учеб. пособие. – М.: Финансы и статистика, 2001.– 176 с.
2. Багатов А.П. и др. Туристические формальности: Учеб.пособие. Багатов А.П., Бойко Т.В., Зубрева М.В.– М.: Академия, 2004.– 304 с.
3. Биржаков М.Б. Введение в туризм: СПб.: Герда, 1999. –192 с.
4. Биржаков М.Б. Введение в туризм: Учебник.Изд.7-е, перераб. И доп. – СПб.: Герда, 2005. – 448 с.

Резюме

Д.К.Жаксыбекова, старший преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Развитие туризма в Республике Казахстан

В статье рассматриваются пути развития туризма Казахстана. На сегодняшний день туристический потенциал историко-культурного наследия позволяет Казахстану гармонично интегрироваться в международный рынок туризма и достичь интенсивного развития туризма в стране. А это в свое время обеспечит устойчивый рост занятости и доходов населения Казахстана.

Ключевые слова: туризм, бизнес-тур, заповедник, памятники.

Summary

D.K. Zhaksybekova, Senior Lecturer

(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

The development of tourism in the Republic of Kazakhstan

The article discusses the ways of development of tourism in Kazakhstan. Today, the tourism potential of historical and cultural heritage allows Kazakhstan to integrate into the international tourism market and achieve rapid development of tourism in the country. And this in due time will provide steady growth of employment and incomes of the population of Kazakhstan.

Keywords: tourism, business tour, nature reserve, monuments.

ӘӨК 368 (574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ

Е.Е.Урисбаев, 1-курс магистранты
(Орталық Азия Университеті)

Аңдатпа: Мақалада еліміздегі сақтандыру шаралары, сақтандырушы және сақтанушы арасындағы материалдық құндылықтар, мемлекеттік бюджет есебін және сақтандыру арқылы халықты әлеуметтік қорғау, азаматтардың өмірі мен еңбек қабілеттілігін сақтау, зейнетақымен қамтамасыз ету реформасы қарастырылған. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы қазіргі таңда эканомикада және халықтың өмірінде әлі де болса, маңызды ролге ие болған жоқ әрі өзінің бастапқы даму сатысында тұр. Отандық сақтандыру компанияларының ірі шығынының орнын жабу жөніндегі қаржылық мүмкіндіктері де қанағаттанарсыз, бұл сақтандыру ұйымдарын капиталдандыруды арттыру мен оларды ірілендіру туралы мәселені шешуді талап етеді. Қазақстанның қаржы регионының басқа бөліктердегі регионалдау тәжірибесі көрсеткендей, дәрменсіз қаржы ұйымдары индустрияның кейбір міндеттерін шеше алмайды және олардың халықаралық стандарттарға қол жеткізуі айтарлықтай шектеулі.

Түйін сөздер: сақтандыру шаралары, азаматтық кодекс, мемлекеттік бюджет, зейнетақы, сақтандыру нарығы.

Республикадағы сақтандыру әзіріне инвестициялық климатты жақсартудың негізгі құралы, ол сақтандыру ұйымдарының өздері нақты институционалдық инвесторлар бола алмай отыр.

Қазіргі кезге дейін көбіне мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуға бағдарланған сақтандырудағы халық белсенділігінің төмен болу проблемасы бар және сақтандыруға тиісті қызығушылық тудырмай отыр. Мемлекеттік бюджет есебін және сақтандыру арқылы халықты әлеуметтік қорғау түрлерінің қолдану аясын шектеу осы проблеманы шешуге ықпал етуі тиіс. Халықты мемлекеттік емес әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету саласындағы ең маңызды әлеуметтік құрал бола отырып, азаматтардың өмірі мен еңбек қабілеттілігін сақтау жөніндегі индустрия әлі күнге дейін тиісті түрде дамымай келеді. Өмірді сақтандыру бойынша дамыған индустрия болмай, республикада жүзеге асырылып жатқан зейнетақымен қамтамасыз ету реформасынан толық пайда келуі мүмкін емес.

Істің қалыптасқан жағдайы сонымен қатар сақтандырушы жеке тұлғаларға және олардың жеке сақтандыру жөніндегі жұмыс берушілеріне қазіргі салық салу тұрғысынан да әсер етеді. Атап айтқанда, сақтандыру шартында көзделген салығын төлеудің мерзімін ұзарту тетігі пайдаланылмайды. Жеке жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтерін көбейтуге бағытталған сақтандыру ұйымдарының инвестициялық кірістерінің жинақтаушы зейнетақы қорларынан айырмашылығы жиынтық жылдың кірісіне енгізіледі және табыс салығы ұсталатын болады.

Қазіргі жұмыс істеудің сақтандыру ұйымдарының елеулі бөлігінде білікті мамандардың саны жеткіліксіз. Республиканың сақтандыру нарығындағы кәсіби сақтандыру делдалдарының ролі елеусіз. Қазақстанда қазір бар болғаны 6 брокерді сақтандыру компаниясы жұмыс істейді. Сақтандыру бойынша мамандарды оқытудың қазіргі заманғы жүйесін құру, сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының қоғамдық бірлестіктерін оны іске белсенді түрде қатыстыру қажет.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында 38 сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымы бар. 2011 жылдың 1 сәуірі мен 2010 жылдың 1 сәуіріндегі статистикалық

мәліметтерді салыстырғанда сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері 39,1 млрд. теңгеге, жиынтық есептік меншік капиталы 29,3 млрд. теңгеге, сақтандыру резервтері 10,2 млрд. теңгеге, жарғылық капитал 11,6 млрд теңгеге өсті.

Сақтандыру сыйақылары бір жылдың ішінде 5,7 млрд. теңгеге өсіп, 52,5 млрд. теңгені құрады, соның ішінде міндетті сақтандыру бойынша 2,3 млрд. теңгеге, ерікті жеке сақтандыру 4,4 млрд. теңгеге, ерікті мүліктік сақтандыру 0,9 млрд. теңгеге ұлғайды. Сақтандыру төлемдерінің көлемі 2,4 млрд. теңгеге өсіп, 8,6 млрд. теңгені құрады, соның ішінде міндетті сақтандыру 0,5 млрд. теңгеге, ерікті жеке сақтандыру 1,5 млрд. теңгеге, ерікті мүліктік сақтандыру 0,4 млрд. теңгеге өсті.

Қазақстанның сақтандыру нарығы 8 айда 27,4 пайызға ұлғайды. АЛМАТЫ. 3 қазан. ҚазАқпарат - Сегіз айда қазақстандық сақтандыру нарығы бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру көлемі былтырғы жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 27,4%-ға ұлғайып, 155,4 млрд, теңгені құрады. Оны «Евразия» сақтандыру компаниясы бүгін Алматыда Қазақстан сақтандыру нарығының ғарыштық төлемдер бойынша қорытындыларына арналған баспасөз мәслихатында жариялады.

Қаңтар-тамыз айларының қорытындысы бойынша Қазақстанның сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері 435 млрд. теңгеге жетті. Ал, отандық сақтандыру компанияларының өзіндік жеке капиталы 242,2 млрд. теңгені құрады. «Евразия СК» АҚ сегіз айдың қорытындысы бойынша нарықтың 14,3 пайыз үлесімен 22,1 млрд. теңге соманың сақтандыру және қайта сақтандыру сыйақыларын жинақтап, алдыңғы орынды сақтап қалды. Компанияның активтері былтырғы жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 15,4%-ға өсіп, 75,6 млрд. теңгені құрады. Жеке капиталы 49,8 млрд. теңгені құрап, былтырғы жылдың салыстырмалы мерзіміне шаққанда 9,2%-ға ұлғайды. Төленген жарғылық капиталы 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша 46,1 млрд. теңгені немесе Қазақстанның барлық сақтандыру компанияларының жиынтық жарғылық капиталының 44,8 пайызын құрады.

Елімізде сақтандыруды дамытудың негізгі мақсаты — мемлекеттің, азаматтардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүддесін қорғаудың нақты құралы бола алатын толықтыруды орнықты жұмыс істейтін ұлттық сақтандыру нарығын қалыптастыру. Қазіргі заманғы ұлттық сақтандыру жүйесін құру сақтандыру қызметі нарығын саналы жаңа деңгейге көтеру жөніндегі шаралар әзірлеуді және кезең-кезеңімен іске асыруды талап етеді. Бұл қағида Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде жүргізіледі. Онда мұндай міндеттерді шешу көзделді:

- әлеуметтік сақтандыру түрі ретіндегі сақтық қорғауды ұсынудың қағидаларын нақтылау;
- сақтандыруды қолдау аясын кеңейту және міндетті сақтандыру түрлерін нақтылау;
- сақтандыру нарығының қазіргі заманғы инфрақұрылымын қалыптастыру және оның қатысшыларының - сақтық ұйымы, сақтандыру брокері, сақтық агент, сақтанушы, сақтандырушы, пайда алушы, актуарий, уәкілетті аудиторлық ұйым, өзара сақтандыру қоғамы, сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды және жеке тұлғалардың қызметін ұйымдастыру үшін жағдай жасау;
- халықаралық сақтандыруды ескере отырып, сақтық қадағалауының жүйесін ұйымдастыру;
- сақтық және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігі бойынша талаптарды көшейту;
- осы заманға сақтандыру технологиясын енгізуге жәрдемдесу;
- сақтандыру саласында кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін арттыру.

Сақтандыруда дамыту, өз кезеңінде заңнамалық базаны, мемлекеттік салық-бюджет және ақша-несие саясатын жетілдіруге, сақтандыру қызметін қадағалау сапасы мен сақтандыру ұйымдары жұмысының сенімділігіне байланысты болады. Қазіргі заманғы сақтандыру нарығының толыққанды жұмыс істеуі, сонымен қатар актуарийлер (сақтық міндеттемелерінің экономикалық-математикалық есеп-қисабы саласындағы мамандар) институтын енгізуді, уәкілетті аудиторлар мен басқа да мамандарға қойылатын тиісті талаптарды қажет етеді.

2005 жылғы 1 шілдеден бастап «Еңбек міндеттерін атқару кезінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық – құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді (2010.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулар).

Енді еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтірілсе, онда зиян шеккен қызметкер, ал ол қайтыс болған жағдайда, асыраушысынан айрылуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамдар мынадай төлемдерге:

- мемлекеттік бюджеттен мүгедектігі бойынша немесе асыраушысынан айрылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға;
- егер зиян шеккен қызметкер әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болып табылса, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемге;
- егер қызметкердің пайдасына жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған болса, сақтандыру компаниясынан немесе «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясынан сақтандыру төлемдеріне құқық алады.

Қабылданған Заңның негізгі мақсаты еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүліктік мүдделерін қорғауды сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету болып табылады. Жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген көлемде өтеу міндеттерімен байланысты жұмыс берушінің мүліктік мүддесі болып табылады.

Жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу сақтанушының (жұмыс берушінің) міндеті болып табылады. Сақтанушының Заңның осы талабын орындауын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады. Осы еліміздегі сақтандыру мәселелерін шешу үшін келесі шаралар жүргізілуі керек:

- міндетті сақтандыру институтын дамыту;
- шағын және орташа бизнес субъектілері үшін өзара сақтандыру жүйесін дамыту;
- халық үшін өмірді сақтандыруды дамыту;
- салық заңдылығын жетілдіру: өмірді сақтандыру бойынша кеткен шығындарды толық немесе бекітілген көлемінде шегерімдерге жатқызу;
- мамандандырылған сақтандырушыларды даярлау жүйесін қалыптастыру;
- ауыр жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша мемлекеттік компанияларды құру. Оның міндетті дүлей апаттардан қайта сақтандыру желісін құру, соның негізінде ұлттық сақтандыру компанияларын банкроттықтардан қорғау және сол апаттардың салдарын жоюына жұмсалатын мемлекеттік бюджеттің шығындарын азайту. Ерекше сақтық қатынастар, сақтық қызметінің рыногын дамыту, азаматтар мен заңды тұлғаларды сақтандыру тұрғысындағы қорғау «сақтық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңымен, сақтандыру мәселелері жөніндегі Үкімет қаулыларымен және Ұлттық банктің сақтық қадағалау департаментінің нормативтік актілерімен реттелініп отырады. Қазіргі кезде Қазақстанның сақтық нарығы

қатысушыларының ассоциациясы құрылған. Ассоциацияның негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын дамытудың қолайлы жағдайларын жасау және халықтық сақтандыру мәдениетінің деңгейін арттыру болып табылады.

Қорытындылай келе, жоғарыда айтылған сын - міндерді түзеу арқылы ғана сақтандыру нарығы дамиды деп айтуға болады. Сақтандыру нарығы экономиканы тұрақтандырушы рөлін атқара отырып, қарапайым халыққа да жағымды әсерін тигізеді. Сондықтан да нарықтың бұл түрін дамыту өте қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Азаматтық кодексі «Сақтандыру туралы заң». 2010.
2. «Сақтандыру іскерлігі жөніндегі Заң» 2010.
3. Худяков А.И. «Теория страхования». Статут 2010. – 386-521 с.
4. Кабанцева Н.Г. «Страховое дело». Фортуна. – 2008. – 24 с.
5. Исингарина Ж. «Страхование валютного риска как составной элемент банковской деятельности» // Қаржы – Қаражат, 2008. – №2. – 25 б.
6. Сағубалдин И. «Страхование от компьютерных преступлений в банковской сфере» // Банки Казахстана. №4. – 2008. – 20 б.
7. Поляка Г.Б.: Финансы: учебник. 4-е изд., перераб. и доп. – Юнити, 2011. – 141-156 с.
8. Хасенова К. «Экономические основы страхования жизни». // Қаржы –Қаражат, 2005. – № 3. – 18 б.

Резюме

Е.Е.Урисбаев, магистрант 1-курса
(Центрально-Азиатский Университет)

Анализ развития страхового рынка Республики Казахстан

Страховой риск и страховая деятельность является экономической категорией по защите интересов, как страховщиков, так и страхователей и выражает интересы сторон по защите, как материальных благ, так и жизни людей в целом и является под степенью развития гарантированности защиты прав.

Ключевые слова: страховой, гражданский кодекс, государственный бюджет, пенсия

Summary

E.E.Urisbaev, Master of 1 course
(Central Asian University)

Analysis of the development of the insurance market of the Republic of Kazakhstan

Insurance risk and insurance activity is an economic category of protecting the interests of insurers and insured's and expresses the interests of the parties. Of people protection and the wealth and in general, and it is a degree of the development of human rights.

Keywords: insurance, civil code, the state budget, pension

ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY – PSYCHOLOGY

УДК 372.3/4

А25

ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ ДЕТЕЙ В УСЛОВИЯХ
ПОЛИКУЛЬТУРНОСТИ КАЗАХСТАНА

*Е.Н.Агранович, магистр,
старший преподаватель
(г.Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Аннотация: Начальное языковое образование должно способствовать становлению личности, социально активной, разносторонне развитой, самостоятельно мыслящей, владеющей всеми видами речевой деятельности - говорением, слушанием, письмом, чтением. Глава государства Н.Назарбаев в своей книге «Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации» обращает внимание то, что «...Казахстан уникален и силен своей многонациональностью. На его земле сформировалось уникальное поликультурное пространство, в котором ведущими являются два потока. Один отражает возрождение казахской культуры и ее составных элементов, языка. Идет объективный процесс восстановления утраченного. Другой поток - русскоязычная культура, основой которой являются исконные традиции русского народа и все то, что они впитали в ходе многовекового развития.

Ключевые слова: культура, речь, язык, общение, родной язык, формирование поликультурной компетенции личности, формирование творческой языковой личности.

Признание самостоятельно существующих культурных потоков не отрицает их взаимодополняемости и взаимообогащаемости, что не означает ассимиляции. Поликультурность Казахстана - это прогрессивный фактор развития общества. Евразийские корни народов Казахстана позволяют соединить восточные, азиатские, западные, европейские потоки и создать уникальный казахстанский вариант развития поликультурности» [1].

Поэтому, в процессе обучения детей необходимо формировать поликультурную компетенцию личности, которая предполагает развитие способности при контактах с другой культурой понять образ жизни и ценности её представителей, по-иному подойти к своим ценностям и отказаться от существующих стереотипов и предрассудков.

Одним из важнейших показателей уровня культуры человека, его мышления, интеллекта является его речь. Человек всю свою жизнь совершенствует речь, овладевает богатствами языка. В раннем детстве у него возникает потребность в общении, которую он удовлетворяет посредством простейших элементов речи. Потребность выражать свои мысли с возрастом расширяется, разнообразится.

Речь является одним из видов деятельности человека, реализует мышление на основе использования средств языка. Речь выполняет функции общения и сообщения, эмоционального самовыражения и воздействия на других людей.

В связи с этим, перед начальной школой выдвинута задача совершенствования процесса обучения в направлении его большего влияния на развитие речи учащихся. В работе над развитием речи младших школьников большие возможности предоставляет обучение родному языку.

Родной язык, родная речь передают особые реалии национальной жизни, имеют многовековую историю, составляют предмет гордости носителей национального языка. Это культурное наследие, запечатленное в фольклоре и произведениях мастеров слова,

имеющее устные и письменные языковые традиции, разные формы существования (национальный литературный язык, диалекты, разговорный язык).

В Госстандарте начального общего образования также отмечена нерасторжимая связь языка и общества. Известно, что по мере обогащения сознания развиваются и усложняются формы и виды общения, а, следовательно, развивается и усложняется язык. Специфика языка заключается в том, что, с одной стороны, он выступает как предмет научного изучения на уроках родного языка, с другой – как средство познания мира, с третьей – как средство общения людей. Это говорит об огромном значении родного языка как учебной дисциплины в начальной школе [2].

Поэтому в условиях суверенного Казахстана уроки родного языка должны способствовать формированию творческой языковой личности, способной к активной трудовой и умственной деятельности в условиях билингвизма в различных областях общественной жизни. Начальное языковое образование должно способствовать становлению личности, социально активной, разносторонне развитой, самостоятельно мыслящей, владеющей всеми видами речевой деятельности - говорением, слушанием, письмом, чтением.

Проблема развития речи всегда будет стоять на первом месте в воспитании личности ребенка. Различные аспекты развития речи рассматривались в трудах многих выдающихся отечественных и зарубежных ученых. Среди них особое место занимает К. Д. Ушинский - основоположник методики первоначального обучения детей родному языку. Идеи Ушинского нашли свое отражение в работах Е. Н. Водовозовой, А. С.Симонович, Е.И.Тихеевой. Большой вклад в изучение вопросов развития речи внесли Н. К. Крупская, Е.А.Флерина и многие другие. Представления о закономерностях речевого развития младших школьников, сформулированных в трудах Л.С.Выготского, Д.Б.Эльконина, Н.И.Жинкина, А.А.Леонтьева, М.Р.Львова, Н.И.Политовой, М.С.Соловейчик, В.И.Капинос, Т.А.Ладыженской и др. Вопросы, касающиеся обучения родному языку, в том числе и развитию речи, а также значимость изучения иностранных языков широко раскрыты в трудах видных ученых Казахстана: Абая Кунанбаева, Ибрая Алтынсарина, Ахмета Байтурсынова. Современные отечественные педагоги и психологи: Г.Бегалиева, С.Рахметова, Н.Телепнева, Т.М.Абдыкаримова и многие другие также не оставляют данную проблему без внимания [3].

Лаврентьева Э.В. в статье «Формирование коммуникативной компетенции учащихся начальных классов через развитие культуры речи детей на уроках русского языка и литературного чтения», опираясь на многолетний опыт работы в школе, выделяет следующие пути формирования культуры речи школьников:

1. Первое, что нужно каждому ученику - желание и потребность владеть культурой речи, речевым этикетом. Уроки развития речи и риторики под чутким руководством умелого педагога вполне способствуют хорошей, свободной речи. Тем же целям служат школьные и детские библиотеки. Учитель должен прививать детям любовь и интерес к чтению, умело направлять читательские интересы детей в нужное русло, учить любить книгу и сам процесс чтения. Это особенно важно именно сейчас, когда дети большое количество свободного времени проводят у экранов телевизора или при работе с компьютером.

2. Хорошее знание школьных учебников, выполнение многочисленных заданий, чтение книг, живое общение с высококультурными носителями языкового мастерства и традиций.

3. Накопление справочной литературы и работа с ней. (Учебники и пособия по культуре речи, по риторике, по теории и истории литературной нормы, особенно словари: толковые, орфографические, фразеологические, орфоэпические, словари трудностей русского языка, синонимические, энциклопедические, историко-этимологические и др. Очень важно, чтобы словари были в семейных библиотеках учеников и учителя).

4. Возможна организация в школах методических объединений узкой направленности, секций учителей-словесников, включая учителей начальных классов, которые будут планировать, осуществлять контроль, направлять работу по формированию культуры речи учащихся, исходя из целей и задач методической работы данного образовательного учреждения.

5. Можно возобновить (как было в старые добрые времена) или начать выпуск школьных газет и журналов с материалами по культуре речи, создать тематический общешкольный уголок, организовать кружки культуры речи и литературного творчества, журналистики; в планы воспитательной работы обязательно включать проведение утренников, вечеров, конференций, конкурсов, олимпиад (по культуре речи).

Такие меры значительно помогли бы развитию речи детей, снятию страха перед самостоятельным высказыванием, способствовали бы привитию навыка анализировать свои поступки и происходящие события. Дети узнавали бы себя как партнёра по общению, открывали бы в себе самые разнообразные стороны личности (те, что помогают установить контакт с окружающими и те, которые мешают это сделать).

6. Очень полезно было бы ввести в структуру каждого урока пятиминутку грамотности и культуры речи. Культуру речи, любовь к родному языку не воспитаешь лозунгами «Надо любить и беречь!». Положительное отношение к русскому языку, к литературе – это положительное отношение к нему, начиная уже с первых дней обучения, с начальной школы. Это значит, что детям должны нравиться и быть интересными уроки родного языка, которые, в свою очередь, обязательно должны подкрепляться определёнными достижениями в этой области. Русский язык красив и понятен, – вот какой вывод должны сделать дети в процессе изучения родного языка.

7. Также необходима связь с родительскими организациями. Если каждый родитель расскажет своему сыну или дочери об интересной книге, перечислит любимых писателей, подарит книгу в праздник, сходит с ребёнком в библиотеку, в театр, в музей, то учителю будет на что опереться в его нелёгком труде. Он будет не одинок. И тогда дети «откроют свои уста», смогут приблизиться к осознанию важных идей мировоззренческого характера – о связи языка и действительности, языка и мышления, задумаются о значении культуры речевого поведения в жизни.

Итак, обучение родному языку, а вместе с ним и формирование культуры речи, в связи с демократизацией общества позволило преподавателю получить большую свободу в выборе методов, приемов и средств обучения, что дает ему возможность освободиться от некоторых условностей и стимулирует творческий поиск. Вместе с тем, это не освобождает учителя от систематического пополнения своих знаний и использования их на уроках. Развитие учащихся на уроках родного языка, в свою очередь, – это вся работа, проводимая учителем специально и попутно для того, чтобы ученики овладели языковыми нормами, а также умением выражать свои мысли в устной и письменной форме, пользуясь нужными языковыми средствами в соответствии с целью, содержанием речи и условиями общения. Такая работа на уроках родного языка вносит существенный вклад в формирование общей культуры, всесторонней развитой, социально активной личности будущего выпускника школы [4].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Назарбаев Н.А. Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации. – М.:2000. – С.16-18.
2. Государственный общеобязательный стандарт Республики Казахстан: начальное, основное среднее, общее среднее образование. ГОСО РК 2.3.4.01-2010. – Астана, 2010.
3. <http://festival.1september.ru/>
4. Агеева Л.Е., Агранович Е.Н. Развитие устной речи ребенка в поликультурной среде. Учебное пособие. – Алматы, 2013.

Түйіндеме

Е.Н. Агранович, магистр,

аға оқытушы

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Қазақстанның көпмәдениеттігі шарттарында балалардың тілдік мәдениетін қалыптастыру

Бастапқы тілдік білім әлеуметтік белсенді, жан-жақты дамыған, өздігінен ойлап, сөздік қызметтің барлық түрлерін тыңдау, жазу, оқуды меңгерген жеке тұлғаны қалыптастырады.

Ключевые слова: культура, речь, язык, общение, родной язык, формирование поликультурной компетенции личности, формирование творческой языковой личности.

Summary

E.N. Agranovich, master,

senior teacher

(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Creating a culture of speech of children in Kazakhstan multicultural

Primary language education must assist becoming of personality, socially active, scalene developed, independently intellectual, owning all types of speech activity - talking, listening, letter, reading.

Keywords: culture, speech, language, communication, native language, the formation of a multicultural competence of the individual, the formation of a creative personality language.

ӘОЖ 152.32

Ә 15

ӨЗІНДІК САНА ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒА

И.А.Абеуова, п.ғ.к., доцент

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік

қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада өзіндік сана мен жеке тұлға мәселелері көтерілген. Өзіндік сана дегеніміз – дербес шешім қабылдай алатын, басқа адамдармен, табиғатпен нақты қатынас жасауға қабілетті адамның өзін тұлға ретінде анықтауы. Қазіргі кезде өскелең ұрпақты тәрбиелеуде рухани-адамгершілік тәрбиенің орны ерекше екендігі анықтала түсуде. Еліміздегі түбегейлі әлеуметтік, экономикалық өзгерістермен қатар, білім беруде де көптеген өзгерістер көрінуде. Соның ішінде, әсіресе, адамның өзін-өзі тануы аса өзекті мәселелердің біріне айналуда. Сондықтан да 2001 ж. еліміздің бірінші ханымы С.А.Назарбаеваның ұсынған «Рухани-адамгершілік тәрбие» - өзін-өзі тану жобасы он жылдан астам эксперимент ретінде тексеріліп, 2010-2011 оқу жылында дербес пән түрінде мемлекеттік оқу жоспарына енгізілді. Бұл пәннің даму жолына қысқаша тоқталып өтейік.

Түйін сөздер: өзіндік сана, жеке тұлға, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, адамның «Мен» тұжырымдамасы.

Ең алғашқы оқу-әдістемелік кешендерді (тәрбиеші, мұғалім, оқытушыларға арналған оқу-әдістемелік құрал, жұмыс дәптері, хрестоматия) дайындау үшін екі уақытша топ құрылды. Біреуіне мектептердің алдыңғы қатарлы мұғалімдері шақырылса, екіншісіне – сол кездегі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің жалпы психология кафедрасының оқытушылары қатыстырылды. Аталмыш жоба тек орыс тілінде

құрастырылып бірнеше балабақша, бірнеше мектеп, бірнеше ЖОО-ларда эксперимент ретінде өткізілуге ұсынылды. Жоғары оқу орнының осы жобаны жасауға қатыстырылған оқытушылары: профессор Х.Т.Шерьязданова (жалпы жетекшілік, ЖОО-ға арналған оқу-әдістемелік кешенді құрастырушы); Т.А.Левченко (мектепке дейінгілер үшін оқу-әдістемелік кешен – ОӘК); Ұ.И.Ауталипова, Г.М.Қасымова (1-4 сынып ОӘК); З.Б.Мадалиева (5-9 сынып ОӘК); И.Ә.Абеуова (10-11 сынып ОӘК) және де ЖОО-ға арналған оқу-әдістемелік кешенді жасауға З.Б.Мадалиева, Т.А.Левченколар қатысты.

2001 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының негізінде шілде, тамыз айларында жаңа пәнді жүргізу үшін педагогтарға семинар-тренингтер ұйымдастырылды, ал 2001-2002 оқу жылында Алматы қаласының бірнеше оқу орындарында эксперимент басталып кетті.

2002 жылы «Бөбек» орталығының негізінде Республикалық адамның үйлесімді дамуы институты және «Өзін-өзі тану» экспериментті мектеп-гимназиясы ашылды. 2003 жылы «Бөбек» орталығы эксперимент ретіндегі «Өзін-өзі тану» бағдарламасының бас координаторы ретінде тағайындалды, ал Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты әдістемелік орталық болып белгіленді. Қазіргі кезде елімізде «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы мемлекеттік классификаторға енгізіліп, бірнеше педагогикалық жоғары оқу орындарында осы мамандық бойынша дайындық жүргізіліп отыр. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасының «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2 курс студенттері «Өзін-өзі тану» пәні бойынша тұңғыш рет өткізілген пән олимпиадасында жоғары – екінші орынды иеленіп қайтты.

Өзін-өзі тану проблемасы адамзаттың даму тарихына әрдайым өзекті проблема екені белгілі және де өзін-өзі танудың тағы бір ерекшелігі – бұл түбегейлі шешімін тапқан проблемалардың бірі еместігінде. Адам өмір бойы өзін-өзі тануға ұмтылып оған түгелдей қол жеткізе алмауы да мүмкін. Дегенмен де осындай межеге жететін адамдарды ғалымдар (А.Маслоу, К.Роджерс, т.б.) өзін-өзі «өзектендірген» тұлғалар деп атайды.

Өзін-өзі тану өзіндік сананың құрылымдық бөлігі болып табылады. Өзін-өзі танудың іске асырылуы бірнеше кезеңдерден өтеді [1]. Оның жоғарғы деңгейлеріне жататындары: а) өзін-өзі өзектендіру [2,3]; ә) өзін-өзі іске асыру. Өзін-өзі танудың алғашқы кезеңі – өзін-өзі тануы, яғни өзі мен сыртқы әлемді бір-бірінен ажырата білуі. Өзін енжар түрде қабылдаудан өзінің «Мен» бейнесін белсенді түрде құруға көшуі.

Өзін-өзі бағалауы – өзінің қабілеттері туралы түсініктерімен қатар басқалардың өзіне қатынасы және де өзінің сыртқы бет-бейнесіне деген қатынасы.

Өзін-өзі бағалауды анықтау төмендегідей формуламен өрнектелінеді:

Өзін-өзі бағалау жетістік / талаптану деңгейі

Адамның өзін-өзі бағалауына әсер ететін факторлардың ішінде нақты «Мен» бейнесін, идеалды «Мен» бейнесімен салыстыруы маңызды; кейбір адамдар өзін басқалар қалай бағалайтынына байланысты ғана бағалауға бейім; өзін-өзі бағалау біздің өзіміздің жетістіктеріміз бен сәтсіздіктерімізге деген қатынасымызға да байланысты. Өзін-өзі іске асыру – тұлғаның өзіндік мүмкіндіктерін неғұрлым толық ашуы мен іске асыра білу процесі, өзіне аса қажетті мәнді проблеманы шешуде алға қойылған мақсатқа жете білуі.

Адамның өзіндік санасының дамуы да бірнеше сатыдан өтеді: сырттан келетін түсініктер мен ішкі түсініктерді ажырата білуі, өз денесінің шегін тануы; заттармен дербес әрекеттер жасау қабілеттерін қалыптастыру, соның негізінде адамның өзін белсенді субъект ретінде қабылдауы қалыптасады; өзін-өзі бағалаудың даму кезеңдері: ересектердің, достарының және өзіндік пікірінің соның негізінде адамның «Мен» тұжырымдамасының қалыптасауы.

Адамның «Мен» тұжырымдамасы – өз тұлғасы мен ағзасының түрлі жақтары туралы ой-пікірлерінің жиынтығы. «Мен» тұжырымдамасы уақыт мөлшері бойынша: қазіргі –

Мен, өткендегі – Мен, болашақтағы Мен немесе Мен – 15 жаста, Мен – 30 жаста, т.б. бейнелер түрінде болады. Ал мазмұны бойынша: денелік Мен, ақыл-ойлық Мен, эмоциялық Мен, әлеуметтік Мен деп бөлуге болады. Мәлімет көздері бойынша: Мен – анамның көзімен, Мен досымның көзімен, т.б. Осы бейнелердің барлығы адам мінез-құлқы мен қарым-қатынасының реттегіштері болып табылады. Сонымен қатар адамның өзіндік дамуын түсіну процесінде бірдейлік ұғымы маңызды орын алады.

Адам бірдейлігі дегеніміз – өзінің өмір сүру ұзақтығын сезінуі; өзінің біртұтастығы, бірлігі өзінің өзіне теңдес болуы; өзінің бірегейлігін түсінуімен қатар жынысы, ұлты, әлеуметтік мәртебесі, т.б. басқалармен ұқсастық деңгейін де анықтауы.

Өзін-өзі тану проблемасы әсіресе жасөспірімдік кезеңде, мамандық таңдау барысында ерекше маңызды бола түсетіні белгілі. Соған байланысты жасөспірімдік кезеңдегі бірдейлік ұғымы үш түрлі бағытта қарастырылады:

- Өзін адамдардың қандай да бір категориясына жатқызуы және де өзіне мәнді іс-әрекеттер мен құндылықтар тұрғысынан сипаттауы (мен оқушымын, мен заманауи музыканы жақсы көремін, т.б.);

- Бір жағынан ресми әлеуметтік мәртебесі, екіншіден – тұлғалық қасиеттерін сипаттау (мен Қазақстан азаматымын, мен ержүрек, мен табандымын);

- Әлеуметтік қолдау табатын сипаттамалары (мен екіжүзділерді жақтырмаймын, мен адал болуға тырысамын).

Жасөспірімдердің бірдейлікті игеруінде төрт түрлі нұсқасы болуы мүмкін:

- Диффузиялық бірдейлік – жасөспірімдерде өз болашағы үшін қандай да бір кәсіби және идеологиялық модельдің болмауы және де мамандық таңдау мәселесі туралы көп ойланбауы;

- Шешімделген бірдейлік – жасөспірім ішкі тебіреніс – толғаулар нәтижесінде емес, қоршағандардың ықпалымен таңдау жасайды;

- Кейінге қалдырылған – жасөспірім дағдарысты басынан өткеруде, болашаққа қатысты маңызды таңдау жасай алмай, оны кейінге қалдырады;

- Іске асырылған бірдейлік – жасөспірім өз таңдауын саналы және дербес түрде жасайды.

Өзін-өзі тану проблемасы ғылымдағы гуманистік бағытқа сәйкес зерттелінуде. Гуманистік педагогикадағы негізгі құндылық – адам. Осы орайда өзін-өзі тануда гуманистік педагогтар (М.Монтессори, В.А.Сухомлинский, Ш.Амонашвили, т.б.) гуманистік психологтардың (А.Маслоу, К.Роджерс, Э.Фромм, т.б.) тұжырымды ой-пікірлері басшылыққа алынып, осы пәннің теориялық және практикалық негіздері зерттелінуде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маралов. Основы самопознания и саморазвития
2. Роджерс К. Искусство психологического консультирования
3. Маслоу А. Өзін-өзі өзектендіру проблемасы. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Гуманистік психология. 5 том/жетекшісі – акад. Ә.Н.Нысанбаев. – Алматы: «Таймас» - баспа үйі, 2005.

Резюме

И.А.Абеуова, к.п.н., доцент

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Проблемы самопознания личности

В статье рассматриваются проблемы личности и самопознания личности. Психологическая Я-концепция, предполагает осознание человеком того, кто он в среде. Эта концепция представляет интерес для анализа деятельности личности. Я-концепция

связана с восприятием собственного сходства. А так же в связи с этим, дается оценка поведения личности.

Ключевые слова: личность, самопознание, самооценка, концепция «Я».

Summary

I.A.Abeuova, *Candidate of Pedagogical sciences., Associate Professor*
(*c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University*)

The problems of self-identity

The article deals with the problem of identity and self-identity. Psychological self-concept involves understanding the man who he is in the environment. This concept is of interest to analyze the activity of the person. Self-concept is related to the perception of self-similarity. And also in this regard, it provides an assessment of individual behavior.

Keywords: personality, self-knowledge, self-esteem, the concept of "I".

ӘОЖ 159.9 (574)

А 50

ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ТРАЙБАЛИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Р.Н. Алибаева

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Т.А.Жаканова

(С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық Университеті, Алматы қ.)

Аңдатпа: Қазақ қауымындағы ру-тайпалық тарихи-этнографиялық ерекшеліктің қалыптасуы, бұл көшпелі мал шаруашылығына сәйкес қаланған, тиімді жүйе еді. Мыңдаған жылдар бойы бұл жүйе көшпелі қоғамды ұжымдастырып, халқымыз рулық-тайпалық құрылыс заңдары бойынша өмір сүрді. Көшпелілерде абақты да, полиция да, балалар мен қарттар үйі де болмағаны белгілі. Бұл аталғандардың функциясын рулық қауым өзі басқарып, өзі шешіп отырған. Оның сыртында, общиналық психологияға сүйенген рулық-тайпалық жүйе талантты адамның өз қабілетін толықтай іске асыруына мүмкіндік жасайтын.

Түйін сөздер: рушылдық, жүзшілдік, жершілдік, әулетшілдік, рулық-тайпалық құрылыс.

Табиғат пен тарихтың сан қилы кереметтерінің бірі – адам баласының ұлттық және этникалық өзгешілік сапаларын жасап шығаруы. Қазақ халқының тарихи-мәдени құрылымындағы рушылдық, ру-руға бөліну сонау ерте кезден ата-бабамыз салған сара жол десек те болғандай. Қазақтың дархан даласына кең жайласқан халқымыз ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз деп жеке-жеке қоныстанды. Төле, Қазыбек, Әйтеке билер басшылығындағы бұл жүздерге түрлі рулар енгені бізге мәлім. Сол рулар өз руын дәріптеп, оның әр отбасының әрбір баласы өз ата тегін, жеті атасын, қала берді халқының тарихын біліп өсті. Бұл жағдай психологиялық тұрғыдан оқшаулану, жекешелену проблемасын болдырмай, бауырмалдықты, ұйымшылдықты, бірлікті арттырды. Яғни, әр рудың мүшесі өз руының абырой-атағына нұқсан келтірмей, қолынан келгенінше намысын қорғаса, ал бүкіл ру өзінің әрбір жеке мүшесін қорғауға міндетті болған.

Рушылдық деген сөз қазақ арасында туысшылдық, тайпашылдық, жүзшілдік, жершілдік психологиясының жиынтық сипатын беретін ұғым ретінде қолданылады. Сондықтан бұдан былай да, бұл сөз адамдарды туыстық байланыстарына, жеріне, тайпа, жүзіне қарай жіктеудің жиынтық ұғымы ретінде қолданылатын болады. Рушылдықтың ғылымдағы атауы – трайбализм. Ол латынның «тайпа» деген сөзінен шыққан [1]. Әуел баста бұл түсінік әлі ұлысқа бірікпеген, жекеленген тайпаларды білдірсе, қазір тайпалардың немесе өзге де адамдар қауымдастықтарының арасындағы қақтығыстарды білдіреді. Рушылдық психологияның өзгешіліктері рулардың біркелкі өмір сүруі мен күресіне, әлеуметтік, табиғи-географиялық, материалдық мәдени жағдайдың жеріне лайық қалыптасты. Соның әсерінен, әрбір адамда рушылдық ұлттық мінез-құлықтың, сезімінің көріністері, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары пайда болды. Мысалы қазақ халқының рулық дәстүрлері ас беру, бір-бірімен татуласқандағы тойы, жауды жеңгенде жасаған тойлары, жерлеу тағы басқа әдет-ғұрыптарын өткізуде руға сөз келтірмеуге тырысқан.

Сонымен, рушылдық психологияның ерекшеліктері тарихи негізі бар әлеуметтік процесс болып шықты. Оның қалыптасуы, әрбір рудың өмірімен біте қайнасып, әр түрлі себеп-салдардың нәтижесінде туды. Сайып келгенде, өнегелі өмір қасиеттерімен қосыла қарама-қайшы психологиялық дағдылар да болды. Бұл айырмашылықтар рулық, таптық негізді құрайды. Әр рудың өмір сүрген географиялық ортасы айналысқан шаруашылық дәстүрлері мен оған бейімделген дағдысы бірте-бірте окшау тұрады [2].

Қай ұлттың, қай халықтың болмасын өзіне тән мәдени тарихы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, ұлттық болмысы, қалыптасу кезеңі т.б. болады. Осы қалыптасу кезеңінде, сол ұлттың түрлі жетістіктері, ұтымды сәттіліктері, шарықтау шақтары да болады. Және осы аталғандармен қоса іргелесіп, тарихта таңба болып қалатын, түбі тереңде жатқан құлдырау кезеңдері сәтсіздіктері немесе ұлттық болмыстың кемшіліктері де жүретіні айғақ. Халқымыздың әлеуметтік қалыптасуы мен өркендеуіне зор ықпалын жасап, санамыздан әлі де өшпей, керісінше басқа арнада жанданып, бара жатқан рушылдық мәселесін, қазіргі таңда ұлттық санамыздың негізі де басты кемшілігі де дей аламыз. Неліктен? Рушылдық психологияны ұлттық санамыздың негізі дейтініміз, ол тарихымыздағы шарықтау шақтың себепшісі болмаса да, халқымызды ұйымдастыру, басқару мәселелерінің өзегі болды. Себебі, руға, тайпаға бөлінуден рулық-тайпалық құрылыс көшпелі мал шаруашылығына сәйкес қалыпты, тиімді жүйе еді. Мыңдаған жылдар бойы бұл жүйе көшпелі қоғамды ұжымдастырып халқымыз сы рулық-тайпалық құрылыс заңдары бойынша өмір сүрді. Көшпелілерде абақты да, полиция да, балалар мен қарттар үйі де болмағаны белгілі. Бұл аталғандардың функциясын рулық қауым өзі басқарып, өзі шешіп отырған. Оның сыртында, общиналық психологияға сүйенген рулық-тайпалық жүйе талантты адамның өз қабілетін толықтай іске асыруына мүмкіндік жасайтын. Бәсекешілдік қасиет көшпелі өмірдің барлық салаларында ынталандырып отырды. Ру, тайпа немесе оның көсемдері, рудың абыройы үшін ең талантты деген ақындарын, әншілерін, күйшілері мен батыр-балуандарын алға жылжытуға мүдделі. Дарыны, өнері асып, келеге сыймаған, ру мен тайпаны тар көрген талант иелері ханның ордасынан еңселі орын иемденді, олардың өнері ұлттық деңгейге көтеріліп, бүкіл халыққа қызмет көрсетті. Руының, өз тайпасының ханға айта алмаған мұң-мұқтажын, арыз-талабын, сол ақын-жыршы, батыр-балуаны жеткізіп отырды [3].

Тұжырып айтатын болсақ, рулық-тайпалық жүйе өзінің қалыпты ахуалында панасыздарға пана болған, асып туғандарды биік дәрежеге жеткізген, осылайша өзін-өзі қайта жаратып, өркендеп отырған. Бұл айтылған – халқымыздың жақсысын асырып, жаманын жасыратын жағымды тұсы. Оның кемшілігі неде? Оның кемдік тұсы рулық-тайпалық құрылымнан туатын, сол руды меншіктеу, иемдену, яғни рушылдық сана-сезімде көрінеді.

Рушылдық психологияның өзіндік маңызы бар және өте күрделі элементтерінің бірі – рушылдық сезім болып есептеледі. Яғни сонау заманнан бері, әрбір ру-тайпа мүшелері

өз руын дәріптеп «Адаймын, танымасаң құдаймын» деген сияқты артықшылықтарын көрсете мақтаншылық ететін. Оның аяғы әр ру басқалардан қалмауға тырысып, бәсекелесіп отырған. «Бөлінгенді бөрі жейді», енді бірі бұл бөлінгендік емес ата тегін білу деп түсіндіреді [4].

Жалпы қазақ шежірелерінің барлығында мынандай мазмұн баяндалды. Қазақтың арғы атасы – Алаш, Алаштан қазақ туған. Қазақтың Бекарыс, Ақарыс, Жанарыс деген үш ұлы болыпты дейді. Бекарыстың тұқымы ұлы жүз деп аталынып, одан: үйсін, қаңлы, дулат, сары үйсін, жалайыр, суан, шапырашты, ошақты, шанышқылы, сіргеш т.б. таратылды. Ақарыстың тұқымынан ортажүз деп атап, одан: арғын, керей, уақ, қоңырат, қыпшақ, найман тарайды. Жанарыстың ұрпағынан кіші жүз деп, одан: алшын, алшыннан Әлімұлы, Байұлы, Жетіруды таратады [5].

Осы жоғарыдағы аталғандардың әрқайсысы талай тайпаның одағы болып келді. Осы ру-тайпалар мен тайпалық одақтың аты, қазақ пішінді қазіргі күнге дейін сақталуда. Әрбір рудың өзіне тән таңбасы және ұраны, туы бар. Бұл таңбаны ерте кезде рудың малынан басына тасқа ойып орнатқан. Бірнеше ру бірлесіп тоқтам жасасқан. Ал ұран сол рудың ата-бабаларының немесе сол рудан шыққан батырларының атымен, соғыс кезінде тығыз-таяң үндесу ретінде аттанысқа аталған. Ру таңбасы сол рудың нышаны орнында қолданылып, рудың жалауына салынған. Қазақтың көптеген ру аттары сол рудың таңбасы арқылы аталған. Мысалы: бағаналы, балиалы, шанышқылы, ергенекті, тарақты, ошанайлы, ошақты, тарақ таңбалы, теріс таңбалы тағы басқалары. Ру тайпа аттарының тағы бір түрі сол рудың тотемдік ұғымынан туған. Әдетте, қазақ рулары өз ішінен қыз алыспайды, қыз алысу үшін, кемінде жеті атаға толған болуы және олардың қонысының арасында жеті өзен болуы шарт. Туыстас рулар бір-бірінен бөлек ру болуы үшін, арада он үш ата өткен болу керек. Міне осы себептерден, қазақ шежіресі өз ұлтының тарихнамасы болуымен қабат, үйелменді ұйымдастырудың өлшемі болған. Қан – қарындастық қатынасын ру-тайпа мүшелерінің санасына сіңір, оларды ру ұранының туы астында топтастырып келген. Бір атадан тараған ру мүшелері өздерін туыс деп санаған, оның жыртысын жыртып, намысын жақтауға жұмылдырылған. Ру-тайпа мүшелерінің бірі басқа ру жағынан өлтірілсе, жалпы ру мүшелері жиналып, оның құнын алған, яғни кісі өлтіруші ру құнын төлеуге жауапты болған. Бір рудың жесірінің, екінші руға кетуіне жол берілмеген. Осы рулық қатынастардың шаруашылық негізі ретінде, жайлаулық, жерге жалпы рулық меншік сақталған [6].

«Біздің қазақтың» – деп жазды ұлы ойшыл, ақын Абай – достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт таңдауы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз. Ел арасындағы ынтымақ, бірліктің жоқтығын, берекесіздікті және басқа кемшіліктерді надандықтың көрінісі ретінде теңейді [7].

Біз шын мәнісінде тарихымызды білмей өскен халықпыз – дейді белгілі философ, саясаткер Ғарифолла Есім. Байқап отырсақ, тарихымызды білмеушілік қазіргі саяси өмірге белсенді араласуымызға елеулі бөгет болып отыр. Ұлттық саяси санамыз жетілуі үшін де тарихи тану қажет, төл тарихымызды білуге талпыныс – рушылдықты қоздыру немесе трайбализм деп түсіндіруге тырыстық. Мұның теріс екенін өмір өзі көрсетіп отыр [8].

Трайбализм қазақ тарихында болған, бірақ біз ол сатыдан өткенбіз. Оған ең айшықты бір ғана дәлел, XV ғасырда адамзат тарихына Қазақ Ордасы деген атпен енген консолидацияның басы. Әрине, трайбализм бірден іс-түзсіз жойылып кететін көрініс емес, онымен күрес әманда жүріп келеді. Жоғарыда айтылған Төле би, Қазыбек би және Әйтеке билердің іс-әрекеттері осы аталғанға қарсы бағытталған. Олар халықтың мүдде жанашырлары. Осылай өшіп-жойылып бара жатқан трайбализмнің - бір көрінісі рушылдық, XIX ғасырда түрленіп, құлпырып шыға келді. Ол трайбализмнің жандануы емес, оны біртұтас халыққа іріткі салу үшін құрал ретінде пайдаланушылық. Жалпы

трайбализмнен ешқандай үркүдің қажеті жоқ. Ол адамдардың қауымдасып өмір сүрген кезіне сай көрінетін әлеуметтік – сол жағдайға қажетті заңдылық. Ал, XVII ғасырда трайбализмнің қазақ тұрмысына қажеті жоқ болатын, этнос дамуына кедергі болатын, сондықтан билер, жыраулар онымен күрескен. Трайбализм сонда кімге қажет болды деген сұраққа келсек, себеп пен салдар диалектикасына тірелеміз. Рушылдық – ұлтқа қарсы әрекет етуші психология. Бұл құбылыс екі рет халықтың санасынан өшіп бара жатып, қайта жанданды. Екі жағдайда да, бөгде күштердің араласуымен қайта тірілді және де сол күштердің мүддесі үшін қызмет етті. Халық бұқарасы рушыл емес, рушылдар - өткен ғасырлардағы ауылнай, би, болыстар, қазіргі елдердегі күдікті жолмен болашаққа келген уақ мамандар [9].

Рушылдықтың жандануының себебі, қазақ халқының саяси бостандығынан айырылуында. Патшалық Россияның отаршылдықты жүргізген әкімдері тұрақты қаласы жоқ, діні, тілі өзге халықты басып-жаныштап, өз құзырында ұстаудың таптырмайтын құралы, оларды ру-руға бөліп, басын біріктірмеу болды. Қазақтарды бір-біріне айдап салу мейлінше тиімді тәсіл еді. Бір-бірінен жапа шеккен қазақтар әділдік іздеп, орыс ұлықтарына баратын болды. Патша чиновниктері рулық құрылысты сақтап қалуға мейлінше мүдделі болды. Олар рушылдықты оттай маздатты. Рулар арасындағы жанжалдар бұрын болып көрмеген жағдайға душар болды. Бұл қазақ халқының тұтас ұлт болып қалыптасуына үлкен кедергі болатын құбылыс болғаны даусыз.

Рушылдық кадрларды іріктеу және орналастыру ісінде кездесетін кертартпа принцип - протекционизмнің ерекше формасы. Протекция протекционизмнің ерекше формасы. Протекция құбылысының соңғы жылдарында басшы кадрларды іріктеу және орналастыру процесінде бұрынғы одақтас республикалардың бәрінде, өлкелер мен облыстарда орын алып келгені белгілі. Жершілдік, жікшілдік, таныстық механизмдерін пайдалану тек қазақтарға ғана тән құбылыс емес-тін. Мұндай құбылыс - бұрынғы Кеңес Одағының қай түкпірінен болса көп кездесетін. Алайда, біздегі – Қазақстандағы кадр мәселесінің шешуі барысындағы жағдайларды өзге жерлердегімен салыстыруға болмайтын, өзіндік ерекше сипатта еді. Ол ерекшеліктің бастысы біздегі рушылдық дегеннің өте ауқымдылығымен көзге ұратындығы. Әсіресе, тұрғындарының ішінде қазағы көп аудандар мен облыстардағы кадр мәселесін шешетін басты принцип осы болып табылады. Біздегі протекционизмнің текшілдік пен тартысудың, жеке басқа деген симпатия мен өзара тіл табысушылықтан гөрі рушылдық пен туысқаншылдық, жүзшілдік пен жершілдік реңкі басымырақ көрініс берді. Сондықтан да, бұл әлеуметтік қырсық қазақтардың ішкі мәселесі ретінде ғана алынып келеді. Сондықтан да, бұл құбылыс өзара күңкіл, күбір сыбыр деңгейінен аспай, ары кеткенде «осыны қойсақ қайтеді» деген тәуір пікір дәрежесінде ғана көрініс беріп келеді.

Рушылдық психологияның өзге жағымсыз ұлттық-психологиялық әдет-дағдылардан гөрі тигізетін зияндығы мол, әлде қайда қатерлі. Рушылдық дерті қазіргі кезеңдегі кадр саясатын жүргізу, кадрларды іріктеу және орналастыру ісін қайта құрудың алдында тұрған ең үлкен тосқауыл болып отыр. Оның зардаптары бірден қоғамдық- әлеуметтік, мәдени-рухани дамудың барлық салаларынан көрініп те жүр.

Рушылдық үстемдік еткен жерде халықтың бірлігіне, қоғамдық ой тұтастығына, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын» бүкіл ұлттық ынтымақтастыққа қол жеткізу мүмкін емес. Рушылдық, жершілдік механизмі халықтың демографиялық өрлеу мен ішкі миграциясына да кедергі жасайды. Рушылдықтың халық шаруашылығына келтіріп жатқан зияны да ұшан – теңіз. Рушылдық, туысқаншылдық арналарымен лауазымды орынға келіп, бас аяғын қамтып алған басшы, өзінің шаруашылық миссиясына арнап сәнді сарай салғызудан бастайды да, сосын мемлекет мүлкін судай шашып, сендей соғыстырады. Өз міндетін қазіргі ғылыми талаптарға сай орындай білмейтін, ондай ойы да, ниеті де жоқ, жеке басының қамымен шаруашылық қарқынын түсіріп жүрген кейбіреулердің мұндай әрекеттерін, біржақты әкімшілік тар шеңберде ғана алып, қарастыру түпкілікті нәтижеге

жеткізе алмайды. Бұл құбылысқа әлеуметтік-экономикалық, моральдық-этикалық және саяси позициялардан қарап, ұлттық мүдделердің бағасымен соқпай бұл мінезді өзгерту қиынға соғады. Осы уақытқа дейін мұндай қылықтардың төте соққыдан жалтарып, бұқпантайлап күн көріп келуінің себебі осы [10]. Рушылдықты қайта жандандырған, оны өліп бара жатқан жерінен қайта тұрғызып, өмір әперген қандай күш екенін жоғарыда атап өттік. Ол – қазақты ұлт ретінде жою мақсатын көздеген сол мақсатқа жету үшін зиялыны ұсақ кадрмен айырбастау стратегиясын шығармашылықпен айқындап, ұтымды тактикамен жүзеге асырып келген, осы уақытқа дейін басқарудың барлық тұтқаларын өз қолына жинақтап келген - әміршіл-әкімшілік аппарат. Ол аппаратты құрушылар - бұрынғы Кеңес Одағында тұратын жүздеген ұлтты ассимиляциялау көздеген орыс шовинистері екенін түсіну қиын емес. Демек, рушылдық дегеніміз – қазақтарға (рулық психологияның іздері өше қоймаған өзге Орта Азия халықтарына да) қарсы күресте қолданылған, ұлы державалық шовинизмнің қаруы.

Академик Жабайхан Әбілдин айтқандай, өзінің ұлт ретінде кеш қалыптасуына орай, қазақтар ғасырдың басында жүздері мен руларын әлі ұмытқан жоқ болатын. Қазақ халқының тарихында ру-тайпалық құрылымының әр қашанда реакциялық рөл атқарып келгені де шын. «Ол ұлттың бірігуіне де, ұлттық өзіндік сана мен ұлттық психологияның қалыптасуына да кедергі жасады. Рулық жікшілдік қазақ халқының күш біріктіруіне ылғи кедергі жасады; саяси өмірдегі әр түрлі сепаратистік пен сатқындықтың негізі болып келді. Ары академиктің «социализм жағдайында», «Қазақтың социалистік ұлт болып қалыптасуы интенсивті жүріп жатқанда» дегендерін сол кезеңнің идеологиялық ықпалынан шыға алмаушылық екенін түсіндіре отырып, рушылдықтың қайта жандануы туралы ойларды ден қоярлық екенін айта кету керек. «Алайда тоқырау кезеңінде республикада көңіл сөнбес іс болды, - деп таңданады академик, - артта қалған соңғы демін алып жатқан, тіпті өліп бара жатқан форма кенет қайта жанданып, күш ала бастады. Өзінің зиянкес вирусымен білімді адамдарды, республиканың маман корпусының жоғарғы эшелонын ластады. Ру-тайпалық идеологияға партия – совет қызметкерлері, ғалымдар мен жазушылар, институттардың ректорлары мен директорлары т.б. – бой алдырды» [11].

Қазіргі уақытта елімізде рушылдық қарым-қатынастың деңгейі біршама жақсарды. Тәуелсіз мемлекеттің ішкі өмірі мен оның саяси экономикалық жағдайы мәселенің негізгі арқауы деп бағалауға болады. Ұлт санасына қарамастан ұлттық мүдделер мен мұқтаждарды қанағаттандыруға, таба білуге көңіл бөлініп ұлттық мәселелерді шешуде әдептілік сақтап, бұқараның психологиясын түсіну қажеттілігіне назар аударды. Қазіргі кезеңде ұлт мәселесінің әдет-ғұрпын, ділін, дінін сақтаудың ешбір өзгеруі болмайтынын ескеріп отыр [12].

Ру тұтастығы мен қазақ тұтастығы қажеттілік тұрғысынан және ар-намыс төтесінен ұшыраспайтын білім және өнер бар. Ол рушылдық философиясы, оның пәні мен мәселелерін толықтыру. Бүгінгіміздің даму дағдысын танып табу үшін, таңдау үшін жинақталған тарихи білімдер жеткіліксіз, бұған методологиялық ізденіс пен жаңа дүниетанымдық көзқарасты қолдана білу абзал. Екеуінің де үш негізгі сипатын – заттық мазмұнын, іс-әрекетінің бағдарын, жүйелілігін арттыру қазақты келбеттеудің болжамдық қызметін жандырумен барабар [13].

Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегі Қазақстанда этикалық білім берудің кейбір мәселелеріне қолдау көрсетіп, қозғау салып отыр. Рушылдық ерекшеліктердің ұлттық сезімдер арқылы көрініс беретінін, оның ұлт тілдері мен ұлт мәдениетінен айшықты орын алатынын айта келіп, ел басшысы Н.Ә.Назарбаев оның өмірден алатын тұрақты құбылыс екенін, оны жою мүмкін еместігін әрбір рушылдық мәдениеттің беріктігі, ұлттық қағидалардың қоғамда қозғаушы күш екеніне және оның тәлімгерлік рөліне назар аударады [14].

Рушылдық психологияның ерекшеліктері тарихи дәуірлер қоғамының әлеуметтік бұландар салған іздің белгілерін жинақтап, сақтап бүгінгі ұрпақтың рухани қасиеттерімен аралас өрбіп отырады. Оның табиғатпен бірге қалыптасуына мына факторлар әсер етеді. Белгілі бір халықтың ұзақ мекендеген географиялық ортасы; халықтың тарихи жолы, былайша айтқанда халық «тағдыры» оқиғалары, мәселен азаттық күрес пен байланысты ортақ қуаныш, ортақ қайғы, күйзеліс, жеңістер түрлі ұлт өкілдері арасындағы әлеуметтік психологиялық қарым-қатынастар, өзара әрекеттерінің байланыс деңгейі. Аталған жағдайлар халықтың рухани психологиялық қасиеттеріне із қалдырды, соған бейімді дағдыларды қалыптастырды [15].

Рушылдық психологияның белгілері толы. Тарих пен саясат, оған қоса табиғат ықпалы ғасырлар бойы өзінің іздерін қалдырып отырған. Сондықтан рушылдық психологияның ерекшеліктері тарихи және әлеуметтік құбылыс. Дегенмен, уақыт өрнегі заман талабы ұлттық психологияны өзгертіп, дамытып, әрі жаңартып отырады. Тарихтың белгілі кезеңдерінде өзгерістерге ұшырап жақсы болсын тиісті сапаларға ие болады деп ойлаймыз. Оның қозғалысы мен өзгерістеріне әлеуметтік-саяси жағдай мен саясат идеологиясы анық ықпал жасап, тіптен тездетіп те отырады. Рушылдық психология белгілерінің қалыптасуы мен жіктелуі, қоғамның оның кейбір таптарының, топтарының мүдде-мақсаттары да тікелей байланысты саяси мәселелерге де тіреліп отырады [16].

Білімді, жан-жақты тәрбиелі, қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Әр халықтың тәлім - тәрбиелік мұрасы мәдениеттің маңызды мұрасы болып табылады. Ертеңгі өркениетті қоғам мүшесі, өз ұлтының рухани байлығын, ізгі қасиеттерін бойына сіңірген, өз жері мен елін қорғай алатын ұлтжанды, жоғары мәдениетті адамды тәрбиелеу, бүгінгі күннің талабы. Жастарды жан-жақты қабілетті адамзат етіп өсіруде – рушылдық тәлім-тәрбие принципін басшылыққа алу қате құбылыс. Сондықтан да, біздің негізгі бағыт бағдарымыз ана тіліміздің табиғи тазалығы, мектепте оқытылатын түрлі ғылым негіздерінің ұлттық болмысымызға үйлесуі, мектептегі оқу-тәрбие процесін жаңа мазмұнда, әрі халқымыздың озық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына негіздеу дұрыс болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жүкеш Қ. Ұлттық психологияның сипаты. – Алматы, 1993. – 82б.
2. Елікбаев Н. Ұлттық психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 74б.
3. Елікбаев Н. Қазақстан 2030: Қазақ ұлты психологиясының методологиялық мәселелері. – Қарағанды, 1999. – 81б.
4. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996. 43-45б.
5. Елікбаев Н. Дәуір тынысы. Қазақ ұлтының психологиясы: Қарағанды, 2000. 89-90б.
6. Ғарифолла Есім. Сана болмысы: Саясат және мәдениет туралы ойлар. Алматы: РИМП, «Экитто», ПКП, «Верена». – 1994. – 32-35б.
7. Елікбаев Н. Қазақтың ұлттық психологиясы. – «Ақиқат» журналы, 1991.
8. Қазақ психологиясының мәселелері. – Алматы, 1974. – 14-15б.
9. Сәрсенбаев Т. Ұлттық сана-сезім мен ұлттық қадір-қасиет. – Алматы, 1990. – 11б.
10. Алтай Ж, Қасабек А, Мұхамбетәлі Қ., – Алматы: «Жеті жарғы», 1999. – 146-147б.
11. Қожабекұлы Б. Тарихи таным: Ежелгі халықтар, тайпалар, рулар, жер жұтқан қалалар. – Алматы, «Ататек», 1994. – 24-31 б.
12. Жұмағұлов Н. Қазақ шежіресі. – Алматы: Қанағат, 1993. – 117-118 б.
13. Арғынбаев Қ. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы: «Атамұра», 2000.
14. Қазақстан тәрбиелік ой-пікірлер анотомиясы (XIII-XXғ.ғ.). – Алматы: «Рауан», 1994. 51-52 б.

15. Қазақ психологиясының мәселелері. – Алматы, 1974. – 14-15 б.

16. Назарбаев Н. Қазақ халқының азаматтық таңдауы – тарихи зерде, ұлттық татулық және демократия реформалары. – Ақмола, 1997. – 37-39 б.

Резюме

Р.Н.Алибаева

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Т.А.Жаканова

(Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова)

Трайбализм в психологии казахского народа

В статье рассматривается трайбализм казахского народа, это этническое качество народа сформированное несколькими веками. Жузово-племенная принадлежность в Казахстане существует и является частью казахского народа.

Ключевые слова: трайбализм, жузово-племенная принадлежность, землячество, казах

Summary

R.N.Alibaeva

(с. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

T.A. Zhakanova

(Asfendiyarov Kazakh National Medical University)

Tribalism in the psychology of the Kazakh people

In the article the tribalism of the Kazakh people, it is the quality of the ethnic people formed several centuries. Zhuzes-tribal affiliation exists in Kazakhstan and is part of the Kazakh people.

Keywords: tribalism, zhuzes-tribal affiliation, fraternity, Kazakh

ӘОЖ 159.9 (574)

ПЕРФЕКЦИОНИЗМ ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ САПАЛАРЫНЫҢ ДАМУ ШАРТЫ РЕТІНДЕ

С.Т.Бапаева, 2 курс магистранты
(Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада психологтың кәсіби сапаларының даму шарты ретінде перфекционизм ұғымының мәні қарастырылып, ашылған. Сонымен бірге перфекционизмнің Батыс ғылымындағы клиникалық психологияда және тұлға психологиясында да зерттелуінің тарихына шолу жасалынған. Перфекционизмнің Батыс ғылымындағы клиникалық психологияда және тұлға психологиясында да зерттелуінің ұзақ тарихы бар. Перфекционизм мәселесі 20 ғасырдың 30 жылдары Хорнидің еңбектерінде қозғалған болатын; 60 жылдары Дебровский (1964, 1972) перфекционизмді дарынды адамдардың мінез бітісі ретінде қарастырыла бастауына негіз болды. Алайда, біртіндеп перфекционизм мәселесі Европада 80 жылдардан бастап қарқынды зерттеле бастады.

Түйін сөздер: Перфекционизм, тұлғалық денсаулық, жетістікке деген жағымды ұмтылыс, «қалыпты» перфекционизм, «невротикалық» перфекционизм.

Тұлға психологиясында перфекционизм ұғымы енгізілгелі бері мүлтіксіздікке деген ұмтылыс жайында, оның жағымды әрі жағымсыз салдарын сипаттайтын әртекті

түсініктердің шеңберінде аталмыш құбылысқа деген қызығушылық арта түсуде [1]. Психологиялық ғылымда перфекционизмнің алғашқы феноменологиялық сипаттамалары жағымсыз әсерде болды: М.Холлендер (1965) адамның іс-әрекетті орындауда жағдайлардың талабынан едәуір жоғары сапада жүзеге асыру талабын қоюдың күнделікті тәжірибесі ретінде түсіндірді. Д.Бернс перфекционизмді үміттерді, оқиғалардың интерпретациясын, адамның өз-өзін және өзгелерді бағалауын, шындыққа сай келмейтін жоғары стандарттарды көздеу және өзін «барлығына ие болу немесе ештеңе де қажет емес» терминдері арқылы бағалау бейімдігін қамтитын ерекше «когнициялар торы» ретінде анықтады [2].

Перфекционизмнің «сау» және «невротикалық» түрлерін сипаттаған Д.Хамачек (1978) оны полярлы феномен ретінде қарастырады. Оның пікірінше «сау» перфекционистер жетістіктерінің негізінде өзіндік бағасын арттырып, терең ләззат алуға қабілетті болады; ол өзінің табысқа деген үмітін басшылыққа алып, қобалжу мен құмарлық сезімдеріне бөленеді; дербес ресурстары мен шектеулерді де ескереді; белсенділікке оңай қол жеткізе алады. Д.Хамачек бойынша невротиалық типтегі перфекционистер қол жеткізген нәтижелеріне ешқашан көңілі толмайды; өзінің тым жоғары үміттеріне бағдарланады; жоғары стандарттарға сәйкес келмеген жағдайларда үлкен мазасыздықты кешіреді; сәтсіздікке ұрыну қорқынышының ықпалында әрекет етеді; тек өзінің дербес қателері мен кемшіліктеріне екпін қояды.

Р.Фрост пен қызметтестері (1993) перфекционизмді алғаш рет типологиялық тұрғыда зерттеп, перфекционизмнің әртүрлі типтерінің арасындағы айқын айырмашылықтарды анықтайды. Мәселен, «бағалауға бейімсіз қамкөңілдік» түріндегі перфекционизм, бірқатар бейімсіз сипаттамаларға, атап айтқанда: иррационалды (бұрыс) ойлауға, өзін-өзі сынау бейімділігіне, өз-өзіне кінә тағу және өзгелерді кінәлау, прокрастинацияға (ағылшынша *Procrastination* аялдау, істі кейінге қалдыру, латынша *procrastinatus: pro-* (орнына, алдында) және *crastinus* (ертеңгі) – психологиядағы ұнамсыз істер мен ойларды тұрақты түрде «кейінге қалдыру» бейімділігін білдіретін ұғым), кәсіби мансаптың тиімсіздігіне, бейімсіз-копинг-амалдарға (ағылшынша *coping, coping strategy* адамның стресті жеңу (ағылшынша *to cope with*) үшін қолданатын амалдары), эмоциялы бейімсіздікке (депрессия мен мазасыздық симптомдарын, өз-өзіне қол жұмсау мінез-құлқы, емтихандағы мазасыздық, обсессивті-компульсивті сипаттамаларды қамтығанда) қатарына байланысты. Сонымен қатар, Р.Фрост, «жетістікке деген жағымды ұмтылыс» түріндегі перфекционизмнің бейімді қасиеттері – жетістікке деген конструктивті ұмтылыспен, жағымды аффектімен, өзін-өзі жағымды бағалаумен, өзіндік табыстылықпен, өзін-өзі өзектендірумен, оқытудың тиімді амалдарымен, жоғары академиялық үлгеріммен, жағымды интерперсоналды сапалармен, өз-өзіне сенімділікпен, альтруистік әлеуметтік бағдарлармен, бейімді копинг амалдарымен байланысын анықтайды.

Типологиялық тұрғының аумағында перфекционизмді полярлы феномен ретінде сипаттайтын бірқатар зерттеу жұмыстары жүзеге асырылады: У.Паркер (2002) перфекционизмнің «сау» («Үлкен бестік» моделі бойынша «адалдыққа» байланысты) және «жайсыз» (өзін-өзі төмен бағалауға байланысты) типтерін атап көрсетеді. Р.Слэни мен Дж.Эшби (1995) перфекционизмнің «бейімді» және «бейімсіз» түрлерін анықтайды. П.Слэйд пен Г.Оуэнс (1998) «жағымды» (стимулға жақындау ниетін тудыратын) және «жағымсыз» (үрейлі салдардан бас тарту әрекетін іске қосатын) перфекционизмді анықтайтын, «екі жақты үдерістің» бихевиористік моделін құрастырады. К.Эдкинс пен У.Паркер (1996) «енжар» (іс-әрекетке кедергі келтіретін және суицидалды мінез-құлқтың жоғары тәуекелімен қосарлана жүретін) және «белсенді» (суицидалды ниеттерге еш қатысы жоқ және жетістіктерге ынталандыратын) перфекционизмді ажыратуды ұсынады [1]. Петерс көптеген психологиялық теориялар, кейінірек перфекционизм деген атауға ие болған ұмтылысты даму үшін қажетті, қалыпты сапа деп

қарастырғанын тұжырымдайды. Мәселен, Адлер адамның мінсіз болу ұмтылысы табиғи жәйт, өйткені ол өмірдің ажырамас бөлігі болып табылады деп қарастырады. Онсыз өмірдің мәні жоқ. Адлер өзімдіктің шығармашылық қуаты жайлы былай деп жазады: «... Біз, адамдар – сыртқы қуаттың құзырындағы қауқарсыз қуыршақтар емеспіз, біз тұлғамызды өзіміз қалыптастырамыз. Әр адам, индивидуум сол тұлғаны жеке-дара қалыптастыратын тұлғаның бірлігі болып табылады. Ол өзінің дербес тұлғасының суретшісі» [3].

Маслоу тұжырымдамасының негізгі тұрғыларына сәйкес, адамның мүлтіксіздікке ұмтылысы, өзін-өзі белсенді жетілдіруі – невроздың көрінісі емес, тұлғалық денсаулығының көрсеткіші болып табылады [4]. Хорни мүмкіндігінше мүлтіксіз болу, идеалға барынша жақындау ұмтылысын невротикалық деп есептемейді. Ол «шынайы идеал» және өзін «невротикалық идеалды бейнелеу» ұғымдарын ажырата қарастыру қажет деп есептейді. Соңғысы, «шынайы идеалдарға қарағанда тұрақты. Ол адамның көздеген мақсаты емес, оның қадір тұтатын тиянақты идеясы. Идеалдар динамикалық күйге ие; олар өздеріне тартып, жақындау ұмтылысының туындауына себепкер болады; олар кез келген даму мен өсу үшін қажет әрі бірегей, құнсыз қуат болып табылады. Идеалды бейненің өсуге кедергі болатыны даусыз, өйткені олар кемшіліктерді жоққа шығарады немесе оларды сынап-мінейді. Шынайы идеалдар кішіпейілдікке, идеалды бейне тәкаппарлыққа ұласады». Хорни бүркемелі, невротикалық идеалға талпынатын тұлға дамуының әртүрлі нұсқаларын сипаттайды: «... Егер невроздық өзінің шынымен сол идеалды бейнеге сәйкес келетінін дәлелдеу маңызды болса, ол өзінің шын мәнінде аса көрнекті ақылға ие тұлға немесе кемшіліктерінің өзі керемет, жаны нәзік адам деп анықтайтын түсінігін дамытады. Егер адамның назары идеалмен салыстырғанда жеккөрушілікке лайық Шынайы Менге шоғырланған болса, алдыңғы жоспарда арнамысына нұсқан келтіретін үлкен сын орын алады. Адамның өзін осылайша жақтырмауының нәтижесінде туындайтын өзі жайлы дербес түсінігі идеалды бейне іспеттес, ақиқаттан соншалықты алыс орналасатын болса, оны да нұсқан келтіретін бейне деп атауға болады... Егер, ол бірінші үлгідегідей жауап беретін болса, оны «нарциссизмге» шалдыққан адам деп білуге болады, ал екінші жағдайда біз оны Супер-Эгоның айрықша типіне ие перфекционист деп танымыз». Хорни «...адам ешкімнің және ештеңенің алдында жауап бермейтіндей кейіп танытатын; ол есерсоқтыққа, жауапкершіліксіздікке және негативизмге бейім болатын» нұсқаны да қарастырады [5].

Перфекционизмді зерттеушілерді әрдайым оны адамның өзін-өзі өзектендіруіне және өзін-өзі жетілдіруіне деген қалыпты ұмтылысының айқын көрінісі немесе «жоқ мүлтіксіздікке таңылған құлай берілу» деп анықтайтын мәселе толғандырды (1980). Петерстің пікірінше, ол мәселе «мүлтіксіздікке деген құмар ұмтылыс және қажет етілген, мұқият, жоспарлы, асқан дәлдікпен жұмсалған күш» жайында сөз қозғалған сайын көтерілуі тиіс. Кейбір психологтар ол мәселенің барлық жағдайға ортақ бірмағыналы, ақырғы жауабының табылуы мүмкін емес деп есептейді. Петерс: «Жоғары дәрежедегі жетістіктерге, дамуға қолайлы және қажет сапа, мысалы еңбек пен жігерді қажет ететін зор мақсатты көздеу бейімділігі қатар адамның өміріне жағымды әрі жағымсыз ықпал етуі мүмкін». Егер Паркер мен Адкинс (1985) адамның өзіне лайықты көздеген стандарттары «қол жетпейтіндей тым жоғары болғанда» мүлтіксіз болу ұмтылысын невротикалық деп бағалауды ұсынса, Петерс ол авторлармен пікірталастырып, «дарынды адамдар үшін нені қол жетпейтіндей жоғары деп есептеуге болады? Дарынды әрі өзінің қабілеттерін толыққанды дамытуда тайынбайтындар талаптарының қолайлы деңгейін кім объективті бағалай алады?» деген мәселені ортаға салады.

Дегенмен Паркер мен Адкинс жоғарыда келтірілген пікірлеріне сәйкес, перфекционизмнің қалыпты және невротикалық табиғаты туралы мәселенің ақырғы шешімін шығармайды. Олар төмендегіше мысалды келтіреді: Олимпиада Ойындарындағы жылдамдықпен түсу жарыстарына қатысқан спортшы әйел төменге сырғымас бұрын,

жоғары қысыммен барлық күш-қуатын бойына жинап, сөренің алдында өзінің сәтін күтуде. Балалық шағынан бастап, ұзақ жылдар бойы, ол спорттық режимді сақтап, алдағы бірнеше секундтық сәт үшін көп нәрседе өзіне шектеу қойып, күніне бірнеше сағат жаттыққан. Мақаланың авторларын: Спортшы әйелдің перфекционизмі қалыпты ма әлде невротикалық па? деген сұрақ толғандырады.

Сильверман (1995) перфекционизмнің бағалануы мәдени шартталған деп болжайды. Сильверман бәсеке қағидасына негізделген қоғамда келесі бетбұрысты бақылайды. Адамның мүлтіксіздікке талпынуы және өзін-өзі жетілдіру ұмтылысы, оның қоғаммен мойындалған қайсыбір аумақта неғұрлым бәсекеге қабілетті болып, қоғаммен дарынды, ұлттық және халықаралық деңгейде жарысуға қабілетті тұлға ретінде қабылданып, қолданылғанда ғана оның перфекционизмін мақұлдауға болады. Ал егер, оның мүлтіксіздікке ұмтылысы қоғаммен «пайдасыз, лайықсыз» деп бағалайтын аумаққа бағытталғанда, перфекционистті сынға алып, невротик деп есептейді.

Сильверман перфекционизмнің жағымды аспектілерін бағалай білу керек деп есептейді, өйткені «ықтималдыны алдын ала болжай алу және адамның өз өмірін сол елес ретінде жүзеге асыруы дамудың ең жоғарғы деңгейлеріне қол жеткізген адамдарды ерекшелендіріп тұрады». Петерс: «біз перфекционизмді аутодеструктивті бетбұрыс немесе керісінше деп қарастырғанымызбен, біз дарынды адамдардың мінсіз болуға талпынысын мойындамауымызға болмайды, олар үшін тіршіліктің ондай жағы – өте маңызды болып табылады», -дейді.

Шмитц пен Гэлбрэйт (1985) перфекционизм дарынды адамдардың әдеттен ерекше мен орташаның арасындағы айырмашылықты сезіну қабілеті мен қасиетін түсінуден» бастау алады. Адам қайсыбір құнды нәтижеге қол жеткізе алатындығын және ол нәтиженің қандай болатынын түсінетіндіктен адамның оған жету ұмтылысы арта түседі. Дарынды адам өзі үшін белгілеген стандарттарға сай келмеген жағдайда өзін толымсыз сезініп, өзінің білуінше қабілеті жетерлік деңгейге қол жеткізу үшін қолынан келерін жасамаса, өзін қанағаттанғысыз сезінеді.

Хамачек, Паркер, Адкинс (1978, 1985) және басқа да еуропалық зерттеушілер адамның ынталы еңбектен ләззаттанатын және нәтижелерін жақсартуға тырысып, сонымен қатар өзінің құндылығының шегін (тұлғалық немесе ситуативті) мойындауға қабілетті болатын «қалыпты» перфекционизмді невротикалық перфекционизмнен ажырата білу қажет деп есептейді.

Психолог Сидни Блат (1996) «Перфекционизмнің жойқын күші: депрессияны емдеудегі мәні» атты мақаласында «невротикалық» перфекционизм сәтсіздіктен қашу ұмтылысынан туындайды. Перфекционистке ешнәрсе жеткілікті дәрежеде мінсіз болып көрінбегендіктен, ол басқа адамдарға керемет орындалғандай көрінетін жұмыстан ләззат алуға қабілетсіз болады. Адамның тамыры терең толымсыздық және осалдық сезімдері оны өз-өзін ойрандататын мөлшерден тыс күштің шексіз шеңберіне түсіреді.

Штебер мен Джорманның (1988) пікірінше, невротикалық перфекционизмнің шығу тегі элеуметтік болғанымен, нақ осы жағдайда оны өзгеше қабылдауға болады. Оның көрініс беруінің себептері ретінде ата-ана тәрбиесінің ерекшеліктері анықталуы мүмкін: эмоциялы шеттеу, мөлшерден тыс қолдау көрсету, қатаң тәрбиенің нәтижесінде бала мақұлдау мен мойындауға лайық болу үшін барлық жерде «ең таңдаулы» болғысы келеді. Ондай адамның барлық әрекеттерінің мотивациясы «іштей» емес, «сырттай» детерминделеді. Адам өзгелерге (мақұлдау мен мақтаудан) мөлшерден тыс тәуелді бола бастайды. Ата-ананың ықпалы да өзгеше көрініс беруі мүмкін. Ата-ананың перфекционизмі (өзінің балаларына қатысты) баланы невротикалық перфекционизмге шалдықтыруы мүмкін: ата-ана өзінің баласынан идеалды адамды жасап шығаруға тырысып, баланың есебінен өзінің сәтсіздіктірінің орнын толтыруға тырысады, оған баланың табиғи себептерден (жасы, қабілеттерінің жетімсіздігі) қабілетсіз болатын өте жоғары талаптарды қоя бастайды. Көптеген ата-аналар мен баланың сүйіспеншілікке толы

әжелері мен аталары байқаусызда баланың бойында ең нашар перфекционистік бетбұрыстардың дамуына себепкер болуы ықтимал.

Егер ересектердің үміті тым жоғары болса, баланың оларға сәйкес келуі қиынға соғады, ол өзін ата-аналарының көзімен, демек, өзі үшін де жолы болмайтын адам ретінде қабылдайтын болады. Алайда, Штобера, Джорман және басқа да зерттеушілердің анықтамасы бойынша перфекционизмді қоғамның ықпалымен ғана түсіндіруге болмас. Кэрл Такакс (1989) дарынды баланың іске жоғары әуестігі, әркез, кез келген жұмысты толыққанды мүлтіксіздікке жеткізудің мөлшерден тыс айқын ұмтылысына ұласуы мүмкін деп есептейді.

Жоғарыда аталған авторлар ерте балалық шақта көрініс беретін перфекционистік бетбұрыстардың қатарын анықтап, сипаттайды. Мектепке дейінгі жас шамасындағы дарынды баланың өзіне жоғары талап қоюы оның дербес жұмысын ересектердің өлшемі бойынша бағалауға ұласады. Осылайша, өзінің ісіне деген махаббатынан, дербес пікірінің ықпалынан емес, тек жақындарының мақтауына «лайық болу», өзінің құндылығын дәлелдеу үшін перфекционистке айналады (1989). Өкінішке орай, перфекционистердің «үлгісі» аз зерттелінген. Ал дәл сол үлгілер перфекционистердің қабілеттерін айдаланған, табандылық танытқан, еңбектенген істі анықтайды. Сонымен қатар, идеал мәселесі мен перфекционистік қиындықтарын бір-бірімен өзара байланыста зерттеген құптарлық.

Перфекционизм – клиникалық психология мен тұлға психологиясында қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірінен саналады. Ол мәселе әртүрлі бағытта зерттелінуде. Дегенмен, перфекционизмді адамның өзін-өзі дамытуындағы бағытын белгілейтін идеалды, үлгіні таңдаумен байланысты құбылыс ретінде зерттеген орынды болар. Сірә, перфекционизмінің деңгейі әртүрлі тұлғалардың идеалдарының мазмұнындағы айырмашылықтардың анықталуы идеал және перфекционизм мәселелерін өзге қырынан тануға мүмкіндік берер.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Золотарева А.А. «Методика дифференциальной диагностики перфекционизма». //Сборник материалов VI международной научно-практической конференции молодых ученых, ТОМ I Санкт-Петербург, 2010.
2. Грачева И.И. «Уровень перфекционизма и содержание идеалов личности». Диссертация на соискание ученой степени кандидата психологических наук, Москва – 2006.
3. Адлер А. Индивидуальная психология // История зарубежной психологии. Тексты. – М. – 1986. – С. 21 -32.
4. Маслоу А. Психология бытия. – М., 1997. – С.50-61.
5. Хорни К. Невротическая личность нашего времени. Дайджест. – М., 1993. – С.32-40.

Резюме

С.Т. Бапаева, магистрант 2 курса

(Казахский национальный педагогический университет имени Абая)

Перфекционизм как условие развития психолога

В данной статье раскрываются особенности проявления перфекционизма как условие развития профессиональных качеств психолога. Вместе с тем сделан обзор исследованию перфекционизма в Западной клинической психологии и психологии личности.

Ключевые слова: Перфекционизм, личностное здоровье, результативность, «обычный» перфекционизм, «невротический» перфекционизм.

Summary

S.T. Bapayeva, *Master of 2 course*

(Kazakh National Pedagogical University named after Abay)

Perfectionism as a condition of psychological development

In article the concept of perfectionism as a condition of development of professional qualities of the psychologist is considered and opened. At the same time the review to perfectionism research in the Western clinical psychology and psychology of the personality is made.

Keywords: Perfectionism, personal health and performance, «normal» perfectionism, «neurotic» perfectionism.

УДК 372.21

К 74

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Р.К.Қарсыбаева, *п.ғ.к., аға оқытушы*

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік

қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Бұл мақалада бастауыш сынып жеке тұлғаның ақыл-ойының, шығармашылық іс-әрекетінің, өздігінен білім алу мен оны қолдана білу, дамудың өздігінен, қол жеткен сатысына өту кезеңі екенін тұжырымдай отырып, баланың мектепке дайындығының психологиялық құрылымының бірнеше топтарын көрсетеді. Мектепке дайындық — ақыл- ой белсенділігін арттыру арқылы баланың психологиялық сапаларды игеруі. Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі оқушылардың сана-сезімі, ақыл-ойын дамытатындықтан, бастауыш сынып мұғалімі олардың жеке-дара ерекшеліктерін, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін жете білуі қажет. Балалардың жеке-дара ерекшеліктерін білу деген сөз – баланың танымдық қасиеттерін темпераментін, мінезінің, сана-сезімінің қалыптасу ерекшеліктерін меңгеру деген сөз.

Түйін сөздер: мектепке дайындық, жеке дайындық, зияткерлік дайындық, әлеуметтік – психологиялық дайындық, Физиологиялық дайындық.

Балалар бір-біріне ұқсас болып дүниеге келгенімен, олардың психикалық ерекшеліктері өзгеше. Әр баланың мінез-құлқы әртүрлі. Мысалы: біреуі-жігерлі, тез еліктегіш, екіншісі-сабырлы, табанды, үшіншісі – бір қалыпты қозғалатын, салмақты, ал төртіншісі-енжар және сезімтал.

Психолог ғалымдар балаларды тәрбиелеуде психикалық темперамент түрлерінің (сангвиник, холерик, флегматик, меланхолик) орасан маңызды орын алатынын айтады.

Оқытудың психологиялық негіздерін білу бастауыш сынып оқушыларының танымы мен даму кезеңдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл жөнінде белгілі психолог Л.И.Божович: «Оқу үдерісінің қандай мәселесі болмасын, бала психологиясына негізделмесе, оның жеке ерекшелігі ескерілмесе оқытудың әдіс-тәсілін құбылтып түрлендіру де, сабақ үстінде қолданылған сан алуан көрнекіліктер де жай, жасанды дүниеге айналады. Өйткені, жеке тұлғаны қалыптастыру қоғамдық тәжірибе мен кейбір қажетті нормаларды меңгерту арқылы жүзеге асқанымен, оқытудың мәні тек білімді түсініп, игертуде емес, сол нормалардың оқушы іс-әрекеті мен жалпы қасиетінің ішкі механизмі, қозғаушысы - мотиві болатындай дәрежеде ұйымдастырылуында», - деді.

Психолог Л.С.Рубинштейн оқытудың мақсаты «Оқушыға белгілі бір білім туралы мағлұмат беру емес, ең бастысы, оның бойындағы қабілеттерді дамыту, балаға қандай материал ұсыну емес, оны бақылауға, ойлауға үйрету» деп көрсетеді. Әр пәннің сапасын арттыру, сабақты қызықты өткізуде мұғалімнің әр сабақта қолданатын әдіс-тәсілдерін іріктеп алумен қатар баланың мектепке дайындығын анықтауда оның психологиялық және физиологиялық дайындығы басты назарда болып отыруы тиіс.

Бастауыш сынып жеке тұлғаның ақыл-ойының, шығармашылық іс-әрекетінің, өздігінен білім алу мен оны қолдана білу, дамудың өздігінен, қол жеткен сатысына өту кезеңі екенін тұжырымдай отырып, ғалымдар баланың мектепке дайындығының психологиялық құрылымын төмендегідей бірнеше топтарға бөледі:

Жеке дайындық - баланың жаңа қоғамдық ортаға дайындығының қалыптасуы бірнеше құқықтар мен міндеттерді қамтитын мектеп ережесінен тұрады. Мектепте оқуға дайын оқушы - мектепке қажетті құралдар (портфель, оқулық, дәптер және т.б.) түгендеп қана қоймай, сондай-ақ жаңа білім алу мүмкіндігі мен таным қабілеті жеткілікті дәрежеде дамыған бала болып табылады.

Болашақ мектеп оқушысы қызығушылығының қалыптасу жүйесіне қарай өзінің мінез-құлқын, танымдық іс-әрекетін басқара алуы керек. Сонда ғана оқуға деген құлшынысы пайда болады. Сонымен қатар, жеке дайындық баланың эмоциялық жай-күйінің даму деңгейін де көрсетеді. Мектепке барар алдында баланың көңіл-күйінің көтеріңкі болғаны жөн.

Зияткерлік дайындық - дайындықтың бұл түрі баланың нақты білімі мен ой-өрісінің ауқымын көрсетеді. Баланың танысып отырған материалына деген көзқарасы мен материалды жекелей әрі жоспарлы түрде қабылдау жүйесінің қалыптасуы маңызды. Сондай-ақ, жалпылай ойлау формасы мен негізгі логикалық операцияларды атқарып, есте сақтай алуы да міндетті.

Зияткерлік дайындық негізінен баланың бойындағы оқу іс-әрекетінің бастапқы пайымдарын қалыптастыруды көздейді. Осы дайындық түрі жалпы алғанда төмендегілерді қамтиды:

- саралап қабылдау;
- аналитикалық ойлау;
- нақтылыққа талпыныс;
- логикалық есте сақтау;
- білуге құштарлық;
- сөйлеу тілін игеру; қолдың қозғалысы мен көру қозғалысының үйлесімділігі.

Әлеуметтік – психологиялық дайындық - дайындықтың бұл компоненті балада басқа балалармен, мұғаліммен қарым – қатынас жасай алатын сапаларды қалыптастыруды көздейді. Бала топ болып бірге жұмыс жасап жатқан оқушылардың үстінен түседі. Осы кезде балада өзін ортаға бейімдеу қабілеті өте қажет болады. Ол үшін балалармен араласып кетуге, олармен бірге әрекет етуге, олардың қызығушылығына ортақтасуына, оқу үдерісіндегі түрлі жағдайларға икемделуіне ықпал ету керек.

Мектепке келу кезеңі:

- мінез-құлықтың жаңа сапалы деңгейге көтерілуі;
- әрекетке іштей талдау жасау;
- нақтылыққа жаңа танымдық қатынасының дамуы;

Физиологиялық дайындық - бұл дайындық бала ағзасының қызметі мен денсаулық жағдайының даму деңгейімен анықталады. Баланың мектепке дайындығын дәрігерлер арнайы өлшемдермен белгілейді. Баланың мектепте оқуға психологиялық және физиологиялық дайындығын анықтау кезінде денсаулық жағдайы басты назарда болуы шарт. Өйткені білімді игеруге, оқуға деген қызығушылығы басым болғанымен, денсаулығы сәйкес келмеуі мүмкін. Ондай балаларға білім алудың басқа мүмкіндіктер қарастырылады.

Баланы мектепке дайындауда басшылыққа алатын негізгі қағидалар:

- педагогикалық әдеп пен ынтымақтастың сақталуы (балаға мейірімділік, келісу, үнемі қатаң ескерту жасамау);
- тәлім-тәрбие үрдісінің ықпалдығы (ұсынылған материалдарды меңгеру, психологиялық үрдістерге әсер етуі, қабылдауы, есте сақтауы);
- қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігі (сабақта ойын әдіс-тәсілдерін кеңінен қолдану, іс-әрекетті жүйелі, мазмұн сабақтастығын сақтай отырып, компьютермен құру);
- балаға берілетін жүктеменің шамадан тыс ауыр болуы (мазмұн күрделілігі ұзақ уақыт отырып жұмыс істеу);
- оқу-тәрбие жұмыстары баланың денсаулығын нығайтуға әсер ететіндей болуы шарт (кері әсер ететіндей жағдайларды болдырмау);

Баланы мектепке дайындығын анықтау үшін, ең алдымен оның мектеп талаптарын орындауға шамасы келер-келмесін білу қажет. Ол үшін талабына сай дене күшін былай қойғанда, біріншіден, жазу-сызу жұмыстарына қол қимылының бейімділігін ескеру, сосын дидактиканың міндеттерін шешуге байланысты баланың интеллектуальды даму деңгейінің дайындығын байқау, екіншіден қазіргі таңда оқу-ағарту жүйесінде болып жатқан өзгерістерге орай-балаларды қабілеттеріне қарай топтастырып оқыту (гимназия, лицей, мектептер) ісіне байланысты қабілетін анықтау. Ал, үшіншіден, жалпы білім беретін мектептер талабына жауап бере алмайтын, психикалық және интеллектуальды дамуында тежеулер мен кешігулер байқалған балаларды анықтап, олармен дамыту жұмыстарын жүргізуге байланысты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бардин К. Как научить детей учиться. – М., Просвещение, 1986.
2. Безруких К.В. Знаете ли вы своего ученика? – М., Просвещение, 1991.
3. Готовность детей к школе. Диагностика психического развития и его неблагоприятных вариантов. // Под ред. В.В.Слободчикова, – М., Просвещение, 1993.
4. Власова Н.В. Мектептегі психологиялық диагностика. – Астана. – РАДиАЛ, 2005.
5. Мухина В.С. Шестилетний ребенок в школе. – М., 1976.
6. Обучение в первом классе. Пособие для учителей четырехлетней начальной школы. –М., 1986.
7. Особенности психического развития детей 6-7 летнего возраста. /Под ред. Д.Б.Эльконина, А.Л. Венгера. – М., 1988.
8. Психологические методики определению готовности детей к школе. – М., 1997.
9. Шабалина З.П. Первый год- самый трудный. – М., Просвещение, 1990.
10. Шабалина З.П. Учебно-воспитательная работа в первом классе четырехлетней начальной школы. – М., Просвещение, 1988.

Резюме

Р.К.Карсыбаева, к.п.н., старший преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Психолого-педагогические особенности подготовки учащихся начальных классов

В этой статье, проблемы формирования познавательной деятельности учащихся начальных классов. Под влиянием обучения развиваются возрастные особенности памяти в начальных классах. Усиливается роль словесно-логического, смыслового запоминания, а так же развивается возможность сознательно управлять своей памятью. У учащихся начальных классов более развита наглядно-образная память, чем словесно-логическая.

Ключевые слова: дошкольная подготовка, личная подготовка, интеллектуальная, социолого-психологическая

Summary

R.K Karsybayeva, *Candidate of Pedagogical sciences, Senior Lecturer*
(*c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University*)

Psycho-pedagogical features of training of primary school pupils

In this article, the problem of formation of cognitive activity of primary school pupils. Under the influence of developing age-related features of learning memory in primary school. The role of the verbal-logical, semantic memory, as well as developing the ability to consciously control their memory. At primary school pupils is more developed visual-shaped memory than verbal-logical.

Keywords: pre-school training, personal training, intellectual, sociological and psychological

УДК 371
М 83

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ш. Майғанова, *п.ғ.к., доцент*
(*Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті*)

Аңдатпа: Мақалада «Өзін - өзі тану» пәнінің маңыздылығы айтылады. Өзін-өзі тану пәні – мәңгілік адамгершілік-рухани құндылықтарға негізделіп, жағымды мінездік сипатты, ойы, сөзі мен ісі бірліктегі адамды қалыптастыруды көздейді. ХХІ ғ. адамзат санасының дамуы, жаратылыс заңдылықтарын түсінуге, оның құпиясын ашуға деген ұмтылыстары мен адамның өзін-өзі тану талпыныстары Әлемді біртұтас қабылдаудың маңызын ашуда. Тіршілік Жоғары Сана мен адам санасының рухани үйлесімде болуымен тығыз байланысты. Адам жаратылысының тәндік және рухани қырларын түсіну, Жоғары Санамен үйлесімділікке келу, адамзаттың ең басты мақсатының бірі.

Түйін сөздер: өзін-өзі тану, рухани-адамгершілік құндылықтар, жалпыадамзаттық құндылықтар.

«Өзін-өзі тану» пәнінің дүниетанымдық тұжырымдамасы қазіргі білім беру парадигмасына өзгеріс енгізді. Ол адамды тек биологиялық және әлеуметтік тұрғыдан қарастырып қана қоймай, оның жоғары рухани табиғатын, айналадағы тіршіліктегі өмір, қозғалыс, даму, тәртіп, үйлесімділік сапаларын, адам санасында мәңгілік рухани-адамгершілік құндылықтар түрінде бейнелейді [1]. Білім берудің мақсаты - оқушы жастарды жан-жақты біртұтас дамыту. Білім беру үдерісінде оқушының тәндік және зияттық аспектілерін дамыта отырып, сонымен қатар оның бойындағы мәңгілік рухани-адамгершілік құндылықтарды ашу. Қазіргі қоғам жүрегі ашық, ақыл-ойы кең, қоғамға риясыз қызмет ететін білімді адамдарды қажет етеді.

«Өзін - өзі тану» пәні – мәңгілік адамгершілік-рухани құндылықтарға негізделіп, жағымды мінездік сипатты, ойы, сөзі мен ісі бірліктегі адамды қалыптастыруды көздейді. Келешекте өзін-өзі тану пәні барлық пәндердің өзегіне айналып, білім берудің біртұтастығын, адами және рухани құндылықтарды қамтамасыз ететінін метапәнге айналатынына сеніміміз мол. Нәтижесінде академиялық жетістіктермен бірге, үйлесімді,

жан-жақты дамыған және мінездік сипаты жағымды адамды қалыптастыру, пәннің басты мақсатына айналады.

«Өзін - өзі тану» пәні жас ұрпаққа өзінің рухани бастауын саналы түсінуге көмектеседі. Сондықтан оның түйінді түсініктеріне тоқталайық: Руханилық. Адамгершілік. Олардың байланысы.

Ежелгі даналық ойлар «Ақиқат біреу, данышпандар оны алуан түрлі атайды»-деп көрсеткен.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту арқылы адамзат өміріне қажетті «руханилық» түсінігін тәрбие мен білім беру үдерісінде бастапқы қалпына келтірудің маңызы зор. Қазіргі қоғамда материалдық шындықтан гөрі, «руханилық» түсінігінің шынайы мәні, адамзаттың дамуына қажетті қызмет етуін талап етуде.

Адамгершілік руханилықпен тығыз байланысты болса да, өзінің рухани негізінен ажырап, прагматистік сипатқа ие болды. Егерде адамның рухани бастауын бастапқы мәніне келтірсек, онда адамның өмірлік бағдар өлшемі де, өзгеріске түсетіні белгілі. Ш.Амонашвили гумандық педагогикаға арналған 11 халықаралық педагогикалық оқуда «Ұстаз, мені шығармашылыққа шабыттандыр!» деген тақырыптағы сөзінде «рухани гумандылық» түсінігін ендірудің маңызына тоқталып: «Адамға өз санасын рухани өлшемде қабылдап, сол негізінде ойлау қажеттігін» атап көрсетеді [2].

«Материалистік философия ойлау негізіне үш өлшемді – материя, уақыт, кеңістікті қолданады. Қазақстан философы А.Г.Косиченко жетекшілік еткен топ, ой-сананы кеңейту мақсатында осы өлшемдерге қосымша – руханилық өлшемін ұсынып, оның ядросы - Жоғары бастауға деген сенім екенін көрсетеді. Руханилық өлшем педагогиканы даналықпен толықтырып, оны болашаққа бағыттайды. Рухани гуманизм бүкіл білім жүйесін қамтуы тиіс. Руханилық, ізгілік, махаббат, жақсылық, бейбітшілік, игілік негізінде педагогикалық сананы өзгерту арқылы білім берудегі беделге негізделген педагогиканың салдарынан туындаған руханилық пен адамгершіліктің құнсыздануын жеңуге болатынына тоқталады [3].

А.Г.Спиркин «Материалдық өмір - сыртқы өмір, ол рухани өмірдің бейнеленуі. Материалдық өмірге қарағанда рухани өмір бай, көп қырлы және көп өлшемді. Материалдық өмірдегі қызмет пен оның өнімдері адамның рухани әлемінің бейнелену еркі. Адам - рухтың бейнеленуі, рухтанған тән санаға ие, ол рухани-материалдық мән. Сонымен қатар адам еңбек, әлеуметтік қатынас және қарым-қатынас субъектісі» - дейді [4].

Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар барлық адамзатқа тән, абсолютті құндылықтар, олардың мәні өте терең, адамның ішкі тәжірибесі, оның құрамындағы Ар негізінде - махаббат, ақиқат, сабырлық, парыз, қиянат жасамау, жақсылық, жанашырлық бейнеленген. Жалпыадамзаттық құндылықтар мәңгілік, ол әлеуметтік, саяси, ұлттық, ғылыми, тұлғалық, т.б. құндылықтарға тәуелді емес. Жалпыадамзаттық құндылықтар әр адамның бойында және материалдық әлемнің құрылымында бар.

Бірегей Рухани бастаудың, яғни Рухтың ұлттық сипаты жоқ. Көпұлтты және көп конфессиялы мемлекеттегі «Өзін-өзі тану» пәнінің бірегей негіздері - жалпыадамзаттық құндылықтар. Американдық психолог А.Маслоу рухани - адамгершілікке байланысты маңызды жаңалық ашты:

- Біріншіден, адамға мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтардағы жоғары қажеттіліктер (метақажеттіліктер) тән, бұл оның ажырамас табиғи болмысы.

- Екіншіден, мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар бір сәтте адамды қуаныш пен парыз, салтанат пен дұрыстық, не нәрсенің шындығы, шабыт, махаббат пен қатаң мәңгілік тәртіп сезіміне бөлейді.

Жоғары қажеттіліктерді түсінбеу және оны қанағаттандырмау салдарынан, адамда психикалық ауытқу немесе метапатология пайда болады. Осыған орай оқушылар бойында өзін-өзі қабылдамау, енжарлық, адам өмірінің мәні мен мақсатын түсінбеу, білімге

қызықпаушылығы байқалады. А.Маслоу жастардың бойында қорғаныш психологиялық тетік орын алатынын, жалпыадамзаттық құндылықтар мен моральға деген сенімсіздіктерін ашып көрсетеді. Бұл үлкендердің ойы, сөзі мен іс-әрекеттерінің үйлесімсіздігінен, жалған сөйлеу салдарынан, жастар жалпыадамзаттық құндылықтар мен моральға ғана емес, өздеріне, жоғары міндеттері мен шексіз мүмкіндіктеріне сенімсіздік танытып, өмірге күмәнмен қарайды. Метапатология жастардың денсаулығын төмендетіп, рухани бос кеңістіктерін өмірге қауіп әкелетін, зиянды нәрселермен толтырады [5].

Мұғалім мен оқушы педагогикалық үдерісте әрекеттесу барысында екеуі де өзгеріске түсіп, өзіндік рухани ізденістің субъектілеріне айналады. Мұғалім оқушының рухани өрлеуін, өзінің үлгі-өнегесімен және рухани-адамгершілік дамытуға жағдай тудыруы арқылы, өзін-өзі тану рухани-адамгершілік білім беру әдістемесінің негізін құрайды. Осыған орай, Гуманды педагогикалық Манифестте мұғалімді шабыттандыратын түсініктер ұсынылған, олар:

Мұғалім - жан, Жарық иесі.

Оқушы - жан, Жарық іздеуші. Олар педагогикалық үдерісте кездесіп, Сабақ тудырады, оқушы мұғалімнің жарығына бөленіп, шабыттанып әлемге өзінің рухани сыйын таратады.

Тәрбие - өсіп келе жатқан баланың өзегіне нәр беріп, рухани азықпен қоректендіреді.

Білім беру - адамның жоғары келбетін ашатын құпия.

Мектеп - адам жанының өрлеуі.

Шабыт - жаңа тыныс.

Өзін-өзі тану - өзін терең және біртұтас тану, өзінің тәндік және психикалық жаратылысын тану ғана емес, ең маңыздысы өзінің ең жоғары рухани болмысын саналы сезіну. Өзін-өзі тану ақпарат жинақтау емес, тұлғаның рухани өзгеріске түсуі.

Өзін-өзі тану сабағы – мұғалім мен оқушының бірлескен рухани өзгеріске ұшырайтын өмірлік кезеңдері. Өсіп келе жатқан оқушы, мұғалім ойының, сөзінің, ісінің Жарығымен толысады, өзінің шынайы рухани табиғатын ашады, әлемге рухтық сыйын таратады. Өзін-өзі тану сабағы мұғалім мен оқушының жүрегін ашып, екеуін де рухтандырады. Рухани-адамгершілік білім беруді «Өзін-өзі тану» пәні арқылы оқыту үшін, оның психологиялық негіздерін анықтау керек.

Сананың психологиялық құрылымына тоқталсақ, әлемдік психологияда тұлғаның рухани аспектісін зерттеу материалдары баршылық, ол сананың құрылымын түсіндіруге негізделген. Сананың құрылымы мен табиғаты психологияның мәселесіне жатады, ол адамның руханилығымен байланысты. Философияның негізгі мәселесі «Ең бірінші не, сана ма, әлде болмыс па? - деген сұрақ. Ғалымдар сананы ғылыми тұрғыдан түсінудің күрделілігін айтады. Сана - ерекше құбылыс, ғылыми зерттеу және тұжырымдамалық талдау аясынан сырғи береді, ол елеуіштен өтетін су тәріздес» [6].

З.Фрейд сананың құрылымын анықтап, одан бейсаналықты ажыратқан. Ол невроздарды зерттеу барысында санадан ығыстырылған эмоцияны, түпкі сана деп атаған. Сезім, эмоция, темперамент түпкі санада жинақталып бекиді. Ол көбінесе патологиялық жағдайды қарастырғандықтан, оның теориясын әмбебап қолдану, адам мүмкіндігін шектейді» [6].

К.Г.Юнг бейсаналылық түсінігін кеңейтіп, төменгі тұлғалық деңгейден басқа, сананың жоғары деңгейін (жоғары сана) бөліп көрсетті. Сонымен қатар, жоғары деңгейде жүретін саналылықтың терапиялық эффектісі бар, ол адамды парасаттандырып, оның шығармашылық қуатын оятады [7]. Оқу, ойлау, түсіну үдерістері сананың ішінде жүреді. Санаға әсер ететін бес сезім мүшесі, соның екеуі ақпарат алу үшін аса маңызды – көру және есту, білім үдерісінің маңызды бөлігі. Сезім мүшелері арқылы ақпарат сыртқы ортадан түпкі санаға жетеді (кейде саналы түрде немесе санадан тысқары), психоэмоциялық күйге түседі.

Сананың эмоциялық реакциясы түпкі санада белгілер тудырып бекиді. Әр кезде эмоциялық қалыпқа түскен сайын, біз күшті эмоцияны келешекке сақтап бекітеміз. Бұдан байқалатыны, сананы (ой) бақылауда ұстап, алдыңғы эмоциялық ахуалды күшейтпеуді үйрену қажет. «Барлық эмоциялар, ашу, сараңдық, жеккөрушілік, т.б. түпкі санада, өзіміздің бойымызда екенін есте ұстау керек. Олар – біздің өткеніміз. Оларды жою мүмкін емес, олар біздің түпкі санамызда сақталады». Сол тәрізді біздің өміріміз де жарықтанып, айналаға сабырлық, махаббат, ақиқат орнатып, қиянат жасамауы керек. Эмоцияны басыңқы күйде ұстауға болмайды, ол денсаулыққа зиянды. Олармен достасу керек. Ең маңыздысы сананы тазартып, оны кеңейту қажет. Сананы тазарту: күнделікті жағымды көңіл-күй қалпына келуге жаттығу; адамдарға сүйіспеншілікпен қарау; эмоцияны бақылауда ұстау; қасиетті сөздерді қайталау; ән айту; жақсы ортада болу; адамдарға қызмет ету; тыныштықты сақтау.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мукажанова Р.А., Омарова Г.А. Методика преподавания дисциплины «Самопознание в школе». – Алматы: ННПООЦ «Бәбек», 2013.
2. Амонашвили Ш.А. Вдохновение и творчество - путь обновления образования// Международные педагогические чтения. – М., 2012.
3. Философия в духовном развитии человека на пороге третьего тысячелетия: нип/ науч. руководитель Косиченко А.Г., Институт философии и политологии МОН РК. – Алматы, 2012.
4. Спиркин А.Г. Философия. – М.: Гардарики, 2002.
5. Маслоу А.Г. Дальние пределы человеческой психики/ Пер. с англ. – СПб: Евразия. – 1997.
6. К.Уилбер. Вечная психология: сектор сознания// Пути за пределы «эго» (перевод с английского). – М.: Открытый мир, 2006.
7. Фрейд З. Психология бессознательного. – М.: Просвещение, 1990.
8. Юнг К.Г. Проблемы души нашего времени/ Пер. с нем. – М.: Инциатива, 1994.

Резюме

Ш. Майгаранова, к.п.н., доцент

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Психолого-педагогические основы предмета «Духовно-нравственного образования»

В статье рассматриваются психолого-педагогические основы предмета «Духовно-нравственного образования». Духовно-нравственное воспитание должно быть систематическим, непрерывным. И оно ведется в единстве всей школьной деятельности. Духовное воспитание берет начало от каждого явления. А школьные предметы могут стать средством формирования духовности и нравственности.

Ключевые слова: самопознание, духовно-нравственные ценности, человеческие ценности

Summary

Sh. Maigaranova, Candidate of Pedagogical sciences, Associate Professor,
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

Psycho-pedagogical foundations of the subject «Spiritual and moral education»

The article deals with the psychological and pedagogical foundations of the subject "Spiritual and moral education." Spiritual and moral education must be systematic, continuous. And it is conducted in the unity of the whole school activities. Spiritual education originates otkazhdogo phenomenon. A school subjects can be a means of formation of spirituality and morality.

Keywords: self-knowledge, spiritual and moral values, human values

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА-ART AND CULTURE

МЕДИА ТІЛІНІҢ РӨЛІ

А.Назарова, оқытушы
(Алматы қ, Алматы университеті)

Аңдатпа: Мақалада телехабарлар тілінде кеңінен қолданылатын қоғамның түрлі саласына қатысты термин сөздердің көрерменге әсері мен жалпы терминжасам мәселесіне қатысты өзекті мәселе ретінде арнайы қарастырылады. «Төртінші билік» саналатын бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам өміріндегі маңызы өте зор. Ол хабар тарату, ақпарат беру, қабылдаушы көрерменнің ой-санасына әсер ету сияқты басқа да қызметтерді атқарумен қатар сөйлеушінің тіл мәдениетіне де үлкен әсерін тигізеді, көрермен телехабарлар тілі арқылы бұрыннан бар және жаңадан қолданысқа енген ұғым-атаулармен, тілдік оралымдармен телехабарлар арқылы танысады.

Түйін сөздер: Термин сөздер, телехабар, ақпарат, тіл мәдениеті, терминжасам, коммуникация, медиа тілі.

Арнаулы сала мамандары ғана толық мәнін түсіне алатын ұғымдар туралы ақпараттар терминдер арқылы беріледі. Телехабарлар тілінде терминдер көп қолданылады. Термин сөздер – ғылыми ұғымдардың мазмұнын ашады. Ғалым Г. Әлімбек терминдердің мағынасы арқылы берілетін ақпарат туралы мынадай тұжырымдар жасайды: «біріншіден, термин сөздер – ғылыми ұғымдардың мазмұнын ашатын ақпараттар көзі болып табылады. Екіншіден, терминологиялық ақпарат – сөздің терминологиялық мағынасы арқылы алуға, таратуға болатын мәліметтер жиынтығы. Үшіншіден, термин сөздер арқылы берілетін ақпараттар ғылыми ұғымның арнайы зерттеулер нәтижесінде анықталған көбінесе әр саланың мамандарына ғана таныс болатын, жалпы жұртшылық немесе маман еместер біле бермейтін белгілерден тұрады. Төртіншіден, термин сөздердің мағыналары арқылы берілетін ақпараттар көп жағдайда ғылыми дәлдігімен және өзге лексикалық қабаттарға жататын сөздер мағыналарында сақталатын мәліметтермен салыстырғанда толымдылығымен, ақпараттылығымен ерекшеленеді. Бесіншіден, терминологиялық мағына арқылы берілетін ақпарат негізінен арнаулы мәтіндермен, терминологиялық жүйемен, сала мамандарының кәсіби тілімен шектелетін, таралу аясы мен толық қабылдану мүмкіндігі адамның интеллектуалдық деңгейімен, мамандануымен байланысты болатындығымен де бұқаралық ақпараттан ажыратылады [1, 17].

Бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі қызметі – ақпарат беру, соның ішінде ғылыми ақпарат емес, болған ақпарат туралы жалпы ақпарат беру болып табылады. Ғалым Қ.Ө. Есенованың сөзімен айтқанда, «қалың оқырманға ғылыми ақпарат беру емес, көпшілікке қажетті жалпы ақпаратты негізді етіп жеткізу үшін салалық терминдердің тар шеңберде пайдалану» [2, 93]. Көрермен журналист тарапынан берілген ақпараттың жалпы мазмұнын түсінсе жеткілікті, оларға керегі де сол. Бұл жөнінде А.А. Тертычный былай дейді: «Мәтіндегі терминдердің ғылыми анықтамасы, сипаттамасы, т.б. маңызды емес, ол адресанттың түпкі ойы кодталған мәтінді дұрыс интерпретациялау үшін термин сөзді бір тетік ретінде ғана қабылдайды» [3, 122].

Телехабарлар тілінде көбінесе қоғамдық-саяси терминдер көп қолданылады. «Хабар» телеарнасындағы қорытынды жаңалықтарда көбінесе мемлекетте, қоғамда болып жатқан ресми сипаттағы ақпараттар легі хабарланатындықтан, оның лексикасында *Қазақстан Республикасы, Президент, Парламент, Сенат, Мәжіліс, Премьер-Министр, депутат, әкім, төраға, кеңесші, Елбасы, егемен ел, мемлекет, халық* сияқты және т.б. мемлекеттік құрылыс пен әкімшілік жүйеге қатысты атаулар, *заңгер, заңнама, лаңкестік, нашақорлық, құқық, сыбайлас жемқорлық* сияқты заң-құқық саласында қолданылатын атаулар,

инвестиция, ипотека, экономика, қаржы, бизнес, кәсіпкер, кәсіпкерлік, салық, нарық, несие, пайыз, зейнетақы сияқты қаржы-экономика саласына қатысты атаулар және осы атаулардан тараған сөз тіркестері, *ұлттық бірыңғай тестілеу, талапкер* және т.б. оқу-білім саласына қатысты қолданылатын атаулар және *мұрағат, мұражай, өркениет, мәдениет* сияқты өнер-мәдениет лексикасы, спорт лексикасы, ресми іс қағаздар мен халықаралық қатынастар лексикасы, медицина саласындағы терминдер қолданылады. Телехабарлардағы терминдердің берілуі, олардың термин жасаудағы рөлі туралы Ө. Айтбайұлы былай дейді: «Сөйлеу мәдениеті мен жазу мәдениетін жетілдіре түсуде қазақ терминологиясының атқарар қызметі ұшан-теңіз. Мақсат – солардың ғылыми жүйе негізінде саналы түрде саралап қолдана білуде. Термин жасау мен қалыптастыруда телевизияның қызметі айрықша» [4, 27].

Жалпы, терминжасамда оның «бірмағыналығына», «мағына дәлдігіне», «қысқалығы мен ықшамдылығына», «тілдің сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуіне», оның «туынды сөз жасауға қолайлы болуына», онда «эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауына» мән беріледі.

Термин сөздерді зерттеуші ғалым Ш. Құрманбайұлы жалпы терминжасам мәселесіне қатысты: «терминтану теориясы, әдістемесі мен практикасын бір-бірімен бөліп, жеке дара дамыту қажет деген туындамауға тиіс. Мәселен, әдістемеге негізделген практикалық жұмыстар жүргізіліп жатса, керісінше, практикалық жұмыстарды жүргізу кезінде әдістеме жетілдіріліп, жақсарып, толығып отыруы табиғи құбылыс. Теория мен практиканың да өзара тығыз байланыста дамитыны белгілі», - дейді [5, 21]. Шынында да, қазақ терминологиясының теориясы, әдістемесі және практикасы қатар дамығанда ғана терминология саласында атқарылатын жұмыстардың сапасы жоғары кәсіби деңгейде болады.

Ғалым М.С. Серғалиев терминдерге қойылатын талаптардың тіл мәдениетіне қатысты үш түрін бөліп көрсетеді. Олар: жүйелілік, нормаға сәйкестік, эстетикалық. Жүйелілік ұстанымы бойынша термин сөздердің бір мағыналылығы талап етіледі. Нормаға сәйкестік – қабылданған терминнің әдеби тіл нормасына сай келіп, сөздің сыртқы тұлғасы мен мазмұнының бір-біріне тура қатынаста болуы деп түсіндіріледі. Ал эстетикалық ұстаным терминдердің қысқа айтылуынан, жағымды дыбысталуынан (естілуінен), логикалықтығына қойылатын талаптан көрінеді [6, 40-45].

Ғалым Р.Сыздық терминдердің қолданылу мәдениетіне қатысты былай дейді: «Әдеби тіл нормасын көздей әңгімелесек, аударылып жүрген терминдердің тек «қазақтығына», «түркілігіне», «мұсылмандығына» (араб сөзі екендігіне) қызықпай, әйтеуір орысшалығынан құтылуды мақсат етпей, олардың мағыналық дәлдігін, қазақ тілінің құрылымдық жүйесімен тұлғасының сәйкестігін, ғылым мен танымның қай саласына жататындығын қатты ескеру керектігі – жалпы тіл мәдениетінің талабы, норма талабы [7, 132].

Ғалым С.Әлісжанов термин болуға ұсынылған балама сөздерге төмендегідей өлшемдер тұрғысынан қарау керектігін айтады:

1. Аударылатын терминнің ұғымдық мәнін толық бере алуы, я болмаса аударылатын сөз бен балама сөздің арасындағы мағыналық байланыс сақталуы қажет;
2. Жаңа баламасөздің тілді пайдаланушы жұртшылыққа қаншалықты таныс екендігі және сөздік қорда бұрыннан бар болуы;
3. Сөз шарттылық қағидасына негізделіп жаңадан жасалған болса, оның сыртқы түрі мен айтылуы (естілуі) жағдайының жұртшылықтың эстетикалық талабына сай келуін ескеру [8, 39].

Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдер телехабарлардағы қолданысы арқылы көпшілікке тарап, бір ізге түсіріледі. «БАҚ тілінде жиірек қолданылатын терминдер тобы (мысалы, қоғамдық-саяси, т.б.) болады немесе белгілі бір кезеңде түрлі себептермен (лингвистикалық, экстралингвистикалық) жиі қолданысқа

көшетін жекелеген терминдер болады. Олардың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдары әсер етеді» [9, 183].

Спорт жаңалықтары «Хабар» телеарнасындағы қорытынды жаңалықтар құрылымының ерекше бір бөлігі болып табылатындықтан және спорт терминдерін зерттеу автор тарапынан қызығушылық тудырғандықтан, сонымен қатар, жалпы бұқаралық ақпарат құралдарындағы терминдерді қарастырған кезде, спорт терминдеріне аз көңіл бөлінетіндіктен, ал қоғамдық-саяси, экономикалық терминдер салыстырмалы түрде алғанда жергілікті дәрежеде зерттеліп жүргендіктен, Д. Бисмилдинаның «Ресми телехабарлар тілі» атты оқулығында ресми телехабарлардағы, соның ішінде «Хабар» телеарнасындағы қорытынды жаңалықтарда қолданылатын спорт терминдеріне тоқталған (кесте) [10, 54].

Қазақ тіл білімінде спорт лексикасы Г.А.Машинбаеваның «Телехабарлар тілінің прагматикалық негіздері» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясының «Спорт хабарлары тілінің ерекшелігі» атты бөлімінде қарастырылады [11, 65-83]. Мұнда спорт хабарларының тілі прагматикалық жағынан, яғни журналисттің болған немесе оқиға барысындағы әрекетке қатысы тұрғысынан сипатталады.

Футбол терминдерінің шығу төркіні жайында ғалым Эстрате Петру былай дейді: «Футбольные термины заимствованы обычно из английского языка, что вполне естественно, если учесть, где зародилась игра и где была выработана ее основная терминология. Например, термин «футбол» образовался под влиянием того же универсального языка: рус., укр., бол. футбол; рум., чеш., fotbal; пол.futbol». Ғалымның айтуынша, қазіргі кезде ағылшын тілінен енген осы сөздер (орысша: аут, бек, гол, корнер, офсайд, пас, футбол; украинша: аут, бек, гол, корнер, офсайд, пас, футбол; чех тілінде: aut, bek, gol, ofsajd, pas, fotbal; румынь тілінде: aut, bek, gol, corner, ofsajd, pas, fotbal) халықаралық сипатқа ие [12, 17].

Телехабарлар тілінде спорт саласы бойынша барлық елдерге ортақ халықаралық терминдер қолданылады, олардың кейбіреулерінің қазақша аудармасы қатар айтылады. Жалпы алғанда, «аударма термин сөздердің жасалымы қазақы таныммен, ұғыммен сай келгенде сәтті шығатыны белгілі. «Аударма терминдердің жасалуы тілдің ұлттық дүниетанымдық және жалпы дүниетанымдық ұғымының сай келу-келмеуімен байланысты сәтті-сәтсіз болып жүзеге асып жатады». Мысалы, «ринг – шаршы алаң»; «тур – айналым», «жарыс – чемпионат – олимпиада – турнир» және т.б.

Спорт жаңалықтарының лексикасына мынадай сөздер мен сөз тіркестері тән: «күш сынасу», «өнер көрсету», «ойынды қорытындылау», «бестік», «дәрігерлік тексеріс», «континентаралық ойын», «ұтылу», «ойсырай ұтылу», «мергендік таныту», «әдемі ойын өрнегін көрсету», «жеңісті күндерде жүздескенше», «қыл күйрек (жылқы)», «бәйгеге қосылу» сияқты басқа да әрекетті, қимыл-қозғалысты білдіретін көптеген тіркестер қолданылады.

Спорт жаңалықтарында спорт терминдерімен қатар «арна», «репортаж», «журналистер», «көрермен», «күн тәртібі», «шағымхат» сияқты басқа да публицистикалық және ресми іс-қағаздары стиліне жататын терминдер де кездеседі. Спорт жаңалықтарын жүргізетін дикторлар тілшілердің қоғамда, мемлекетте болып жатқан оқиғаларды, ресми сипаттағы жаңалықтарды хабарлайтын дикторлар мен тілшілерден бір өзгешелігі – оларды ақпаратты салқынқанды, бір сарынды, байсалды, ресми сипатта емес, халыққа өте түсінікті қарапайым тілде жеткізуінде, онда айтылған ақпаратқа қоса тележурналистің болып жатқан мәселеге қатысты көзқарасы, эмоционалдық көңіл-күйі беріледі. Басқаша айтқанда, спорт жаңалықтарын жүргізетін тележурналистердің тілі эмоционалдық-экспрессивтік сипатқа ие. Спорт репортажының лингвистикалық және риторикалық ерекшеліктерін зерттеген ғалым И.Петру былай дейді: «Репортаж, а том числе спортивный – это вид монологической речи, который ведется для массовой аудитории в устном дистантном общении и осуществляется при помощи технических средств. Он отличается сложностью, многоаспектностью и находится в постоянном процессе развития. Коммуникативный

режим общения в спортивном репортаже проявляется в форме монолога/диалога (реже), обращенного к невидимой массовой аудитории. У спортивного репортера огромная аудитория (миллионы любителей спорта), но она является не трибунной, а дружески интимной» [12, 3-9].

Бүгін Барселонада жеребе тартылып, Еуропа аймағынан екінші орын алған командалар өз қарсыластарын анықтады («Бүгін Барселонада жеребе тасталып, Еуропа аймағында (немесе Еуропа аймағы бойынша) екінші орын алған командалар өз қарсыластарын анықтады» деудің орнына).

Сейсенбі күні Швецияның Неон қаласында жеребе тасталып, Еуропа аймағында екінші орын алған командалар өз қарсыластарын анықтайтын болады.

Көріп отырғанымыздай, командалар өздерінің қашан, кіммен ойнайтындығын алдын ала анықтау мақсатында жеребе тастайды. Тасталған жеребелердің қайсысы бірдей түссе, сол екі команда бір-бірімен ойнайтын болады. Сонда мұнда «жеребе» сөзін «тарту» етістігімен бірге беруден гөрі «тастау» сөзімен тіркестіру орынды. Ал «тарту» сөзін «арқан» сөзімен «арқан тарту» түрінде қолданған дұрыс. Бұл жерде «жеребе тастау» тіркесінің орнына «шар салу» тіркесін де қолдануға келмейді. Себебі бұл тіркес сайлау кезінде немесе шарға түскен уақытта, көп дауыс жинау мақсатында сайлау бюллетеньдерін арнаулы жәшікке салуға қатысты.

Сөзге қосымшаның дұрыс жалғанбауы ойдың дәлсіздігін, ой тұмандығын көрсетеді. Бір қарағанда, ол маңызды қате ретінде көрінбесе де, бағдарлама мәтінің жасаушылардың ұқыпсыздығынан болатын аталған қателіктер тілдің дамуына жол ашпайтыны сөзсіз, бір хабардың өзінде бірнеше рет кездесуіне қарағанда, көңілге онша қонбайтын үрдістің белең алып бара жатқанын байқауға болады. Мәселен, жаңалықтар легіндегі «енді «Бахрейн» құрамасы Гонгакафт аймағында төртінші орын алған командамен *шеберлік байқасады*». Бұл сөйлемдегі «шеберлік байқасады» деген тіркес онша көңілге қонбайды. Мұндай тіркес спорт жаңалықтарының тілінде көп ұшырасады. Мысалы, «Ресей футболшыларының жолын кескен Словакия Испаниямен *шеберлік байқасса*, түріктер Швейцариямен кездесетін болды. Касино-тарпеда бүгін айдын иелерімен *шеберлік байқасады*. Ұлттық хоккей лигасының кезекті турында Нью-Йорктың қос командасы *шеберлік байқасты*. Осынау турнирде бірінші нөмірде сынға түсіп жатқан жарыс иесі Рафаэль Наталь Румыниядан келген Виктор Ханискомен *шеберлік байқасып*, алты да үш есебімен жеңіске жетті».

Жалпы, жарыстарда командалар сынға түсіп, шеберліктерін көрсетеді. Ал «осынау» сөзі арқылы жаңалықтарда ауызша әдеби сөйлеу тілінің үлгілері көп кездесетіндігіне тағы бір рет көз жеткіземіз.

Ауызша әдеби сөйлеу тілінің бір үлгісін мына сөйлемдегі «күні ерте» тіркесінен де байқауға болады. Мысалы, «Жолдаманы *күні ерте* иелік етіп қойған аргентиналықтар бұл матчқа шекеден қараған жоқ». Бұл сөйлемде «күні ерте» тіркесін «ертерек» сөзімен алмастыруға болады. Немесе, мына сөйлемде: «Ал, Чехия мен Норвегия *өзара* қосымша жолдаманы сарапқа салады». Бұл сөйлемдегі «өзара» сөзінің қызметі басқа. Ол сөйлемдегі «қосымша жолдама» деген күрделі зат есімді анықтап тұрған жоқ, керісінше, қосымша жолдаманы қалай сарапқа салатындығын пысықтап тұр. Сондықтан біздің ойымызша, пысықтауыш сөйлемдегі орын тәртібі бойынша баяндауыштың алдында тұрғаны дұрыс: «Ал Чехия мен Норвегия қосымша жолдаманы *өзара* сарапқа салады».

Спорт жаңалықтары тілінде «қарымта кездесуі» деген терминнің жиі қолданылуына байланысты Д.Бисмильдина былай дейді: «Мысалы, «Сосын Ташкентте бір де бір есебімен тең ойнаған екі команданың тағдыры *қарымта кездесуінде* шешілді. Мұнда «қарымта кездесу» тіркесінің орнына «жауапты кездесу» деп алған дұрыс деп ойлаймыз. Себебі команда ойыншылары қарсыластарымен екінші рет кездескенде, яғни қарсы жауап беру ойынында алдыңғы соққыларға қарсы соққы беріп, өз шеберліктерін көрсетеді. Осыған орай жарыстағы мұндай кездесулерді жауапты кездесу деп атаған орынды деп ойлаймыз» [10, 61].

Қазақ тілді спорт жаңалықтарында қолданылатын халықаралық терминдердің кейбіреулерін тележурналистер қазақы мағынасына сәйкес қазақ тіліне аударып ұсынады. Мысалы: «Егер Диего фарландары жасыл құрлықтың *аяқ допшыларын* жеңіп жатса, әлем біріншілігінде өнер көрсетеді». Мұнда журналист «футболистерді» «аяқ допшылар» деп атаған. Сол сияқты «волейболистер» халықаралық терминін «қол допшылары» терминімен алмастырып қолдану үрдісі де кездеседі.

Жалпы, жаңалықты жүргізуші журналистер ақпаратты тарату барысында бейнелі сөз кестелерін молынан пайдаланады. Бұл жаңалықтар тілінің бейнелілігін және мәнерлілігін, сөз қолдану өзгешелігін көрсетеді. Спорт жаңалықтарында да солай. Мысалы: «Уругвай соңғы турда *азулы* Аргентинаны қабылдаған болатын». Берілген сөйлемде журналист, бір жағынан, Аргентинаны емес, Аргентина ойыншыларының азулы екенін ауыстырып қолданса (метонимия), екінші жағынан ойыншылардың мықты ғана емес, одан да күштірек екенін бейнелі түрде айқындап (эпитет) тұр.

Жаңалықтарда метафоралық қолданыстар да кездеседі. Мысалы, «Алаң иелеріне жеңіс *ауадай* қажет еді». Бұл сөйлемде тележурналист алаң иелері үшін жеңістің соншалықты маңызды екенін көрсетіп, оны *ауаға* теңеп тұр. Адамның өмір сүруі үшін ауа қандай қажет болса, бұл жерде алаң иелері үшін де жеңіс – ауаның дәл өзі болып тұр.

Телехабарлар – термин қалыптастыруда, олардың қолданылу аясын кеңейтіп, қазақ тілінің сөздік қоры мен құрамын дамытуда ерекше рөл атқарады. Көріп отырғанымыздай, бұқаралық қатынас («Массовая коммуникация») тілді меңгеруге және оны қолдануға өз талаптарын қояды. Қоғамда болып жатқан өзгеріс, жаңалықтардың барлығы тілдің көмегімен өмірімізге еніп жатады. *Телевизияның ең басты әрі негізгі қызметі – қоғамда орын алған жаңалықтар туралы ақпарат беру болғанда, өмірге келген жаңа тілдік қолданыстардың қалыптасып тұрақталуында телевизияның ерекше қызмет атқаратындығы баршаға белгілі.*

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлімбаев Г. Сөз мағынасы арқылы ақпараттың берілуі мен сақталуы: филол. ғыл. канд. автореф. – 2006. – 25 б.
2. Есенова Қ.Ө. Газет мәтіндегі жаңа қолданыстар // Современная терминология: состояние и перспективы: сборник материалов Международной научно-практической конференции. – Астана, 2008. – 188 б.
3. Тертычный А.А. Жанры периодической печати / Уч. пособие. – М.: Аспект Пресс, 2000. – 312 б.
4. Айтбайұлы Ө. Терминжасам мен оны реттеудің мәдениеті хақында. // Қазақ терминологиясы және тіл мәдениетінің мәселелері: Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана, 2004. – 224 б.
5. Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ терминологиясының жетістіктері мен проблемалары. // Современная терминология: состояние и перспективы: сборник материалов Международной научно-практической конференции. – Астана, 2008. – 188 б.
6. Серғалиев М.С. Терминология және тіл мәдениеті // Салалық терминология: бүгінгі мен болашағы. – Астана, 2003. – 140 б.
7. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – А.: Елорда, 2001. – 230 б.
8. Әлісжанов С. Қазақ терминологиясы: теория және тәжірибе / Оқу құралы. – Астана, 2005. – 112 б.
9. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – А.: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
10. Бисмильдина Д. Ресми телехабарлар тілі (оқу-әдістемелік құралы). А.: «1С-Сервис» баспасы, 2010. – 119 б.
11. Машинбаева Г.А. Теледидар тілінің лингвопрагматикалық аспектілері: филол. ғыл. канд. диссер. – Алматы, 2007. – 125 б.

12. Истрате П. Лингвостилистические и риторические особенности спортивного репортажа как жанра СМИ (на материале футбольного репортажа): автореф. ... канд. филол. наук. – М.: Гос. ин-т рус.яз. им. А.С.Пушкина, 2006. – 20 с.

Резюме

А.Назарова, преподаватель
(г. Алматы, университет Алматы)

Роль медиаязыка

В данной статье исследуются широко используемые термины и определения в телевидении и их влияние на целевую аудиторию. Познание, осуществляемое с помощью языка, способствует созданию картины мира, которая представляет собой целостную, содержательную интерпретацию окружающей действительности. Иными словами, это процесс построения особой концептуально-информационной модели действительности в человеческом сознании.

Ключевые слова: Термины, слова, теленовости, информация, языковая культура коммуникация

Summary

A.Nazarova, teacher
(Almaty, University of Almaty)

The role of the media language

This article explores the commonly used terms and definitions in broadcasting and their influence on the target audience. Cognition, carried out with the help of language, helps to create a picture of the world, which is a coherent, meaningful interpretation of environmental reality. In other words, it is the process of building a special conceptual information model reality in human consciousness.

Keywords: terms, words, television news, information, language culture communication

УДК 792.8
С 12

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДАҒЫ «СҰЛУЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МӘНІ

Р.Б. Сабдалиева, аға оқытушы,
Хореография кафедрасының меңгерушісі
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада автор Қазақстан Республикасының жоғарғы мектебінде өтілетін «Сұлулық және денсаулық» оқу бағдарламасының мақсаты мен міндеті. Би өнері арқылы дене тәрбиесі мен дене сұлулығының маңыздылығын, сонымен қатар, бағдарлама арқылы болашақ ұстаздардың хореографиялық өнеріндегі би жанрларымен, өзге халықтарының салт – дәстүрін, мінез-құлықтарын, ұлттық би ерекшеліктерін тереңнен оқытатын оқу бағдарламасын ұсынып отыр.

Түйін сөздер: Сұлулық және денсаулық, хореографиялық өнер, дене тәрбиесі, салауатты өмір.

«Сұлу дене, сұлу қозғалысты көріп өскен
баланың денесі де, қозғалысы да сұлу болады...
Адам сұлулықты сүйсе, тазалықты сүйеді,
Тазалықты сүйсе, оған ауру жоламайды»

Қазіргі уақыттағы әлеуметтік – экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде.

Ел Президентінің «Қазақстан – 2050» жолдамасындағы ұзақ мерзімді басымдықтың бірі – «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мән әл ауқаты» тармағында, «...азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сай болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін» азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеу қажеттігі көрсетілген. Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстан мектептеріне жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан дара тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған.

Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру туралы Елбасының жолдауын, егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын, алтын сүрлеу десе болады. Аталған бағдарлама Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Қазақ аруы» тұжырымдамасына сай, «Сұлулық және денсаулық» пәнін игеру үшін құрастырылып отыр. Бағдарламаның мазмұны болашақ ұстаздардың халқымыздың ғасырлар бойы жиып-терген әдемілік иірімдерін игеруі және оны игеріп қана қоймай, өзінің әсем қимылымен, тал бойына жарасқан сәнді киіммен, жан сұлулығымен айналасындағыларға үлгі бола білу қағидаларын орындауға бағытталған.

Дәл бүгінгі таңда ойлы жанның санасына қозғау салып, сұлулықтың кешенді қасиетін бойына сіңіруге септігін тигізетін пәнді жүргізу қажеттігі неліктен туып отыр. Әлімсақтан белгілі, әдемі бет-әлпет, сұлу-мүсін, қолаң шаш, нұрлы жанар, әсем қимыл адам баласын елең еткізіп, әркім де өзіне мұрат тұтқан тұлғаларға еліктіруге мәжбүр еткен.

Халқымыздың бағалауындағы ештеңемен теңестіруге, салыстыруға келмейтін сұлулық ұғымының өміршеңдігі соншалық, әр қоғам, әр ұлттың бұл жайындағы өзіндік эталоны қалыптасқанымен, сұлулықты пір тұту қасиеті ғасырдан-ғасырға жетіп, бүгінгі күнде білімділікпен, парасаттылықпен астасып жатыр. Бүгінгі ару - ертеңгі ұстаздардың, адамдармен жұмыс істейтін әрбір білімді, парасатты жанның, киім киісі, жүріс-тұрысы, өзін ұстауы, түрлі ойын-сауықтарда, әр ұлттық билердің ырғағына сәйкес қозғала білуі, бетті әрлеу үлгісі қандай ортада, қай кезде болатынына сәйкес киіммен үйлесім табуы, жеке өзіне және ұстанған стиліне орайлас болуы тиіс. Сондай-ақ, денсаулығына байланысты емдік тағамдарды (диеталық тағамдар) дұрыс пайдалана білгені жөн.

Әдеміліктің терең де тамырлы, жан-жақты өрісін танытатын осындай пәнді жүргізу үшін, ең алдымен дене сұлулығына бірден-бір себепкер болатын хореографиялық жаттығулар, дене күтімімен келбетке сай көркем талғам қалыптастыратын ережелер жиынтығы негізге алынды. Бұдан басқа, білімгерлер қазақ халқының ұлттық би қимылдарынан, қазіргі заман билерінен түсінік алады. Осы бағыттардан мағлұмат алған әрбір ару әдемілік, сұлулық ұғымдарының иірімдерін түсініп, оның қағидаларын бойына сіңіре бастайды.

«Сұлулық және денсаулық» пәнін өз деңгейінде жүргізу үшін сабақ барысында қолданылатын музыкалық шығармаларды орынды пайдалана білудің мәні өте зор. Әдемі де әсем, құлаққа жағымды халықтық әуендердің, әлемдік классикалық музыканың негізінде қолданылатын шығармалар талғамның дұрыс қалыптасуына ғана емес, орындалатын қимылдарды саналы қабылдап, өз дәрежесінде менгеруге әсерін тигізеді.

«Сұлулық және денсаулық» сабағы негізінен практикалық тұрғыда жүргізіледі. Өтілетін сабаққа қатысатын студент саны 20-дан аспауы тиіс.

«Сұлулық және денсаулық» пәнінің мақсаты: Сұлулық ұғымына сәйкес, әдемілік сырларын жан-жақты меңгерген тән мен жанның саулығын сақтау құпиясын түсінер, сыр

мен сымбатты өнермен ұштастыра білетін» сегіз қырлы, бір сырлы» қазақ аруын тәрбиелеу.

«Сұлулық және денсаулық» пәнінің міндеті:

- оны игеру барысында білімгерлер сұлулық ұғымының мәнін, мақсатын түсініп, негізгі бағыттарынан мәлімет алуы тиіс;

- өз денесін, қимыл-қозғалысын меңгере білуге негіз болып табылатын хореографиялық жаттығуларды, ұлттық және әлем халықтары би қимылдарының қарапайым үлгілерін білуі тиіс.

Бұл пәнді өту барысында білімгерлер мынадай біліктілік дағдыларын меңгеріп, үйреніп шығуы тиіс:

- денені тік ұстау, аяқты, қолды, әсем қозғалта білу, бұлшық еттердің қозғалысын дұрыс пайдалану, зейінді тәрбиелеу, қазіргі сәндік билердің, қазақ биінің, әлем халықтары билерінің элементтерімен таныс болу және орындай алу, бетті жарасымды әрлеу, сұлулықты сақтау мен денсаулық сақтаудың қарапайым қағидаларын игеру

- осы пәнді оқып-үйрену барысында алған білімін ары қарай өз бетінше дамыта алуға, күнделікті тіршілікте пайдалана білуге, өз ұрпағын сұлу да сымбатты етіп өсіруге дағдылануы тиіс.

Тақырыптардың мазмұны

Сұлулық және денсаулық пәні:

- мақсаты мен міндеті

«Макияж»

- күндізгі және кешкі макияж;

- жылы және суық түстер;

- макияжда түстер гаммасын таңдау;

- бет коррекциясын құру;

- макияж светометриясы;

- макияждың орындау технологиясын меңгеру.

Дайындық және негізгі қимылдар:

«Вальс»

Вальс $\frac{3}{4}$ музыкалық өлшемде орындалады, студенттердің жалпы дайындық деңгейін ескере отырып, қарапайым би элементтерін игеріп, қағидасын ұстана жүргізіледі және оқу әдістемесінен мағлұмат береді.

- «Дорожка»;

- «Дорожкамен алға»;

- «Дорожкамен артқа».

Вальс айналымдары:

- Оңға айналу;

- Солға айналу;

- «Балянсе»;

- «Квадрат»;

- «Окошка».

Қазақ би қимылдары

- кіріспе;

- қазақ биінің негізгі би қимылдарын оқып үйрену.

Қазақша сәлем беру түрлері

- қыз баланың иіліп сәлем беруі;

- тәжім.

Қол қимылдарының жаттығулары

- қол білезігін айналдыру;

- толқын;

- жалын;

- қол сілтеу;

- беташар.

Негізгі жүріс түрлері

- қарапайым негізгі жүріс;

- өкшелеп жүріс;

- ауыспалы жүріс.

Айналу тәсілдері

- ең қарапайым айналма;

- «айгөлек-1»;

- «айгөлек-2».

Ұршық иіру қимыл-қозғалыстары:

- Ұршық иіру;

- Жіпті шүйкелеп иіру тәсілі.

Киіз басу биінің қимылдары:

- Жүнді жаю қимылдары;

- Жүнді шыбықтап, сабау қимылдары;

- Киізді білектен, жұдырықтап талдыру қимылдары.

Кесте тігу тәсілдерінің қимылдары:

- жіпті инеге сабақтау қимылдары;

- орамалға кесте тігу қимылдары.

Халықтық-сахналық би туралы түсінік:

- мақсаттары мен міндеттері;

- негізгі түсініктер.

Зал ортасындағы комбинацияларды меңгеру

- жүріс түрлері (түзу, қиғаш).

Орыстың сахналық биін үйрету әдістемесі:

- негізгі қимылдар;

- орыс биінің материалдары негізінде этюдтер;

- хоровод, пляскалар т.б.

Өзбек биін үйрету әдістемесі:

- өзбек биінің ерекшеліктері;

- негізгі қалыптар;

- үш стиль: қол, бас, дененің айырмашылықтары;

- сәлемдесу;

- айналу.

Шығыс биін үйрету әдістемесі:

- негізгі қол, бас қалыптары;

- сәлемдесу;

- аяқ қалыптары;

- қолға арналған жаттығулар;

- мойынның бұлшық еттеріне арналған жаттығулар;

- дененің илімділігіне арналған жаттығулар;

- бөксе бұлшық еттеріне арналған жаттығулар.

«Сұлулық және денсаулық» пәнін өз деңгейінде жүргізу үшін сабақ барысында қолданылатын музыкалық шығармаларды орынды пайдалана білудің мәні өте зор. Әдемі де әсем, құлаққа жағымды халықтық әуендердің, әлемдік классикалық музыканың негізінде қолданылатын шығармалар талғамның дұрыс қалыптасуына ғана емес, орындалатын қимылдарды саналы қабылдап, өз дәрежесінде меңгеруге әсерін тигізеді.

«Сұлулық және денсаулық» сабағы негізінен практикалық тұрғыда жүргізіледі. Өтілетін сабаққа қатысатын студент саны 20-дан аспауы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абилов Д., Исмаилов А. «Казахские народные танцы» А. 1984.
2. Жұмабаев М. «Педагогика» А. 1995.
3. Жиенқұлова Ш. «Тайна танца» А. 1980.
4. Жиенқұлова Ш. «Сымбат» А. 1987.
5. Жиенқұлова Ш. «Казахские танцы» А. 1955.
6. «Искусство быть любимой» 1995. Изд. Астарты.
7. «Казахская национальная одежда» А. 1958.
8. «Шаңырақ» үй-тұрмыс энциклопедиясы А. 1989.

Резюме

Р.Б. Сабдалиева, старший преподаватель, заведующий кафедрой хореография
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Учебная программа «Здоровье и красота» для высших школ Республики Казахстан

В данной статье предлагается учебная программа «Здоровье и красота» для высших школ Республики Казахстан, описывается актуальность и значимость на сегодняшний день. Во все времена и для всех народов здоровье и качество обучения тесно взаимосвязаны меж собой. Чем крепче здоровье, тем продуктивнее обучение. Программа «Здоровье и красота» имеет физкультурно-спортивную направленность и общекультурный уровень освоения.

Ключевые слова: красота и здоровье, хореография, искусство, физическая культура

Summary

R.B. Sabdaliyeva, senior lecturer, head of the department of choreography
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

The training program «Health & Beauty» for the higher schools of the Republic of Kazakhstan

In this paper we propose training program «Health and Beauty» for the high schools of the Republic of Kazakhstan, describes the relevance and value to segodneshny day. At all times and for all peoples health and quality of education are closely linked with each other. The stronger health, more productive learning. The program «Health & Beauty» has a sports and sports orientation and general cultural level of development

Keywords: beauty, choreography, art, physical education